


1 2012  
34668к

Салай Ерміс  
кітапханасы


ЭЛІБЕК  
АСҚАРОВ



ШЫҒАРМАЛАРЫ



**ҚАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ 20 ЖЫЛДЫҒЫНА  
АРНАЛАДЫ**





**«МӘДЕНИ МҰРА»**

**МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ КІТАП СЕРИЯЛАРЫ**  
**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ**  
**ТҮНГҮШ ПРЕЗИДЕНТІ НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ**  
**БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ШЫГАРЫЛДЫ**

**Ақылдастар алқасы:**

Сапарбаев Б., *төрага*

Айтұлы Н.

Аскarov Ә.

Есдәulet Ұ., *жауапты хатшы*

Еспенбетов А.

Жұмаділов Қ.

Ғабдоллаұлы С.

Ибрагимов Т.

Исабеков Н.

Тұсіпбеков Т.

Ысқақов Қ.

**Редакциялық алқа:**

Әскербекқызы Ж.

Кәпүлұы Д.

Қазанқапов Ж.

Құрмансейіт Қ., *жауапты редактор*

Рамазан Д.

Тұрлынова Р.



Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі

# ӘЛІБЕК АСҚАРОВ



## ШЫҒАРМАЛАРЫ

Бірінші том

Сүргелен

*Повесть және әңгімелер*

**FOLIANT**  
БАСПАСЫ

Астана - 2014

**УДК 821.512.122 -  
ББК 84 Қаз 7-44  
А 88**

---

***Алтай-Ертіс кітапханасы***

---


**А 88 Аскarov Ә.**  
**Шығармалары. Т.1. Сүргелен. Повесть және әңгімелер.** – Астана:  
Фолиант, 2011. – 280 б.

**ISBN 978-601-271-166-0**

Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, көрнекті прозашы Әлібек Аскarovтың бұл кітабы үш бөлімнен құралған.

Алғашқы бөлімінде әңгімелер топтастырылса, келесі бөлімде берілген «Сүргелен» повесі арқылы қаламгер табиғатты шынайы суреттеген. Соңғы бөлімінде кешегі кеңестік заманды бейнелейтін социализм әңгімелері ұсынылған.

Шығарманың тілі көркем әрі шебер өрнектелген.



**УДК 821.512.122  
ББК 84 Қаз 7-44**

**ISBN 978-601-271-166-0**

**ISBN 978-601-271-165-3**

**© Аскarov Ә., 2011  
© «Фолиант» баспасы, 2011**

## **ҚАЛАМГЕРДІҢ СЫРЛЫ ӘЛЕМІ**

*Жазушы Әлібек Асқаровтың  
шығармашылығы хөкүндә*

### **Бастау**

Әлібек Асқаров – бүгінде есімі оқырман жүртшылыққа жақсы таныс қаламгер.

Жазушы шығармалары дені табиғат пен адам арасындағы күрделі қарым-қатынасқа құрылған. Сол арқылы жер тарихы мен ел тағдырының ажырамастай байланысы бейнеленеді. Табиғат аясындағы адамдар болмысының қат-қабат жан қалтарысы, сезімі мен арманы, мақсаты мен мұраты танытылады.

Жазушы шығармашылығының биік белесі – қалың оқырман жүрегіне жол тапқан «Өр Алтай, мен қайтейін биігіндей...» роман-хикаясы. Содан кейін жазылған сафари жанрындағы «Алтай. Алтын бесік, ата жүргіт» туындысы қазақ әдебиетіне осы бір тың жанрды өкелсе, кешегі кеңестік кезеңнің қылыш оқиғаларын арқау еткен «Социализм хикаяты», «Социализм әңгімелері» – өз алдына бір төбе. Ал «Әйел парасаты» циклін құрайтын туындылары жеке бір сала...

Қаламға сыр төккен ғұмырында осындай салмақты да сазды, астары қалың, «сырты күміс, іші алтын» дүниелерді үлттық әдебиеттің қазынасына сый еткен жазушының оқырманына айтары, өмірге көзқарасы, өзіндік дүниетанымы дерлік сол көркем дүниелері арқылы анық аңғарылады.

Қаламгер мұраты не? Нені мақсат етеді? Нені кие тұтады? Бұл сұрақтарға жауапты оқырман жазушының шығармаларынан табары ақиқат.

### Алтай һәм адамдар...

«Өр Алтай, мен қайтейін биігіңді...» роман-хикаясы әдебиетші ғалымдар тарапынан «бүгінгі қазақ әдебиетінің даму процесіндегі айрықша атап өтетін шоқтықты шығарма» деп танылды. Бұл шығарма турасында академик Серік Қирабаев сөзіне құлақ түрәйік:

«Бұл – бір гажайып лирикалық хикая. Жүп-жұмсақ, мөмөлдір, тұнып тұрган лиризм. Адам сезімін, ойын қозғап, қүйылып тұрган сыр. Бейімбетше жазады, сол үлі жазушының дәстүрін жалғастырады. Дәстүр деген де көктен түскен үлгі емес қой. Өмірдің қарапайым шындығын жүпшыны әңгімелеуден, адамды танып, оның сырын ашип суреттей білуден туады».

Тарихшы ғалым Бұркіт Аяған болса: «Көзі қаралты оқырман ішінде «Өр Алтай, мен қайтейін биігіңді» шыгармасын білмейтін жан кемде-кем шыгар. Бүгінгі қарапайым ауыл өмірін, тұргындардың бастан кешкен оқигаларын оқырман үшін соңшалықты тартымды, қызықты етіп баяндаған мұндаидындар аз», – дейді. Ал Шерагаң – Шерхан Мұртаза «Лев Толстойдың «Қажымұратындағы» соқа жырып кеткен түе-жапырақтың тамырындағы ауылдың да жаны сірі, тамыры тереңде. Осы көріністі көркем әдебиеттен көрем деген кісі «Өр Алтай, мен қайтейін биігіңді...» хикаятын оқысын. Авторы – Әлібек Асқаров», – деп ағынан жарылады.

Жиырмасыншы ғасырдың 90-жылдарындағы өтпелі кезеңнің шындығын шығарма арқауына айналдырған жазушының шеберлігі оқиғаны өрбіту, кейіпкерлер болмысын даралау авторлық баяндаудан барынша көрініс тапқан. Уақыт шындығын көркем бейнелеу қаламгерден шеберлік пен қырағылықты, аңғарымпаздық пен терендікті қаншалықты қажет ететінін ескерсек, бұл хикаяның қаламгерге үлкен абырай

мен жетістік әкелуі кездейсоктық емес. Ол – шығармашылық ізденістің, терең білім мен жазушылық табиғатын еркін игерген таланттың нәтижесі.

Хикая дер кезінде, дәл уақытында жазылуымен көзі қарақты оқырманның ықыласына, жылы ілтипатына бөленді.

Шығарманың төгілген тілі, келіскен өзілі мен аңы мысылы, жүректі қозғап, жанды егілтер шынайылығы – өз алдына бір зерттеуге жүк боларлық дүние... Қызыл туынғасырға жуық желбіреткен кеңестік жүйе күйреп, ежелден аңсаған тәуелсіздікке қолымыз жеткен алғашқы жылдардың қыындығын дәл осы туындыдай бар болмысымен ашып көрсеткен шығарма сирек. Осы кезеңнің ауыртпалығы, сол қыындықты толарсақтаң кешкен ауыл адамдарының мінез-құлқы мен іс-әрекеті, тағдыр-талайы бұл туындыда асқан шынайылықпен тартымды бейнеленген. Автордың шебер өрі шешен баяндауы оқырманың еріксіз баурайды. Хикаяда үнемі бір ұсыныстардың шетін шығарып жүретін қиялшыл Дәuletхан, болмашыдан дау тудырып, ағайынды араздастыруға құмар даукас Қанапия, өз алдына бір әлемі бар тентек Рахман, адам құқығының тапталмауын қалт етпей қадағалағысы келетін Мелс мұғалім, гармонымен үнемі мұнды ән айтып жүретін Сәрсен сияқты кейіпкерлер әр ауылда кездесетіні ақиқат. Кейіпкер болмысын танытуда, оқиғаны баяндауда ойнақы да жылы өзіл сәтті үйлесіп, шығарманы әрлендіре түскен. Былай қарасаң өзіл, күлкі сияқты, бірақ сол өзілдің астарында уытты мысқыл, күлкінің астарында жүректі шымырлатып, жанды ауыртып барып төгілетін аңы жас, көкіректі қарс айырған күрсініс жатқанын аңғарасыз.

Жазушының «Сүргелен» повесі тұнып тұрған тау табиғатының суреті деуге болады. Қарағайлы қара орманның әсем көркі, өзен аңғарындағы шудадай ширатылған селдір тұман, атар таң алдындағы құр ойыны, аң мен құстың кешкі сайраны – бәрі-бәрі өзінше жеке әлем. Құллі түркі жұртының тұп отаны саналатын Алтайдың қайталанбас ғажайып суреті осы өнірден шыққан көрнекті қаламгер Оралхан Бекей шығармаларында өзіндік мәнермен өрнектелсе, Әлібек Асқаров қаламында көз алдымызға кәдімгі қылқаламмен кескінделген әсем пейзаж

былып елестейді. Бұған жазушының қауырсын қаламмен бірге қылқаламның да шебері екендігі себеп болса керек.

Әлібек Асқаровтың «Алтай. Алтын бесік, ата жүрт» атты тың жанрдағы туындысы – өз алдына бөлек әңгіме.

Бұл еңбек – ел мен жердің толғауындай кесек шығарма. Кітаптың алғы сөзінде айтулы қаламгер, филология ғылымдарының докторы Сауытбек Абдрахманов «сафари» жанрындағы бұл кітаптың өзіндік ерекшелігін айта келе: «Әлібек Асқаровтың Алтай жайлы бұл шығармасы аталмыш жанрдың қазақ әдебиетіндегі ізашары», – деп тұжырым жасайды.

Табиғат тылсымына жолсапар жазбалары – әлемдік әдебиетте бар үлгі. Бірақ, біздің ұлттық әдебиетте бұрын-соңды туындей қоймаған, жаңа жанрдың беташарындай болған бұл кітап мазмұн терендігі мен пішін жаңалығы тұрғысынан болашақтағы талай «сафарилерге» жол сілтері сөзсіз.

Түркі жұртының алтын бесігі болған Алтай бауырындағы қазақ ауылсының бастан кешкен оқиғалары, таудың мұзарт белдеуінде, үш мың метрлік биікті орналасқан, соғыс кезінде вольфрам өндірген Көккөл кенішіндегі азапты еңбек, ауыр тіршілік, табиғаттың қаңары мен шуағы мейлінше әсерлі әңгімеленген. Алтайдың ең биік шыны Мұзтауға сапарын баяндаитын бөлімі де танымдық, тағылымдық мәнге толы. Жазушы туған өлкесінің тыныс-тіршілігін, талайлы тағдырын, қаталда сұлу табиғатын перзенттік сүйіспеншілікпен тебірене жырлайды.

Алтай жыршысына айналған қаламгер інісі туралы көрнекті ақын Қадыр Мырза Әлі былай дейді: «Әлібек кітабында туган Алтайын жырлаудайын-ақ жырлап баққан. Елтіп оқисың. Оқып қана қоймайсың, көркемдіктің көне өкілі ретінде құмарта қарайсың. Бұдан бірнеше жыл бұрын, тіптен жас кезімде жиырмабес мың шақырым жол жүріп, осы өңірді көктей өтіп, Гималай асқан Николай Рерихтің күнделіктерімен танысып, таңгалғанмын. Гашық болғанмын Алтайга. Тұс көргендей сезінгенмін. Міне, енді Әлібек Асқаровтың «Мұнар тауды, мұзарт шыңды аңсаймын» толғауларын тамсана оқып отырып, сол баяғы түсімнің жалгасын көргендей болдым. Оған себеп – әйгілі Алтайдың айтып жеткізе алмайтын,

*жырлап тауыса алмайтын сұлулығы мен соны жанын салып суреттеген Әлібек інімнің туган жерге деген үлі махаббаты. «Алдымен Құдай болу қыын. Құдай болсан, жаңбыр жаудыру боктан оңай» деген екен бір атамыз. Тамаша айтылған сөз. Әдебиетке, көркем сөзге келген адам алдымен талантты, тіптен талантты болуга тиіс. Ал талантты, әсіресе, аса талантты адамга әдемі кітап жазу проблема емес!»*

Бұл пікір бәріміздікі деуге болады...

### Кешегі заман «қызықтары»

Қаламгердің кейінгі жылдары жазған еңбектері де оқырман назарын елең еткізген туындылар болды.

Өз алдына бір шоғыр құраған «Социализм әңгімелері» – әр қылыш оқиғаларды арқау еткенімен, тұтас дүние, табиғаты үқсас бірнеше әңгімелердің жиынтығы. Бұл әңгімелерде кешегі кеңестік заманың жақсылы-жаманды барша шындығы кейіпкерлердің іс-әрекеті мен мақсат-мураты түрфысынан баяндалады. Келмеске кеткен қоғамның кезінде көзден тасада ұсталған қалтарысты тұстары, зымиян саясаты қаламгердің астарлы баяндауы мен суреткерге тән сезімтал түйсігінің ауанымен жеткізіледі. Соғыс жылдарындағы қазақ ауылының қайғы-қасіреті мен ауыр түрмисын арқау еткен «Қара құйын, ақ көйлек», сол бір сұрапыл соғыс салған жара жүрегін сыздатып, үнемі үреймен ғұмыр кешкен қарапайым жаның көңіл қүйін «сырты әзіл, іші мұң» етіп баяндаған «Левитаның даусы», майданда мерт болған ағасының атын үнемі кітаптардан іздең жүретін «Долдаш ағай» әңгімелері жүрек сыздатып, көңіл құлазытады, ауыр ойларға жетелейді. Бұл әңгімелердің қай-қайсысы да өткен өмірдің сабактарын алға тартады, бүгінгі тәуелсіздіктің мағынасын, еркіндіктің, азат елдіктің бағасын ұқтырғандай болады.

Жазушы социализм әңгімелеріне желі болып тартылған тақырыпты «Социализм хикаяты» (кейін «Пойыз ұзап барады» деп аталған) атты повесінде барынша терендете түскен. Хикаяттың бас қаһарманы Базарқан – әскерден келген жас жі-

гіт, яғни өзіміздің замандастымыз. Оқуға түсуді армандаپ, ат басын өскерден қайтқан бетте Алматыға тірегенімен, ол ке- зекті бір емтиханнан құлап қалады. Откендеңі оқиғаларды еске түсіре отырып, сол арқылы автор кейіпкердің өмірімен оқырманын үзік-үзік таныстырып отырады. Базарқанның әң- гімесімен сол тұстағы қала тіршілігі, өзін қоршаған ортамен қарым-қатынасы бейнеленеді. Осындай оқиғалар ауқымында әлеуметтік-қоғамдық шындық барынша ашылады. Орта мектепті бітірген казақ жастарын тұстастай ауылда қалдырып, күштеп комсомол-жастар бригадасына енгізу, бұл әрекетке патриоттық мән беріп шақырған үндеудің астарындағы сұмдық саясатқа қынжыласыз, өкінесіз. Жастардың тауы шағылып, өмірден жол таба алмай адасуының да негізгі себебі осы екенін түсінесіз. Бас кейіпкердің үнемі бір нәрседен торығып, тығырыққа тірелген тұста қайталай беретін «мен неге үқпайын, үқтый, әрине» дейтін сөзі бар. Бұл сөйлем – сол қоғамдағы амалсыз бас изеушілікті, көнбістікті, шарасыздықты аңғарта түсетін сәтті деталь. Үстемдік құрған кеңестік идеологияның боданына айналып, армандары алданған үрпактың тағдыры бұл хикаятта барынша кеңінен ашылған. Кешегі өзі куә болған Кеңес өкіметінің сан құлы саясатын, оның адамдарға тигізген залалын көркем тілмен өрнектеген бұл «социализм циклын» жазушы жетістігінің жаңа бір биігі деп білеміз.

### Сан құлы тағдырлар

Жазушының соңғы жылдары жазып жүрген «Әйел парасаты» атты жаңа топтамасына кіретін «Задаш пен Балғаным», «Ғаббас пен Шура», «Қалжан мен Ләзиза» әңгімелері де лирикалық сазбен бедерленген, оқырманын бей-жай қалдырмайтын айтары мол, көркемдігі биік, деректілік сипаты басым дүниелер. Бұл туындыларда қарапайым ауыл әйелінің аналық ұлы бейнесі, оның ақыл-парасаты, отбасын сақтаудағы азаматтық ерлігі алуан оқиғалар арқылы ашылып отырады.

Кешегі соғыстың ардагері, бүгінгі зейнеткер Задаштың ба- сынан өткізгені анау-мынау оқиға емес. Майдан даласынан

өзін аман алғып шыққан орыс қызымен өуелде тағдыр қосып, кейіннен елге оралған соң амалсыз ажыраған майдангердің жанын сыйздатар ауыр жара – сол әйелден туған ұлынан хабарсыз қалуы. Арада қырық жылдан астам уақыт өткен. Мәскеуге үш қайтара сапарлап, ісінен нәтиже шығара алмай, жанын жегідей жеген дертті сыр етіп құрдасы Сәдуге айтқан. Сәду болса, сыр сақтайтын жан болмай шықты, Задаштың кемпірі мен қызының алдында бұл сырды жайып салған... Эсілі, сонысы дұрыс болған екен. Балғаным бәйбіше екі ұлын шақырып алғып: «Әкелерінді құсадан өлтірмейін десендер, ағаларыңды іздендер», – деп бүйірады. Бүйірк орындалып, Ескендір-Александрың хабары шығыпты. Енді ол бауырларымен, әкесімен қауышуға келеді. Ескендірдің жайын байқаған Балғаным ана: «Ағаларыңның еңсесін түсірмендер, жағдайын жасандар, баспана әперіндер, астына көлік әперіндер», – дейді тағы үлдарына. Ана сөзі – балалар үшін бүйірк. Орындалары сөзсіз. Бір ошақтың отын жаққан әйелдің елге жетерлік ақылы мен парасаты, мейірімі кім-кімнің де жан-жүрегін тебірентпей қоймайды. «Міне, қазақтың әйелі! Міне, қазақ үлдарының анысы» дегізерліктей. Әйел парасатын паш еткен бұл туынды кейіпкерлері өмірдің өзінен ойып алғынған. Прототиптері – ортамызда ғұмыр кешіп жатқан жандар. Әдебиеттің өзегі – өмір шындығы, шындық болғанда көз алдымызда өткен, талай жан куә болған нағыз шындық. Жазушы сол үлгі-өнеге боларлық шындықты көркемдік әлемінің көрігінде қорытып, оқырманына әдемі дүние етіп ұсынады.

Шындық демекші... Осы сияқты өмір оқиғасы «Ғаббас пен Шура» әңгімесіне өзек болған.

Әңгіменің кіріспесінде автор атынан берілген баян бар.

*«Осы әңгімені алғаш естігенде әлдебір өкініш аш өзегімізді өртегендей күйге түсіп, қатты тебіренгеніміз бар.*

Әңгіменің ұзын-ыргасын алдымен Мұхтар Құл-Мұхаммед айтып беріп еді. «Жазып жүрген жаңа цикліңізге қатып түр, осыны қолга алсаңыз», – деп ұсыныс жасаган. Сонынан бұл баянның бас кейіпкерінің үзік-үзік естеліктері мен жазбаларын оқудың да жөні түсті. Сөйтіп, осы оқиға арқылы әйел затының көк аспандай түңгішкі жеке әлем екенине біз

тагы бір көз жеткізгендей болғанбыз. Қыл пернеден де нәзік әйел жанының жүмбақтығына қайран болып, лажсыз оны тагы да мойындауга тура келген. Біз, еркек агайын, енеден енді екі туып келсек те, бұл сиқырды мәңгі түсінбей өтетінімізді мықтап үққанбыз.

Алдымен, кейіпкерлердің аттарын өзгертіп, судай сапырып, қиялга біраз ерік берейікші деп те ойладық. Артынша бұл ойдан айнып, аттарын да, заттарын да естіп-білген сол қалпында қалдырганды жөн санадық. Өзгертіп жазсақ өтірік шығатындаі әрі ол кісілердің ар-цятына қамши басып, обалына қалардай сезіндік. Қысқасы, адалынан гүмір кешкен адамдардың аруағы алдында күнәнәр болғымыз келмеді.

Оның үстіне бұл әңгімеге бірдене деп ойдан қосудың қажеті де шамалы еді. Бәрі де тайга таңба басқандай айқын, өмірдің өзінен ойып алынған айдай шындықты.

Сол себепті де, қымбатты оқырман, естіген әңгімемізді шашау шыгармай, қаз-қалпында сіздермен бөліскіміз келді», – деп сыр шертеді автор.

Гүлжан атты әйелдің естелігімен берілген әңгіме желісі әйел атты парасат иесінің ғажап рухани ерлігін танытады. Майданнан екі мәрте қара қағаз келіп, соңынан өзі келген Габбастың жанына сүйеу, көз орнына көзі болып бірге келген Шура атты әйел... Алтын шашты ару қыз... Бұдан кейінгі күллі ғұмырын қос жанарынан айырылған Габбаспен алпыс екі жыл бірге өткізген қайратты жан. Екінің бірінің, тіпті жүздің бірінің қолынан келмейтін ерлік бұл. Тағдыр тауқыметіне қарсы тұрып, он бір ұл-қыз өсіріп, ұзағынан ғұмыр кешкен Габбас пен Шура тағдырын тілге тиек ете отырып, автор әйел-ананың асқақ тұлғасын, ақыл-парасатпен сомдалған болмысын ардақ тұтады. Сондай жандардың бар екеніне тебіренеді. Оқырманың қоса тебірентеді. Осы бір ізгілік тұнған тақырып «Қалжан мен Ләзиза» хикаятында жалғасын тапқан. Өмірде болған адамдар тағдырын көркем дүниеге айналдыру үшін де қаншалықты шеберлік керек екені белгілі.

«Адам мінезі қызық-ау осы... Жақсы мен жайсан, асыл мен ардақтының бәрін ылғи да алыстан ідейміз. Қызық пен шыжықтың баршасы бөтен жақта, көз көрмес аулақта,

әйтепір біз жоқ жерде өтіп жататындаи көреміз. Аңызға лайық уақиғалар мен хикаялар тек қана кітап пен кинода ғана болатындаи қабылдаймыз. Сөйтіп жүріп қасымыздагы қайсыбір құбылыстарды байқай бермейміз. Асылымызды бағалап, ардақтымызды тани алмай жатамыз. «Адам жайын ауылдас білмес, арызdas білер» деген тегі осы шыгар», – деген автор толғанысы шертілер хикаяның мән-мағынасын аңғартады. Қалжанның айтқан әңгімелері арқылы ел тағдыры, жер тағдыры, қарапайым адамдар өмірі оқырманның көз алдынан кино лентасындаи өтеді. Адамзат баласының тіршілігі басталған тұстан бірге жасасып келе жатқан қасиетті ұғымдар әрқайсымыз күнде көріп жүрген қарапайым ғана бір жанның жан дүниесінде, жүрегінде ғұмыр кешіп жатқанын кейіпкер әңгімесінің ауанынан аңдаймыз. Аңдаймыз да, ізгілік пен парасаттың, жақсылық пен мейірімнің адаммен бірге жасай беретін жасампаздығына көз жеткіземіз.

«Адамдық негізі – әйел» деп, ғасыр басында ғұлама жазушымыз М. Әуезов мақала жазса, соның дәлелі, шындығы осы ғасырдағы қаншама көркем туындылар арқылы көрінді. Зере әже, Ұлжан ана, Айғаным бәйбіше, Ұлпан... ұзакқа созылар бұл қатардан орын алар әйел-ана, әйел-арулар сапына Әлібек Асқаров қаламы пішіндеген Балғаным мен Шура, Ләзида сияқты кейіпкерлер де кірді.

## Түйін


Қаламгер мұраты елі мен жерін, ұлтының ұлылығын һәм қасіретін, бастаң кешкен тарихын, ізгілікке тұнған жүрек иелерін, қат-қабат сырлы адам болмысын көркем шығармалары арқылы үрпақ жадында жаңғырту десек, жазушының бұл мұраты жоғарыда сез болған шығармалары арқылы орындалған.

Әзілі мен мыскылы, ойы мен толғанысы, сыршыл сазы келіскең туындылардың өмірмен біте қайнасқан болмысы, оқырманның жүрек қылын қозғар өсерлілігі өз алдына. Әдеби кеңістіктегі биік эстетикалық талғам, мызғымас авторлық ұс-

таным, қаламгерлік шеберлік сияқты ұғымдар түрғысынан сөз қозғасақ, солардың қай-қайсысына да өзіндік бітім-табиғатымен жауап беретін Әлібек Асқаров туындылары қазақ әдебиетінің қазынасын байытқан рухани дүниелер екені даусыз.

*Жанат Әскербекқызы,  
филология ғылымдарының докторы*

# ӘҢГІМЕЛЕР



## КӨҢІЛДІҢ КӨК ДӨНЕНІ

Бұрынғыдай емес, соңғы кезде шау тартып, денсаулығының нашарлай бастағанын Бектұрған іштей сезіп жүретін. Ішік киіп, тон жамылдып дегендей, былайғы күпигені болмаса, баяғы қайраты қайтыңқырап, табанның бұдыры кетіңкіреп қалғанын өсіресе биыл қыста айқын аңғарды. Құні кеше ғана құр атқа мінгендей тың еді, енді, міне, қарашы, арада қыс өтпей жатып, сүйекшідей сүйретіліп шыға келгенін... Оның үстіне соңғы бес-алты күннен бері бүйіріне бұлтиып қап-қатты бір бәленің пайда бола кетпесі бар ма... Алақанымен сипаған сайын өлгі неме теңгедей түйіліп, көңілдегі күдікті молайта түсті. «Жаман айтпай жақсы жок», әйтеуір, сарайның сау емес екенін Бекең өзі шамалап жүрді.

Осылайша ойдан жүдеп бүгін де үйге бірден кіргісі келмей, күйтіндең біразға дейін қора жақтан шықпай қойды. Былайғы шаруа ойын бөліп, көңілін алдап, қайдағы бір бөтен қиялдан аландатардай көрінетін. Екі кештің арасында қораның қын тазалады, шашылған сағдарды жинастырды, жол ашып қар күреді. Сөйтіп, асықпай шам жанағанда бірақ үйге кірген. Жалғыз ұлы Қайырбек те жұмыстан енді ғана келіп, май сіңген комбинезоның қаудырлатып шешіп жатыр екен.

— Әке, сырқаттанып қалған жоқсың ба? — деді ұлы.

Сұрағанымен қоймай, әкесіне күдіктене көз тастағандай болды. Шыныаяқты сылдырлатып, дастархан жасап жүрген келіні де құлағын түріп, сөтке тына қалған. Сол-ақ екен, бөтен біреу үрліғын сезіп қойғандай Бекенің сайтаны ұстасын:

– Немене, әкенді күннен күнге жасарып келе жатыр деп пе едің? Жоқ, әлде маған тұлпар мінгізіп, ту тіккізбек ойың бар ма?

Әке тарапынан мұндай өктем жауапты күтпеді ме, Қайырбектің тілі күрмеліп, сөзден тосыла берді.

– Қайдан білейін... Біртүрлі жүдеп кетіпсің, – деді жасқаншақтап.

– Жүдеп кетсем – әкенді қорадағы қызыңа салмай, анау Арасанға апарып емдет былай! – деп Бекең тағы зірк етті.

Аузына Арасан қалайша түсе кеткенін өзі де үқпады. Көстендей басып төрге өтті де, ашулы кейіппен сырмақ үстіне жалп етіп қона салды.

«Атама бүгін не болған?» дегендей, келіні қолына кесе үстаған күйі қимылсыз қалыпты. Екі көзі боталаң, үркे қарайды.

– Әкеңнің қадірін ертең мен өлгенде білерсің! – деді Бекең төргі бөлме жақтан сыйданып.

«Осыншалық қазымырланатындағы маған не жетті?» деп ойлады артынша. Бұрын мұндай шайпаулығы жоқ сияқты еді, бүгін балаларына қарадай тиіскені несі? Әлде ақылесін уайым жеп, шалыңың шынымен шатасайын дегені ме? Бүйте берсе – келіннің де қолына сыймай, байлаулы бұзаудай жаутаңдаң жалғыз қалар тубінде. Тіпті кішкентай Айгүлге дейін атасының ашулы екенін сезіп, тымпиып басқа бөлмеге безіп кетіпти. «Өледі екенмін деп, осыншалық тулауға болмайды ғой!»

Бектүрған алақанын жайып, жымып немересін шақырды. Еркелетіп тізесіне отырғызды, әр нәрсенің басын шалып күбір-күбір әңгіме айтты. Бәрібір одан үйдің бұзылған шырқы қайта орала қоймады. Тым-тырыс шай ішіліп, үн-тұнсіз дастарқан жиналды.

– Осы уаққа дейін Ербол қайда жүр? – деді Қайырбек.

– Оны менен несіне сұрайсың? – деді келіні шап етіп. – Қайсыңды бағайын мен?.. Мектептен шыққан бойда дала безіп, ойынның соңында кетеді. Осыдан қазір келсінші, сирағын сындырайын жүгірмектің!

– Әй, атасының баласында шаруаң болмасын!

Қайырбек көзін алайтып жеткірініп еді, келіні қыңқ деген жоқ. Алжапқышын жұлқи шешті де, қолын бір сүртіп былайғы қуысқа атып ұрды. Сосын дұрсілдетіп төргі үйге өтіп, күңкілдең жүріп төсек салды.

Бектұрған қайтып жақ ашқан жоқ, көжеге өкпелеген баладай бұртиып, төсегіне шығып бұк түсіп жатып қалды. Бәрібір үл мен келін арадағы жайсыз әңгіме біразға дейін басылмаған. Көзі жұмұлы болғанымен көңілі ояу, бәрін естіп, бәрін сезіп жатты. Аздан соң етігімен еденді дұрсілдетіп арсы-гұрсі Ербол жетті... «Атасының ұлы» болмағанда шешесі түтіп жеттін екен, арашаға Қайырбек түсіп, әйелін өзөр қойдырды. Жұтылмаған малтадай әлдебір нәрсе Бекеңнің көмейінде кілкіп тұрып қалды. «Шоқ, шоқ! – деді өзін өзі іштей қыжыртып. – Жетпей жүргені келіннің тілі еді. Саған енді сол керек! Оны да естір күнің алыс емес секілді».

– Ертең монша екен ғой!.. – деді Қайырбек не заматта. Үні жасықтау, әңгіменің арнасын бұрып, келіннің көңілін аулаған ниеті бар.

– Қайдағы монша? – деді келін жұлып алғандай. – Сапқоздың моншасының қазаны жарылып жатса, қайдағы монша саған?

– Оу, жарылса жамайтын шығар!

– Пішту!.. Арнап салмаған соң, Мәтібей шалдың жаман барағы қашанғы шыдасын?.. Төбесінен тамшы ағып, шатыры қисайып жатыр әнеки!

– Сонда қалай?.. Бұл ауыл монша көрмей торғауыт бол кетсін дейсің бе?

– Оны менен несіне сұрайсың? Осы ауылдың төресі мен бекем? Тілдерің бар ғой, айтындар анау бастықтарға!

– Қызық екен! – деді Қайырбек таңданып.

– Кезектесіп Оралғазының моншасын жағып жүр ғой жүрт. Сұрармыз біз де бір күні.

Совхоздың моншасына Бектұрған ана жұмада ғана шомылған, «қазаны жарылды» дегенді әлі естіген жоқ еді. Әлгі моншашы Бәтіш кемпірді Құдай ұрып, қазанның сұын төгуді ұмытып кеткен ғой тегі? Жалғыз басты жаман кемпірді өуреге салып, қазанның құнын төлетіп жүрмесе неғылсын?

Баяғыда осы ауылда екі үйдің бірінде қара монша бар еді. Кейіннен Матвей деген көпестің ескі барағын жөндеп, тәп-

тәуір ортақ монша жасаған. Ауылда ортақ монша болған соң, жылдар өте жүрттың жеке моншалары қозы қамайтын қораға, зат сақтайтын қоймаға айналып кеткен. Сау қалғаны Оралғазы мұғалімнің мыжырайған қожалақ моншасы ғана-тын.

Мейлі ғой, өзім ілініп өзер жүргенде моншаны уайымдағаным қай қиналғаным деп, Бектүрған кеудесін кере үнілеп қойды.

Маужырап көзі ілініп бара жатыр еді, өлім туралы сұық ой төбесінен су құйғандай көңілін тағы сергітіп жіберді. Жон арқасы шымырлап, денесінің тоңазығанын сезді. Аяқ-қолын жиынқырап, көрпесін қымтаңқырай жамылды.

Жаман ауру жабысып, төрт ай бойы төсек тартып қиналған Сәду шалды есіне алды. Тамшы су тамағынан өтпей, аруақтай суалып барып, марқұмның жаны тыншып еді. Жан қинаған ондай ит өлімнің бетін аулақ қылсын де... Әйтеуір бір ажалдың бары рас болса, балаларға масыл болмай, ауырлық салмай, қиналмай кетіп қалғанға не жетсін.

Япырым-ай, менің де тірлігімнің сөреге шындал таяғаны ма деп таңданды. Жетпіске де өлі екі жылы бар-ды. Жетпісті қойып, сексен-тоқсанға да барып жатыр ғой былайғы жүрт. Солар құрлы жоқ па еді? Тірлік таусылды дегенге көңілі құрғыр сенгісі келмейді, жүрегі дауаламайды. Әрине, тағдырдың жазуы солай болса қайраны қайсы. Мейлі ғой, бірақ деп деп бір нәрсеге қатты қиналатыны бар... Мынау жарық жалғанға елжүрт айта жүретіндей, ауылдастары сөз ететіндей нендей үлгі тастады? Сонына өнеге болар қандай із қалдырып барады?

Рас, ағайынның ала жібін аттаған жоқ, адалынан еңбек етті. Алты бала өсіріп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырды. Тоны тозған жоқ, аты озған жоқ, ел қатарлы ғұмыр кешті. Соның өзін қанағат тұтып, салауат көріп, іштей шүкіршілік етуші еді. Енді бакса, оның бәрі әншнейін бергі жақтағы тайыз пайым, можантопай күйкі тірлікке ұқсапты. Ойды ой қуалап, мұның көкірек көзі енді ғана ашылғандай... Енді ғана бір нәрсені көңілмен ұғып, жүрекпен сезе бастағандай. Содан ұққаны – өмірдің шын мәні мұлдем басқаша екен. Бұғанға дейін бул Бекең өмір туралы тереңнен толғап, тағылымды түйін түйе алмапты. Өкініштің сол, соның бәрін де тым кеш, ата сақалы аузына түскен кезде түсінгенін ұқты... Енді дәнене де бітіре

алмай, қайтпас сапарға осылайша құр аттанып кете баратын болды.

Бектүрған қинала күрсініп, он жамбасына аунап тұсті.

Кіндігінен тараған үрпағың да сенің жарық жалғандағы жалғасың, соныңда қалар ізің екені рас. Бірақ, Бекенің пайымынша, баланың жөні басқаша секілді. Олай дейтіні – адам болып жарық дүниеге елшілікке келген екенсің, адамзаттың алтын жібін жалғастыру – Алла тағаланың алдындағы міндетің. Сондықтан оған бола токмейілсіп, өзіңді өзің алдар-қатудың қажеті шамалы. Оның үстіне қазір фамилияны да атасының атына бергізбейтін болыпты ғой: ол да болса көнілдегі бір медет еді. Алтаудың ішіндегі кіндігінен кіш еткен жалғызы – осы Қайырбектің бір баласы «Бектүрғанов» болса екен деп, кезінде бұл жүрегі лүшілдеп қатты үміт еткен. Амал қанша, ары шапқылап, бері шапқылап, Қайырбек дым тындыра алмаған. Загстегі әріпке қадалған шапыраш көз сары қыз заң-зәкөнмен айдындалап, табандап көнбей қойыпты. Соған қарағанда, еншісі бөлек баланың ені де бөлек-ау тегі. Бұл тірліктен өз үлесін, өз үмітін күйттеген сен сияқты ол да бір пенде.

Оу, сонда бұл Бектүрған мынау өмірде айта жүретіндей не қалдырып барады?

Оқу оқып, көзің қарақты болмаған соң, көп нәрсеге көкейің жете бермейтіні белгілі, ол жағын өзі де біледі, мойындаиды. Бір күндік алдамшы жылтырақты малданам деп, өмірдің шұңғыл шыңырауына шындалап бойлай алмапты. Дүниенің шолақ екенін түсінбей, әрекеті көп, берекеті жок тірлік кешіпти. Санап жіберсе, осы ауылда Бектүрған іstemеген жұмыс қалмаған екен... Бастықтарға қарсы келген күні жок, қайда салса томпандалап сонда барды. Балташы болды, шөпші болды, күзетші болды... Тіпті баяғыда біраз уақыт біргәдір болып та әкірендегені бар. Жастық қызбалық-ай десенші, ат мінгенге Алланың қолын алғандай күпініп еді. Сөйтсе, ол-дағы ағаш қазан қайнатқандай аз уақыттық жалған дүние екен. Былайғы жүрт жаппай соғысқа аттанып жатқанда, қолы іс біледі деп, бастықтар бұл Бектүрғанға бронь соғып таstadtы. Оған да көнді. Енді ойласа – сонысы бекер-ақ болған секілді. «Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі» деген, ажалы жетсе кімнен артық дейсің? Ал тірі қалса анау Сапарәлі құсан қайтып келер

еді-ау. Соғыс ардагері деп құрмет көрсетіп, мейрам сайын мектепке шақырар еді мұны да. Қазір «сен сөйтіпсің» деп қай қазақ елел-ескеріп жатыр. Қайта тете өскен құрдастары қырық жыл бойы қалжыңмен қағытып, сөзбен қажап, жүйкесін жүқартып бітті. «Біз қан төгіп, жаумен жағаласып жүргенде, бұл Бекең ауылдағы қыз-қырқынның қалың ортасында қаздай қалқып, үйректей жүзді емес пе?» дейді әзіл-шыны аралас. Табаны күйіп, тандайы тимеген соң біреудің зарын біреу қайдан үқсын? Әйтпесе қалың қатынға басшы болып, қантардың қақаған аязында тау басынан ағаш кесу онай шаруа болып па?! Ондай жұмысқа әйелді былай қойғанда, еркектің де шыдауы екіталай.

Енді ойласа, соның бәрі бүгінде ертек сияқты, біреуге айтсаң үдірейіп бетіңе құдікпен қарайтын болды. Есіл еңбек зая кеткендей. Ешқандай із тастамай, өткеннің қатпар-қатпар қойнауында қалып қойғандай. Тіпті өзінің күллі ғұмыры күмәнді ме деп қалады кейде Бекең. Өйткені қолмен ұстап, көзбен көрсетер дүниен болмаған соң, «мен сөйткенмін» деп, сыпайы сөзбен сипағаннан пайда шамалы екен. Еңбегінді бұлдағандай соны сөз етудің, мактанудың өзі ыңғайсыз.

Қыршын кетті-ау деп, бір кездері Құмарқанға жаны ашушы еді. Қазір сол құрдасының тағдырына кереметтей қызығатын болып жүр. Небәрі жиырма жыл ғана өмір сүрсе де, оның ғұмыры мәңгілікке ұласып кетіпті, соны үқты. Батыр атанып, атын даңққа бөледі. Аудан орталығында қасқайып тас туғырда бейнесі тұр әнеки... Ауылда жүргенде де от алыш, ораққа түсер азаматтың нағыз өзі еді, қысқа ғұмыры да соған лайық болды. Жалын болып өмір сүріп, от болып жанып кетті... Жарайды, Құмарқанның жөні бөлек дейік. Бірақ анау Есіркеп марқұмның Еңбек Ері атанып, ел мактанышы боларын кім ойлаған? Койдан жуас, жылқыдан торы жан емес пе еді? Сөйтіп жүріп бұларды шаңына да ілестірмей, шығандап шырқап кетті. Бектүрған құсал әр жұмыстың басын бір шалып, баянсыз тірлікті күйттеген жоқ. Тыбыр етпей қой бақты, өмір бойы таяқ сүйреткен койшы болды. Ақыры, әнеки, ол да мақсатына жетті. Ендігісі ауылдағы мектепке де соның атын беріп отыр. Соңына өшпес із қалдырды деп, мінеки, соларды айт! Ал бұл Бектүрғанға соғыс ардагерлеріне берілетін мерекелік жылты-

рак медаль да бүйірмапты. Амал қанша, бұл бейбак жарық жалғаннан осылайша із-түzsіz кете баратын болды!..

Мазасы кетіп, тұн үйқысы төрт бөлініп, ертесінде басы зеніп ауырып тұрды. Қолынан келер қайраны жоқ, өмірдің мән маңызын тым кеш түсінгеніне назаланып, сүйретіліп сыртқа шықты. Тағы бір арайлы таң атып, көкжиектен найқалып күн көтеріліп келеді екен. Табалдырықта тұрып кеудесін жазып, таң тыныштығына қимастықпен құмарта қарады. Ендігі қалған ғұмырының да түкке татымасын ойлаған кезде көкірегін қызғанып пен өкініш кернеді. Буын-буыны босап, сөтке теңселіп кетті.

Сосынғысы, ендігәрі өлім жайында ойламауға тырысып баққан.

«Көк шықты ма екен?» деген оймен қыр жақты шолып, ауылдың сыртына қарай жүрді. Құздің қара суығында шиендер шыққан жоңышқаның қарастында жаншылған шірінді сабағы тырбияды. Жұлмалаған мал үшін бұл да азық. Қырдың көгі өлі мәз емес екен: былтырғы шөптің ара-арасынан сүйріктей қылтиып күренсенің өскіні ғана белгі беріпті.

Күн салып етектегі өзен жаққа көз жіберді. Мұз үстінен жүгірген кешегі қызылсу тұнгі суықта айнадай жалтырап қатып қалыпты. Арғы көшедегі біреулер мұз үстіне күзер салып, малын бергі жаққа өткізе алмай әуре.

Софан қарағанда, жоғарғы жақтағы жалғыз көпірді де қызылсу алып кеткен секілді.

Ауыл қыбырлап, күнделікті қарекетіне кірісе бастапты.

Ес біліп, етек жапқалы көріп жүрген таныс тірлік. Бір күні бір күніне ұксас, жазы қысқа, қысы жазға ұласқан зымыраған уақыт. Сөйтіп жүргенде өмір дегені аңшыдан қашқан түлкідей бұлаң қағып өте шығыпты-ау, шіркін! Бойда ерік, ойда көрік бар кезде адам дегенің уақыттың нарқын бағалай бермейді екен. Ендігі жерде қаншалықты өкінгенмен көнілден кеткен көк қаршыға қайта айналып кеудесіне қонар ма?

Ойламайын десе де, ойдан қашып құтыла алмай, қыр басында қалқайып ұзак тұрды. Соңғы рет көріп тұргандай етектегі туған аулына ет бауыры елжірей қарады. Қызық, Бектұрған өлді екен деп ертеңгі күні осы ауылдың қылшығы да қисайmasы анық. Бейнебір дәнене де болмағандай, ертең де дәл

осы қыбыр-жыбыр тірлігі жалғаса бермек. Бірер жылдан соң өмірде ондай адамның болған-болмағанын да тас ұмытады. Солай! Қайтесің, өмірдің заны осы.

Қырбасында тұрған Бектұрғанның есіне ауылдың моншасыз қалғаны түскен. «Совхоз жаңа монша салып бергенше, ел-жүрт қиналатын болды-ау» деп ойлады. Тоғыз қатынның толғағы қатар келген қазіргідей қарбалас шақта бастықтардың монша туралы ойлауға уақыты бар деймісің! Шамасы, бұл шаруаның реті үзаққа созылатын сыңайы бар-ау?

«Осы мен жүртқа монша салып берсем қайтеді?» деп ойлаған артынша.

Бұл ойының көңілін тебірентіп жібергені соншалық, көз алды буалдыр тартып, тірсегі дірілдеп кетті.

Осыным жақсы ақыл болды-ау деп, ойын жинақтап, түйіндеп біршама уақыт толғанып тұрды. Сонын тәуекелге бел буды.

Расында, бұл Бектұрған соншалықты кімнен кем?! Бұл да текті атаның бір баласы емес пе еді? Ендеше теңдікке тұрса да, кемдікке тұра қоймас тегі. Жарық жалғанға ескерткіш етіп жақсылықтың бір белгісін қалдырмай, ендігі жерде бұл Бекен өле қоймас. Солай... Бұйырса, мұның тірілерге аманаты монша болатын шығар! Жай монша емес, «Бектұрғанның моншасы» болмак!.. Иә, «Бектұрғанның моншасы!»

Өзен жақтағы көшениң аяғында есігі үңірейіп көптен бері бір қара монша тұрушы еді. Оның иесі – Сәдеш шал бұдан бес-алты жыл бұрын аудан орталығында қызмет жасайтын баласының қолына көшіп кеткен. Шалдың үйін көрші ауылдан біреулер сатып алыш, бөренелерін мәрлеп, баяғыда мәшинемен тасып әкетіскең. Тегі тұтін сіңіп, қарайып кеткен соң менсінбеді ме еken, моншаға тиіспеген, сол орнында қалқайып қалыш қойған. Жөндеуге жарайтын шығар деген үмітпен Бектұрған елпен қағып, солай қарай тартты.

Моншаның төрт қанаты түгел еken. Өзі су жағасында, биіктеу жерде, ауылдың былайғы үйлерінен оқшау жекеленіп тұр. Әдеткі моншаларға қарағанда іші де кең, еңсесі де биіктеу көрінді. Сәдеш те қолы шаруа білетін тақыс шал еді ғой, моншалық жерді аса ұрымтал тұстан таңдағанға ұқсайды.

Моншаның бұрыш-бұрышын ұстап көріп, бөренелерін тұртқілеп, іші-сыртын түгендеп шықты. Балалар шығып сыйдырған ба, төбенің екі-үш тақтайы опырылып құлаған екен. Едениңде бірер тақтайы шіріп кетіпті. Тасы шашылған, тас жинайтын дәңгелек темір үшті-қүйлі жоқ.

Қысқасы, шын ниетпен қолға алса – монша жөндеуге келетін секілді.

Ана бір жолы Ерболдың кітабынан есік-терезесі оюланған орыстың бір үйінің суретін көргені бар-ды. Мына моншаның да сырт пошымын дәл солай етіп әшекейлеп жіберсе – қатып кетейін деп тұр екен.

Кешке Ербол үйге келгенде, әлгі кітапты бірер күнге деп сұрап алып, былайғы бір жерге жасырып қойды.

Мал қораны жамасам деген оймен былтыр күзде аула бұрышына бір арба тақтайды бақшалап жинап қойғаны бар-ды. Ендігі жерде Бектұрғанның көзі сымдай түзу сол тақтайларға түскен. «Арзанның пұлы татымас, ал қымбат қияметке кетпей ме?» деп ойлады. Сөйтті де, күренін арбаға жегіп, тақтайларды моншаға қарай тарта бастады. Қораның бір шетінде баяғыдан қабығы аршылған қарағай бөренелер жатушы еді, оларды да бір-бірлеп арбаға тиеп, монша жаққа жеткізген. Моншасы жақсы болса – өзінің де аруағының аспандайтынын ұғып, әйтеуір, қолда бар тәуір дүниесін қысып қалмауға тырысты.

Совхоздан қосымша тақтай мен бірер бөрене, сосын шатырлық шифер сұрасам ба деп бір оқталды да, ол ойынан лездे айнып қалды. Болар адам бақырып болмайды ғой, «мен монша салып жатыр едім» деп әйгілеудің қажеті жоқ деп шешті. Мұндай шаруаны үнсіз тыңдырған дұрыс. Әрі былайғы елдің көзіне күйік бола бермей, тезірек бітіргені де жөн... Ит біліп пе, бүйірге жабысқан мына бәле қай күні белгі беріп, мұрттай үшырарын.

Ағаштарды тасып, кірпіштерді кіргізіп болғаннан кейін, тас жинайтын онтайлы темір іздестіре бастады. Астына от жағылып, үстіне төбедей етіп тас үйілетіндіктен, әдетте оған отқа төзімді темір төселеді. Оралғазының моншасында трактордың тісті дәңгелегі тұр, ондай мықты шарболат табан астында қайдан табылсын!

Трактор демекші, баяғыда бір жерде шотаяқ трактордың дөңгелегі жатушы еді... Ұмытпаса, МТМ-ның артында, Әшемнің қоймасының маңайынан көрген секілді. Оқушылар темірге өткізіп жібермесе – атам заманғы сынық шойын кімге қажет дейсің.

Осы оймен Бектұрған арбасын ыңырантып, ауылдың арғы басындағы МТМ жаққа аяңдады.

Дөңгелек белуардан жерге көміліп, шым топырақ арасынан жалғыз тісі ғана сорайып шығып жатыр екен. Әдейілеп іздел, үстінен түспесе тіпті байқалар емес. Көп жылдан бері мал тұяғы тимегесін бе, төңірегін қурай басып кетіпті. Дөңгелектің маңайы – бейберекет шашылған бөрене мен тақтай. Олардың шашылып осылайша жатқандарына да талай жыл болған секілді. Бауырымен жер сүзгендері әлдеқашан шіріп кеткен... Біреуін етігінің тұмсығымен тұртіп қалып еді, бырс ете тұсті. Үстіндегі кебу қарағайлар әлде де өжетке жарағандай екен. «Әйтеуір иесіз дүние ғой, бірер бөренені арбаға салып алсан қайтеді?» деген де ой келді. Олай ойлағанымен, бәрібір ондайға бармасын тағы білді. Енді қартайғанда совхоз мұлкіне қол сұғып, сақалына шіркеу тигізер жайы жок.

Әрине, совхоз осы ағаштарды түкке де жаратпайды. Жаратар болса баяғыдан ай қарады дейсің бе, тубінде өстіп керексіз шіріп қалады бәрі. «Ағашың шіріп жатыр екен» деп бастықтардан бұларды сұрап болса – сақалын бұлдағандай көреді тағы. Ондайға Бекеннің намысы жіберсін бе?..

Жерге көктей шегіп кеткен сынық дөңгелекті күрекпен ұзак қазды, сосын күшенип жүріп арбасына өзер тиеді. Арбасын ыңырантып үйге қайтқан кезде күн де кемеріне құлаған еді.

\* \* \*

Апсы аңсаған мал сияқты әлдене жетіспей тұрғандай сезініп, мазасызданып үйде отыра алмады. Жұрт аяғы басылып, балалар үйқыға кеткен мезетте тонын жамылып сыртқа шықты. Қораны айналыш, бақшаның ішімен өзен жағасына қарай өтті.

Кешегідей емес, өзеннің мұзы өжептәуір жүқарып қалыпты. Мұз бетімен сылдыр қағып қызылсу жүгіріп жатыр. Тау жел-

кесінен сығалаған жартықеш ай су бетіне адырнадай созып ап-  
пақ жолақ тастапты.

Тұн өзгеше жылы екен. Соған қарағанда бүгін тұнде мұз қата  
қоймайтын секілді. Осы қарқынмен ери берсе – айналасы бес-  
алты күннің ішінде өзеннің арнасы да көрініп қалары анық.

Екі қолын артына ұстап, өзен жағалауын құлдай жүрді.

Мұның моншасы айлы аспан ажарында оқшау жекеленіп,  
сонадай жерден қарайып шыға келген. Жоталау жерде тұрғаны  
әсіресе тұн баласында өсерлі көрінеді екен. Мына дөңнің үстіне  
монша емес, хан сарайын тұрғызысаң да жарасым тапқандай  
дерсің.

Төбесіне шатыр өріп, есігі мен терезесін өлгі кітаптағыдай  
етіп оюлармен өлем-жәлем әшекейлеп тастаса – расында да  
бұл монша Бектұрғанға лайықты мұра болайын деп тұр. Әттең,  
тағдыр ғұмыр берсін де! Ғұмыр берсе, келешекте көлемін  
кеңейтіп, қасынан тағы бір бөлме қосуға болар еді.

Монша деген – бейнеті желге кетер бос шаруа емес, әрбір  
отбасына, әр адамға қажет нәрсе. Қолынан келмес дүниені  
қиялдал, аспандағы айға қол созып тұрған жоқ қой. Сондықтан  
бұл жолда аянбасқа керек, көзді жұмып, білекті сыбанып  
кіріскең жөн. Бітірген соң бастықтардың көзінше атап отырып  
совхозға арнайы тарту етеді. Әттең, май мейрамына үлгірер  
болса, жиналыста арнайы сөз етер еді-ау! Сосын білсін бұл жұрт  
Бектұрғанның кім екенін! Үлкені бар, кішісі бар күнбе күнгі  
кезекке турып, «Бектұрғанның моншасына барамыз», «Пах,  
шіркін, Бектұрғанның моншасы-ай!» деп сүйсініп, тамсанып,  
таңдайларын қағумен болсын.

Мұны ойлағанда Бекеңнің көңілі тасып, көзі жынылықта,  
мемәзігіне дейін жыбырлап кетті.

Қазір заман тұзу, ел тыныш, бәрі де сыпыраның ішінде отыр:  
не ішем, не кием демейді, баракат өмір. Сөйтіп отырып бұл  
адамдар әншайін бақан тірес, ит тартыс ғұмыр кешіп жатқанын  
қайтерсің! Япым-ау, кешегі Құмарқан секілді жігері жалын,  
от жүректі азаматтар қайда деп ойлайсың. Мынау жарық  
жалғанда ертеңге бір белгі қалсыншы, лайықты із қалсыншы  
деп көкейін көгертіп жүрген пендені дәл осы ауылдан өлі  
кездестірген жоқ. Бір күндік шолак тірлікті күйттеп, әркім

өз күлшесіне күл тартумен әбігер. Кеңінен ойлап, кемеңгер ой түйетін жан қалмағаны ма сонда?

Бұл жасына дейін өзі де айға қарап аңқып келгені рас екен, онысын мойындайды. Басына қыдырдың еңкейген шағындаған дарығанына өкінеді. Өз бағасын білмегеніне, нарқына бойлай алмағанына қынжылады. Қазір қайратын қара тасқа салып, шабуын білмей кетілген шарболаттай сезінеді өзін. Әттең, ертерек ес жиса ғой, анау қырдың басына қарағайдан өріп сарай салып кетер еді-ау! Шүкіршілік, олай етуге қолы да, қайраты да әбден жетететін еді... Амал жоқ, ештен кеш жақсы деп, енді соңында қалар моншаға да қанағат қылады.

Ойлап қараса, бақыттың да көзі соқыр екен. Анау Шәймерденнің кассада пәленше мың ақшасы бар екен деп осы ауылдың әйелдері ит қосып шуласып жүр. Жыл сайын мал сатып, ақшасын көкек құсал астына баса беретін сияқты. Сығырайған жыртық көз сол кісіні Бектұрған о бастан-ақ суқаны сүймейтін. Сараң шалдың жер жастанып, су сүйенген қылышына шыдай алмай, ұлы мен келіні де бөлек шығып кетті ғой әне. Әттең деп қиялдайды кейде бұл, Шәймерденнің мыңғырған ақшасын бұған берер болса – мынау ауылды танымастай жайнатып жіберер еді-ау. Жалқарағайға, ауданға барып, аудан басшысынан құрылыш бригадасын сұрап алып жалдар еді. Ондай игілікті шаруаға аудан басшылары да пәлендей қарсы бола қоймас? Бәлкім, ондай жағдайда жаңарып, жасарған ауылдың бір көшесіне Бектұрғанның атын берер ме еді, кім білсін?

Басын айналдырған әдемі ойлардың ұшығына жете алмай, тұні бойы тағы да тынышы кетіп, таң бозындаған көзі ілінді.

\* \* \*

Ертеңінде күн қазық бойы көтерілгенде бір-ақ оянған. Көптен бері үйқының дәмін ұмытып журуші еді, жас баладай маужырап, күн шыққанша шалжиып жатқанына өзі ұялды. Катты үйқыдан көзінің алды көлкілдеп, аласы қанталай қалыпты.

Шай қойып, баптанып отыруға дәті шыдамады. Беті қабыршақтанған сұық сорпаның бір кесесін ішер-ішпестен киіне

бастады. Саймандар салынған талысты қолына ілген бойда, асыға басып моншага тартты.

Қаншалықты сабыр шақырайын десе де дегірі қашып, жүрегінің соғысы жиілеп кетті. Жүрек құрғыр алабұрта берген соң, қолдың да қиуы қашып, қайраты бұрынғыдай болмайды екен. Амалсыз төбе мен еденнің тесігін бітеуді ертеңге қалдырып, бугін моншаның тасын жинамақ болды.

Жұмысқа енді кіріспек еді, балшық езіп, су жылтытатын ыдысты ұмытып кетіпті. Қайтадан сүйретіліп үйден шелек әкеліп, от жағып, су жылтытты. Асықпай кірпіштерді балшықпен сылап өріп, дөңгелекті орнататын мықты тұғыр жасады. Тұғырдың бүйірінен от жағатын тесік қалдырды.

Дөңгелекті даладан дөңгелетіп әкеліп, мықшындаш тұғыр үстіне орнатып жатқан кезде үңірейіп босағадан біреу қараған... Тымағын мильтата киіп, мойыны кеудесіне түсіп, бүкшип тұр. Алғашында оның сұқыптынан қарадай сескеніп қалды. Сөйтсе Сапарәлі екен.

— Сапеке, төрлетіңіз! — деді шаруасынан қол ұзбей.

— Иен моншаны тықырлатып жүрген кім десем... Сен екенсің ғой?

Сапарәлі күбірлеп сөйлеп, ішке өтті. Шықырлатып, сынған сәкіге құйрық басып, қонышынан насыбай шақшасын сұырды.

— Иә, Сапеке, күйлі-қуатты боларсыз? — деді Бектұрған.

— Е... бізден не күй сұрайсың? — деді Сапарәлі күрсініп. — Ошақтың үш бұты деп отырған баяғы.

— Көңіл күйіңіз мәз емес қой... Сырқаттанып жүргеннен саумысыз?

— Бәрі де бар,— деді Сапарәлі, өкшесіне шақшасын тықылдатып, шөкімдей етіп алақанына насыбай салды. — Үйірін сүйылтып алған шірік шөңгे боп қалдық қой бүгінде...

Бектұрған шаруасын тастай беріп, азырайып Сапарәліге бұрылды. Бұл кісінің өзінен бес-алты жас үлкендігі бар-тын, көптен көрмеп еді — еңкіш тартып, жүдеп кетіпті. Кезінде қайратты, еңгезердей мықты адам болатын. Көрілік атан өгізді де шөктіреді дейтіні осы шығар.

«Ертең өлетінін біле тұра бұл шалдың бос сандалып, бүйтіп жүргені несі екен?» деген де ой келді.

– Өзекті жанға бір өлім, Сапеке! – деді алақанындағы темірдің татын тасқа сұртіп жатып. – Бірақ, өледі екеміз деп дүниені тәрк етсек, онда өмір сүріп қажеті қанша?.. Меніңше, сіз бен біз сияқты жасы келген кіслер мынау жарық жалғанда қалатын өзінің ізі жайында ойланғаны жән болар!

Сапекең құптағандай басын изеп, мұрнын шұрылдатып насыбай атты. Басын изегеніне қарағанда, тегі ниетімді үққан шығар деп еді, Сапекеңнің мінезінен ондайды аңғара алмаған. «Өмірдегі із дегенің мынау болады» деп, Бектұрган енді ағасына тәптіштеп түсіндіргісі келді. Бірақ Сапекең бұрышты ала бере бырқ еткізіп сіңбіріп қалып, тәп-тәуір көңілін нілдей бұзды.

– Тұнде тұсіме Сәду кіріп жүр екен, – деді Сапарәлі.

– Сәду дейсіз бе?

– Иә... Бірдеңе дейді маған, онысын үқпаймын... Ренжіп жүр екен деймін... Сөйтіп жатып оянып кеттім.

– Онысы несі екен, а?

– Сені ертіп, бұгін зират басына барып қайтсам ба деп едім...

Келесі жұмада Сәдудің жылы ғой...

Марқұмның жылы болатын күні ауылдың шал-شاуқаны әдетте мәшинеге тиеліп зират басына барып, Құран оқып бет сипап қайтысатын еді. «Сол кезде бармаймыз ба, қайта-қайта елпілдеп не жетті?» деп іштей Бектұрган қынжылып қалды. Оның үстіне шалға еріп кетсе қолға алған мынау шаруасы тоқтап қалатын түрі бар. Ауылдас ағасына аяқ астында нендей сылтау айтарын білмей сасқалақтады.

– Шаруаң бір күнге бола ойсырай қоймас, Беке! – деді Сапекең. – Мен де қол үшін беріп, жәрдем етермін саған... Сопиып зират басына жалғыз барғанды ыңғайсыз көріп тұрмын.

Сапарәлінің «жәрдем етермін» дегеніне Бекең біреу бүйірінен нұқып жібергендей кіржің етті. Менен басқа серік тап-пағандай, бұл шал неғып тықақтай қалды деп, іштей бұлқанталқан болды.

– Барсақ барып қайталық, – деді сосын келісіп. – Ал мон-шаға көмектесем деген ниетіңізге рахмет, Сапеке!.. Оған әуре болмай-ақ қойыңыз, бұл жерде менен асатын шаруа жоқ.

\* \* \*

Бөлімше кеңсесіндегі ертеңгілік жыныда біреу монша жайын ескертіп, араға сөз тастаған.

– Монша болады, жолдастар, – деді бөлімше басқарушысы қарындашымен үстелді тықылдатып. – Қазіргі қарбалас шақта оған өзір қол тимей жатыр... Малды аман-есен төлдетіп, жерді жыртып болайықшы... Сосын монша мәселесіне де кірісерміз. Әзірге Оралғазының моншасына кезектесе тұрындар.

– Бұрынғы үйі жарамайды, моншаны жаңадан салу керек шығар? – деп тағы біреу бір бұрыштан күнк ете тұсті.

– Ол мәселе де директорға ескертілген... Моншаны жаңадан салатын болып келістік. Айтпақшы, осы бастан қазандық цистернаны дайындал қойған жөн еді... Қоймашы қайда? Ә, Әшен, мұндасың ба, әлгі егістіктің басындағы шоқ қарағайдың арасында босаған бір цистерна жатушы еді ғой?

– Ол қазір жоқ... екі жыл болды.

– Жоғы несі? Оны кім алды?

– Мен қайдан білейін?

– «Мен қайдан білейіні» несі? Сенің мұның қызық екен.

– Несі қызық? Ондайдың бәрін қойманың қай бұрышына тыға бермекпін? Ал сыртқа бірдецені қалдырсаң болды, көлденең көк аттының кез келгені қағып кетеді... Кеше Бектұрған шал да арбасымен қойма жаққа келіп, дөңгелектің біреуін ұрлап әкетіпті... Міне, Бәдіжамал көріпті. Сенбесеңіз өзінен сұраныз!

– Ол қандай дөңгелек? – деп бастық Бәдіжамалға бұрылды.

– Анық байқай алмадым... Әйтеуір ұлken бір дөңгелекті арбасына салып әкетіп бара жатты.

Жұрт қозғалақтап, бір-бірімен күбірлесіп кетті.

– Сен қатын да көрместі көріп, жұрттың соңына күл шашуға даяр тұрады екенсің! – деді терезе жақта отырған құдістеу қара кісі гүж етіп.

– Әй, Қалиасқар, тісіңнің қанын жақпай жайына отыр, білдің бе? Қайтеді-ей бұлар?.. Қөргеніме жазықты бола қаппын ба? Маған десе қойманы тұтас көшіріп әкетсін... Садағам! – деді Бәдіжамал бұлқан-талқан ашуланып. Сосын орнынан жұлқына тұрып, есікті сарт жауып кеңседен шыға жөнелді.

Бөлме ішін қарқылдаған күлкі басты.

– Жолдастар, тынышталыңдар! – деді бастық үстелді тықылдатып. – Дегенмен, Қалиасқар, сенікі жөн емес...

– Жөн болмайтын немене... Сол жаман темір соншалықты аюдың өті ме еді?

– Сен өйтіп тілінді безей берме! Аюдың өті болсын, болмасын, біз мемлекет мұлкін талан-таражға салып қойып қарап отыра алмаймыз...

Сол-ақ екен, отырған жұрт бір-бірімен дабырласып сөйлесіп кетті:

– Бектүрған ондайға барады дегенге сенбеймін.

– Кім білсін?

– Еріккен шалдардан ол да шығады.

– Бекең кеше Сәдештің моншасын төңіректеп жүр еді, тегі моншаға деп алған ғой.

– Монша дейсің бе? Онда трактордың ведущиін қымқырған шығар?

– Кімнің тректірінен сызырды екен, ә?

– Запастан қағып кеткен ғой қу шалың.

– Біз ғой, совхоздың тракторына сұрап ала алмай, зар илеп жүргеніміз?

– Айтпақшы, Сәдештің моншасының қасында біраз тақтай үолі жатқан.

– Сен, Әшен, түбінде қатыныңды да ұрлатып, қу тізенді құшақтап қалатын шығарсың?

– Қайдан білейін... Үркердегі ғана ауылдан мұндай алауыздық шығады деп кім ойлаған? Елге сенемін деп жүріп...

– Ал сен елге сенбе!

– Мына жағдайдан кейін, әрине, кімге сенерсің енді?

– Ұят болды-ау! – деді Қалиасқар. – Жетпіске жетіп, жер таянған шағында әңгімелі болғанын қарашы мына шалдың!

– Былай болсын, – деді бастық даусын көтеріп. – Сейсен, сен қасыңа біреуді ертіп, тақтайларды да, дөңгелекті де машинаңа тиеп, Әшенге әкеліп тапсыр. Бектүрған шал бірдене деп көнбей жатса, «бул – бастықтың бүйрығы» дерсің. Ол кісінің өзімен мен кейінірек дұрыстап сөйлесе жатармын. Түсіндің бе?

Кияқ мұртты жас жігіт сөзге келмей басын қайта-қайта шұлғыды да, аяғының ұшымен есікке ұмтылды.

\* \* \*

Екі шал зират басынан тұс қайта оралған еді. Бектүрған жолдан бұрылышп, туралап моншаға тартқан.

Келсе – жау талағандай шаңы бұрқырап, моншаның ойраны шығып жатыр екен. Текшелеп жинап қойған кешегі өзінің тақтайлары да, қарағай бөренелері де үшті-күйлі жоқ, біреу тып-типыл тасып әкетіпті. Әдемілеп үйген тастары быт-шыт шашылған, кірпіштері қопарылып қирап қалыпты. Балшық илеген шелегі де мыжырайып күресінде домалап жатыр. Неге екені белгісіз, шотаяқ трактордың сынық дөңгелегі төңіректен көрінбеді. Жаман темір соншалықты кімге қажет бола қалды екен?

Үйге келіп, асықпай атын жайғады. Қораның сағдарын жинап, қыын тазалау керек еді, оған бейілі болмады. Біртүрлі жүрегісyzдап, шайқойып ішугедезауқы соқпай, табалдырықта отырып кешті батырды. Өңірін ашып, бүйіріндегі бұлтиғанды сипалап қойды. Үлкейіп қалған ба, саусағына қап-қатты болып біліне кетті. Үлкейсе де, кішірейсе де, оған оншалықты мән берген жоқ, тұнжырап әр нәрсені есіне алумен болған. Ертерек дүние салып, шалын соңына тастап кеткен бәйбішесіне ренжіді. Беріci ауданда, арысы Алматы кетіп, біраздан бері хабарласпай жатып алған қыздарын сағынды.

Кеш түсे бақшадан кішкентай Айгүлді ертіп келіні жетті. Ұмырт үйіріле үсті-басы май-май болып ұлы келді. Мектептен соң әдетінше ойын қуып кетті ме, Ербол әлі кешігіп жатты.

Ұлы бірдене айтуға бата алмай, қипақтап жүргенін де сезді. Сезсе де отырған орнынан тыптыр етпеді.

– Әке, – деді ұлы желкесін қасып, күмілжіп. – Әке, мен саған путевка тауып қойдым... Рахман арасанына. Демалып, емделіп қайтсын деп...

– Е, мейлін, – деп, бұл ернін болар-болмас жыбыр еткізді.

«Арасанды қайтейін мен, – деп ойлады артынша, – ол жаққа өздерің-ақ бара берсендерші».

– Әке, – деді ұлы тағы да күмілжіп. – Әке... мұның қалай, а?.. Қартайғанда артыңа сөз ертіп... «Трактордың ведущіі мен бір арба тақтай үрлапты» деп жұрт шулап жүр... Рас па, әке?..

Мойнына сорпа төгілгендей болып, алдында тұрған ұлына қабақ астынан бір қарады да, сырт айналып тұрып кетті.

«Аузынан сөзі түскен осындай ынжық болармысың», — деп кейіді ішінен.

Үйге кірмей, қора жақты жағалап ұзак жүрді. Ойда жокта өзіне жала жабылып, әңгімелі болғанына пәлендей күйінген жоқ. Өншейін бір-ақ сәтте көкірегінің көнтерідей күңгірлеп бос қалғанына қиналған. Кеше ғана көңіл шіркін таусындай арындалп, мынау жалғандағы қоңырқай тірлігіне бір мезгіл болса да өр кіргендей сезініп еді. Сөйтсе, соның бәрі баянсыз, бекер дүние екен... Бектүрған мінер ақ боз ат баяғыда көкжиектен шапқылап өте шыққанға ұқсайды. Иесін шаң қаптырып, әлдеқашан көңілден де, көзден де ғайып болса керек.

Соны мойындағы.

1986 жыл

## ҚОРЫҚ

Бесқарағай қорық болады деген әңгіменің ел ішін кезгеніне жылдан асып еді, ақыры сол шындыққа айналды.

Қыс ызғары сынып, көк мұздың көбесі сөгіле ауыл іргесіне бір қора балташы сау ете қалған. Содан айналасы бір айдың ішінде даңғарадай төрт үйді қалқайты да, келген іздерімен тайып тұрысты.

Арада зымырап тағы да бір ай өте шықты. Қарағайдан қылған қызыл үйлер ауылдың қызыл тіліне ілініп, бір ұшығы Бесқарағайдағы Байсұлтан шалдың да құлағына шалынған еді.

Мұндай жаңалық еліктірмей тұрсын ба, Байекең де әдейілеп ауылға келіп, сөңірейген төрт үйді төрт айналып шықты. Сосын ат басын әдетінше поштаға тіреген. Балаларынан хат-хабар тағы жоқ екен. Амал қанша, қорық туралы пошташы қыз айтқан екі ауыз мәліметті малданды да, жаман шабдарымен аяңдал үйіне қайтты.

— Бұл жер қорық болады екен, — деп ауыл жаңалығын кемпіріне шай үстінде жеткізді.

— Онысы несі тағы? — деді Бижамал таңырқап.

«Қорық» дегені Байсұлтанның өзіне де ұғынықсыздау болатын. Пошташы қыз әлдене деп түсіндіріп еді, бар болғыры, құлағына кірмей-ақ қойғаны. Өзі де жөндеп білмеген соң кемпірінің сұрағын жауапсыз тастап, үнсіз қала берді. Қайталап сұрауға Бижамал да қызықпады, сөйтіп бұл әңгіме тағы біраз уақыт ұмытылған болатын.

\* \* \*

Шуакты жаз молынан дендеп, сауын биенің желіні жаншылып, қытығы басылған кезде, ауыл сыртындағы жаңа үйлерді әлдебір бөтен адамдар қоныстана бастаған.

Артынша олардың біреуі сағағынан үзілген қаракерді жорғалатып, Бесқарағайдағы Байсұлтанның үйіне тұсті. Қаракер мінген бұл жігіт жаңадан үйымдасқан қорықтың жас директоры екен.

Шабдар сәскеде келген директор қызыл іңірде бір-ақ қайткан.

Қорық директоры келіп қайтқаннан кейін-ақ Байсұлтаннан маза кетті. Құндіз күлкісі, тұнде үйқысы бұзылды. Қарадай құты қашып, сары уайымға салына бастады.

Олай болатын жөні де бар еді. Бұрындары «қорық» дегенді әншейін құлақ ұшында ғана қабылдалты, сөйтсе мұнысы шағы көп шаруа болып шықты.

Қысқасы, Байсұлтанға бұл арадан көшу керек еken... Көшкенде де уақыт оздырмай, тез арада кеткені жөн еken!

— Оу, жетпіске жетіп, жер таянған шағымда мен енді көшіп қайда барам? — деп бұл шынымен қиналған.

— Ақсақал, жағдайыңызды түсінеміз, бірақ қорықты жерде заң бойынша адам тұруға болмайды! — деп жас директор да басын шайқап тұрып алды.

— Сізді қорықшы ретінде қызметке алыш, отырған орныңызда қалдырайық десек, жасыңыз келіп қалыпты, сондықтан заңға томпақ келе алмаймыз, — деп амалы жоқ жандай иығын қиқаңдатты.

— Қалқам-ау, бұл жерде баяғыда ақар-шақар ел болған, өгөрки қазір солар өлі отырғанда оларды да көшірер ме едің? — деді бұл.

— Баяғыда болса болған шығар, бірақ дәл қазір ондай ел жоқ кой, — дейді директор ыржып.

Екеуара осы әңгімен мұның ұққаны — ата жұртын аттамай аруақтарды күзетіп, қарайып жалғыз отырған бұл Байсұлтан ел санатында жоқ еken.

Тегі, ауылдағы біреулерден сұрастырып білді ме, жас директор мұның ұрық-шарқына дейін тізбелеп түгендер берген. Екі ұлының соғыста мерт болғанын, жалғыз қызының бір әскер жігітке тұрмысқа шығып, көптен бері Сібірде тұрып жатқанына дейін хабардар еken. «Өскемендеңі кенже ұлдың қолына бармайсыз ба?» — деп сөз тастаған. Қарт кісінің кінәмшіл боларын жастар қайдан білсін, келіннің қолына қарап, кіріптар болудың кілтипаны пәрүейлеріне де кірмейтін секілді. Әншейін «барыңыз» дейді. Айтқанға оңай-ау, алдымен өздері Байсұлтан құсан қартайып көрсе етті...

Откен жазда әдейілеп қалаға барып, кіші ұлдың аужайын барлап еді, бүйткен ұлы бар болсын, көңілі жер болып қайтты. Енді қала жаққа аттап басса — Байсұлтан аты өшсін... Әттең,

анау жаман бокташақты қимайды, көмейі бұлкілдең, соларды сағынады. Арагідік өздері келіп, немерелерін мандайынан иіскетіп тұрса жарап еді-ау. Жетесіздер, соған да өрелері жетпей, жылына алар жалғыз демалыстарында Қырым мен Кавказға қашып жүр. Жаман шалдың көңілінің ендігі куанышы да, жұбанышы да сол немерелері емес пе, соны үқса етти!

Ұлды қойшы, шіріген жұмыртқа болса да кіндігінен кіш еткен өз үрпағыңғой, жамандыққа әсте қиярмысың. Өзінің қызметі де әжептәуір сияқты. Бірақ байғұс бала келіннің алдында осалдау ма деп қалды. Қазіргінің келіндері де қара таяқ қу емес пе, ата-енесінің алдында сыр білдірмей, құрак үшқан болысады. Қойнында қара тас жатса да әсте сездірмейді-ау, сездірмейді. Мұның келіні де сол қонсыдан болып шықты.

Қала дегенді былайғы жұрт жатып кеп жамандап жатушы еді, ондай жамандығын бұл Байсұлтан байқай қоймады.

Аздал тынысты тарылтып, көңілді қамағаны болмаса, турамын деген кісі тұбі үйреніп кететін мекен секілді. Киносына да, театрына да барды, араламаған жері жоқ, ұл-келіннің пейіліне дән риза еді. Әттең, қайтар кездегі келіннің сөзі құлағына тұрпідей тигені болмаса. Тұрпідей ғана тиіп қойған жоқ, іш-құрсағын қопарып, санасын төңкеріп кеткен. Құдай ақы, естиін деп естіген жоқ... Немерелерін ойнатып, алдыңғы үйде бейқам отырған. Құрғыры, сол кезде оқыс құлағына шалынды емес пе?..

...Ұлы мен келіні төргі үйде сыбыр-құбір сөйлесіп жүрген. Сөз арасында: «Атам қашан қайтады? Тездетіп қайтса еken өзі, үй сасып барады», – деді келіні қылымси кейіп.

Ұлы тарапынан бұл сөзге қынқ еткен жауап болмады.

Дәл осы тұста Байсұлтан сүтке тиген мысықтай бүрісіп, дәрменсіздігін сезініп қалды. Ұлынан демеу іздең, алаңдап еді, қорғаусыз қала берді. Онысы үшін оған титтей де ренжіген жоқ, «қала тірлігі әбден жасытқан-ау өзін» деп бір түйді де, жолға жиналды. Келіні әдетінше құрак үшып: «Келіп тұрыңыз, ата», – деп көзіне сығымдаң жас алып, қолтығынан сүйеп автобусқа отырғызып жіберді.

Ортанышы баласы тау-кен инженері еді, әлдебір шет жаққа үш жылға жұмысқа кеткен. Бала-шағасы өзімен бірге көрінеді.

Кеткелі бері тілдей жалғыз хат келгені бар, басқасынан әзір бейхабар. Соған қарағанда осылардың қай-қайсысы да аман-саулықтарын айтуды да ауырсынады-ау деген ой келеді.

Шүкіршілік, көштен қалмасыншы деп ұл-қызының бетінен қаққан жоқ, оқытты, жеткізді, жолдарынан қалдырмай қалаға жіберді. Осылым бекер ме деп те ойлайды кейде. Олай дейтіні, мінеки, бәрін тарыдай шашып алыш, сопиып жалғыз қалды... Қалаға барғанның тастай батып, судай сініп кететіндеріне таңы бар. Бұшіркіндер бұгінде туған жерін, ата жұртын менсінбеуді шығарыпты, түзден тоят іздейтін болыпты. Адамды қарадай қынжылтатын да осы мінездері ғой!

«Шығасыға иесі басшы» деген, балаларының қалаға кетуіне бір себептен Байсұлтан өзін де кінәлі санайтын... Түйенің табанытиер бір қырырда қыңырайып жатып алды. Бесқарағайлықтар мектепті жағалап, дүкенді сағалап, «орталық» деп, Шұбарағаш пен Жалқарағайға жарыла көшіп жатқанда, мұның бүйрегі де бұлк еткен жоқ. Балаларын интернатқа тапсырды да, қайқайып қайтадан тауға тартты. Екі қолға бір жұмыс Бесқарағайдан да табылып, леспромхозға кіріп алды. «Ел іргесіне жақында» деген ақыл сөзді шаншудай шам көрді. Сонысы күпіршілік болды ма деп те ойлайды қазір. Жатбауыр бол интернатта өскен бала үйде тұрушы ма еді... Ендігісі, міне, қарасы суалып қаңғырып қалғандай күйде жүр. Ілгері басқанның иті оттайды, омалып Бесқарағайды күзеткеннен ұтқаны не сонда? Әне, кеше ғана ауылға кеткен Қалиасқар құрдасының бұгінде үзенгі-бауы сегіз қабат, шекірейіп шекесінен қарап отыр.

Байсұлтанның бәйбішесі кіші баласы мектеп бітірген жылы дүние салған. Кіші ұлға риза, әкесін қауқитып иен үйге жалғыз тастамай, совхоздың бәкін-шүкін қара шаруасын күйттеп, қарайып бір жыл қасында жүрді. Қызы мен ортаншы ұлы қайтқан құстай жылына бір келгендері болмаса, ол кезде сайда саны, құмда ізі жоқ, түзде тентіреп жүрген-ді. Кіші ұлы да түбі бұл Бесқарағайға байласаң тоқтамасын, әншайін амалсыздың күнінен торға түскен торғайдай болып жүргенін Байсұлтан іштей сезетін. Жалғыздықтан жасқанса да, баласын бүйтіп тізгіндегісі келмеді. Бас қурауы әлі ерте екен, ендеше қатарынан қалмай, қалаға оқуға барғаны жөн деп шешті. Бәйбішесінің жылын өткізгеннен кейін, апайы мен ағасының

көзінше кіші үлға ақ батасын беріп, қалтасына қаражатын салып ұзын жолға қоя берді.

Сосынғысы ағайынға сөз айттырып жүріп, Бижамал атты өзіндей бір мұндықты кезіктірген. Ағынан жарылса, «сынық жетім шал» деген былайғы қаңқу сөзден именді. Әйтпесе бұл Байсұлтан шырғасы берік боп, шыдамсыздықтан үйленген жоқ еді.

\* \* \*

Корық директоры содан кейін де Бесқарағайға бір рет келіп қайтқан. Байсұлтан бұл жолы өр нәрсені сылтау етіп, төрінен көрі жуық екенін, ендігі ойы – ата-баба зиратында қалғысы келетінін айтып қасарысып көрді. Ескі дәстүр, ежелгі салтқа дейін суыртпақтап көлденең тартты. Директор да көзі қарақты оқыған жас қой, бәріне де дәлел тауып, сынаптай сырғып, сөз құйрығын ұстатпай-ақ қойған.

«Жас бала емес пе, ыңғайын тауып, мұртын майлап жіберсем қайтеді», – деп те мұны сайтан тұртты. Бірақ бұл ниетінен лезде айнып салды: есіл сөз мірге өтпей жатқанда, бүгінгі жас былайғы ымды қайдан ұқсын деп ойлады.

Сабыр суын қауғалап, әліптің артын бағып жатып алуға директор дес бермесі және белгілі еді. Бұл ойлап тапқан айла-шарғының ендігі қалғаны – беттің арын белбеуге түйіп, салып ұрып аудан бастығына бару болатын. Рас, Байсұлтан бұл жасына дейін біреуге сөз сатып, сөз бұлдатып көрмеген жан еді, амалың таусылса, ондай кіріптарлыққа да баруға мәжбүр болады екенсің... Соғыс ардагері, екі бірдей арысын жауға берді, бөтеннің ала жібін аттамай, сонына сөз ергізбей адалынан еңбек етті. Бұның бәрін тізбелеп, қаламы бас білетін біреуге қағазға түсіртіп алса – үлкен бастықтың да жүрегі мұз емес қой, жібитін шығар!? Олар да көкірегі ояу, көзі ашық азаматтар ғой, ақ сақалын сыйласа да бір кесімді пікірін айта жатар... Сосынғысы Құдайдың өзі құлым десе, пайғамбар үмбетім демесіне шамасы қайсы?!

Осы байламға тоқтаған Байсұлтан ертесінде жүгенді алғып, жаман шабдарын іздеуге шығып еді, күннің жұма екені есіне түсіп, сүйретіліп қайтып оралды. Жүгенді орнына ілді де, үйге

қайыра соқпай, қолын артына ұстаған күйі басы ауған жаққа тәйтікеп жүріп кетті.

Әлдебір жотаның жалына жете бір-ак демалған. Тізе бүгіп, күлтеленген жылтыр күреңсенің үстіне жантая жығылды. Қонышынан шақшасын алғып, бипаздаң насыбай атты. Көңілі салыңқы еді, қара тастай басқан наз-нала еңсесін езіп жибергендей. Өзі де байқап жүр, соңғы кезде күрт әлсіреп, сүйегі сырқырап, белі сыздап дегендей қайдағы жок пәлекеттер бой көтеріп жатқан сияқты. Жүрек жазған да қажыды білем, оның да шанышқылауы жиілегені байқалады.

...Тұстік қанаттағы орман ішінен ши қалпақ, шолақ көйлекті жирен сақал орыс жігіті көрінді. Әр шөптің басын бір шалып, көк шалғынды шырлап, қағазға бірденені тұрткілеп жазып жүр.

Соқталдай азаматтың ерсілеу қарекетіне таңырқап, Байсұлтан тышыр етпей орнында жата берді. Анау болса шөпке шұқшиып, шыр айналып жүріп, алшысынан серайғен мұның тұра үстінен шыққан.

– Сіз неғып жатырсыз? – деді орыспалап. Тұтыға сөйледі, үріккен қойдай үдірейе қарады.

– Демалып жатырмын, – деп Байсұлтан саусағымен мұртын сылап, есінеп қойды.

– Бұл қорықты жер ғой...

– Болса қайтейін?..

Жирен сақал көзілдірігін шешіп, көзін сыйырайтып, бірер аттап жақындай тұсті.

– Сіз браконьер емессіз бе?

Жирен сақалдың осыншалық күдігі Байсұлтанның шамына тиейін деді:

– Сен, жігітім, ондай оспақ сезінді қой, тегінде! – деп сүйегін сықырлатып орнынан турып кетті.

– Браконьер емес екеніңді көріп тұрмын, – деді жирен сақал көзілдірігін қайта киіп.– Сіз қорық территориясына бөтен кісінің кіруіне қатаң тыйым салынғанын естіген шығарсыз? Ендеше ақшалай айып тартқыныз келмесе бұл арадан дереу тайып турыныз!

– Ау, не деп тұрсың? Мен бұл жерге бөтен адам емеспін, мен осы жерде туғам, өмір сүрдім, еңбек еттім... Ата-бабам бәрі

осы аранікі, осы жерде жатыр... Ұқтың ба?! – деді Байсұлтан қапаланып.

«Осының есі дұрыс па?» дегендей, жирен сақал көзілдірігін көтеріп, Байсұлтанды бастан-аяқ шолып өтті.

– Сіз ғылыми қызметкер де, қорықшы да емессіз, – деді сосын даусын өктем шығарып. – Ендеше сіз – бөтен адамсыз. Мен сізді ендігөрі бұл тәніректен қайтып көрмейтін болайын!

Жирен сақал осыны айтты да, «сөзім бітті» дегендей теріс айналып, шұқшиып шебін теріп өз жөнімен кете барды. Нендей уәж айтарын білмей жер болып жүдеп Байсұлтан қала берді.

\* \* \*

Сол күні ол қатты сырқаттанып, төсек тартып жатып қалды. Содан бесінші күн дегенде әзер басын көтеріп, қалқиып бой көрсеткен болды.

– Ауыл жақты шолулап қайтайын, балалардан хат-хабар бар шығар, – деп, әйеліне беті бері қарағанын сездірді.

Жаман шабдарын Байсұлтан сирек мінетін. Содан да болар, өсіреле осы жазда кер табаны құйымшағынан майы шыға жылтырап, иесін жатырқап, осқырынуды шығарып жүр. Қазір де құйрығын сабалап, сырт айналып жүген салдырмай шалды біраз әурелеп алды. Атының осындай шәлкес мінезі Байсұлтанға кәдімгідей жағатын: «жалғызырайды ғой жазған, иесіне еркелегені де» деп сүйсінетін іштей. Кезінде Байсұлтанның да бірер жылқысы бар еді, бүгін мал дейтін мал да қалған жоқ. Балаларын оқытты, қызын ұзатты, екі ұлын үйлендірді, бәйбішесінің төрт міндетін атқарды. Тізе берсе, осының бәрі қып-қызыл шығын екен. Қазір корада сілекей сүртерлік қана бірер қарайған қалды.

Ауылға кірген бойда Байсұлтан әдетінше төтелеп поштаға бет бұрды. Бұған деген хат-хабар тағы жоқ болған соң, поштапы қызға екі ұлы мен Сібірдегі қызының әдрісі жазылған тілдей паракты ұсынды. Былайғы сөзге балаларының елең етпесін сезді де: «Әкелерің әл үстінде жатыр, тез жетіңдер!» деп телеграмма соқтырды.

Әлдебір үлкен шаруаны тындырып тастағандай поштадан жадырап шықты. Табалдырық үстінде аз-кем аялдаپ, көзінің суын сүртіп, жан-жағын шолулады. Тәнірек құлаққа үрган

танадай екен: құдды бір бұл ауылда тірі пенде жоқ сияқты. Әншейінде ат құйрығына ауыз салатын жабағы жұн жаман иттерге шейін аптаптан ығып, көлеңкені сағалап кетсе керек. Жаз шықса болды, бұл Шұбарағаштың тайлыш-таяғына дейін шөпте жүретіні Байсұлтанға бұрыннан мәлім. Әйтсе де көше бойынан қыбыр еткен қарайғанның болмауы көнілді құлазытқандай екен.

Тау тұмсығын жиектей созылған мына бір шеткі көшениң көбісі анау Бесқарағайдан келіп қоныстанғандар еді. Бүгінде осы көше бойында Байсұлтан үшін бел жазып, сыр шертер замандастар қалмады. Бәрі де ілгерінді-кейінді сетінеп, бір-бір төмпешік боп қазір анау қыр басында жатыр. Қалқып қара жер басып жүрген бесқарағайлық ұлкендерден Қалиасқар екеуі ғана... «Көнілден көніл су ішер» деген, адам үлғайған сайын тетелес досқа зәру болады екен.

Тырақы шалды шөпшілер қайтсін, борсып үйінде жатқан шығар деген оймен, Байсұлтан атына мініп, тастақ жолмен тағасын шақылдатып Қалиасқардікіне қарай тартты.

Қаншайым кемпір есік алдындағы көлеңкеде сығырайып үршық иіріп отыр екен. Аман-саулықтан соң, шалының шыбыннан қашып, үйде жатқанын айтты.

Қалиасқар төр алдындағы сырмак үстінде бір уыс болып бүрісіп қалыпты. Қурдасын көргенде Байсұлтанның арқасы қозып, есіктен айқайтай кірді:

– Әй, Қалиасқар, мұрныңа жылдың іісі келді ме, тал түстегі жатысың не, бәтіреке?

Қалиасқар орнынан үйелеп әзер тұрып, бүгежектеп келіп қолын алды.

Бұлар сыртқа шықкан кезде, Қаншайым үршығын тастап, күйбендең жерошақ басын жағалап кетіпті. Қалиасқар беті-қолын дымдалап, сұртінді де, аула сыртында басын шұлғып шыбындалап тұрған Байсұлтанның атына қарай жүрді.

– Байсеке, мына жаманың жұнттай семіріп алышты ғой? Арам ет болып журмесе жаарар еді... Жақсылыққа көрінгей, тіфу!

– Суқаныңды үйіріп неден шошып тұрсың? Осы тобан аяқ қарабайрымды қайсыбір арғымағыңа айырбастамаймын тегінде.

– Өне, – деді Қалиасқар басын шайқап, – бұл жұрт қара жүнді қарғасын да мақтайды-еї?!

– Мақтамай қайтейін, ат құтаймас қу тақым біреулер тілдеп жатса...

– Па, шіркін, пырақтың жел жетпесін ертегендей бөсуін мұның!

Қалиасқар атты жетелеп, қораға апарып байлады. Байсұлтан көстеңдей басып қалқаға төселген киіз үстіне қонжия кетті. Жаны жадырап, жүргегі жылып салғандай.

Көшениң шаңын аспанға көтеріп, құйрығын шашып тырағайлап бір ала сиыр өте шықты. «Ойпырым-ай, мына ыстыққа басу бар ма? Құс қанаты күйгендей ғой, бәтіреке. Тым құрыса көлеңкелік қысыр бұлттың да жоғын қарашы!» – деп, Байсұлтан көкке көз салып қойды.

– Қазан аузы жоғары деген, Байсекендік қарайғаның қалған шығар? – деді тізе түйістіре жайғасып жатқан Қалиасқар кемпіріне дауыстал.

– Бейілдеріце рахмет, бәтіреке. Ағарғаның болса, қара азығың да жетер, Қаншайым. Асығыстау едім, – деп Байсұлтан шын ризашылығын білдірді.

Дастархан жайылғанша екі шал биылғы жаз туралы кеүкей сөз қозғап, асықпай насыбай атысты. Нәсіп қылса, бұл өнір бая қуған малшы байитын, тіпті қора түбіндегі ақсақ тоқтыға дейін қысыр қалмас берекелі жер екенін ұзақ әңгіме етісті.

Әлде саранданғаны ма, әлде қыстан қалған жұқанасы осы ма, Қаншайым құстандайланған бірер тілім қазыны дөңгелетіп ортаға өкелді де, Байсұлтанның алдына қарай ысырып қойды.

– Тақым салмағалы біраз болып еді, қара етім жыртылып қапты, – деді Байсұлтан қозгалактап.

– Иә, Байсеке, – деп Қалиасқар да құрдасын түсінгендей басын шұлғыды. – Екеуміз асарымызды асап, жасарымызды жасадық қой... Енді бұл тірліктің бізсіз де таңы атып, тауығы шақыра жатар.

Сораптап шай ұрттап отырған Қалиасқар күнкілдеп тағы да сөз қозғады.

– Жазымышқа қарсы тұратын қауқар қайсы?.. Кәрі қойдың жасындағы ғұмыр қалды, «қашан» деп күн санап, біз де отырмыз

мінеки. Дегенмен, Байсұлтан, сен күрт шөгіп кетіпсің... Балаларыңды бір шақыртып алсаң нетті?

– Жер құлағы жетеу емес пе, Бесқарағайдың қорық боларын олар да естіген шығар. Хабарсыз жатқандары қайткені жете-сіздердің?

– Ауылға сирек келетін болдың, келсең де бұрылып соқпай кетесің, – деді Қаншайым.

– Үйірсек аттай емпендей берсең – ағайынға қадірің болмайды, – деп, Байсұлтан бір тілім қазыны таңдайына басты.

– Қадірлі болып жүргенің сол ма, Бесқарағайдан ит қосып қуалап жатыр деседі, – деп Қалиасқар құрдасына қабак астынан көз салды.

– Естісендер, сол – рас сөз.

– Рас болса, қандай байламға келдің?

Байсұлтан үндеген жоқ.

– Әлгі екі ұлыңның бірі ауылда болса ғой баяғыда көрші болар едік, – деді Қаншайым.

– Тізе жылтыам деп желігіп жас қатынға үйленді, өгей шеше әперіп, ұлын ойға, қызын қырға бездіріп жіберді. Бар бәле осы қарағымның өзінен, – деді Қалиасқар.

– Қылдан қиқым іздемей тыныш отыр! – деп Қаншайым шалының өзілін жақтырмай қалды.

Байсұлтан да құрдасының сөзін ауыр қабылдаған:

– Бәтіреке, тілінді босқа беземей, осындайда білетін ақылды айтыш, ара қалыс төреші болмайсың ба?

– Бәсе деймін, сөйтпеймісің?

Қалиасқар кесесін дастархан шетіне ысырып тастап, үнірейіп Байсұлтанға бұрылды:

– Байсеке, көлденең әңгімені, шүкіршілік, біз де естіп жақтырмыз. Қоңіліңе келсе де айтайын, сенің тірлігің көжеге өкпелеген баланікі сияқты ма деймін. Алжиын дегенсің-аутегі, басыңа бақсы ойнағандай болғаның не соншалық? Со бір қара жұртқа жабысып қалғаныңа таңым бар. Біреу кіндігінен байланап кеткен жоқ қой сені...

– Қайтейін енді... Қәрілік келіп, табанның бүрі кете бастаған соң, ата жұрттың топырағы бүйірса деп тілеп едім... Тегі, Құдай тұзымды көтергісі келмеді білем.

– Батар күннің атар таңы бар, Байсеке. Бесқарағайдан көшеді екем деп босқа таусылма. Біз де бір қордалы ауылмыз, қоралы жұрттыз, далада қалмассың тегі.

– Бәсе деймін-ау! – деп Қаншайым шалының сөзін қостап қойды.

Қалиасқар сөзін жалғай тұсті:

– Біз де сол Бесқарағайдан келгенбіз, оны өзің де жақсы білесің. Шүкіршілік, аштан өліп, көштен қалғамыз жоқ... Қайта жаманымыз жақсарып, қысқамыз ұзарды, боғымыздан боталы түйе жасап байып алдық мінеки.

– Сөзіңнің жөні бар, – деді Байсұлтан мойындап.

– Эй, кемпір, шайың кесіліп қапты ғой, қызартарынан салсаңшы былай! – деп Қалиасқар Байсұлтанның кесесіне қол жалғады.

– Сөзіңнің жөні бар, бәтіреке, – деді Байсұлтан тағы да басын шүлғып. – Бірақ, ата жүртты қызып кету оңай емес екен... Жарықтық Бесқарағай ежелден қабырғалы қалың ел еді. Құдайдың құзырына түскендей қаңырап иесіз қалғанына жаның қиналады. Өзіңе айтайын дегенім – «Адам құрсағынан арымайды, құлағынан ариды» дейтіні, тегі, рас екен. Осы бір қысыр әңгіме мешелге жөтел бол қосылып, мені өбден діңкелетіп бітті. Өзім де сезіп журмін, осы жаздан шығушықпасым екіталай сияқты... әйтпесе басым бапанға кетсе де көнбес едім.

Қаншайым шайын демдеп, қайыра кесе қыдыртты.

– Е, е... Байекесі-ай, ендігісі екеуміз де күлге шөккен көрі бурамыз ғой, – деді Қалиасқар жеңіл күрсініп.

– Оны мойындамасқа шамаң қайсы? – деді Байсұлтан.

– Апрыым-ай, өмір дегенің атқан оқтай өте шығыпты-ау! – деп Қалиасқар таңданғандай басын шайқады. – Баяғыда ойлаушы едім, көңілден ел көшкен соң-ақ, тегі, бұл тірліктің базары тарқайтын шығар деп. Бекер екен... Қеудеде шыбын жан барда бір күндік жарықты күйттеп, қауқызып отыра береді екенсің.

– Байсеке, шайды қаныпп ішсөңші. Ыстық шай қан пісіреді. – Қаншайым Байсұлтанның алдындағы бос кесеге қол созды.

– Шайыңа баға берсем – байтал биенің бал қымызы дер едім, – деді Байсұлтан өзілдеп.

– О не дегеніңіз, Байсеке! – Қаншайым шайдың қызылын қоюлата құйды.

– Па, шіркін! – деді Қалиасқар мырс етіп.– Мына кемпірге желік бітпесе неғылсын. Айғыр қараған биедей бұлқынуын қарай гөр енді қартайғанда.

– Байғұс-ау, тантымай тыныш отырсаң етті, – деп Қаншайым шалына шап ете қалды. – Сені адам етіп, ел қатарына қосқан мен емеспін бе? Әйтпесе кім едің сен?.. Осы Байсекенде салбурынға шыққанда қызылшы бол еруге әзер жараган ынжық емес пе ең?!

– Әне, қазіргінің кемпірі қапталдан шауып килікпесе бастары ауырады.

– Өзің ғой... албаты тиісіп отырған.

– Менікі әншейін де... Есекке үкі таққандай Байсұлтанды мактағаныңа күлкім келеді.

– Мактасам, орнымен мактап отырмын. Бозбаласында оғы жаза кетпеген жұпар кіндік еді ғой бұл кісі. Әттең, мына біз жаққа назарды салмай-ақ кетті! Әйтпесе сендей қазымыр қыршаңқыны қайтер едім...

Қаншайымның сөзіне екеуі де кеңкілден күліп алысты.

– Ендігісі, міне, екеуміз де қазан үрган құрақтай семіп қалдық, – деді Байсұлтан.

«Салбурынды айтып, қай-қайдағыны еске салуын қарашы, – деп ойлады соңынан. – Қыз кезінде өжет еді, қазір де шалын беттетпей отырғанын көрдің бе? Рас айтады, осы Қалиасқар жас кезінде қолынан қой жығу келмейтін ынжық болатын, еті тіріліп ел болғаны кейін ғой».

– Шақшанды бері тасташы? – деп Қалиасқар жылжыңқырап отырды. Құрдасының аяқ астынан сопы бола қалғанына Байсұлтан мырс етіп күліп жіберді.

– Бәтіреке, кемпірің сені түкке жарамсыз етіп таstadtы-ау деймін, үнің басқа жақтан шыққандай ғой?

– Е, бұл кемпірдің сөзі кім, өзі кім? Естімей жүрген қырқылжың емес қой.

– Жақсы болсын, жаман болсын, сол дәуреннің бәрі де Бесқарағайда етіпті-ау! – деді Байсұлтан шақшасын Қалиасқарға ұсынып жатып.

Сөз ашып, сыр сарқып әңгімелескеніне Байсұлтанның көнілі жадырап, бетіне бояу тепті. Насыбай атып отырып, алыстағы қызын есіне алды. Айтуларына қарағанда, Сібір дегені жердің қыыр шеті сияқты, атам қазақтың әлгі «ит жеккен» дейтіні тура сол болса керек тегі. Бұл заманның темір қанат көлігіне тоқтау бар ма, «телеграмм» тисе арысы үш күнде сарт ете қалады. Әйтсе де соншалықты алысқа кеткендері несі екен? Тұған жерін сағынбай қалай ғана шыдайды осылар? Әлде бұл немелер тек қана күлкі көйлеп, түйсігі басқаша болып өсті ме? Әскер ғой, қүйеу баланы бері жібермейтін тәрізді. Өзге бір кезбе қүйеу болса – сол «ит жеккеніне» тастатып, талақ қағазымен қоса қызын шақыртып алар еді...

Мұнысы тал қармаған жанның дәрменсіз қоқан-лоқысы, өзіне айтқан жұбатуы екенін өзі де іштей сезетін. Іргедегі Өскеменнен жаман ұлын жалынып жылына бір рет келтіре алмай отырғанда, тескен таудың ар жағындағы Сібірге Байсұлтанның қай зары жетсін.

– Балаларымды шақырттым, – деді Байсұлтан алақанындағы насыбайдың қалдығын қағып жатып. Мұны естігенде Қаншайымның қолындағы кесесі шайқалып кетті.

– Оның жөн болған екен, – деді Қалиасқар самарқауғана. – Соқырдың тілегені екі көзі, қартайған жанға тыныштықтан басқа не керек... Ендігісін солар шешсін... Әкелерін тентіретпей, жиып алсын былай!

Қалиасқардың сөзі көніліне тағы да қара бұлт ұялattы. «Тағдыр құрғырға дауа жоқ екен ғой, – деп ойлады ішінен. – Иен таудың арасында нейбетке жүрсе де нысанана шаншылғанын қарашы! Сары сақал, сал бөксе болған шағында енді қайда барып табан тірейді, қай келіннің қолына қарап кіріптар болмақ? Қу сүйегі саудырап қай қыырда қалар екен!»

Байсұлтан ас қайырып, бетін сипады да, сүйретіліп орнынан тұрып кетті.

Жүрегі шаншып, бұл жолы шабдарына созаландап өзөр мінді.

\*\*\*

Алысы бар, жақыны бар, әр қияннан әкесіне асыққан үшеу аудан орталығында шұрқырасып табысып, Шұбарағаш аулына күн ара қатынайтын жалғыз автобусқа бірге мінген.

Автобус ішінде қадау-қадау үрпіскен осы үшеуден басқа жолаушы болмай шықты.

– Өзгелері қайда? – деп оңқай асықтай домаланған қой мөйінды өскемендік жігіт шоферға сұрақ қойды.

– Кімді айтасыз?

– Жолаушылар қайда деймін?..

– Жолаушылар шөп шауып жатыр...

Осымен әңгіме тынған. Ұзақ жыл көріспесе де, көңілдері қабарып, жүдеп-жадап келе жатқан ағайынды үшеу үзак жолда жарылып сөйлесе де алмады.

Автобус ауданнан ертелетіп шыққанымен, бұралаңы көп тау жолында миды шайқап, ыңыранып күшенип үзакты күн жүріп алды. Содан асыққан ауылдарына өбден сарсылтып, кіші бе-сінде әзер жеткен.

– Боже мой! Жердің тубі екен ғой! – деді өкшесіне қаранды таспа бел қара торы әйел автобустан түсіп жатып.

– Біз барап жер әлі алда, – деп шетелден келген қылаң мұртты, қырма сақал үзын кісі бәтеңкесін асықпай көк шөпке сұртті.

– Әбден масқарамыз шықты-ау!.. Тым болмаса тілін тауып, мына автобусты жалдасандар етті, бізді зәйімкеге дейін апарып салсын!

– Бесқарағайға машина барғанын қашан естіп едің?

– Ужас какой...

– Бармайды, жаяу тартамыз.

– Да ну к черту... Сендердің бүйткен тірліктерің бар болсын!

Сүмбідей сәнді киінген сібірлік әйел амалы құрып, сылқ етіп шабаданның үстіне отыра кетті.

Ала көз қызыл сиырын тырқыратып тоғайға қуып салып, енді жайланип үйге қайтып келе жетқан Қалиасқар автобустың қасында ошарылған үшеуге көзі түсті. «Дәу де болса солар шығар» деп іші бұлқ ете қалған. Аяңдал әлгі үшеуге жеткенше көк автобус көк түтінін бұрқ еткізіп, қалбағай ойнап келген жағына кете барды.

Келгендердің үшеуі де Қалиасқарды анадайдан тани кетті. Еркектер ақсақалдың алдынан шығып, қол беріп амандасты.

– Әкелерің өлетін емес, – деді шал жолаушылардың күпті көңілін басайын деген ниетпен. – Осыдан төрт күн бұрын келіп кеткен. Аман-сау, насыбайын атып шапқылап жур.

— Бесқарағайға жетудің ретін таппай тұрмыз, ата? — деді өс-кемендік жігіт.

— Қазір ол жаққа бөтен адамды аттап бастырмайды. Қорық жасап тастаған... Анау үйге барып рұқсат қағаз алындар. Әйтпесе пәлеге үрынасындар!

Қалиасқар ауыл сыртындағы оқшау үйді нұскады.

Жолаушылар шалмен қош айтысты да, шабадандарын көтеріп шұбатылып қорық кеңсесіне тартты.

Қырсыққанда, қорық директоры орнында жоқ болып шықты.

Өзін «директордың ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасарымын» деп таныстырған сары сақал арық жігіт рұқсат қағазды бере алмайтынын ескертті. Бұлар «анау жақта орман ішінде өл үстінде әкелері жатқанын» түсіндіріп, телеграмманы көрсетіп дәлел айтып жалынса да, сары сақал беттетшій қойды. «Директордың келісімінсіз ондай қылмысқа бара алмайтынын» айтып, сазарып отырып алды. Амал жоқ, кеше таңертең ауданға кеткен директорды күтүге мәжбүр болысты.

Әне келеді, міне келедімен директорды күте-күте қас қарайш, түн болған. Қонақүй жоқ, сары сақалдың рұқсатымен үшеуі қорық кеңсесінде қалғып-шүлғып таңды атырды.

Таңертең келетін шығар деп күткен директор жолаушыларды тағы жарты күн сарғайтып, машинасын шаңға орап, түс ауа жеткен еді.

Жалғыз жапырақ рұқсат қағаз қолдарына аман-есен тиғен соң қаладан келген үшеу қаздай тізіліп, Бесқарағайға қарай бастаған таспа сүрлеуге түскен.

Жолдың қарағайлы орманға кірер тұсына сырық теректен шлагбаум құрып тастапты. Шлагбаумның қасындағы табақтай сұр тақтадағы «Стой! Территория заповедника!» деген жазу сонарайдан жарқырап қарсы алды.

Үшеуі жаяулатып шлагбаумге жеткен кезде, табан жолдың арғы үшінан басына қара салған жалғыз өйел көрінді.

Бұл кеше түнде науқас үстінде көз жұмған шалын оң жаққа жатқызып, ауылға хабар естіртуге келе жатқан Бижамал шешей болатын.

1985 жыл

## ОРМАН ӨРТЕГЕН ОРМАНШЫ

Көбей он жыл бірге оқыған, тай-құлындаі тебісіп бірге өс-кен кластасы еді. Балалықтың қызығы мен шыжығын үріп ішіп, шайқап төгіскең үзенгі досы еді.

Бүгінде соның бәрі-бәрі көрген түстей келмеске кеткен.

Әрине, кіммен кім бірге оқымай жатыр, кіммен кім дос болмаған? Ондай-ондайды тізер болсан, осы ауылда дос дегенің қойдай өріп жүр.

Бірақ Айтқали үшін Көбейдің орны бөлек болатын.

Балалық-ай десенші, қызығы таусылмластай, қызуы басыл-мластай-ақ көрінуші еді-ау! Сөйтсе, мынау дүниеде бәрі де баянсыз, өткінші екен ғой... Нокталы ботадай жетелеп, өмір өз ағысымен әркімді әр жакқа ағызып алып жөнелді. Өмір өзгерді, өмірмен бірге мінез де өзгерді, баяғы балалық бал сезім адыра қалды. Мінеки, он жылдың жүзі болды, «Көбей» десе мандайы тырысып, желкесі қырысатын халге жетті. Соның бәріне Айтқали өзін емес, Көбейді кінәлі санайды. Осыдан бірер жыл бұрын ауылдан мұның безіп кетуіне де себеп болған сол Көбей... Қайда баарын білмей қатты қиналып, ақыры қашып барып Захар шалдың кордонын паналяған.

\* \* \*

Кордонға келіп, орманшы болып орналасқанына Айтқали қуанбаса өкінген жоқ. Қалай болғанда да осы шешімі жөн болғанға үқсайды. Онсыз да ала көбең шаруаны күйттеген ағайыннан алып алты, жеп жеті болмасын көрегендікпен сезгендей екен. Шүкіршілік, қазіргі жағдайы жаман емес, ағайынмен алыстан сыйласып, «ортак өгізден оңаша бұзауым» деп жүріп жатқан жайы бар. Байқағаны, орманшылық он жамбасына келетін тәп-тәуір кәсіп екен. Аламанмен шатағың жоқ, өзінмен өзіңсің. Арты шаңсыз, алды даусыз нейбетке қарекет. Оның үстіне, осы ауылда қыс кезінде екінің біріне онтайлы шаруа да табыла бермейді. Эйелдерді былай қойғанда, кейбір азаматтардың да қол қусырып, сенделіп қалатын кездері жиі. Еріккен еркектер өздерін қоярға жер таппай, жинальп алып карта соғады, ішімдікке бас қояды, сөйтіп малталарын езіп жүргендері. Әрі қыс кезіндегі табыс та мардымсыз,

малың болмаса ондай табыспен бала-шағанды асыраудың өзі қын. Айтқали соның берін көріп те, біліп те жүр. Олармен салыстырғанда кесімді айлығы бар орманшының жағдайы көш ілгері екен... «Малдының беті жарық» дегендей, қыс ызғар, жаз шаң тимейтін қойнаудағы кордонда малды қанша ұстасаң да еркінде. Оны да қойшы, осы кордонға көшіп келгелі бері ауылдағы құрдастарының қыршанқы қалжынынан, күншіл. күнкілінен құлағы тыншиын деді. Айтқали әсіресе сонысына риза.

Баяғыда осы Көбей тас талауы сыртында, аңқылдақ жігіт сияқты еді. Бірак, кейінгі жылдары бұзылды, тілін бәзеп, мылжыңдаң көп сөйлейтін болып жүр. Жайына сөйлесе бір жөн ғой, тиісе сөйлейді, шымшып сөйлейді. Тиіскенде тілінің уыты бар, шоқ тигендей қарып алады. Бұл бәтшағардың мінезі бүйтіп қашан өзгерген, қалайша мақтанкөйлеп, сөзуар бол кетті? Айтқали соған таңданады.

Бәленің басы «сен неге қатын алмайсынан» басталып жүр. Қайта-қайта сүйкеніп, тілмен қажап, жуандық көрсететіндерін қайтерсін!.. Баяғыда: «Отызға дейін бір алармын», – деп жалтара жауап беріп, сөзбүйдамен құтылып кететін. Қазір Айтқали өзі айтқан өлгі «отызының» бел ортасын аралап қалған жайы бар. Енді қандай сылтау тапшак?

Қыр айналып қаншалықты қашып жүрсе де, тұнеу күні Көбеймен ойда-жоқта кездесіп қалған.

– Шыныңды айтшы, осы сенде үйленетін ой бар ма, жоқ па? – деді Көбей сол баяғы «әніне» басып. – Ауылдағы достарың «кеуіп кетті» деп күдік келтіріп жүр саған. Жүздерін айдай етіп дәлелдесеңші бір!

Досының мылжың сөзінен Айтқали өзер қашып құтылған.

Көбейді өстіп аузына ерік беріп, әспенсітіп қойған мұның өзіне де обал жоқ... Кездескен сайын мылжыңдатып сөйлете бермей, неге бетін қайтарып тастамайды? Мандайына бір-екі рет тисе, өзінің де үні өшер еді. Бұл болса жабыдай жалтаңдал, жүзі сырғақсып, қашуғадайын тұрады. Үндемегенге Көбей үдей түседі. Талай рет қыз-келіншектердің ортасында да көкпарға салып, жерге кірердей еткені есінде. Қанша рет абыройын төгіп, ұятқа қалдырды. «Көбейдің анекдоты» деген қайдағы бір өсек сөздер ел ішіне желдей тарап кетіпті. Кейіпкері – тағы

осы Айтқали. Сонда қалай, әйелі жоқтың бәрін қоңыр көріп, кем тұтып басыну керек пе екен?!

Алғашында соның бәріне кешіріммен қарап, іштей шыдап жүретін. Бірақ, шыдамның да шегі болады ғой, қашанғы оның жүндеуіне көне бермек?.. Кейінгі кезде бұл Айтекең де осы байламға бекініп, тастай қатып, таспадай түйініп алған.

«Әттең, – деп армандастын Айтқали, – сол сұмырайдың астынан ит жүгірттедей бірде есе тисе екен!»

Жалғыз Қебей емес, шынын айтса, анау етектегі үркердей ауылдың қыбырлаған пендесінің бәріне мұның өкпесі қара қазандай. Не үшін өкпелейтінін өзі де білмейді, әйтеуір, солардың қай-қайсысы да саусағымен шұқып көрсетіп, Айтқалиды мазақ етіп жүргендей сезінеді. Онысын сыртқа білдірген емес. Бірақ қашанда мұның екі қолы жағасында, іштей сол жүртпен жағаласып та, арпалысып та келе жатыр.

Орманшылыққа кіргелі Айтқали да ортан қол азаматтай тұрмысын түзеп алған. Не ішем, не кием дәмейді, жұрт секілді бұл да қазір шекірейіп шекесінен қарайды. Олай болса кімнен кем болғаны? Олар бітірген он жылдықты бұл да бітірген. Олар барған әскерге бұл да барған. Олар секілді бұл да талай елді көріп, талай жердің дәмін татып қайтты. Ендеше сол ауылдастардың қай жері артық бұдан? Әлде олардың иті қырым жерге жүгіріп пе соншалықты? Болмаса, бұл Айтқали бүйірге біткен иір бұтақ па екен?

Осындайды ойлай-ойлай жыны қозып, кек тұтады ғой. Әйтпесе онсыз да ала қойдай булінген ағайында не шатағы бар дейсің мұның.

\* \* \*

Бұгін Қебейді мұқатар көптен күткен үрымтал сәт жеткендей күптеніп, Айтқали атар таң алдында атқа қонған еді.

...Тұн ортасында сібірлеп жаңбыр жауған, сонынан төңіректі қорғасындағы қалың тұман басып қапты. Әдетте мұндай қою тұманды жамылыш, жекенің малы көшет еккен танапқа ту-сетін. Әсіресе Қебейдің ысқаяқ қарасан келгірін біраздан бері аңдып, қолға түсіре алмай жүрген. Бәлкім, сол қызыл көз бәле таң атпай танаптағы көшетті отап жатқан шығар, кім білген?!

Айтқали осы оймен жирен атына мініп, көшет алқабына қарай аяңдады.

Мұның кордоны тау кіндігінен құлап аққан тентек бұлақтың бойында, табиғаттың тамылжыған өзгеше бір тұсында-тын. Жарықтық Захар шал да текті кержак болған-ау, жайлы жерді жаңылмай таңдаңты. Осындағы иен-тегін жерді пәленше жыл мекендей тұра, шал байғұстың адалға қарасы болмағаны несі екен? Бірер жәшік балшелегі бар еді, ауданда тұратын кіші ұлы жинап алып кеткен: естуінше, көрші совхоздағы омарташыға сатып жіберіпті. Бау-бақша жағына келгенде шал жарықтық шаруақор болғанға ұқсайды, жарты гектар огородқа екпеген жемісі жоқ. Айтқалиға ондай өнер қайдан дарысын, трактормен айдатып, жыл сайын картоп қана егіп жүр. Оған да шүкіршілік!

Көшеттік танап төмендегі жазаңдау ойпатта, кордонды жанай аққан бұлақтың сол жағасында жолақтанған созылыш жататын. Жолақтанған алқап қыр биігінен көз салғанда баршабай тышқанның тарғылданған жон арқасын елестетуші еді. Қазір өйтіп қыр басынан көз салу қайда, қарға адым жердегі қарайғанды көрудің өзі қыын.

Айтқали ағаш-ағаштың арасымен баспалай жылжып, бұлақтың бойымен құлдилады. Оқтын-оқтын тізгін тежеп, тың тыңдаған болады. Ондайда астындағы аты да құлағын қайшылап, елеңдей қалады. Бәрібір, бұлақтың сылдырынан басқа бөгде дыбыс естілер емес. Бәрі-бәрін мынау масылдай басқан боз тұман жұтып қойғандай, айнала тыныштықта мұлгіп тұр.

Тоғайдың жиегіндегі жалғыз аяқ соқпаққа бұрып еді, аттың тағасы шақыр-шұқыр тасқа тиіп, келе жатқанын күншіліктен әйгілегендегі болды. Амалсыз шымдауыт танаптың жылғасына түсіп, соны қуалай жылжыды. Ауылдың сиыр екеш сиырына дейін бұл Айтқалиды әбден танып алған. Қарасын байқағаннан-ақ қорс етіп, құйрықтарын шашып безіп береді. Сосын қалың ағаштың қай жынысынан іздең жүресің оларды.

Тұманға тесіліп, елеңдей құлақ түріп келе жатқанда танаптың таусылғанын да байқамай қалыпты. Бар болғыры, әншнейінде аяғына жеткізбестей ат шаптырым жер еді, бұғін неғып шолтия қалған? Амал жоқ, тізгін тежеп, аттан тұсті.

Еңкейіп, көшеттің бірін қолымен ұстап, тубіндегі арам шөбін жүлған болды. Сүйем қарыс көк өскін көктемде осындағы еді, әлі сол баяғы тарбиған қалпы... Наурыз туа келіп қайтқан баяғы ғалымдардың айтуына қарағанда, бұл балқарағай де-генің кірпияз, шамшыл ағаш сияқты. Бабы келмесе көрінген жерге көктей де бермейді екен, көктесе де балқарағай бермейді екен. «Ойбу, олай болса еңбегім желге кетіп, несіне арам тер болам?» – деп, бұл да бастықтарға байбалам салған. Жерің жайлы, тәжірибеле ыңғайлы деп, олар да табандап болмай қойды. Осыдан дұрыстап өсіріп, біздің мақсатымызды тә-жірибе жүзінде дәлелдеп берсең – көр де тұр, үлде мен бұлдеге бөлейміз, кеудене жарқыратып орден тағасың десті. Абыройың аспандап, беделің биіктейді десті. Бастықтардың осыншалық көпшік қоюларына қарағанда, бұл балқарағайың бәлекет ша-руа сыңайлы.

Ішінара қурагандары болмаса, көшеттің қазіргі жайы жа-ман емес. Бойы оншалықты өсе қойған жоқ, әйтсе де желмен қосылып жайқалған жасыл реңі көнілге үміт үялатқандай. Апрым-ай десенші, осындаі жауапты мұлікке қаймана қазақтың малы түссе не болғаны? Айтқалиды істі етіп, бір-ак күнде отап кетпей ме? Өкімет сеніп тапсырды екен, ендеше аяйтын да, аянатын да дәнеңде жоқ!

Жербауырлаған боз тұманға жан біткендей, аздан соң арай-ланып, құбылып өзгере бастады. Тегі, көкжиектен күн шапағы да қылаң бергенге үқсайды.

Балта даусы естілер ме екен деп, жоғарыдағы тау жаққа құлақ түрді. Үн жоқ, тым-тырыс сазарған мылқау дүние.

Кеше Мұқаділ шал келіп, ағаш сұрап әкірендеп кеткен. «Айтпады деме, берсең қолыңнан, бермесең жолыңнан ала-мын» деп тілін безеп, тісін қайрап кетіп еді. Ондай кісөпір шалдан бәрін күтүге болады. Мынадай тұманды жамылып, әлдебір сайдың ішінде аткөпір ағаш дайындал жатпасына кім кепіл?!

Атасының ала танасын өткізіп қойғандай, әркім келіп ағаш сұрап тықақтайтының қайтерсің. Орманшы болса жалғыз, қарағайдай қаптаған қалың жүрттың қайсыбірінің кө-ңілін таппақ? Бірі апа, бірі жезде, бірі бас, бірі дос, әйтеуір осы ауылда көлденең көк атты жоқ, бәрі таныс. Олардың айт-

қандарынан шықпай, жалпақтай берсе, қандай қасиет қалады? Жайдак судай көрінген келіп бір ішіп, ішкеннен қалғанын түкіріп кетпей ме? Жо-жоқ, Айтқали аты рас болса, ондай жалпақшешейлікке көне алмайды. Көнсе де өз бағасын аспандатып барып, діңкелетіп барып көнетін шығар. Әйтпесе көдеден көп ағайын, түйе ауғанда қайда еді? Адам екен, ел екен деп таныды ма бұл жігітті? Таныған жоқ. Ендеше танысын, білсін Айтқалидың кім екенін!

...Төменгі жақтан, бұлақтың арғы бетінен трактордың күркілдеп барып от алған даусы шықты. Әлгі Көбей қырқылжының «Белорусі» ме екен? Арғы жағалаудағы шабындыққа да шалғы түскен-ау, тегі? Пәледен машайық қашыпты дегендей, соларға жанаспай-ақ аулак жүргені жөн шығар.

Атына мініп, бұлақтың арғы бетіне өтіп, шабындықтың шетімен үйіне қарай аяңдады. Тұмшалаған аппақ тұман әр тұстан бір тесіліп, жылтырап күннің кірпігі де көріне бастапты. Шабындықтың шалғыны ат сауырынан екен, жарықтық көз арбағандай жайқалып жатыр... Былтырғыдай емес, биылғы жыл табиғат шүлленсіп-ақ тұр ғой, жер жазған барынша иіп, шықпаған шөбін, бермеген жемісін беруде. Мынау алаптан биылғы жыл кемінде бес мая түсері даусыз.

– Айтқали! Ау, Айтқали!

Бүйірден шыққан оқыс дауыстан селк ете түсті.

Шабындықтың орта тұсындағы абажадай талдың тасасында көгеріп бір «Белорусь» тұр екен. Қасында Көбей. Қол бұлғап шақырып қояды. Қырдың қыланындағы қайдан сап ете қалды бұл бәле?

Шарасы құрып, аттың басын солай бұрды.

– Ау, достым, астыңнан су шықты ма, таң атпай қандай жортуылдан қайттың?

– Әншнейін... жай шаруа ғой... – Бұл күмілжіді.

– Бөркіце басың сыймай мәңгіріп жүрсің ғой өзің. Мені де көрместен көлденендең өтіп барасың.

Айтқалидың беті жыбырлап, тырыса қалды. Көбей көк шептің үстіне жамbastап қисая кетті. Басына қол орамалын төрт жерден түйіп, кептеп киіп алыпты.

– Қоқимай аттан түссеңші былай! Көніл жазып әңгіме соғайық!

– Мынадай қауырт науқанда кедергі боп жүрермін... Тұспей-ақ қояйын.

– Біргәдірді күтіп онсыз да бос жатырмын, – деді Көбей бидайықтың сабағын тісіне қыстырып. – Мына жерге кеше түсіп едім, тұнде КЗМ-ді тасқа ұрып, тұрып қалдым. Запас бөлшекті күтіп жатқан жайымыз бар.

– Төменгі жақта тағы бір «Белорусь» жүр ғой, ол кім?

– Гоша ғой, Самойлов... Өстіп бедірейіп тұра бересің бе енді? Тұс аттан!

Айтқали қинала аттан тұсті. Осы Құдай атқанмен кездессе болды, жаураған торғайдай құты қашатыны несі екен?

– Бүйіріңнен сыз өтпей ме? – деді жерде жатқан Көбейге. – Тұнде жаңбыр жауды ғой?

– Ондай-ондайға үйренгеміз, – деді Көбей жымышып. – Қар жастанып, мұз төсөніп Алтайдың аскарында да жүреміз, оған қарағанда жаңбырдың сызы айналайын емес пе?

Сыз шөпке қүйрық басуға Айтқалидың бәрібір батылы бармады. Қамшысының сабымен қонышын тықылдатып, не істерін білмей қипалақтап тұра берді.

– Сен, Айтқали, Бәдіжамалдың сиырын неғып атып жүрсің? – деді Көбей.

– Көшетке тұсті.

– Апырым-ау, енді...

– Көшетке тұскен малды мен аямаймын.

– Иесіне ескертуге болатын еді ғой?

– Сонда маған көрінгеннің үйіне барып, жарапазан шақыр дейсің бе?

– Қалай десең де, ескерту – сенің міндетің... Адамгершілік міндетің!

– Бұл жай көшет емес, тәжірибелік көшет, білдің бе?! Балқарағай! Алғаш рет қолдан егіп отырмыз. Ондай жауапты жұмысты таптатып қойып, қарап отыра алмаймын мен!

– Ашық күнде қара бұлтты төндірдің-ау!.. Бүйте берсең, әй, Айтқали, тұбі сен сотталып тынатын шығарсың.

Мына сөзге Айтқалидың жүрегі шым етіп, шабына от түскендей шамданып қалды. Сазарып қоштаспаған күйі шапшаң бұрылыш атына мінді де, шапқылай жөнелді.

Әншнейінде жалғыз сөзге он ауыз жауап ілестіріп жіберетін Көбей де жақ ашпады, бидайықтың сабағын тістеген күйі үн-тұнсіз қала берді.

\* \* \*

Орталықтағы мекемеге жаңадан бір техник келді деп естіген. Тікелей бастығы қандай кісі екен деп елеңдеп журуші еді, ертеңінде салаң етіп соның өзі жетіп келіпті.

Бұрынғы бастығы беті шиқандай, бұқа мойын семіз кісі болатын. Бастық десең де, басқа десең де күдірейген тұлғасына жарасқандай еді. Жаңа техник ине жұтқандай имиген арық, жасықтау жас бала екен. Техникумды был бітіріп, жолдама-мен келіпті. «Тегі, бұл баладан сауға сұрап жарымаспын» деп, Айтқали жаңа бастығын шынымен-ақ қорашсынып қалды.

Техник түске дейін Айтқалидың учаскесінің біраз жерін аралап, танысып қайтты. Құм суырған далада өскен бала екен, өзге әңгіме құрып қалғандай, тау-тастың ағашы мен шебін мақтаумен болды. Қолын жайып өлең оқыды ма, ыңылдан өн айтты ма, әйтеуір, балалыққа салынып, Айтқалиды өбден жалықтырған. Тепең қағып көрінген тұп қарақатқа ұмтылады, жата қалып жердегі жиспекті тере жөнеледі. Таңдай қағып, тамсана бергесін: «Шырағым, шошаңдағаныңды қойсаншы, сенің мұның бастық адамға жараспайды», – деп айтып-ақ салғысы келді. Бірақ жас та болса бас қой, көңіліне кек түйіп жүрер деп тартынып қалды.

Өзіме де обал жоқ деп ойлаған сонынан, баяғыда сырттай болса да Лениногордың орман техникумына түсіп алуы керек еді. Ендігі бұл да техник болып тайрандаپ, бәленше адамның үстінен қараң отырар ма еді, кім білген?.. Кезінде оқуды ниет қылмады. Қазір ниет етіп, талпынғанмен, шама жоқ... білген білімнің өзі баяғыда-ақ бастан садаға болған. Енді, міне, уыздай жас балаға дейін миынды жеп, ақыл айтпақ. Қөнбеске амалың қайсы!

Кетерінде техник жігіт биыл күзде жинайтын түгіршік пен балқарағайдың жоспарлы мөлшерін айтып, жалғыз жапырақ қағаз ұстатқан. Өзі үйге қайыра соққан жоқ, тура жолмен көрші орманшыға тартып кетті.

Айтқали кордонға келсе төменгі бұлақтың екі жағасы ығыжығы халық екен. Басқа жер таппағандай, шөпшілер түскі қостарын мұның үйінің дәл іргесіне әкеп тігіпті ғой. Бұнысын білгенде қалың нөпір тамақтарын ішіп болғанша қыр жақта аялдай тұрар еді. Көзге түстің – бітті, анау бірөңкей қисық ауыз қиқар құрдастары қашсан құтқармайды.

Пүшайттап қой қайырып жүрген шешесіне көмектескен болып, қораны айнала берді. Бәрібір құрдастарының қырағы көзінен құтыла алмапты.

- Әй, Айтқали, бері кел!
- Жылыстан қайда безіп барады-ей мынау?
- Бізден қашып бара жатқаны да.
- Қашатындай біз не?.. Әзірейіл ме екенбіз?

«Кел» дегенге елпен етіп жетіп бармай, қасарысып бұл да асықпады. Жайлап аттан түсіп, шарбаққа тізгінді ілді, айылды босатты. Аттан түсे бергенде сиырдың қынбасып кеткен екен, шөпке етігін сұртіп, шыбықпен ұлтанын тұртқілеп, күйтіндең тағы біраз жүрді. Сосынғана еріне басып бұлақ басына беттеген.

Шөпшілер көленке-көленкені сағалап, әр түсқа дөңгеленіп отыра қалысыпты. Дастархан сайын бір табақ, табақ толы буы бүркыраған жас ет. Біреулер жеңін түріп тастап, етті кершеуlep турап жатыр. Қай дастархан болмасын гулеген әңгіме, қыз-келіншектердің күміс күлкісі.

Көбейлердің дастарханына бірөңкей сен тұр, мен атайындар іріктеле қалған сыңайлы. Араларында аққудай бол екі келіншек отыр. Айтқали келгенде келіншектер ысырылып, бір шеттен орын ұсынды.

- Дұрыс, Айша, Айтекендей қасына алғаның жөн! – деді мұны байқап қалған бір құрдасы.
- Енді жарастындар!
- Онда тұрған не бар, жарапасақ жарасамыз. – Айша қызарақтап, тізесін қымтап қойды.
- Айтеке, еңсөң түсіп, әукең салбыраш кетіпті ғой? – деді ет турап жатқан Көбей.

Айтқали тымырайып, жауап берген жоқ.

Жігіттер қалжыны бар, шыны бар, бірінен соң бірі жарыса сөйлеп жатыр:

— Айтекең бізге қарағанда бақытты ғой, он сегіздегі қызға үйленем десе де қазір өз еркінде.

— Жасымыздан қағынып, бар асылымызды қырыққа келмей сарқып алдық, мінеки. Ендігісі етегімізге мөлиіп, омалып қалғанымыз мынау.

— Төрт баланың өкесі болдық. Енді бізді базарға апарып сатса да, пұлымыз татымас.

— Айтекенің бар асылы бойында-ау әлі... бойында.

Етті турап бітіп, сулыққа қол сұртіп жатқан Көбей қасындағы келіншекке мойын бұрды:

— Айшажан, сен ақылды қыз едің ғой. Менің сөзімді тыңдасаң — осы Айтқалидың етегінен үстап айырылма.

Айша ұяттан жерге кірердей болып, екі беті алаулап қызырып кетті.

— Бұл кісі мені қайтсін... — деді ақталғандай болып. — Басы бос бойдақ қыздар толып жүр емес пе?

— Сен, Айша, өйтіп өз бағанды кемітпе! — деді қасындағы келіншек желлініп. — Бұл жігіттер сендей қызды тауып көрсін алдымен... Жайы келсе құладынды сұңқар деп, пұлын өткізе алмай жүрген шығар бұл көк соққандар... Әйтпесе Айшадай аруды баяғыдан байқамай, ай бағып жүр ме сендердің Айтқалиларың?

Отырғандар қыран-топан күлісіп жатыр, тіпті жігіттердің біреуі жеп отырған етіне қақалып қалды.

— Масқара, мына Сагиланың сөзін естідің бе? — деді Көбей басын шайқап. — Сен үшін бәріміз жер болдық-ау! Жетер, достым, қу тізенді құшақтап, көген көзденгеніңді қой, ертеңнен қалдырмай қатын ал!

— Беделден жүрдай еттің бізді, Айтеке!

— Құтқара гөр мынадай масқарадан!

Әрі қарай жүрттың келемежін тындалп отыра беруге Айтқалидың дәті шыдамаған:

— Қалжының да жөні бар, жігіттер! — деп жалғыз рет бурк етті де, орнынан тұра жөнелді.

— Ойбу, Айтеке, қайда кеттіңіз? — деп біреуі пенжагының етегіне жарасты.

— Ренжіп қалды-ау, тегі?

– Әзілдерің қатқылдау еді, біліп ем солай боларын! – деді келіншектің біреуі.

– Қалжыңға бола қабақ шытып, бұғалығын ала қашса, барсын! – деді Қебей.

Айтқалиға өсіреле соңғы сөз шаншудай қадалған. Көнілі алай-дүлей, кеудесі жаншылып, аяғын үйіне қарай әзер сүйретіп бара жатты.

\* \* \*

Содан кеш батқанша сыртқа шықпай, диванда дөңбекшіп жатты да қойды. Ештеңеге зауқы жоқ, жүрегін әлдебір ала мысық тырналап жатқандай қиналған. Қекірегінде кек пен намыс қыж-қыж қайнап, шыдатпай барады. Мейлі, қалай аласұrsa да, әзірге қолдан келер дәрмен жоғын тағы сезді, сезді де ернін тістеп, қекірегін қарс айырып, күрсінумен болды.

Іңір түсे телевизорды қосып еді, жалғыз каналдың өзі бұлдырап, жыбырлап, мardымды дүние көрсетпеген соң, оны да жұлдып тастады. Ауылдағы өлеуметтен қалмайыншы деп, бұл бұйымды сатып алғанына да, мінеки, төрт-бес жыл өтіпті. Қебейге қырсығам деп құлашты қалаға сермел, түрлі түсті көкесінен бір-ақ түсіп еді. Сөйтсе, былайғы жазықтағы мекен емес, тау қойнауындағы тар үйге телевизор дегенің мүлік болмайды екен... Өзінің «мінезі» де қызық. Көнілі тускендей, кейде түннің бір уағында жарқ етіп, шырадай жанып шыға келетіні бар. Әйтпесе басқа уақта жыбыр-жыбыр көзді арбайды да тұрады. Бүйтіп әуреге тускенше дүкенге қайта өткізіп, ақшасын қайырып алғаны онды шығар.

Онсыз да қабағы ашылмай қабарып жүретін ұлының түйнек тигендей дөңбекшігенінен шешесі де секем алса керек, жақындаған келіп, мандайына алақанын тосты:

– Түрің жаманғой, күнім, тұзде жүріп, жел тиген-ау, тегі? – деді болар-болмас күбірлеп. Іле сырт жакты бір айналып, әлдебір шөптің қайнатқан нілін кесемен көлкілдетіп алып келді. Онсыз да сіркесі су көтермей тырысып жатқанда, шешесінің бәйек бола қалғанын Айтқали жақтырмады.

– Тәте, қойшы деймін!.. Ішпеймін!.. – деп қорс етті де, диванды сықырлатып аунап түсті. Оған көне қойған шеше

жоқ, тарамыстанған арық саусақтарымен шашын салалап, еркелеткен болды.

— Іше ғой, күнім... Тезірек сауығасың, іше ғой!

— Мен ауырғам жоқ, тәте, шаршап жатырмын. Құдай үшін, тиіспеші маған.

— Мейлі, күнім, мазаңды алмай-ақ қояйын... Бірақ, кесені мына жерге қойдым, ниет етсең ішерсің... Жалғыздықтан да қажып жүрсің-ау, балам. Әкең болса ертерек мерт болды, соңынан ерген не іні, не қарындасың жоқ, бір атадан жалғызың. Сені жеткіземін деп жүріп, мінеки, мен де жарымжан болдым, қартайдым. Ендігі бар үмітім де, тілегім де бір өзің... Бас құрап, немере сүйсем деп те арман етем, күнім. Қайтейін, енді...

Шешесі орамалының ұшымен көзінің суағарын дымдалап, сүйретіле орнынан тұрды, күбір-күбір сөйлеп сыртқа кетті.

Айтқалидың көңілін тағы да ала құйын соғып өтті.

Соңғы кезде шешейдің де осындай күңкіл сөзі көбейінкіреп, жүйкесін жүқартып жүр. Бас сауғалап, барқадар табар жер тарылған секілді. Тіпті, қазір кісі аяғын да ауыр көріп, үйден безетін халге жетті. Біреумен кездесуден қашқақтап, жалғыздыққа жаны бейім бола бастағандай. Баяғыдай емес, адам болып жадырап күлуден қалғалы да қашан!.. Неге олай болды? Қашанға дейін дәретін көмген мысықтай өз-өзінен қуыстаннып, көлденең көзден жасқана бермек? Неліктен көкірегіне қан қатып, осыншалық секем-шіл, осыншалық кекшіл болып алды? Иллаһи, осы жағы Айтқалидың өзіне де жұмбақ.

Әйтеуір, ақ жүрегін алалап, бетіне шіркеу бол жабысқан бәле – әйел екенін жақсы біледі. Әрине, үй болғасын ұзын етек біреудің қажеттігі шындық шығар. Бірақ қатын алмай, қамшы ұстамай да өмір сұруге болары тағы ақиқат қой. Айтқали сөйтті екен деп мына дүние қараң қалmas. Әттең, ондай ниетті ұғар ағайын қайда бүгінде?

Соған қарағанда, айла-шарғысы таусылып, тығырыққа тірелген тұсы осы сияқты. Досқа күлкі, дүшпанға таба болғанша, расында да біреуді әкеліп кіргізіп, амалдан қолда ұстай тұрса қайтер еді?

Кітаптардан оқып отырса ғашықтық деген, әйел затына құмарлық деген көз ашып, жүрек жуады десіп жатады. Өз басы ондай кереметті сезінген де емес, білген де емес. Тәйірі, кітап

болған соң бәрі де сылдыр сөз, мылжың әңгіме деп көп сене бермейтін. Кейде кино мен телевизорда да біреулер бір-бірімен өліп-өшіп сүйісіп жатады. Әлгіндей орынсыз қылыштардан Айтқалидың қарадай жүрегі айнушы еді. «Гигиенаға жатпайтын бәлені несіне бедірейтіп көрсетеді екен?» – деп тасталқан шамданып қалатын.

«Тағдырдың жазуына тәбділ жоқ» деседі ғой былайғы жұрт. Сол сөз, тегі, рас шығар. Олай дейтіні – баяғыда бозбала күнінде кезіккен көлденең кесел болмағанда, Айтқалидың да өмірі өзге арнамен ағар ма еді, кім білген!? Кеселдің де кеселі бар. Айтқалиға кезіккен дерт сол кеселдің де ең бір қыны секілді. Қындығы сонда, жүзің шыдап біреуге сырқатынды айта алмай, қарадай қор болады екенсің. Айтқали да тірі жанға сездірмей, біразға дейін шыдап баққан. Ақыры талтанда жүруден қалып, жаны шырқырап мұрнының ұшына келген соң, жасырынып ауданға барды, дәрігерге қаралды.

– Жігітім, жасыңа жетпей сұыққа алдырыпсың, вирус түсіпті, – деп дәрігер бір күннен соң қорытынды жасаған. Содан, Айтқали жұмасына бір рет ауданға барып, емделіп, массаж жасатып жүрді. Емделудің кесімді уақыты біткен кезде өжептәуір оқалып қалғанын байқады. Дәрігер еркелете арқадан қағып, жылы-жылы сөз айтып шығарып салған:

– Нешауа, бала, көп аландай берме, – деді кеңкілдей күліп. – Бұгінде простатитпен екі еркектің біреуі ауырады. Так что, қорықпа сен... Ұылжыған жассың, әлі-ақ жазылып кетесің. Бірақ, түбегейлі емделу керек. Құн сұыта қайыра белгі беруі мүмкін, сол кезде тағы келіп жақсылап қаралғаның жөн.

Расында да, сырқаты қараша туа қайыра белгі берген. Бұрынғыдай қинамаса да, дерттің аты дерт емес пе, тамшылап ірің ағып, аштып ауыртып жүрді. Салып ұрып ауданға барып еді, баяғы дәрігері қалаға ауысып, аудан урологсыз қалған екен. Бар тапқан амалы – аптекаға барып таныс дәрілерді сатып алды да, аяңдап үйге қайтты.

Ауруы мазалай берген соң, Жаңа жылдың қарсаңында аудан жаққа тағы барған, урологтың орны әлі күнге бос екен.

Дәрігерді күтумен қыс өтті. Көктем шыға ауруы да бәсенсіп, өзінен-өзі басылып қалғандай болған. Кеселдің беті қайтқанға Айтқали да іштей қуанып жүрді. Алғашында анда-санда болса

да шаншып қоюшы еді, кейінгі кезде мазалауды мұлдем қойды. Сырқаты белгі бермеген соң, жүре-келе Айтқали да ауырғанын ұмытып кетті.

Бұл ауруды «кесел» деп тегін атамаса керек. Арада бір жыл өтпей жатып, Айтқали жаны болғанымен жыланы жок, әтек бол қалғанын бір-ақ сезген.

Әйтсе де тағдырдың жазуына оңайлықпен көнгісі келмеді. Болған іске шын иланып, сене алмай арпалысты. Екі рет аудандағы дәрігерге барып, екі ретінде де үялыш, кіре алмай қайтып кетті. Жанталасып спортпен айналысты, кір көтерді, жүгірді. Бәрібір одан да дәнене өнбеді. Ақыры, он сегізге толмай жатып дүниеден жалығып, өмірден үміті үзіліп, торыға бастады. Ештеңе де еліктірмеді, ештеңе де қызықтырмады. Өмірге деген өкпесі қара қазандай үлғайып, шырт етпе намысшыл, сөз көтере алмайтын кекшіл болып алды.

Осылайша өң мен түстің арасында мәңгіріп, тағы бір жылды өткізді. Сосын әскерге шақырылды, ол жақта екі жыл жүріп қайтты.

Өлетін емес, тірі жан, тісті бақа болғасын бірдене етіп бәрібір күн көру керек екен. Амал жок, оған да мойынсұнды... Өзгелер секілді күлкі көйлеп, бел қызығын сезінбедім екен, ендеше есемді басқа жақтан іздейін деп бекінді.

\* \* \*

Айшаны көптен бері көріп тұрғаны бүгін еді. Қайсыбір еркектер әйелдің біреусін анадай, біреусін мынадай десіп, жіктеп-жұптап, баға беріп, сөз жүгіртіп жатысады. Айтқали-дың өз басы әйел мен әйелдің жорғасын танып, саралап-санап көрген емес. Бірі кемпір, бірі жас демесең, кейлек киіп көлбендеген көпшілік, айырмасы шамалы. Сол қалың топтан бөле жарып, мұның Айшага көңіл тігуінің өзіндік сырьы бар болатын.

Бұл пақырда былайғы бойдақ қыздарға бодауын өткізердей құдірет қайдан келсін? Араға адам салып, үйге алыш келген күнде, тарпаң тайдай бұла жастар мұнымен қосақ құрып тұра ала ма? Ол жағын болжап білу қын. Ал анау Айша болса – бір рет босаға көрген, бала асырап, жалғыздықтың тауқыметін тартып жүрген жарым көңіл. Ондай адам қасында қауқиган

ер-азаматтың барына тәубе етеді. Нұсқалап, ұлгілеп осы ойын жеткізсе – он сегіздегі қыз емес, бұлтыңдамай кесімді жауабын беретіні анық. Бойындағы қуаты бұлықсып, шыдатпай бара жатса – кейінрек ол жағын да кеңесіп келісе жатар. Әйтеуір, былайғы жүрттың көзіне түспей, сонына өсек ертпей, жасарын жасар болса, Айтқалидың онда шатағы қанша! Білсе де білмегенсіп, көрсө де көрмегенсіп жүре бермей ме?!

Диван үстінде дөңбекшіп, Айтқали кешке дейін жатты. Ойламаған амалы, ізdemеген айла-шарғысы қалмады. Сайыш келгенде, бұл тәңіректе өзі үшін Айшадан ыңғайлы, Айшадан көнбіс кісі жоқ сияқты. Басқадай тиімді амалды, онтайлы жолды көре алмаған.

Ақыры, үміттің ұзын арқанын Айшаға тастамақ болып, орнынан тұрды.

Бұрын-соңды қалыңдыққа сөз салып, сөз бұлдатып көрмен еді. Өрі былайғы біреулердей өзінің ерлігі мен ебіне тағы сенбейді. Оқыста маңдайымды жарға соғып, дұшпанның табасына қаламын ба деп те жүрексінді. «Қалай болған күнде де тәуекелге бел буған екенмін, ендігісін өзімнің бақ-талайымнан көре жатармын» деп шешті.

Осы шешімге тоқтаған Айтқали ымырт үйірле атқа қонып, ауылды маңдайға алып, жүріп кетті.

\* \* \*

Жирен аттың сылтың аянымен ауыл шетіне жүрт аяғы басыла жеткен. Маңыраған қой, мөңреген сиыр қора-жайға қамалып, ауыл үйқы қамына ыңғайлана бастапты.

Әр тұстан шәуілдеп үрген иттің даусы болмаса, ауыл үстінде манаураған тыныштық. Ай өлі шыға қоймаған, аспанда шүпірлеген жұлдыздар. Орталық көшедегі самаладай жарқыраған клуб жақтан гармонның мұңлы сазы талып естіледі. Құбыладан сұық жел бар екен, не қатаймай, не қоймай, сақаусырап соғып тұр. Женілдеу киініп еді, аздал тоқазын деді. Қойнаудағы кордонға қарағанда жел өтіндегі ауыл әжептәуір салқын секілді. Құздің де күркілдеп келіп қалғанын сездіргендей.

Ауылға кірер тұста құрылсыс көктемде басталған бір кірпіш үй бар-тын. Сол жерге жете Айтқали атынан түсіп, құрылсысқа

қарай бұрылған. Шошайып атпен көшеде жүргені ұят шығар. Біреу болмаса біреу танып, сөз етіп жүрер тегі. Онсыз да соңынан ала қойдай ерген өсекке кенде емес қой, сөзге сөз жамап қайтеді.

Атын жетектеп құрылыстың ішіне енгізді де, қараңғылау бұрышқа апарып байладап қойды. Бұл үйді анау бір жолы сырттан тамашалап кеткені бар. «Совхоз мәрмәрдай ақ кірпішті қайдан алды екен?» деп қатты таңданған. Енді соның біреуін қолына алып, әдейілеп салмақтап көрді. Бүйірінен шертіп еді, зыңылдағандай жағымды үн шығарды. Несін айтасың, бұрын-соңды бұл өнірге бітпеген құрылыс материалы – қажет-ақ дүние. «Кісідегінің кіндігі тартық», қолда жоққа қызыққанмен не пайда?!

Айтқали кірпішке бір түкіріп, былайғы тасқа атып ұрды. Зың етіп бір шетінің ұшып түскені болмаса, кірпіш сынған жоқ, домалап қала берді.

Өзін біртүрлі шаршағандай сезініп, бақшаланған былайғы топ кірпіштің үстіне отыра кетті. Алақанын қағып, маңдайын сипады. Женінің ұшымен көзін сұртті. Иегіндегі түгі тікірейіп, қолына білінді. Қызға бара жатып қырынбай шыққаны қалай?

Шынымен-ақ қырынбадым ба дегендей, иегін қайта-қайта сипалап қойды. Ұсқыным қалай екен деген оймен түгінің мөлшерін байқады. Абырап сасатындей дәнеңде де жоқ сияқты, бұрнағы күні қырынғаны есінде, сақалы пәлендей өсе қойматы. Бұлықсыған былайғы бойдак жас емес, байдан қайтқан байсалды өйел емес пе, сақал секілді ұсақ-түйекке көңіл аудара қоймайтын да шығар.

Орнынан тұрып, бақшалап жиналған аппақ кірпіштерге, салынып жатқан құрылысқа қызыға қарады. Әйелді қойшы деген ой келген басына, амалдаса оның да реті табыла жатар-ау. Мәселе мына кірпіште... Мұндай кірпішті қайдан алуға болар екен?

Алғашында бұл құрылысты совхоздың жаңа кеңсесі болар деп топшылаған. Біреулер дүкен екен десті. Жүрт та айтқыш-ау, ауыл шетінде қайдағы дүкен? Соңынан естігені – кеңсе де емес, дүкен де емес, әншейін түрғын үй болып шықты. Естіген бойда іші тұз жалағандай ашып берсін. Қызғанғандықтан емес, масқара болып, бұл үйге Көбей кіріп жүрсе қайтем деп

сасқандықтан. Қөбейдің әзіргі тұрып жатқан үйінің тар екенін, совхозда үйдің кезегінде тұрғанын жақсы білетін. Онда құрдасының тағы да тасы өрге домалап, асығының алшы түскені де. Танауы көкті тіреп, бұл Айтқалиды тағы да күндейтін болды десенші!

Көше бойлап келе жатып та Қөбейді ойлады. Аппак кірпіштен салынған ақшағала үйдің табалдырығынан шырт түкіріп, мазақ етіп жолға қараған құрдасының бейнесі көз алдына келді.

Кердендеген Қөбейдің, Қөбей секілді көпшіліктің ауыздарына құм құйып, көзін тауып ақ кірпішті молдал түсіріп алса шіркін! Олардан несі кем бұл Айтқалидың? Ақ кірпіштен қаланған самаладай ондай үй мұның тақиясына тар келеді дейсің бе? Қаңғырлаған қарағай тамда қашанға дейін тұра бермек?!

Қол ұстасып, сықылықтай құлген қыз бен жігіт көшениң қарсы бетінен өте шықты. Танып қойды ма еken деп қуыстанып еді, бұл жаққа назар да салған жоқ, өз қызығы өздерінде, күліпойнап кете барды.

Айшаның үйіне де жақындаپ қалыпты. Үйге баса-көктеп кіріп бармай, шарбақтың сыртындағы мойылдың түбіне барып бой тасалады. Соңына түскен андушы болса жаңылдырып, дүшпанкөзден сақтанған амалы болатын. Болжауынша, Айша үйінде сияқты: жалғыз бөлмелі үйдің үлкен терезесі жарқырап тұр. Қөп күттірген жоқ, келесі бір сәтте, үйде екенін айғақтағандай, терезеден Айшаның көлеңкесі көлбенете қалды. Артынша терезенің пердесі ашылып, Айшаның өзі де көрінген. Бейнебір Айтқалидың келіп тұрғанын білгендей Айша көшеге үңіле көз салды. Аландағаны байқалады. Айтқали кірерге тесік таппай қысылды. Әйтеуір, қаранғы бұрыштағы мұны қанша телміргенмен таба алмасы анық. Айшаның шашы жайыла дудырап, арқасын молынан жауып кетіпті. Назданғандай ұзын шашын серпи толқындатып қояды. Сосын бұрыла беріп, терезенің пердесін түсіріп жіберді. Әлде тұнгі көлеңке әсірелеп көрсетті ме, бұрыла бергенде байқады: мойыны акқудай әдемі екен. Қыз-қырқынға көз сатып кім көріпті, әйтсе де Айшаның тұлғасында көніл арбағандай сұлулықтың барын түйсігімен сезген.

«Әйелдікке көнбей жүрер ме екен, – деп іші қылп ете тұсті. – Тым көрікті сияқты. Қашып кетіп, сүйегіме таңба салып жүрмесе жарап еді... Ұрыста тұрыс жоқ. Иә, бісмілла деп, не де болса жүзбе-жүз сөйлесіп көрейін».

Осы байламға іштей бекіп, фуражкасын мандаіына баса киді. Киді де, бұқпантайлап тасадан шыға берді. Қырсыққандай осы сөтте терезедегі жарық жалп етіп сөніп қалған. Айтқали сасқалақтап мойылдың астына қайыра қойып кетті.

Қап, енді не істеу керек? Қысыр қиялмен жүремін деп, ерте күнді кешіктіріп алған-ау. Әдейі андып жүргендей жатар мезгілге кез болуын қараши. Бойдақ келіншек онысын басқаша жорып, дәметіп жүрер, тегі.

– Ай, осы тірлігімнен түк те шықпас білем! – деп өкіне басын шайқады.

Әлде есі барда елін тауып, тыныш қана жүргені жөн бе еді? Осындаға ақыл айтар аға, жөн сілтер ағайын да жоқ. Бар деген туыстың өзі Айтқалидың жағдайына түсініп, мұнын мұндалап, жоғын жоқтай ала ма? Женіл ауыз жеңгелері беттерін шымшысып, жерден жеті қоян тапқандай өлеуметке дабыра етіп жүрмесе. Айтқалидың өзіне салса, әйел атаулының маңайын әуелей айналып өтер еді. Мынау далбаса тірлікті әйелсіз де өткеруге боларына сенімі имандай. Өз шаруасына нағыз мықшеге, пысық. Қайраты да баршылық. Ер-азаматқа бұдан артық не керек? Алакөз аламанға жанаспай-ақ, өзіңмен өзің тіршілік жасауға әбден болатын еді. Бірақ бұл Айтқали құрсағынан емес, құлағынан жүдеп бара жатыр... Қөлденең көздің сұғы шыдатар емес. Жыл өткен сайын әлгіндей қысыр өсектің бояуы оңар, бары ұмытылар деп те үміттенген. Қайдам! Керісінше, жүрттың күдігі күшнейіп барады. Айтқалида әкесінің ала моншағы бардай тықақтап, майлы күйедей жабысып Қебей жүр әнеки. Құдай ақы, сол құрдасы нағыз қызылкөз бәле болды!

– Ит! – деді Айтқали ыңыранып. – Оңбаған ит!

Әйел дейді-ау, әйел дегенің Қебейден өткен бәле емес пе?! Олардың ішіне кім кіріп шығыпты. Албаты шоқ басып, кәzsіз көбелек болып жүрсе қайтпек? Онда жер басып, өмір сүрудің қажеті қанша... Орманшы болып, ақ кірпіштен үй тұрғызып несіне азаптанады. Сондықтан тұлкі бұлаңға салмай, мәселенің

басын дәл бүгін ашып алғаны дұрыс. Көнеді екен – үйі өне! Көнбейді екен – айтқан сөз осы жерде қалады, бұдан былай аузына уақап болсын.

Әйтеуір, Айшаның есік көргендігі үмітін шабақтап, фуражкасын тағы да манձайына басып қойды.

Осылайша екіудай күйде толқып тұрғанда қырышық тасты сықырлатқан аяқтың жүрісі естілді. Көшениң осы жағымен біреудің кележатқанының. Айтқали мойылдың тубіне жабыса түсті. Сәлден соң өлдебір еркектің сұлбасы көлеңкедей көрініс берді. Жүрісі сақ. Айшаның шарбағына жете жан-жағына алақтаپ аз-кем аялдала, қарғып арғы жағына түсті. Мысықша жылжып үйдің қалқалы бұрышына барып, қабырғаға жабыса қалды. Дамылдала, тың тыңдаған сыңайы бар. Айтқалидың төбе шашы тік тұрды, тегі бір сұмдықтың куәсі болмаса неғылсын! Жалғызілік адамды торыған бұл қандай сұмырай еді? Әлде үй тонамақ баукеспенің өзі ме екен?

«Бекер-ақ келген екем» деп өкінді артынша. Жалаң қолмен қарулы қылмыскерге қарсы тұrap қауқар қайда?! Енді-енди адам болып, бірденеге қолым жетті-ау деген шақта қылжита салса қайтеді?.. Арманда кетіп, қыршынынан қылмай ма?! Құрғыр-ай десенші, қай сайтан айтақтап бұл араға алып келді?

Қабырғаға жабысқан еркек, қолын созып терезені шертіп өтті. Жай шерткен жоқ, домбыраның шанағын қаққандай өуезді шертті. Іле шиқ етіп дәліздің есігі ашылды. Еркек екі-ак аттап ішке қойып кетті.

– Өзіңбісің?

Айшаның даусы.

– Қутіп қалдың ба?

Бұл да таныс дауыс... Таныс дейді-ау, мынау Көбейдің даусы той. Иә, соның дәл өзі. Мәссаған, енді не дейін?!

Екеуі күбірлескен күйі үйге кіріп кетті. Үйдің шамы жанатын шығар деп Айтқали біразға дейін күтті. Бірақ шам жанған жоқ. Күте-күте қалтырап тоңа бастады. Ақыры шарасы таусылыш, біреуде ақысы кеткендей мойыл түбінен құлазып шықты. Мелшиген қап-қара терезеге соңғы рет көз тастады да, ілбіп ауыл сыртындағы атына қарай аяңдады.

Көкірегіндегі Көбейге деген кек-нала қара тастай қатайып, еңсесін езіп бара жатты.

\* \* \*

Арада заулап бір ай өте шыққан.

Жаз бойғы аспан айналғандай аптаптың беті тамыз тұқайтыңқырағандай еді. Совхозда шабар шебін бірыңғайлап, ендігі жерде жұмысшыларға үш күнге пұрсат берген. Осы үш күн ішінде жұмысшылар жеке меншік шебін шауып, үш күннен соң сарбалактанып пісіп қалған егінге кірісуи тиістін.

Негізінде, жаңбырсыз жаз – совхоз шаруасына жайлыш болғанымен, орманшы үшін аса мазасыз маусым. Айтқалидың ала жаздай дамыл тапқан кезі жоқ, үнемі ат үстінде, аскар кезіп, учаскесін аралаумен болды. Жинағаны – қарағайдың түгіршігі, аңдығаны – өрт. Аудандағы қызыл кепеш вертолет те күніне екі дүркін Бұқтырма аңғарын төбеден шолулап кетеді. Шүкіршілік, әзірге тілсіз жаудан хабар жоқ, ондай жаманаттың бетін аулақ қылсын деңіз. Әйтпесе, өрт дегенің – Алтай орманы үшін алапат қасірет!

Совхоз жұмысшыларын шөпке босатқан күннен бастап Айтқалидың да шаруасы еселей түскен. Бұрынғыдай звено мен бригадаға бөлініп, топтасып жүрген емес, ауыл адамдары ендігі жерде сай-жылғаны сағалап, шілдің қыындаі пышырап кетіскең. Алтайдың әр сайында бір-бір адам, әр жылғада сыздықтаған көк түтін... «Отқа абай болыңдар» деп қайсыбіріне ескертесің. Әйтеуір, жарғақ құлағы жастыққа тимей кездескен жанның бәрін үгіттеп, құлақтарына құйып жүр. Жаздың мұндай бір күні қыстың айына азық, онсыз да жанталасқан жүртқа «шай қойма, от жақпа» деп тыйым салуда жөнсіз.

Шөпшілерді аралап келе жатып, бүгін жол-жөнекей Көбейдің шабындығына соға кеткен. Түс өлеті еді, Көбей ұлы екеуі самырсын түбінде терлең-тепшіп шай ішіп отыр екен.

– Ө, сен бе едің, кел шайға! — деді Көбей.

Қыр үстінде атын ойқастатқан бұл жауап қатпады.

– Үзенгінді шіремей түссеңші бері!

– Уақыт жоқ.

«Менің жұмысым жалғыз сен емессің, көкем» деп бір сыйданғысы келді де, жағын бипаздай сипап, үнсіз қалды.

— Қарауылдай қалқып... ендеңе, несіне тұрсың? — деді Көбей.

Құрдасының улы тілі тағы да шымбайын шымшып өтті:

— Орман ішіне неге от жағасың?

Құрдасын қалай мұқатарын білмей, әдейі тиісті. Көбей жеп отырған тамағын қоя беріп, аңтарылды да қалды:

— Немене дедің?..

— От неге жағасың деймін?

— Ау, достым, шай ішіп, қан пісірмей, мынадай ыстықта шөлден қат деп тұрсың ба?

— Шөлдесең, су іш.

— Қай қазақтың су ішіп шөп шапқанын көрдің?

— Онда менің шаруам жоқ.

— Ау... мынау сенің қалжының ба, шының ба? — Көбей қолын таянып орнынан тұра берді.

— Общым, былай, — деді бұл қамшысын шошаңдатып. — Отқа абай болыңдар, өртке сақ болыңдар! Ұқтыңдар ма?

— Е, бәсе, солай деп жөніңе көшсейші.

Көбей тағы бірдене деген, бірақ онысын естіген жоқ, естігісі де келмеді. Ашулага атын тебініп, шоқырақ қағып келесі сайға түсіп кетті.

\* \* \*

Көптен бері Көбейді көргені осы еді, бүгінгі кездесу құпты көңілін тағы да әлем-жәлем етті. Жазғы қарбалас көп нәрсені ұмыттырып жібергендей болған. Өмір де өз арнасына түсіп, алаңы да азайған сияқты еді. Енді, міне, соның бәрі-бәрі Көбейді көрген бойда қайта жаңғырып, көңіл түкпірінен өре түрекелді.

Үйге кештетіп келіп, тұн жарымынан аса төсекке қисайса да, үйықтай алмады. Түрлі ойлар миын ашытып, дөңбекшіп үзак жатты. Ұлының мазасызданғанын сезді ме, шешесі төсектен тұрып, пілте шамды жақты.

— Күнім, тісінді қышырлата бересің, тегі, ішінде құрт бар-ау? — деді күбірлеп. — Ерітіп сұйық май ішесің бе?

— Ішпеймін, тәте! Бәйек болмай үйықташы өзі!

— Мейлің, күнім, — деді шешесі, ұлының жекігеніне көңілі жабырқап қалғандай. — Жалғыздықтан да зеріктің-ау... Бас құрағаның да жөн еді. Қайтейін енді?..

Шешесі күркілдей жөтеліп, барып шамды өшірді, күңкілдең жүріп төсегіне жатты.

Қалай дөңбекшігендімен, көкейінен Көбей кететін емес. Қайда барса да мұның алдынан кесе-көлденендең Көбей шығады екен, соны ұқты. Талай жерде тәлкек етті, шаршы топта сағын сындырып, жерге тықты. Ана жолы да ақ ниетімен Айша қызға таспадайын түйініп-ақ барып еді, көрдің бе, Көбей сұмырай тағы да жолын кесіп өтті. Тұн қатып, тұс қашып жүретін тұлқі жортуылы бар екен бұл оңбағаның? Балашағалы азаматтың ондай опасыздығын кім білген! Жария етіп, жүзін айдай қылатын кісінің жоғын осындайда. Мұнысы алғашқысы деймісің? Еркінсуіне қарағанда, ежелден етегінен ұшынған қудың өзі болды. Сөйтіп жүріп, өзге жүртты сөзге іліп, нысанага шаншығысы келеді. Әділеттің бары рас болса, Айтқали осының бәріне қашанғы төзбек? Кеңірдегін көкке ілген кердең жүрісіне тұсау салар кез бола ма, жоқ па?

Ашуланғаны сондай, төсекті сықырлатып тұрып кетті. Терезеге барып, сыртқа үңілді. Ай жап-жарық, ай астында құлақтары салпиып самырсындар мұлгиді. Самырсындар арасынан алыста бір біріне иек артқан тау сілемдері елес береді.

Айтқалидың есіне Көбейдің шабындығы тұсті. «Қастық-пенен, жаққан отты әдейі өшірмей кеткен жоқ па осы?» деген күдік келді көңіліне. Ондай әрекетті, Құдай біледі, ол құрдасынан әбден күтуге болады.

Ақыры, бәрібір жуық арада үйқтай алмасын біліп, киініп далаға шықты. Тұсаулы атын тоғай ішінен жетелеп әкеліп, үстіне ер салды. Қайырылып үйге кіріп, фуражкасын киуге де шамасы келмей, асығыс атқа қонды. Тұн жамылып Көбейдің таудағы шабындығына қарай жүріп кетті.

Тұнгі ауа желсіз тымық еді. Шабындықтың бергі шетіне ілінген бойда мұрынға тұтіннің болмашы иісі сезілді. Жерошақтың тұтіні емес, тереңнен бықсып, қоңырси жанған самырсын бүрінің қышқылтым иісі. Айтқали жазбай тәніп келеді. «Шынымен-ақ бір бәлені сезген екем», — деп, қайтакайта жұтынып қойды.

Аттан түсіп, етігінің ұшымен жерошақтың күлін тұртқіледі. Көбей өзі жаққан отты мұқият-ақ өшіріпті. Бірақ, от қызымен бүйірдегі самырсының қатпарланған мыңжылдық бүрі қызып кеткен. Асты тұтанып, еріне бықсып жанып жатқан сол екен. Дабыл қағатын пәлендей қауіп жок, әйтсе де тездетіп күрек әкеліп, жерді қазып өшірмесе болмайды.

Кенет, Айтқали жоғын тапқандай қуанып кетті. Қуанғаны соншалық, ауа жетпей, тынысы тарылғандай болған. Тамағын кенеп, түймесін ағытты.

– Иә, бәл-л-е-ем! – деді ернін жымқырып. – Қанжығада кездескеніміз біздің осы шығар!

Қатты толқып, басына қан тепті. Есе қайтарар кездің келгенін қолмен ұстағандай анық сезінген. Жауының сағын сындырып, қырын қисайтар сәттің туғанына өлердей қуанышты еді.

– Айтқалидың кім екенін өлі білмей жүр екен, сұмырай! – деді атына мініп жатып. – Басыңа бақсыны ойнатып, кім екенімді бір танытайын саған!

Көк дөненді қос өкпеден тепкілеп, ауылдың қалың итін шулатып, таң қараңғысында Көбейдің үйіне жетті аптығып. Ат үстінен еңкейіп қақпаны ашып, аулаға кірді, ат үстінен ойқастап терезені тықылдатты. Іштен жауап тез болмай, терезені қаттырақ ұрып еді, қамшының темір сабы тиіп кетті ме, шынысы шылдыр ете қалды.

Көбей женіл киіммен атып сыртқа шықты.

– Ау, не бол қалды? – деді үрейленіп.

– Не бол қалды дейді, ей! – Айтқали ашудан аузына сөз түспей булықты.

– Айтқалимысың? Не бол қалды, айтсаңшы?

– Сен орманды өртеп кетіпсің... Үқтың ба? Киін тез, тауға барасың!

Көбей абдырап, Айтқалиға жаутандай қарады.

– Тез киін деймін...

Көбей сасқалақтап, үйге қайыра қойып кетті. Шапшаң киініп қайта шықты. Үн-түнсіз атын ерттеп, Айтқалидың соңына ерді.

– Әй, күрек пен шелек ал, өртті жалаң қолмен өшірейін деп пе едің! – Айтқали көшеге шыға бере әкірең қағып айғай салды.

Көбей үйге қайырылып, айтқанын орындаپ, аула ішінен күрек пен шелек алыш шықты.

— Ал, қанеки, алға тұс!

Ауылдан шыға Айтқали құрдасын алдына салған.

Көбейде үн жоқ, ердің қасына құрегін көлденең ұстап, шелегін даңғырлатып желе жортып тартып барады. Кінәсін үнсіз мойындаپ, иығы біртүрлі қушиып қалыпты.

Әншнейіндегі қотыр тілді құрдасының сопы бола қалғаны Айтқалидың тағы шамына тигендей еді.

— Әй, Көбей, — деді үзенгілесе қатарласып. — Орманды өртегенің үшін, білесің бе, саған нендей жаза қолданарын?.. Білмесең айтайын... Айдаласың, достым. Кол-аяғыңды кісендеп, Колымаға жібереді.

Көбей жақ ашқан жоқ, мойнын ішіне алыш, бұлкең-бұлкең желіп барады.

— Сен вредителсің! — деді Айтқали шамдана айқайлад. — Сенің кесірің енді мыңға тиетін болды... Сенің кесіріңнен Алтайдың шабындығы өртеніп, жұрт биыл қыс шөпсіз қалатын болды. Халықтың малы қырылып, жұтайдын болды...

Көбей жауап қатпады, қылмысын мойындағандай одан сайын қушия тұскен. Қыршаңқы құрдасының жігерін жасытып, жүндей тұткенине Айтқалидың айызы қанып келеді.

— Әй, Көбей! — деді. — Орманды өртегенің үшін көкеңе танитын болдың. Өзің де соңғы кезде біреуді басынып, біреуге қасынып, тым-тым кердеңсіп кетіп ең... Шоқ саған! Ноқталы басың керіліп, қытығың басылатын болды енді.

Көбей жауап берген жоқ, бұрылып бұл жаққа бір қарады да, атын тебініп қалды.

«Жанды жерінді енді бастым білем», — деп Айтқали ішінен алақайлад жіберді.

— Солай, достым. «Әр кемелге – бір зауал» деген. Сенің де кердендеген күнің осымен бітті. Қалай, мойындаісың ба оны?

— Шәңкілдемей кетші әрі!

Көбей оқыс дүңк еткен. Айтқали бұл сөзге шалқасынан түсе жаздады.

— Не дедің? — деп қайыра сұрады. Ашумен айтқан шығар, жаздым-жанылдым деп, тіл тигізгеніне кешірім сұрап деп еді:

– Шегірткенің айғырындай шәңкілдемей кет өрі! Құлағымды сасытпа! – деді Көбей.

Кешірілмес қылмысы бола тұра құрдасының мұншалық өктемсүі Айтқалидың санасына сыймады. Тілі күрмеліп, сөзінен шатасып, кейінде қала берген. Ұрымтал сөтте есесін жібергісі келмей, аздан соң тепеңдеп тағы да құрдасын қуыш жетті.

– Эй, Көбей, сен онбаған адамсың, – деді үніндегі дірілді сездірмеуге тырысып. – Жіңішкелеп, жымқырып сен талайды құртып жүрсің, білдің бе?

Бұл сөзді не мақсатпен айтқанын өзі де түсінбеді. Мұқатып, сөзін батыра тұсу үшін баяғы бір естігенін де шындағы ғып қосып жіберді:

– Сенің былтыр күзде Мұқтарғазы қойшыға барып, еркек қойынды аударып қайтқанынды да білеміз. Үқтың ба? Сен де, Мұқтарғазы да өкіметті алдаған қылмыскерсіндер. Сендердің күндерің өткен. Қазіргідей «перестройка» кезінде сендер се-кілді алаяқтарға арамызда орын жоқ. Үқтың ба?

Көбей тізгін тежеп, бар денесімен Айтқалиға бұрылды.

– Кет өрі өтірікті соқпай! – деді сызданып.

– Түк те өтірігі жоқ, – Айтқали да шабалана түсті. – Бәрі – шындық. Сенің Айшамен ашына екенің де шындық. Ел-жұрттың бәрі біледі. Иллаңи!

Көбейдің шелегі даңғырлай домалап, төмендегі тасқа барып соғылды. Аттар осқырынып, құлактарын қайшылай қалды. Шатақ шығаратын шығар деп сасып еді, Көбейдің даусы сабырлы естілді:

– Үн демегенге үяң бәріктеу ме деп жүрсем... қалай-қалай бұрып барасың, ей?

– Шындықты бетке айтқанға сен шамданба! Үстінен жалғыз жапырақты жазып кеп жіберсем, күніңнің қараң екенін сеземісің? Так что, тіліңе абай бол... Енді, міне, өкіметтің орманын өртеп жібердің... Мен саған бағана ескерткем. Сен соны біле тұра маған қырсығып, өдейі өртедің. Солай, шырағым! Әктіге біз солай деп тіркейміз.

– Осыншалық іш мерез пасықтық бойына қайдан жүк-кан? – деді Көбей. Былш еткізіп былай бір түкірді де, атын тебініп жүріп кетті.

- Не дейсің? – Айтқали тепендер тағы да үзенгілесе ілескен.
- Кетші әрі! – деді Көбей. – Бар, әктінді жаза бер, несіне сұмендер еріп келесің соңымнан...
- Сұмендер дейді, ей... Мен сені алдыма сап айдал келемін...
- Айдамасаң да адаспай табармыз.
- Тапсаң тап!.. Бар да өшір өртті. Осыдан өшіре алмасаң, маган келіп жалынба!
- Жалынбадым!

Айтқали амалсыз тізгін тежеді. Көбейді біршама жер оздырып жіберіп, асықпай аяңға ауысқан.

Ақшоқының биігін күн шалып, төңірек ағара бастапты. Тау алқымын бектерлеп, тағы жарты сағаттай жүрді. Көбейдің шабындығына жеткен соң, әріге кірмей атын ағаш арасына қалдырған. Өзібаспалап, сай табанын болжады. Көбейкеудесіне дейін жалаңаштанып шешініп тастапты, пышырлады жанған бүр қабаттарын аударыстырып, жанталасып жүр. Бағанағыдай емес, терендегі өрт жылтырап сыртқа шыққаны байқалады. Енді бір жарты күн кешіксе, Көбей түгіл көпшілікке күш бермес еді. Айтқалидың да есебі тұра екен, бұл жерде әзірге бір адамды діңкелетер шаруа бар тәрізді.

Көбей күрегін тастай бере, күпәйкесімен жер сабалап кетті. Сосын тағы да күрегіне жармасып, жер қопарып, топырақ шашып арпалысып жатыр. Денесінен шыққан тердің буы таңғы салқында селдір тұтінге үқсайды. Құрдасының ақ тер, қара тер бол жанталасқан қимылы Айтқалидың айзын қандырғандай. «Шоқ, шоқ! – деді тыжырынып. – Сендей сұмырайға сол керек!»

Арада бірқауым уақыт өтіп, күн сөулесі сай-салаға көлбеп түсебастады. Әр тұстан құстардың сайраған үні шықты, жақын маңнан елік өупілдеді. Тыным таппай арпалысқан Көбей де жер астын кеүлей жанған өртті еңсерейін деген. Өрт көлемі қусырылған сайын Айтқали да мазасыздана тұсті. Сонда қалай деп ойлады, өшіріп болған соң Көбей түк көрмегендей қайқайып үйіне қайтпақ па? Жауапқа тартылмай, сүттен ақ, судан тазамын деп сыйылып шыға келмек пе? Ең ақыры, бұл Айтқали оған акті жасап, құйыршығын бұрау мүмкіндігінен де айырылып қалмақ қой? Жо-жоқ, ондайға жіберуге әсте болмайды. Көбейдегі сұмырайды шенгелді уысынан енді онайлықпен шығара қоймас бұл Айтқали.

Жерді тұртқілеп, қос уыстай кепкен шөп жинады. Жинаған шөбін білектей бір таяқтың басына байлады. Шөп байланбай, берекесі кетіп, шашыла берді. Шөпті ұстаратындаі бір тілім шүберек жыртып алмақ оймен ышқырын босатып, көйлегінің етегін шығарды. Жуырдаға сатып алған жап-жаңа көйлек еді, етегі оңайлықпен жыртыла қоймады. Тісімен тартып, құштеңкіреп жіберген: қайран көйлек дар етіп жыртылып, қолтықтан бір-ақ шықты.

Жыртып алған шүберегі енді молынан жетіп, шөппен қоса оны да ағаштың басына добалдаپ орап тастады. Оралған шүберекке бәкінің ұшымен қарағайдың тамшылаған шайырын жинап, жұқалап жақты.

Осылайша факель дайын болған кезде атына мініп, былайғы тасалау тұсқа барды да, шырпымен тұтатып жіберді. Тұтанған факелді көтере беріп, қасындағы самырсынның бүріне тигізген. Самырсынның майлы бұтағы лау ете түсті. Астындағы аты да осқырынып, өзі де шошып қалды. Бойын тез жинап, факелді құлаштай сілтеп, екінші бір самырсынға қарай лактырды. Алау самырсынның орта тұсына барып ілінген, ол самырсын да пышырладап жана бастады.


— Ал енді, маған десе азынды айға біле! — деді соңына сақылдай бұрылып.— Жыла, өкір, иіс тиіп, сеспей қат!.. Мен ескерткемін саған!..

Сөйтті де, аттан салып хабар беру үшін ауылға қарай атын борбайлап шаба жөнелді.

1986 жыл

СҮРГЕЛЕН

Повесть



## Жұмбак жолаушы

Төсектен тұрғысы келіп үш ұмтылып, тұра алмады.

Белі шойырылып, шойындаі сіресіп қалыпты, шеңгелдең қысып жіберер емес. «Масқара-ай! – деп қиналды ішінен, – бойында жаны бар пенде көкжамбас бол күн шыққанша жатар ма?»

Ауру-сырқау деген пәреүейіне де кірмеуші еді, аяқ астынан бұлай боларын кім білген?.. Қайдағы бір бәле беліне сайтандай сап етіп, кешелі бері көзіне көк шыбын үймелетті ғой. Қайтер дейсің, өзі-ақ бірдене етіп кететін шығар деген үміті де бекер болды. Ұзак таңда кірпік ілмей, белін басып ыңыранды да қойды. Ауруға осыншалық бой алдырып, бір-ақ күнде сүйретіліп қалғанына қарадай жыны келген. Тұз тентіреп, тағы қып жүргенде – қараша тауын қар алғанын да аңғармай қалған-ау бұл бейбак! Бүйте берсе, кебіні жоқ, көрі жоқ, ит пен құска жем болып, көмусіз қалар түбінде.

Қайратын жинап, зордың күшімен төсектен тұрды. Тұрды да, қол-аяғын қозғалтып, бүгілген белін, құнықсан кеудесін тіктеген болды. Бәрібір одан оңала қойғаны шамалы, қайта қозғалған сайын белге тиген бәлекет бүрістіре тұсті.

Таңғы сәуле шатқалдағы сай табанына сыздықташ түсे бастаған кезде сүйретіліп сыртқа шыққан. Тау аңғары буалдыр сағым астарында толқи дірілдең жатыр екен. Жан-жақтан қаумалаған қарағайлы қалың орман болымсыз мұнға батып, түнере түнжырап тұр. Аспандағы будақ-будақ қою бұлттар шығысқа қарай жөңкіліп барады. Тегі күн райы бұзылатын сияқты. Бұл жаққа қазанның қара желі елден ерек жетуші еді. Арқаны кеңге салып қамсыз отырған жанға қазанның

қара сұығы қыстан бетер... Күн салып сыйрайып, көк жүзіне құдіктене көз тастап қойды.

Мықшыңдаң табалдырықтан түсіп, үйдің оң жағына былтыр өзі байлаған қараны сыпрып таstadtы.

Бұлғандай еркелеп, аяғына Сырттан оратылды. Таймас құлағын тікірейтіп, басын көтергені болмаса, жатқан жерінен тапжылған жоқ. Иттерін таң бозынан тамақтандырушы еді, иесінің сол дағдыдан жаңылғанын төбеттің екеуі екі түрлі қабылдаған секілді: біреуі сілекейін шұбыртып, қыңсылап алдынан шықса, екіншісі, әне, өкпелегендей желке жүнін құдірейтіп, міnez көрсетіп жатыр.

– Сөл шыдандар... Қазір бәрі болады!

Сүйретіліп жүріп, иттеріне тамақ берді. Бұл шаруаны ыңғайлаған соң табалдырыққа қүйрық басып, аяғын сірестіріп алшысынан тастай салды. Осылайша, күнге жүз беріп, шуаққа қыздырынып ұзак отырды.

Күн табағы қобыланған терістік қырқаның жиегімен дөңгеленіп жүзіп барады. Бұлт арасынан шұбыртып шыға келгенде болмаса, жылуы мардымсыз. Әйтсе де, шым-шымдаған жылымық шуақ мұрның қытықтап, маужыратып барып түшкіртіп жіберген. Бүйтіп түшкіргені бар болсын, белі құрғыр саудырап, денесі шашылып қала жаздады.

– Ат-т-тана нәлет! – деді ауырсына тыжырынып.

Сырттаның жемін аңдып, сүмшиіп бұтақта отырған ала қарға оқыс дауыстан жалп-жалип орман ішіне сұңгіп кетті. Былайғы шетте жайылып жүрген Күрені де құлағын қайшылап, басын кекжите қалды.

Табалдырықта жалпиып қарекетсіз күнүзак отыра беруге шыдамы жетпеді. Ұмтылып орнынан түрды да, үй іргесіндегі тас тұмаға барып, білегіне су жүгіртіп, бет-аузын шайды.

Бұлақтың тостағандай көзі жасаурай жылт-жылт етеді. Шыныдай мөлдір, тұңғиық... Тоқтасынның боталаған жана-рынан аумай қалыпты.

– Құлыным менің! Құлыным-м-м... Сорлаттың-ау әкенді, қайран жалғыз!

Бет сипап жүз қайырып, бұлақ басынан күніреніп қайтты.

Көптен бері дәл өстіп қиналып, бұлайша торыққан жоқ еді. Әлде сайтандай жабысқан дерттің салдары ма, сан-сапалак ой

басын шырмап, тынышы кетіп, өбден жүйкеледі. Қазір де басы зеніп, мендуана жегендей мәңгіріп тұр.

Кеше кешке қарадай қабағы тартқаны бар. Оны да неге жорырын білмей, күдікшіл көңілі күпті болып қала берген. Жаман айтпай, жақсы жоқ, осыншалық аландап, жетімсіреген күйінен өзі де сескенейін деген... Шынымен бұл жалғаның дәм-тұзының таусылып, болат қанжардың бодаусыз шіргені ме? Жо-жоқ, бұл әділетке жатпайды... Алтайды өртеп жіберсе де, ол қарақшыны тығылған жерінен бір қуып шығады. Ұлының кегін қайтармай мұның өлуге қақысы жоқ. Өйтпесе несіне ерек бол туды?

Өзекті жанға бір өлім, қашсан да түбі құтылмасың белгілі. Әйтсе де, дәл қазір күні жетіп, мына дерттен үзіліп кетсе – көкірегінде божыған қыжыл, сүйегінде өшпес таңба кетері хақ. Бұл содан қорқады. Әйтпесе, мұның қарасы суалып, үміті үзілгелі кашан? Қараша үй, қамкөңіл мынау тіршіліктің базары бұл үшін әлдеқашан тарқаған...

Көңілі жабықса атын ерттеп, Шұңқыржұрттағы Байсал шалға барып, сыр ашып, шер тарқатып қайтушы еді. «Түйенің танитыны жапырақ» дегендей, иен тауда Байсалдан басқа қара тартары да жоқ. Аш күзендей бүкшиткен мына бәле бір жағына шықпайынша, әзірге Байсалдың да ауылы алыстау секілді.

...Ағайын-жегжаттың басын қосып, әйелі мен ұлының жылын беріп, ой жақтан кеше оралған. Ұзак жолда ат соғып шаршаған соң, жолай бір самырсынның түбіне қисая салып еді. Содан сап етіп беліне сүк байланған қалыпты. Құрғыры, мұның түнемей жүрген түзі емес еді ғой, есіл қуаттың ез бола бастағаны да, тегі!.. Қайнатып шөп ішіп, қыздырып түз баспаса, жолдан жабысқан мұндай дерт оңайлықпен шыға қоймайды.

...Айзада марқұмның басындағы сайғақ ағаш құбылаға қарай қисайып қалыпты. Топырағы да тапталып, мал тұяғымен шашылыңқыраған екен. Мұны көргенде онсыз да қаяулы көңілі қан жүтқандай қабарған. Сол үшін әдейі ауылда тағы бір күн еру болып, қатар жатқан қос төмпешікті шыбықпен өріп, шарбақпен қоршап таstadtы. Асылық етсе Құдай кешер, осы жолы ұлының оң жағынан бір кісілік орын қалдырып қайтты.

Ой жаққа ат ізін салмағалы да алты айдың жүзі болған еді. Сейтсе – көлденең өсек, көкала сөзден күлақ сарсығандай екен,

Қай сөзге сенерінді, қайсысына сенбесінді білмейсің. Елден безіп, бұның Жазатырды барып панаалағаны тайға да, танаға да мәлім болып шықты. Бірақ, осының жөн екен деген ешкім жок: ақыл айтар ағайын, ара қалыс жұрағаттың өзі қара басымен өбігер. Ақ патша тақтан құлап, төрт арыстың баласы – бүкіл ел бұлініп жатқан сияқты. Дүрбелеңнің дүмпуі бұл жаққа өзір жете қоймаса да, Жайсаңға барып қайтқан кірешілер жауды шаптырып, жабағыға сүріндірген жаңалықтар әкеліпті. Сөз-ерінің сиқынан адам шошиды: Ертіс бойындағы қалың андағұл іркіттей іріп, төскейде малы, төсекте басы қосылмай босқындан кетіпті... «Аумалы-төкпелі қыын заман туды» десіп, кірешілер еріндерін қайystай керісп отыр. Иншалла, осы айтқанның бәрі алыпқашпа сөз болғай. Әйтпесе әлгі немелердің әңгімесіне құлақ қойсаң – шынымен заманақыр таяғандай-ақ зәре-құтынды алады.

От жағып, су жылтыпак ниетпен жерошақ басына барып еді, идектеліп топырақта жатқан қоңыр ала теріге көзі тұсті. Таяқтың ұшымен іліп, теріні көтеріп былай тастады. Тәп-тәуір дүниені сүйретіп жұлмалап, қырық-шұрық жырымдал кетіпті. Қарабауыр, болмаса құнудың «шаруасы» ғой... Ойға түсер алдында, тауда атқан елігін үйге әкеліп бауыздағаны бар. Мұнысы – іш тартып, ырым жасап, әйелі мен ұлына бағыштағаны болатын. Еліктің етін кептіріп, терісін тұздап, тақтайға керіп, үй іргесіне сүйеп кеткен. Ендігісі, міне, сол терінің тамтығы ғана. Иесіз үйді даланың аны да басынатын секілді.

Күйбендең жүріп от жағып, алақандай қаңылтырға қос уыс тұз салып қыздырды. Қызған тұзды орамалға жая сеуіп, беліне тас қылыш орап тастады. Сосын шәугіммен су әкеліп, шай қойды.

Курені басын кекжитіп, құлағын қайшылай қалғанға бұл да елең ете тұсті. «Жол торып тұр ма, әлде бейсауат аң көрді ме екен?» деп ойлады. Шәуілдеп үріп, Сырттан сыңар аяқ жолға қарай жүгірді. Таймас жалғыз рет маңқ етті де үнсіз қалды: аң емес, адам болғаны! Курен шұрқырай кісінеп еді, орманның алыс түкшірінен тағы бір жылқы үн қосты. Байсалдың биесіне үқсамайды. Ендеше, мынау меніреу мекенге есі түзу жолаушы келмесе керек-ті?

Жел тиіп шойырылғанын да сәтке ұмытты. Үйден мылтығын ала шығып, былайғы самырсынның жықпылына барып бой тасалады.

– Әр азғанға бір зауал! Қарақшыны қан тарттырып, келтіре көр алдым! – деп сиынды.

Көп күттірген жоқ, ат жетектеген салт атты біреу орман ішінен қараң етіп шыға келді. Иығында бесатар, жүрісі алаңсыз. Қандыбалак Ерофейге ұқсамайды. Сонына ерткені бар шығар деп, әлгі жолаушы есік көзіне келгенше самырсынның таса-сынан шыққан жоқ.

– Әй, тамы-ы-р!..

Даусынан таныды, саудагер Ман-жу екен.

«Бұл алаяқ қай жақтан сап ете қалды? Жүрісі мезгілсіз ғой? Мені қайдан іздең тауып жүр?»

Тасадан шығып, есік көзінде ойқастаған жолаушыға қарсы жүрді.

– Мұның қалай?.. Тамырдан тығылғаның не?.. – Ат үстінде қылқиған қылдырықтай кісі ыржиып күлген болды. Бұл үндеген жоқ, қол беріп амандасты да, атты тізгінін жетектеп, қазыққа апарып ілді. «Меккеден тас көтеріп әкелгендей мін-детсуін мұның!» деп ойлады ішінен.

Саудагермен көптен бері таныс еді. Ман-жу арғы беттен жылына келіп қайтып жүрген қытайлық көпестердің бірі болатын. Олар жыл сайын Алтай асуындағы ақ қардың көбесі сөгіле шұбырып жететін. Керуенге артқан шай-шақпыт, киім-кешек, оқ-дәріні аңының терісіне айырбастап, ауыл-ауылды жәрменкеге айналдырып, табандатып бір ай жатып алатын. Қазақ тілін судай сапырған Ман-жумен бұл осындағы жәрменкеде танысқан. Сол жылы мұның бағы жанып, жай бұлғындарды былай қойғанда, нысаналы қара бұлғынның екеуін олжалағаны есінде. Қара бұлғынның терісін қолына ұстаганда Ман-жудың көзі жайнап, тілі күрмеліп, қайта-қайта жұтына берген:

– Каз-зак! – деді тұтығып. – Қазақ бұлғынның нағыз өзі!

Жылт-жылт етіп төңкерілген бұлғынның терілерін жекедара бөзге орап, былайғы көзден қызғанғандай түкпірге жасырып қойды.

Содан кейін-ақ, әр келген сайын Ман-жу керуен басын Қараманның үйіне тіреп жүрді. Екеуді төс түйістірген тамыр болып алысты. Бірақ қара бұлғын жайындағы Ман-жудың үміті ақталмады... Алтайды оңды-солды ойқастап, қаншама тентіресе де, нысаналы аң Қараманға қайтып кездеспей кеткен...

Ман-жуды биыл көрген жоқ еді. Байтал түгіл бас қайғы болып, тамырының жағдайын ойлауға шамасы келді ме! Жиған-терген азын-аулак дәuletін Айзада мен Тоқтасынның төрт науқанына шашты да, қайқайып Жазатырға шығып кетті. Содан бері тамыры түгіл, ағайын-туыстан да хабарсыз жатыр, мінеки.

— Сен, тамыр, менен қашып құтыла алмайды, — деп, Ман-жу әзілдеп езу тартты. — Жайлаудағы быр қазақтан естіп, мен саған әдейі келды.

«Қазақша сайрағанынды қайтейін, көңіл айтуда өрең жетпесе», — деп ойлады Қараман. Бірақ сыртқа тіс жарып, сөз шығарған жоқ. Қабырғасынан күн көрінген осы жігіт, әйтсе де, көңіліне қонатын. Өз басы саудагер десе қарадай жиренуші еді, шеттерінен құлан айлас, су жұқпас біреулер шығар деп ойлайтын. Ман-жудың ондай алаяқтығын әзірге байқаған жоқ. Шұршіт тамырын өңгіме етіп, бірде Байсал шалға көпіртіп мақтағанда:

— Пәлі, — деген шал мұртынан мырс етіп. — Саудагер қара танымас қу кедейге алалығын аңғарта ма? Саудагер дегенің таразыдан алда, безбеннен үтпаса, саудагер бола ма?

— Олардың құлығына құрық бойламайды, — деген Байсал тағы бірде. — Шұршіт болсын, сарт болсын — саудагер болған соң бәрі де бит ішіне қан құйған айлакер... Ол сұмырайлар сендерді теспей сорып жүр ғой, теспей сорып жүр. Ең жаманы сол — Алтайымның бар асылын арғы бетке тасып жатыр... Иә, тасып жатыр!

Байсалдың сол сөзі есіне түсіп, қуырдақ жеп отырған саудагерге қабақ астынан шола көз салып қойды. Түріне қарасаң, иманмен қаптап қойған ба дерсің. Арамдығы қай жерінде жатқанын ит біліп пе? «Адам аласы ішінде» дейтін сөз, тегі, рас шығар.

– Мезгілсіз келдің ғой, Ман-жу? – деді. – Менде қазір бұлғын жоқ!..

Саудагер орамалмен ернін іліп сүртіп, аңшыға бұрылды:

– Иә, солай... Мен анау Шабалыға бара жатыр. Саған жұмыс айтсам деймын.

Аңшы қонағына тостағанмен жалбыз шай ұсынды. Ман-жу ыстық шайды үріп үрттаپ, үй ішін қабақпен тінтіп шықты.

– Мен саған бесатар өкелды, – деді саудагер. – Коп-коп оқ-дәрі өкелды.

– Ниетіңе рақмет, Ман-жу! Әзірге менде мылтық бар.

– Бесатар... Ол жақсы мылтық!

«Жақсы екенін білеміз...» Аңшы шайды демдеген болып, үнсіз қалды. Өз мылтығы да жаман емес-ау, бірақ бесатарға қайдан жетсін... Ман-жу соны біліп, жанды жерден шеңгелді салып отыр. Соған қарағанда, мұның артында салмағы бар дүние болғаны ғой... Әккі сайтан-ай десеңші, жұз жерден тамыр болса да, көңілінде бір аланың бары рас-ау!

– Бесатарды саған мен тегін берды, – деді Ман-жу.

– Тамырдан тегін дүние алмайды.

– Жоқ, сен бесатарды алады! Маған қазір тері керек жоқ, маған мұйыз керек... бұғының мұйызы керек.

«Мынау ма?» дегендей, аңшы босағадағы бұғы мұйіз адабақанға иегін көтерді.

– Жоқ, кураған емес, сүйек емес... жас мұйыз керек. Оны «панты» дейды.

– Қазір Таразы туып, таң суыды, бұғының мұйізі де сүйектеніп кеткен шығар?

– Жоқ, мұйыз енды пысты.

Қараман маңдайын сипап ойланып қалды.

– Біреуі жете ме? – деп сұрады сосын.

– Жоқ, маған коп керек... Жұз мұйыз керек, мың керек.

Бар-барын сатып алам!

Саудагердің көкейін аңшы оншалықты ұғыныңқырамаған. Қабағын көтеріп, Ман-жудың жіпсік сарғыш көзіне шашыла қарады:

– Етімен қоса сатып алмақсың ба?

Ман-жу қулана езу тартып, басын шайқады:

– Сен маған тері сатты, сонда мен сенен ет сұрагам жоқ қой?

Аңшының қара сүр жүзінен қан қашып, боз мұрты жыбыр ете түсті.

– Әй, Мән-жу! – деді тілін тістеп. – Сенің бүгінгі қолқаң тоғайдың жаман тышқаны емес, мүйізі қарағайдай бұғы болып отырған жоқ па?

– Бұғы ма, булғун ба – маған бәрибир, – деді Ман-жу жылы жымышып. – Мен – саудагер, пұлзына пұл берем. Басқасын мен былмейды.

«Мынау қалай-қалай кердеңсиді-ей? – деп аңшының ішкі өлемін ала құйын соғып өтті. – Көңілі көкте, басы жерде ғой өзінің?.. Сөзінің сиқы жаудан бетер. Қараманның қазынасы қанжығасында жүргендей тықақтауын... Шалғайына жармаспаса арам қатардай көтерем шұршітке осыншалық кіріптар бола қалғаны несі? Бесатар бастан садаға... бесатар үшін Алтайдың бұғы-маралын қырып салар жайы жоқ мұның!»

Мәймәнжелетпей турасын айтып, тамырының бетін қайта-рып-ақ тастағысы келіп еді. Анау кірпік астынан көз тастап, мұның қабағын бағып, жұмсақ, жымия қалыпты. Ат арытып, алыстан іздең келді ғой деп, тамырының көңілін тағы қимады:

– «Көңіл – қазы, көз – таразы» деген, Мән-жу тамыр... Мұндай алмағайып шаруаға ендігөрі мені айдал салма, обалы екеу-мізге де оқ болып тиеді!

– Сен мықты аңшы, – деді саудагер. – Мықты аңшы ойла-нады, быр амал табады?

«Көкек сияқты мынау тағы да өз атын шақырды-ау, – деп қынжылды аңшы. – «Амалы» несі? Тағы нендей бәлені бық-сытып отыр? Күркіреуі бар да, жауары жоқ, бұл Қараман да сөзден тосылған ынжықтың біреуі болды-ау!»

– Мән-жу тамыр, өзінді көңіл жықпас сынық сөзбен шығарып салғым келмейді. «Әкесін өлтірсең де, бетіне айт» деген... Сенің қолқаң мені қарадай үркітіп отыр. Мың жерден мықты аңшы болсақ та, қолымызды қанға батырып көргеміз жоқ... Олай болса, осы арада бұл әңгімені доғарайық!

Жайымен айтқан сияқты еді. Ман-жу бүйі шаққандай ыр-шып түсті. Едениң қарағай тақтайын сықырлатып, үй ішінде арлы-берлі сенделіп кетті. Сарғыш өніне қан теуіп, маңдайын қайта-қайта сүрткілей берді. Аяғына кигені жұтынғандай

жып-жылтыр өміркен етік екен. Соған қарағанда осылар жол жүрсе де, жаңасын іліп шығады-ау, тегі.

Тамырының қытығына тигенін сезіп, аңшы іштей сазарып, тырп еткен жоқ. Саудагерді тығырыққа тірегеніне көңілі жайлапғандай. «Шамданса – шабына шоқ түссін!.. Бұларға салсан бас пайдасы үшін Алтайды өртеп жіберуге өзір».

– Мен бұл қазакты тусынбейды, – деді Ман-жу терезеден сыртқа абыржи тесіліп. – Барінде көкырек... Аштан өледы, бырак иілмейды. Сен болмаса мен жұмысты басқаға тапсырады. Мен сені сыйлас, тамырым деп келды. Ал сен менең ренжитеды...

– Мен ойымдағыны айттым, Мән-жу!

– Сен ертең мықты бай болады!

– Ендігі байлық менің не теңім?! – деді аңшы ауыр күрсініп. Ман-жу мұның сөзіне мән берген жоқ, үстелге жақында, бұрынғыдай жадырай жымышып, иығына қолын салды:

– Ойлан, тамыр, – деді. – Сен менең ренжитпе. Көпке шама жетпесе, онда аздап дайында. Мен саған мүйіз дайындаудысын үйретеды, спирт береды, ол керек болады. Бесатар, оқдәрі береды. Олар керек болады!

Саудагердің тілі қабактағы қарды еріткендей еді. Іздегені бірерғана мүйіз болса, бірдене етіп ретін табармын деген оймен, үнсіз келісті.

– Мен күзде келеды! – деді Ман-жу ертесінде атына мініп жатып.

– Сен өйтіп күн кеспе, тамыр, – деді аңшы басын шайқап. – Күпірлік болады!

Ман-жу мұның сөзін құлағына да ілген жоқ, атын шаужайлас, қыңырайып қыр асып кете барды.

## Жайсыз жаңалықтар

Кешегідей емес, беліне тиген желдің зәрі қайтыңқыраған секілді. Саудагер тамыры қолынан келген ем-домның біразын жасап кетті. Қолымен белдің желін үзіп, соңынан сорғалатып орамалмен спірт басты. Қараманның өзіне де мөлдіретіп жарты тостағанды тартқызып жіберген. Құрғыры осыншалық зәрлі

болар ма, от жұтқандай сезініп, сәтке тұншығып қалды. Буын-буыны босап, көзі кілиіп барып қалпақтай ұшып тұскенін біледі. Ман-жу көрпемен тас қып қымтап тастанты. Тұні бойы бусанып, моншаға түскендей-ақ ағыл-тегіл терледі-ай дерсің.

Саудагерді шығарып салған соң, өзі жатқан көрпе-жастықты құн көзіне жайып кептіріп қойды. Тұнде шешінуге де шамасы келмей, төсекке шалбармен қисайыпты ғой, содан елтірі шалбарының иі жібіп, езіліп кетіпті. Ауыстырары болмаған соң, амал жоқ, құнге қарап талтайып, ұзак қақталды.

Қайыңның қабығынан жасалған тоз күбіні қолтықтап, бұлақ басына барды. Су бетіндегі өзінің бейнесіне көзі түсіп, бет-аузын сипалап біраз отырды. Сақалы сапсиып, мұрты салбырап, кеспірі кержақтан аумай қалыпты.

Тоз күбіге толтыра су құйып, есік көзіндегі томардың үстіне әкеліп қойды. Сосын су бетіне қарап отырып, ұстарамен сақалын қырып, дүкертпен мұртын басты.

Тұра бергенде жейдесінің шуда бауы тағы да тырс етіп үзіліп кеткен. Даусын шығара әлдекімді сыбап өтті де, тер сіңіп шіріген бауды үшінші жерден түйіншектеп жалғаған болды.

«Қатынның да зары өтіп, жалғыздық әбден жүдettі-ay!» – деп ойлады ішінен. Киім біткеннің қолтырмашы сөгіліп, шабуы сетінеп, жырымдалып түсіп қалудың аз-ақ алдында жүр. Көк тебенмен ілекерлеп, өр тұсынан бір жөргеген болады... Бұтақарағанға ілінсе болды – пүшпақ жұндей түтіліп қалғалы тұр.

Ман-жу берген бесатардың майын сұртіп, сұнгуірмен оқпанды тазалады. Қолға ұстауға ыңғайлы, ықшам ғана дүние екен. Атуын сынап, майын алайыншы деп, қорабына толтыра патрон салды. Нысана ізdep төңірегін шолып еді, көзге ілінер қарайған таба алмады. Сосын тастебеде қалықтап жүрген қарақұсты көздеместен қатарымен екі рет тартып жіберген... Аспанда шудадай бүркырап бір уыс қауырсын қалды. Қарақұс қалбалактаپ қалың самырсынның үстіне құлап түсті. Сырттан шәуілдей үріп жолға жүгірді.

Алғашқы оқтың шырқырап беталды лағып кеткенін жазбай таныды. Атқан оғы мұлт кетпеуші еді, мылтықтың мұкісі бар-ау, тегі? Әлде бесатарды қолы құрғыр жатырқап жатыр ма?

Шәуілдеп орман ішінде жүрген Сырттан әлдебір ала сиырды тырқырата қуалап, есік алдына айдал әкелді. Байсалдың

сиыры екен. «Қарасан келгір, бұл қайдан жүр? Шал байғұс табанынан тозып іздейді-ау енді».

Ала сиыр аю көргендей аңшыға үдіреіе қарады да, «сенде шатағым жок» дегендей сабау құйрығын бір бұлғап, есік алдына жайбақат жайыла бастады.

Амал қанша, сиырды айдал түс ауа енді Байсалдікіне барып қайтуға тұра келді. Ақзия кемпірге монша жақтырып, белін булағаны да жөн шығар. Суға шомылмағанына да біршама болыпты, кір-қоқыстан арылмаса, торғауыт бол кетіп жүрер тегі. Осы ойға тоқтап, төсек-орынды жинастырып, үйге кіргізді. Қүйбендең үй ішінде жүр еді, тағы да Сырттанның шәуілдеген даусы естілген. Жалма-жан терезеге тұтқан қарынның тесігінен сығалап, шықарға үңілді... Жалпақ Жазатырдың қиыр төріндегі Қараңғысайды табу, ол жердегі Қараманнның қараша үйінің үстінен дөп түсу жол білетін жолаушыға да оңайға соқпайтын. Ізін аңдып, әдейі іздең жүрген біреу болмаса, былайғы адамның бұл жаққа келуі де екіталай. Сондықтан бөгде дыбыс, бейсауат жүрістен Қараман қашанды секем алып, анығына жеткенше жасырына тұрғанды дағдыға айналдырған. Сырттанның шәуілі сап тыйылды да, ағаш арасынан қараң етіп Байсал шыға келді. Томағалы бүркіттей торы атына қомдана мініп, еңселі отыр.

— Әй, Қараман, бұл не атыс? — деді сонадайдан дауысталап. — Үні бөтен болған соң әлгі қанішер келіп қалды ма деп едім... Барсың ба, әйтеуір?

Қараман қарсы жүріп, шалды сүйемелдең аттан түсірді. Байсал ауыз жаппай сөйлеп жатыр:

— Төстабандап неғып жатып алдың? Әне келеді, міне келедімен сені күтеміз деп кемпір екеуміздің көзіміз талды...

— Айып бізден, Байсеке!.. Сиырыңызды алдыма салып, бүгін жетейін деп едім, Құдай айдал өзіңіз келіп қалдыңыз... Халыңыз жақсы, күйлі-қуатты боларсыз? Мал-жан аман болар?

— Бізден нендей хал сұрайсың... тісі сары қақ қайрақ болдық. Құз де келді, мінеки, сұзы сұық... Қылышын қылышылдатып іргеде қысың да тұр, әнеки... Тоғыз қатынның толғағы қатар жеткен қарбаласта жаман шаруадан нендей хал сұрауға болады!

Қараман үйге кіріп, төрде жатқан аю терісін дырылдатып сыртқа сүйретіп шықты.

– Пәлі!.. Мынау былтыр күзде ұстаған кіrekейдің терісі-ау, тегі? – деді Байсал тамсанып. Сосын күренсе үстіне төселген аю терісіне малдас күра жайғасты. Ұзак отырамын дегендей қонышынан бипаздаш шақшасын суырып, шырт түкіріп қойып, төңрегін болжады.

– Әй, найсап-ай! – деді үйдің сыртында жапалап тұрған ала сиырына көзі түскенде. – Дұbara туған бұзау еді, қарасан келгірдің ысқаяқ боларын сонда сезгем. Мынау Қараңғысайды мен өзөр тапқанда, бұл найсапқа дауа жоқ екен ғой!

Қараман Байсалдың атының ерін алғып, отқа жіберді де, өзі еңкейіп, шалдың қасына тізе бұкті.

– Дұbara туғанына қарап құнарсыз қияңқы болар деп едім. Құдайға шүкір, сүтті шықты... Әйтпесе, баяғыда соғымға жығып құтылар едім осы бәледен.

– Ала сиырға кәдімгідей ашулысыз ғой, Байсеке?

– Қайтемін енді... Бәріміз осы жаманның желініне телміріп отырған соң... Аю талап, ит-құс тартып кетті ме деп қауіп-тенесің. Осыны іздең бармаған жерім жоқ... Таң атқалы Алтайды алты айналған шығармын!

Қараман жерошаққа от жағып, үстіне қисайтып шәугім қойды. Бой жазып қимылдағасын ба, белі кешегідей емес, әжептәуір оңалып қалыпты.

– Әлгіндегі не тарсыл? – деді Байсал. – Осы жақтан шықты ғой, сен естідің бе?

– Мән-жу тамырым келіп, маған бесатар сыйлап кетті. Жаңа заттың майын алайын деп мылтық атқан мен...

Байсал Қараман ұстатқан бесатарды аударып-төңкеріп, құндағын сипалап сүйсіне қызықтады.

– Жақсы сайман екен! – деді, әлденеге келіскендей басын шұлғып. – Мән-жу дейсің бе?.. Ол құрғыр бейmezгіл уақта неғып жүр?

– Анығын айтқан жоқ, жеке шаруасымен Шабалыға кетіп бара жатқан сияқты.

– Жөн, жөн! – деді Байсал мылтықты қайырып жатып. – Бесатар сыйлағанына қарағанда, шұршіт екеулеріңің араларың майлы қасықтай ма деймін.

– Тектің атасының өлгені қашан, Байсеке! – деді Қараман, – «Біреудің тауығын алсаң – қаз байла, малын алсаң – қыз байла» деген емес пе? Мұның да артында аманаты бар дүние ғой.

– Пәлі, жақсы айттың-ау, Қареке! – деп Байсал кеңк-кеңк күліп алды. Аңшының жауабына өзгеше рақаттанып қалған сыңайы бар.

Жасының біразға келіп, шау тарта бастағанына қарамай, Байсал еңселі отыр. Кезінде атан тұлғалы, сіңірлі кісі болғанын осы бір сергек қымыл, сезімтал отырысы да аңғартқандай дерсің.

Екеуі шүйіркелесіп, сораптап шай ішісті.

– Дәмін білмеймін, жалбыз қосқан шайыңның иісі танау жарады! – деді Байсал мұрнын шүйіріп.

– Был жалбызды да, шайқурайды да молынан кептіріп алдым. Әсіресе шайқурай был жазда жақсы гүлдеді ғой.

– Оның да жөн екен... Аққүйрық шайды аңсан, қашанғы Піліп көпестің аяғына бас үрамыз!

Байсалдың күн сүйген өжімді маңдайы жылтыраш терлей бастады. Беліне байлаған орамалының шетімен маңдайын сұртіп, сығырайып, Қараманың шаруа жайына көз жүгіртті.

– Үй жұмысына келгенде сен де олақсың-ау, – деді басын шайқап. – Түйе үстінен сирак үйтіп, әбден дала безер болып кетіпсің, тегі!

– Үйі сынық еркектің күні осы да, Байсеке?

Аңғар бойын қуалап аздал желемік тұрып еді, самырсын басы шулай жөнелді. Мұрынға шайырдың иісі келеді. Жерошақтың арғы шетінен шегіртке шырылдады. Жоғарыдағы тұп тобылғы жақтан тарғактың тарғыл даусы шықты.

Байсал сығырайып күн салып, аспанға қарап қойды:

– Былғы күз шүлен мінез танытып тұр ғой! Құдайға шүкір, шаруаға жайлы, ерінбеген пенде есесін был алады.

Қараман жерошақтың жылтыраған шоғын сөндіріп, жел жағына қалқа қойып, бетін жапты.

– Ойға түсіп, ұлың мен өйеліңнің жылын беріп келді деп есіттім, қайырлы болсын! – деді Байсал.

– Айтсын, Байсеке! Құдай алдындағы актық парызымды өтеп, екеуіне төрт Құран аудартып қайттым...

Байсал «болдым» дегендей кесені былай ысырды да, ала-канымен сақалын сипап, ойланып қалды:

– Төрт Құран дейсің бе?.. Мұның жөн болған екен. Аруақ риза, мен риза, Қараман шырағым. Ой жақта қандай өзгеріс бар екен?

– Пәлендей ештеңе жоқ секілді... Малы бары – жайлауда, малы жоғы – жатақта. Жылдағы тірлік баяғы.

– Жайлаудың да қан базары тарқағалы қашан? Қүзеуге де ойысар кез келді ғой, – деді Байсал.

«Сүтсіз шай шалдың көңілін ашпады білем, – деп ойлады аңшы. – Текті сүйектің қарқарадай қарты бұл сияқты еркекшора дастарханды місе тұтсын ба!»

– Байсеке, асықпаңыз, қазан көтеріп ет асайын?

– Оған өуре болмай-ақ қой... Осы ниетіңе де рахмет!

Шал тері тулақтың шетін ала еңкейе берді де, қалтасынан сарғайған беторамалын шұбата шығарып, мұрнын сұртті. Қаттырақ қысынқырап жіберді ме, бұжырланған мөмөзігі қызыарып шыға келген. Сарғыш жанары сырғақси бергеніне қарағанда, шал өлденеге аландаап отырғанға ұқсайды. «Маған бірдеңе айтуға батпай отыр-ау, тегі», – деп жорыды аңшы.

– Кездескен сайын өзінізден сұрауды ұмытып журмін, айтыңызшы, Байсеке, осы сіз неше жастасыз?

Шалдың көмейіндегісін суырмақ ниетпен сұраған еді, ерсілеу шықты ма деп, онысына өзі ыңғайсызданып қалды. Байсал көзінің суағарын саусағының ұшымен сұртіп қойып, жауап беруге асықпады.

– Мешін жылы туыппын... Қазір ақсақалдық мүшелден сегіз-тоғыз жас астық қой.

– Пайғамбар жасынан өткен екенсіз? – деді Қараман шалдың жасын ойша шамалап.

– Тұлпар мініп, ту тігер жастан кеттік қой! – деді Байсал.

Шалдың қитыққан жауабына Қараман күліп жіберді:

– Апрым-ай, Байсеке, ылғи да байқап журмін, қазактың аузымен құс тістеген нағыз қара тілі сізде ме деймін.

– Сені де көптен білем ғой, сен де қара тілден кенде емес қарағымның бірісің!

Байсал сырма шапанының шалғайын жиынқырай қомданды да, жөткірініп қойып, аңшыға жүзін бұрды.

— Ау, Қареке! — деді. — Құлак қойсаң, саған айттар сөзім бар... Сен дежасы сәске мәлден өткен жансың. Ендеши, мына тірлігіңе қарап, қарадай түңіліп отырмын. Менің сөзімді көніліңе ала көрме... Сырмінез болатын болдың ғой. Сыртым ашы болса да, ішім тәтті... Сондықтан өзім деп саған айтып отырмын.

— Құлағым сізде, Байсеке... Айта беріңіз.

— Айтсам сол... Құдайдың құзырынан тірі пенде қашып құтылған емес... Жазу солай болған да... Қарақшыдан кек қуалап қайтесің? Сау басыңды саудаға салмасаң деп едім... «Арамдықты адалдық жеңеді, жамандықты амандық жеңеді» деп атам қазақ білмесе айта ма?! Сен ақсың, ал аққа — Құдай жақ. Қарақшының қанын мойныңа жүктегенмен, ұлың тірліп, енді қайтып келмейді саған!..

Аңшы қабақ астынан Байсалға көз тастап өтті. «Қайдағы бір жайсыз сөзді бастады-ау», — деп қиналды ішінен.

— Біз де өзің секілді ежелгі бір шор аяқпыз, — деді шал әңгімесін ұштал. — Қайнаған ондай қыжылды, Құдай біледі, қай-қайсымыздың да көкірегімізден табуға болады. Біреудің жоғын жоқтап, ақты аныққа шығарар жанашыр бар ма бүгінде? Амал жоқ, аузыңды айға білейсің де қоясың. Әйтпесе, инені жіпке тізіп есе іздесек — біздің бәріміз баяғыда айдалып, ит жеккенде шіріп жатар едік... — Байсал бүйра насыбайын маңғаздана тартып-тартып жіберді. Сосын алақанын қағып, тулаққа суртті. — Мен сенің әкеңді жақсы білуші едім, — деді. Насыбайдың әсерінен шамырқанып, көзі жасаурап кетті. — Қашан да қанжығасы қандалып, мылтығы майланнып жүретін олжалы кісі болатын. Бірак, бұл өмірден адал қара бүйір-май-ақ өте шықты жарықтық. Қараман қалқам, сен де кебенек киген кеуделі азаматсың. Саған айтайын дегенім — әке жолың қайталамасаң деп едім... Тұз тағысын қуғаннан береке тапқан пендені өз басым көргемін жоқ. Атам қазақ аңшылықты көсіп қылмаған, ермек санаған.

— Тым ертерек ақыл қостыңыз-ау, Байсеке! — деді аңшы зілсіз ғана. «Шалдың бірді айтып, бірге кеткені несі екен?» — деп іштей таңданған да болды, бірақ үлкен адамның сөзін бөлмеуге тырысты.

— Олай деме, Қараман, — деді Байсал екпіндей сөйлеп. — Қабырғаң қаусап, мен секілді қартайып тұрған жоқсың сен.

Құдай алдындағы міндетінен құтылған екенсің, ендігісі ортан қолдай азаматтың қу тізесін күшақтап құр отырғаны жараспайды. Жалғанның дәм-тұзы таусылғандай тузырыла берме. Бас құра, Қараман шырағым. Қайдағы бір қыырда қыңырайып жатып алмай, ойға тұс, елге қайт... «У жесен – руыңмен» деген. Сендерің тезек ол жақтан да табылар.

– Піліпке барып, жалдан дейсіз бе сонда? Жоқ өлде Жайсаннан кіре тартып, қарақшыға жем бол дейсіз бе?

– Өне, бұларға шындықты айтсаң, шаптығып шам көреді. Минездері тарпаң тай сияқты-ей!

– Faфу етерсіз, Байсеке!

– Жалғыз сені емес, анау біздің ұлдарды да айтып отырмын.

– Faфу етіңіз...

– Жарайды... Сөйтсе де, бір байқағаным – жалғыз жүремін деп, тауаның тарылышы барады-ау деймін. Тым шамжөссің. Ұсқын-кейпің болса мынау... Іннен шыққан суырдай солып кеткенің. Осыншалық бордай үгіліп, жасуға болмайды ғой? Еңсенді көтерсөңші былай... Саған ақылды мен айтпағанда, мына иен тауда кім айтады дейсің!

– Ақ ниетіңізбен ақтарылғаныңызға раҳмет, Байсеке!.. Айтқаныңыздың бәрі де көкейге қонады. Бірақ деймін, жауырды жаба тоқи салатын тексіз дәрменсіз мен емеспін. Ол итпен қанжығада көрісіп, қанды басын байламай мен етекке түс алмаймын. Сүйекке түскен таңбаны қанмен жумасам – атабаба аруағы алдында күнәһар мен болам.

Байсал бурыл басын сипап, үндемей отырып қалды.

– Қап тубіне сыймаған сен де бір қара қамшы болдың ғой, – деді болымсыз күрсініп. – Біздікі әншейін ескіліктің қолқасы да. Әйтпесе, біреудің жөнін жөндеп, жол көрсетер шама қайда? Ақылымыз өзіміздің алқымымыздан аспай жатады.

– Көніліңізге дық алдыңыз білем, – деді Қараман. – Болса да, менің кесімді сөзім жаңағы, Байсеке!

Балқарағай тубіндегі қураған бүр сыбыр ете түсті.

Іле жерде жатқан шірік бөрененің тасасынан қара жолақ баршатышқан жылтың етті. Қауіп-қатердің жоғын сезген соң, ыршып бөрененің үстіне шықты. Көзі жыптылықтап, ағаш үстінде шоқып шамалы отырды. Тұтамдай ғана алдыңғы

екі аяғы шолтаң-шолтаң етеді. Сонын тарақталған қоңыр ала құйрығын сылаң еткізіп, шөп арасына сұнгіп кетті.

Екі арадағы жайсыз үнсіздікті Байсал бұзды:

— Ол сұмырайдың тұрағы жоқ түрлаусыз біреу көрінеді. Суға сіңгендей із-түзсіз жоғалды, әне... Табан аңдысып, кек қуғанмен енді қылар қайраның қайсы?

— Жұмыр тасты қойынға тыққаны рас болса — оның бұы үзакқа шыдатпас. «Ит дәндеген жеріне үйірсек» деген... Тубі Талдыбулаққа қайыра бір соғады.

Шал дау айтудан тосылған секілді. Қараманның қантардағы бурадай қабарған түріне кірпік астынан сынай көз тастап, басын шайқады:

— Шырағым, сен бір жолың ауыр азамат болдың. Райыңнан қайтар түрің жоқ көрінеді... Кек жолы — адал болғанымен, ал-мағайып іс. Ондайға ақ бата жүрмейді... Айдалада сүйеуің жоқ, жалғызысың. Шілтеннің шылауы тисін!.. Басқа не дейін енді?..

«Сөзім бітті» дегендегі, Байсал шырт еткізіп былай түкірді де, омырық сарғыш тістерін ырситып, тыжырынып қойды.

Қараманның көңілі түсіп кетті. Сыйлас ағасының жөнсіз әңгімеге бұрганына іштей қапаланды. Былайғы жұрт мұның ұлын тау басында біреудің мертең қылғанын білгенімен, оның кім екенін, неге өйткенін біле бермейтін. Ағайын-жегжат суыртпақтап сыр сұрап еді, қан жұтып қарайып алған Қараман оншалықты ашыла қоймаған. Ерофей екеуіне ғана аян болып келген сол құпияны тұнеу күні шым-шымдаپ Байсал шалға жеткізгені бар. Қара тартары осы шалғана болған соң, бұл да ет жүректі пенде емес пе, іштен тына беруге шыдамады. Сол жолы көкірегіндегі көк мұз аздал ерігендей болып, Байсалдың үйінен біртүрлі женілелейіп қайтып еді. Енді ойласа, сонысы бекер де болған сияқты... Мұның намысын қорғап, жоғын жоқтап жүргендегі, шалдың бүйтіп жөнсіз әңгімені бықсытқаны дұрыс болмады.

Аңшының іштей буырқанып отырғанын Байсал қабағынан таныды:

— Артық кетсем, жаман шалды сөге жамандама, Қараман шырағым, — деді. — Ат ізін айлатып әзер саласың... Жалғыз жүрген соң бірдеңе болып қалды ма деп те елеңдейді екенсің.

Оның үстіне ел сілкініп, жер қозғалып жатыр деген де сыйыс естіміз. Бізгежетпегенімен, күнгей Алтайда қашқын-сұргіндер де көбейіпті деседі. Тебінгіні терге шіріткен сендей азаматтар қапыда кетпесе екен дейміз. Пана болғым келеді... Бірақ мен байғұста қызыл тілден өзге не қауқар қалды?.. Қалқып қара көрсеткеніміз болмаса, күшеген жаман-жәутікпіз.

Шал өкшесіне шақшасын қағып, тағы да насыбай атты. Аңшы не ойласа да, әйтеуір іштен тынып, үн-тұнсіз сазарып отыра берді.

Самырсын басын жел тербел, орман іші бір қалыпты сарнап тұр. Сарнаған үні әлдебір өуенге ұқсағандай екен. Ала сиыр үйдің сыртын айналып кетті ме, маңайдан көрінбеді. Әлгінде атқан қаражұсты Сырттан іздең тауып алышты: ағаштың түбінде жүнін бүркүратып, жұлмалап жатыр.

— Ана желаяқ тағы бір қырды аспай тұрғанда алдыма сап айдал үйге апарайын, — деп Байсал сүйегін сықырлатып, орнынан тұрды. — Сен де бірге жүріп, моншаға түсіп қайтсаншы.

— Ертең барайын, Байсеке, — деді аңшы жалтарып. — Бұгін бәкін-шүкін шаруалар бар еді.

— Өзің біл, — деді Байсал.

Шалдың атын жетектеп әкеліп, Қараман оны жайымен ерттеп берді.

— Ана жолы өзіңде айтқан құдам берген шеге атым осы болады, — деді Байсал атының жалына жабысқан ошағанды тарактап жатып.

— Жирен биеңіз қайда?

— Биені мінсен — қымыздан қағыласың. Үйде қалды... Саясаяу жалғыз бием боз емшек болатын түрі бар. Ағытайдын деп отырмын.

Байсал қанжығадағы қоржынды шешіп, еңкен қағып самырсынның төңірегінде шашылып жатқан сүйектерді жинауға кірісті.

— Үйде сабын таусылып қалыпты. Кемпір байғұс алабота қайнатамын деп жүр еді... Мыналарды ерітіп, сүйекмай бөліп берейін.

Қараман салмадағы сұрленген еліктің етін қапқа салып, шалдың қанжығасына байлаған. Байсал «алмаймын» деп

тартыншактап еді, «женешеме сәлемдеме» деп шалды сөзбен көндірді.

– «Батырдан – сауға, мергеннен – сыралғы» деген осы да! – деп Байсал бұған риза болып, сақалын саумалады.

Бүйіріне етік батып кетті ме, міне бергенде шалдың аты шыбжың ете түскен.

– Қартайғанша қытығы басылмаған қу қақпас! Бүйте берсөң, соғымға жығып, құртып тынармын сені! – Байсал атына жекіріп, созалаңдал әрең мінді.

– Ақ патша құлады деп есіттік. Жұрт енді ақ пен қызыл шықты деп дүрлігіп жатыр. Ол туралы қандай әңгіме есітіп қайттың? – деп сосын ат үстінен Қараманға сөз тастады.

– Солай деседі ғой. Әр заманда бір сүрқылтай деген осы да, тегі... Артымызда не бітіп, алдымызда не күтіп тұрғанын ит біліп пе? Ел іргесінің амандығын тілейік те, Байсеке.

– Пәлі, ақ патшаны құлатып, дүниені бұлаңға түсірсөң, ел іргесі қайдан аман болсын?

– Байсеке, әр кемелдің бір зауалы бар. Бұл аласапыранның да бір тоқтауы болатын шығар. Сенсеңіз, өз басым жүрттың осындай сөзіне мән берген емеспін... Бәрібір ел ағасыз, тон жағасыз болмасы белгілі. Ақ келсе де, көк келсе де, бір төресін сайлай жатар. Одан сіз екеумізге келіп кетер пайда бар ма? Осындай қысыр әңгімеге бас қатырудың тіпті де керегі жоқ деген ойдамын.

– Эне, бұлар естіп адамды жер етіп, тайқып шыға келіседі. Елім деп еңірердей ес бар ма бізде дейсің ғой?.. Рас айтасың, таудағы тарлан шұбарың біз емеспіз... Қай-қайсымыз да қу кенірдектің қамы үшін өз күлшемізге күл тартқан пенделерміз. Бірақ деймін... етектен ақ деген қалың өскер шықты деседі. Қалың қазактың айдарлысын құл, тұлымдысын тұл етіп, әбжыландай жайпап, бері беттеген көрінеді. Бұған не дейсің сен?

– Қайдан білейін? – деді Қараман қапелімде аузына сөз түспей. – Бұл сұмдығын естімен едім... Кім білсін... Тауға қашып, тағы ауласа да, Алтайда аштан өліп, көштен қалған ешкім жоқ қой!

Қараманның жауабына көңілі толмай, Байсал ер үстінде ырғатылып тұрып қалды. Аңшы тағы бірдене айтатын шығар

деп дәмеленді. Онысы күжірейіп сырт беріп, үй артындағы ала сиырды қайыруға кетті.

– Мейлі, – деді сосын атын шаужайлап. – Бір есептен сенікі де жөн шығар.

### Көкіректегі запыран

Тұн ортасында әлдебір бөгде дауыстан селк етіп оянып кеткен. Алғашында оның не екенін үға алмай жастықтан басын көтеріп, сыртқа құлақ турді. Сырнайлы уіл қарсы беттен қайталап естілді. Бұғы екен. Иттерден дыбыс жок, соған қарағанда, бұғы бұл тұстан біршама алыста секілді.

Биылғы жылы бұғы даусын әлі естімеп еді, мына керней күзгі күйектің тұңғыш хабаршысы сияқты. Күйек басталса – Манжу тамырының аманаты биылша адыра қалғаны: бұғылардың мүйізі сүйектеніп кетті, мүйізі қатпай тұрып күйек сойқанына есі бар бұғы түсе қоймайды.

Ұйқысы шайдай ашылып, иығына қасқыр ішігін ілді де, етігін қоңылтаяқ киіп, сыртқа шықты. Тұннің салқын ызғары бетіне теуіп, бойын лезде сергітіп жіберді. Етігінің белтірі сетінеп жүр еді, тілерсегінен жүргірген сұық жел қара санын өрлей жөнелді.

Дала суттей жарық екен. Толған айдың тәңірегінде түбіттей майда бұлттар шұбыртып тұр.

Алпамсадай болып шөгіп жатқан Таймас құлағын тікіретіп, орнынан маңғаз тұрды. Сырттан арсаландап келіп, иесінің қолын жалады.

– Тәйт өрі! – Сескеніп, қолын тартып алды.

Ит атаулыны еркелетпеуші еді, мына бір жалбағай неме қашанда жалбандалап кеп жүргені. Жекіседе, шыбықпен қуаласа да еркелеуін бір қойғыза алмаған. Мінезі аңшының итіне емес, ауылдың жабағы жұн жолдыаяғына көбірек ұқсағандай. Көбелек қуалап, тышқан аулап кететін кездері де бар. Әйтеуір, ес қой дегенің болмаса, осы Сырттаннан көріп жүрген пайдасы шамалы. Шүкіршілік, оған қарағанда Таймастың жөні бөлек... Былтың жазда кірекеймен бетпе-бет келіп қалғанда, өлім аузынан Таймас алып қалған. Аяқ артар жалғыз атын да ит-

құстан қорғағыштап жүретін осы төбет. Қүреңі үй маңынан ұзаңқырап кетсе – қайырмалап қасынан шықпай қояды.

Етігін тырпылдата сүйретіп, бұлақ басына барды. Ит жалаған қолын жуып, аузын шайды.

Жан-жақтан анталаған қалың самырсын түнере қарайып, тұтасып тұр. Тас қамалдай мелшие сазарады. Олармен салыстырғанда өзінің мешел үйі бармақтай ғана екен, жер болып жапырайып жатыр. Әнеу зәулім қарағайға осы жазда жасын түсіп, ақ жонқасын шығарып, пәршелеп кетіпті. Құдай сактап, сол тұні өзі үйде жоқ еді: Ақбаянның бауырындағы қақпандарды тексеріп, тау басындағы бір үңгірде түнеп қалған. Енді, міне, жүзжылдық қарағайдан сұңгуірдей сымпиып сүрегі ғана қалыпты.

Баяғыда, Қараманның жастау кезінде, осындай ағашқа түскен жасынның оты бүкіл орманды өртеп жібере жаздағаны есінде. Абырой болғанда, ауыл азаматтары өртті ертерек байқап, жан алып, жан берісіп жүріп, әзер дегенде өшірген болатын. Онда ауа да желсіз тымық еді, сонынан селдетіп жаңбыр жауып, ол да үлкен көмек етті.

Ел басына ондай нәубетті енді қайтып жазбасын де, әйтпесе орман өртінен асқан қасірет жоқ бұл аймақта. Қараманнның өз басы Құдайдан да, адамнан да Алтай орманының амандығын тілеп, қашанда Жаратқан Иесіне іштей жалбарынып-синып жүреді.

Көнілі құлазып, көкірегі қаңсыған қу кеуектей дәңгірлеп бос қалыпты. Тамағын кенеп, қинала жөткірініп қойды.

Кейде өстіп сең соққан балықтай сенделіп кететіні бар. Саңырау қайғы, соқыр намыс жаман кеудені жегі құрттай өбден жеп бітірген секілді. Өлмеген соң, амал жоқ, адам ондайға да көнеді екен. Әйтпесе жанды көлеңке болып жүре беруден бұның жалыққаны қашан? Өзі де Құдайдан ит тілеуін тілеп еді, тегі, Құдай да адамдарды алалай ма, мұның тұзын көтермеді рой. Сосынғысы бұл да бір атаның баласы екенін есіне алып, тәубеге келген. Тендікке тұрса да, кемдікке тұра алмасын үқкан. Азаматтың құны түгілі, тышқақ лағын жоқтап, құлаққа құлақ, тұяққа тұяқ десіп біреулер қызылжекірдек болысып жатады. Ендеңе енеден екі туу жоқ, бұл-дағы белін шарт түйініп, атқа қонған болатын.

Содан бері, мінеки, күл шыққан жандай қағынан жерініп, тентіреп иен тауда жүргені.

Аңшы тізеден шөпті кешіп, қалыңға бойлап, атын болжады. Күрең жазған мимырттап, үй төңірегінен ұзай қоймапты. Қайтып келе жатқанда Ман-жудың тастап кеткен күбі толы спірті есіне түскен. Спіртті ойлап еді, көніліне аздаған шуак жайылғандай болды. Бағана, Байсал келген кезде неғын есінен шыға қалды екен? Таңсық сусын ғой, шалға ептең дәм татқызып жібергені жөн еді.

Бірер жәшік балшелегі болғасын ба, Байсалдың үйінен боза өсте үзілмейтін. Сол құрғырға Қараманның аңсары пәлендей ауа бермесе де, шалмен кездескен сайын дәмін аздал татып жүр. Байқайды, сары сұын әңгіме қыздырудың таптырмас дәнекері сияқты. Бұлар соның өзін дардай қып малданып жүрсе – мына спірт дегенің лапылдаған өрт екен ғой?

Күбінің тығынын тыңқ еткізіп суырып еді, өткір иіс бүркетіп мұрнын қапты. Қолы дірілдеп, сыздықтатып тостағанға жарым-жартылай құйған болды. Үйреніскең жау ғой, бұл жолы демін жинап, көзін тарс жұмып, жүрексінбей-ақ тартып жіберген. Аздан соң бүкіл денесі алаулап, бойы балбырап жүре берді. Тыңнан шабыт қосылғандай сезініп; не істерін білмей, кілиіп аспандағы айға телмірді. Ай түбіт шәлі жамылып, тас төбеде найқалып тұр. Мұны мазақ еткендей жымың-жымың етеді.

Көк жүзіне көз тіккен сайын мынау дүние аңшыға кереметтей жұмбақтана түсетіні бар. Ондайда көніл көгін қайдағы бір өзәзіл түртпектеп, намысын қамшылайтын. Тұнжырап ойға батып, мынау ғаламның мәңгілігіне миң жетпей, басы қата-тын. Сол мәңгіліктің аясындағы адам ғұмыры аққан жұлдыздай тым-тым келте екен-ау?! Келте ғұмырда қуаныш пен қайғының, жақсы мен жаманның дәмін қоса қабат татырып, адамзатқа қутірліктің тәттілігін ұқтырған табиғаттың құдіреті-ай десенші!

Әлгінде ғана бір үйір жылқы шауып өткендей із тастап, көк жүзінде Құс жолы шаңытып жатыр. Шүйкедей созылған ешкінің акталған түбітіне де үқсайды. Кілкіп тура қалған көктемнің селдір тұманына да үқсайды. Осынау тұманытқан ұзын жолды жұлдыздың қалың шоғыры ма деп те шамалайды, бірақ оған көзі жетпейді. Шаңға балайын десе – ондай жағдайда

баяғыда жел айдап сейілуі тиіс еді. Әйтеуір, «мен мұндалап» сезімін қытықтаған бұл да бір мәңгілік жұмбақ болды.

Нак, төбеде жымың қағып жарқырап Темірқазық түр. Сүмпііп көкжиекте Сүмбіле шығып қалыпты. Мұның ізденгені Көгалдай мергеннің көк шақпағы еді, көзі жасаурап, қашалықты сүзілгенімен оны таба алмады. Сәлден соң көк жұлдыз да, көп жұлдыз да тұтасып, көз алды бұлың-бұлың бұлдырап жүре берді.

Тағы да санасынан Талдыбұлақтағы әдемі құндері бірінен соң бірі тізіліп өтіп жатты. Адам дегенің қолда барда жақсының қадіріне жетпейтін сияқты, енді ойласа – сол қундердің қай-қайсысы да мұның ұмытылmas аяулы шағы екен-ау. Өмірінің тау суындаған бұырқанған адудың кезеңі, енді мәңгі қайталанбас балдан тәтті құндері сол Талдыбұлақтың бойында қалыпты. Байқаса – көңілдің көк бұлбұлы баяғыда ұшып кеткен секілді. Қайта айналып сол бұлбұл қеудесіне енді сірә қонар ма?!

Келмеске кеткен алтындағы асыл құндер-ай десенші!

«Алтын» дейді-ау, Қараманның керегесін көртіп, шаңырағын ортасына түсірген көлденең қырсыққа дәл осы алтын себеп болған-ды.

Ит тойған жеріне қайыра бір соғуы тиіс деген үмітпен, баспалап аңдып, Талдыбұлаққа талай рет барып та қайтты. Ол да бір қара судан қаймақ алған сұмырай екен, бұлақ басындағы баяғы оқиғадан кейін қайтып төбе көрсетпей қойған. Өзіне де бір тықырдың таяғанын сезген болар, әйтеуір бұл өңірден ұшты-куйлі жоғалып тынды.

Талдыбұлаққа бір барғанында Қараманның жазым бола жаздағаны да бар. Құдай сақтап, сол жолы бір ажалдан аман қалған... Бірақ ол оқиғаға Ерофейдің қатысы жоқ секілді: тайғаның ішке бүккен көп сұмдығының бірі ме дейді.

Ұмытпаса, бес қонақтың кезі болатын. Қырдың үш қызылының беті қайтып, жауырынды күн сипап, көктем иісі сезіле бастаған шақ еді. Жазатырдан ертелетіп шаңғымен шығып, күні бойы дамылсыз жүріп отырып, қызыл іңірде Талдыбұлақтың жотасына құлаған.

Бұлақтың бойымен өрлемей, әдетінше аңғардың терістік желкесімен жылжып, сырттай болжап келе жатты.

Бұлак үстінде қалықтаған жеңіл бу сай табанын ашып көрсетпесе де, бұл жаққа адам ізі тұспегені байқалып тұрды. Төңірек батар күн алдындағы тыныштыққа үйіп, ауа шытқылдана бастады. Қараман жау жоқта жау сағынып келседе, манаураған табиғат бұл жерде ешқандай қауіп-қатердің жоқтығын сездіргендей еді. Нешеме жыл өзі мекен еткен ауыз үй де селдір тұман астарынан нобай берді. Маңайын адам баспаған соң белуардан қарға малтығып, тасбақадай тарбиып қалыпты.

Бұлақ бойынан ешқандай ізді байқай алмағасын, алыш үшқан көңілі тағы да жүдеп салды. Үмітін үзіп, бұрыла бергені сол еді, тымық дүниені дүр сілкіндіріп, тарс етіп мылтық атылды!.. Не екенін ойлап үлгірмесе де, жалма-жан қар үстіне домалай кетті. Сүтпен еніп, сүйекке сіңген аңшылық түйсігі бұл жолы да қапы қалдырмапты... Іле атылған екінші оқ басынан зырқырап етіп, шың етіп анадай жердегі қарағайға қадалды. Жан бермек оңай ма, шаңғысын бауырына алыш, көбік қарды бұрқыратып, жотаның қарсы қабағына аунап тұсті. Сол екі арада тағы бір рет мылтықтың даусы шыққан. Қауіпсіз тасаға ауысқан соң, шаңғысын ағытып, аяқ-қолын қимылдатып көрді, оқ дарымаған сияқты. Өрекпіген жүрегін, алқынған өкпесін баса алмай, жентектеп қар шайнап, түкіріп тастады. Иығындағы мылтығын шешіп, қарын сұртті. Сосын баспалай жылжып, әріректе жапырайған аршаның тубін паналады. Мылтықтың жарқ еткен тұсын екінші рет атылған кезде шамалап қалып еді. Көз байланыстағасын тұспалынан жаңылып, қаншалықты тесілгенімен нақты қай жерден атылғанын ажырата алмады. Терістік беткейдің бұта-қарағаны қотыр тайдың жонындағы қадау-қадау қарайып, тым көбейіп кеткендей.

Мөлшері осы тұс болар деп, қарсы беттегі шұбыртқан бір бұтаны нысанаға алыш, тартып жіберген. Өзі сақтық жасап, дереу орын ауыстырып, аршаның арғы шетінен сығалады.

Бұл шамалаған бұтадан жоғарырақ, жота үстіндегі қарағай тасасынан түймедей от жалп етті де, іле тарс еткен дауыс шықты.

Арша басы дір етіп, бір уыс қар жерге шашылды.

— Мынау жынды ма-ей!?

Жауы мерген екен, мойында масқа лажы қалмады.

Қас пен көздің арасында батырлатып майдан ашқан бұл мергеннің Ерофей емес екенін іші сезеді. Бұл білетін Ерофей алыстан мылтық атып, өзін бүйтіп әйгілемесе керек-ті. Ерофей жауымен өсте бетпе-бет келмейтін, қапияда қылтадан шалатын жымысқының өзі. Мынау – өзіне Құдайдай сенетін әккі қарақшының қылышы.

«Тегі, көптен иесіз жатқан соң біздің айлақты біреу иемденген ғой» деп ойлады Қараман. Айлағында бөтен адам жүргенін көрсе – аңшылар аямайды... Шүкіршілік, Қараманның өз басы бұл ғұмырында бөтеннің ала жібін аттаған емес. Әйтсе де, адамның төбе қүйқасын шымырлатар сұмдықтың талайын естіген... Қақпанға түскен құндызды, тұзакқа түскен бұлғынды ұрлап, кәсіп қылатын алаяқтар да таулы өнірде баршылық. Ондай ұрыны сезіп қалса – ашынған аңшы еш нәрседен тайынбайды, табанда атып салады. Соңынан оның сүйегін тайгадан итпен іздесең де, таппайсың. Дәлелің жоқ, құн даулап, соттасып көр сосын... Тайганың өз заңы бар.

Әрине, аңшы да көзін шел басқан қанішер емес қой. Алдымен айлағында жүрген бейсаут кісінің кім екенін біразға дейін сырттай бақылауы мүмкін. Албаты қаңғырған біреу болса – басынан шырқыратып мылтық атып, сес көрсетіп, айлағынан қуалайды. Оған көнбей жатсаң – өз обалың өзіңе.

Ал мынаусы алғашқы оқпен-ак Қараманды мұрттай ұшырғысы келген қара ниет біреу болды. Әлде де татар дәмі бар екен, шүкіршілік, Құдай сақтады. Талдыбұлақтың арнасы кең, мылтыққа алыстау соққан ғой. Кім болса да өзін оңай олжалағысы келген жауыз екені күмәнсіз. Қас қарайшып, жұлдыз жамырағанша жауын аңдып, арша түбінде бұғып жата берген. Сосын бұл тірлігінен түн ішінде түк өнбесін түсініп, аяғына шаңғысын байлан, мылтығын асынып, Тасқұркеге қарай сырғи жөнелді.

Тасқұркеге түскеннен кейін ықтасын жартас табанындағы бір самырсынның түбін паналап, бұтак жинап, от жақты. Жүрек жалғап, бой жылытқан соң, аздал көз шырымын ала-йын деп еді, оның жөнін таба алмаған. Амал жоқ, от басында қалқып, атар танды көзбен атқызды.

Тұні бойы жапалақтап қар жауған. Қардың соңы әдеттегідей бүрқасынға ұласатын шығар деп еді. Жолға жиналып, Талдыбұлаққа жеткенше күннің арты шайдай ашылып кетті.

Аңғарды басынан орағытып, қарсы қапталға өтті де, кешегі мылтық атылған түсқа барып із кесті. Жым-жылас, түнде белуардан жауған қалың қар дым көрсетпей, басып тастапты. Бейнебір адам ізі үл жерге жүз жыл бойы түспеген сияқты... Өмірдегі небір қылмыстар дәл осылай ізсіз кете береді-ау деп, іштей күйінген болды. «Жау кеткен соң қылышынды тасқа шап» деген осы!

Мынау оқиғадан кейін үл баяғыдай жалаңтөс батырлығын қояйын деген. Өйтеп берсе, бір бұтаның түбінде бодаусыз шіріп, ит пен құсқа жем боларын ұқты.

Талдыбұлаққа соңғы рет айдың екінші тоғамында бір барып, аңғардың бойын екі күн андып қайтқан. Ол жолы да дәнеңе тындыра алмай, әншайін босқа сандалған еді.

Бәрібір Ерофейдің айналып Талдыбұлаққа тағы бір соғарына өз басы шығар күндей сенімді болатын. Өйткені үлак құпиясы өзірге екеуіне ғана аян. Оны Ерофей де сезуі тиіс. Ондай құпияны қара қазақ пен қалың кержақ естіген болса, ендігісі бәрі қойдай өріп, сай-жылғаны жағалап кетер еді. Мінеки, екінші жылға аяқ басты, хабар естіп, дүрліккен ел болмады... Ендеңе басында миы болса, құпияның Қараманның көкірегінде ғана қалғанын Ерофей ұғатын шығар?..

Тас туралы әңгімені анада бірде Байсал шалға шым-шымда пән еткені бар. Шал жазғаның былайғы қызыл сөзге әуестігі жоқ-ты, аузынан жазып, сол кісіден ши шықпаса, иншалла, құпия өлі де құпия күйінде. Ішіне қылайналмайтын Ерофейдің өзі оны мақтанып біреуге айтып, сүйінші сұрай қоймас... Ауыл-аймақ, ағайын-жегжаттың сапырып жүрген қылыш-қилем әңгімесі құр долбар ғана. Қараманның құлағы қияннан қыстырған ондай өсек сөзден сасып бітті. Басы ауырып, балтыры сыздамағаның Құдайда қандай шаруасы болсын, ауыл қатындарының әлгіндей қызыл тілі өлімді де қысқа елдің қиырына, ұзын елдің руына жайып бітіпті. Қайсыбір қатынның, қайбір еркектің аузына қақпақ боларсың?

– «Ақылы аздың азабы көп» дейтіні, тегі, рас, – деді аңшы күрсініп. – Бір басымға үйілген осыншалық азап ақылдың арқасында келмеген шығар...

Қос қолдап басын ұстады. Миын мың сан құрт кеміріп жатқандай сезініп, мойнын ішіне ала мықшия тұсті. Спіртті бекер-ақ ішкен екенмін деп өкінгендей болды. Былш еткізіп тыжырына түкіріп еді, түкірігі шашырап, сілекейі өрмекшінің жібіндей шұбатылып, өнірінде дірілдеп тұрып қалды. Қустенген алақанымен аузын сұртіп:

– Обалына өзім кінәлі! – деді күніреніп.

Көз алдынан жабағы бет, жіпсік көз ауылдасы Ерофей елестеп өтті. Мазақ еткендей өтірік ыржияды.

– Неге ғана сен итке сеніп айттым екен?!

Даусы қырылдап қаттырақ шықты. Үй бұрышында бүйіркін Сырттан да маңқ етіп, орнынан атып тұрған. Бірақ, аңшы бұл жолы оны аңғарған жоқ. Қос шықшыты лықылдала, у жеген бурыл бөрідей іштей аласұрумен болды.

– Жал-құйрығы келте қырқылған құлыным-ай! – деді тағы күніреніп.

Әншейінде көзінен тамшы жас шықпай, шыбын жаны қиналып, безгек тигендей безеріп қалушы еді. Бұл жолы жас дегенің моншақ-моншақ сорғалады-ай дерсің!..

Көзінен жас шыққан соң сарайы ашылып, жерге шөке түсіп отыра кетті. Құныстанған кеудесі ұзақ уақыт селкілдеп тұрды.

### Шайтантастағы жын-ойнақ

Таң саз бере атын ерттеп, бесатарды асынды да, Талдыбұлақ-қа бастаған сыңар аяқ соқпаққа тұсті.

Мұның билетіні – саумал иісті, сары ала жапырақты ой күзінің жөні бөлек екен. Бұл шакта ой жерінің табиғаты барша бояуын сыртына теуіп, ұзатылар қыздай жасанып шыға келуші еді. Онымен салыстырғанда, қырдың күзін жоққа балағандайсың... Балқарағай мен самырсынның жаздағы жасыл реңі аздап қарақошқылданады да, табиғат қанын ішіне тартып, тоңтеріс сазара қалады. Ала жаздай тау алқымын түмшалаған қорғасын бұлттар күзге қарай төмен түсіп, жер

бауырлап жатып алады. Сосын тұманды тескілең, күні-тұні шіркей жаңбыр үрады да тұрады. Мұндай ақ жауын үйдегі жанды ығыр етіп әлегін шығарса, тұздегіні сүмелектей сүмпітіп жібереді.

Талдыбұлақтан қайтқан жолында Қараман да бетінен бозағы шығып, осындай ақ жауынның астында қалған еді.

Табиғаттың тұнерген тұнжыр шағы аңшыға кәдімгідей үнайтын... Сылбыраған жаңбыр, бозала тұман, сазарған сұп-сұр төңірек мұның да мазасыз көңіл күйімен үндес келетін. Жаңбырдың артын күтіп, жолай бір балқарағайдың түбін паналай тұруға да болатын еді, бірақ ұзак күтіп қалармын деген оймен мимырттаң жылжи берді. Содан Бейіттікезеңге жете бір-ақ тізгін тежеген... Күренің мынадай ит сылтыңымен Жазатырға бүгін жетпесі белгілі болды. Бір жерге аялдал, аттан түсіп от жағып жан шақырмаса – белден қайыра сұық тигізіп, әнеу күгідей күйге түсер, тегі. Қараша үйде де күтіп отырғаны жоқ, соңшалықты желпілдең бұл қайда асығады.

Найзағайсыз ақ жауында көрінген самырсынның түбіне қорықпай-ақ қисая кетуге болады. Тұнемелге самырсыннан гөрі балқарағай ыңғайлы әрі қауіпсіз. Балқарағайға жай түспейді. Сондай оймен бұтақтылау бір балқарағай ағашын ізден тұр еді, есіне Шайтантас түсе кеткен. Ел ішіне азыз болып тараған Шайтантас осы Бейіттікезеңнің терістік төрінде болатын. Қарадай делебесі қозып, дәл бүгін осы жұмбак мекенді көріп қайтқысы келді. Аңшылықпен көз ашып, Алтайды алты рет айналып шықса да, Шайтантас жаққа ғұмыры жоламапты. Мынау ұлан өңірде өзі білмейтін құпия жоқтай сезінуші еді, ендеше Шайтантастан несіне сескене береді!

Көңілі елегізіп, екіұдай күйге түссе де, ат басын Шайтантасқа қарай бұра берді.

Баяғыда күн салып, осы Шайтантасты алыстан бір болжадағаны есінде. Сондағы көргені: жақпар-жақпар тас қоржындаған шұбар беткей, найзаның үшіндай сойдақталған шың-құзарлар. Қарағай-самырсыны тас пен тастың жігін қуалап, шың-құзардың иығына жармасып, қадау-қадау қарайып тұрды. Шайтантастың етегі терең шатқал екен де, тым төменде, шағылды шұңқырдың ең түбінде дөңгеленген қап-қара көл көрінген. Шатқалдың тереңдігінен, көлдің көз сұырғандай

қаралығынан Қараманның жүргөштіктердің болған. Жұрт әлгі көлде түп жок деседі. Жұрттың сөзі рас болса, беткейдегі жартастардың арасында нелер бір үңгірлер бар. Ол үңгірлерді шайтандар мекен етеді. «Шайтанның даусын естідім» деп, есіне алса көзі атыздай айналып шыға келетін шалдар ауылда әлі жүр. Әйтеуір, Шайтанас туралы қорқынышты әңгімеге бұл жақтың еңкейген қартынан еңбектеген баласына дейін қанық. Сондықтан да болар, тау тентіреген аңшы да, жол шеккен жүргінші де осы бір үрейлі мекенді алыстан айналып өтісетін.

Бұл болса, жанынан безгендей қағынып, сол қатерлі мекенге емпен қағып тартып барады, мінеки!

«Байғұстың жанының тәттісін-ай!» – деп, өзін іштей қажап, мырс етті де, атын шаужайлап қойды. «Аянатындаі менде не қасиет қалды?» деп ойлады сосын. Құбірлеп дұға оқып, жігерін қайрап, қаршығадай қомдана түсті.

Ат тұяғы қия беткейге тиген кезде жүріс қындаш кетті. Шашын беткей, көшкін жыққан қарағайлар, сел домалатқан тастар көлденендең жолды жиі-жіі бөгей берген.

Біртіндеп жаңбыр да тоқтады. Жаңбыр тоқтағанымен екі ііннен зілдей басқан қорғасын тұман сейілер емес.

Аттан түсіп, жоғары-төмен жүріп, із кесті. Ақыры, төменгі бір тұстан таптанды көне сүрлеуді кезіктірген. Бұлан мен бұғының салған соқпағы екен. Атын жетелеп, сол соқпақты қуалап жүріп кетті.

Орман ішінде жолсыз жермен жүру – қиямет. Атыңның аяғын жарагалап, болмағанда бұтаққа киімінді жыртқызып, бетінді тырнатасың. «Білмейтін жердің ой-шұңқыры көп» дегендей, мынау шайтанның мекенине бұрын келмеген соң, жол таба алмай дағдарып қалды. Әйтпесе қайсы тауда қандай сүрлеу барын, қай тұсқа қандай жолмен бару керектігін Қараман бес саусағындаі билетін еді. Ол сүрлеудің бәрін де атам заманнан бері андар салып келеді. Тактайдай тапталған тас соқпақтар – бұғы мен бұландікі, қабан мен аюдікі. Ат тұяғы әзер сыйар сыңар аяқ сүрлеу жолдарды бұлғын мен қоян, сусар мен күзен салады. Әйтеуір жол екен деп көрінген сүрлеуге түсіп, бұлкектеп тарта беруге тағы болмайды. Өйтеп берсең, Алтайдың аң-құсы үркіп, басқа жакқа ауып кетуі мүмкін. Ат тағасын түсіріп, біреуін

жол еткен екенсің, сонынан жаңылма, өзгесін бұлдірмей. Бұл да таудың жазылмаған заңы, тайга дәстүрі.

Сиренкіреп барып, орман таусылды да, аңшы сойдақталған қалың жартастың арасынан бірақ шықты. Осы арада аялдал, төңірегін болжады. Сосын жоғарыдағы, бойына үрей бұқтыра үңірейген қалқалы тасқа қарай өрмеледі. Атының ауыздығын алыш, өзі де дамылдан құйрық басты.

Сауырынан таспа тілгендей, қарсыдағы күнгей беткейді қар көшкіні сойғылап тастапты. Жалпақ қаптал жырым-жырым. Әр тұста қылтанактай қылтиып, енді бой көтере бастаған балапан шыршалар болмаса, күнгей бет тайдың терісіндей таптақыр екен.

Шайтантастың сілемінде ала жаздай ерімеген ала қанат қар жатыр. Сірі табан сарғайған қардың бір ұшы сырғып келіп, он жақтағы жартастың сауырын сипай тоқтапты. Қар кеуегі үңірейіп, ар жағында өзірейіл жатқандай қарайады. Міне, қызық! Үңірейген әлгі кеуек ішінен сылаң етіп, өлдебір қызыл тулкі жүнін төгілтіп шыға келген. Мылтығына ұмтылғанша болмады, мазак қылғандай солтаң қағып, жартасты асып жоғалды.

– Сайқал! – деді аңшы басын шайқап. Қимасымен қоштасқандай, сонынан телміріп ұзақ тұрды.

Онсыз да қабағын түйіп, түнерген күн лезде қараңғылана бастаған.

Асықпай аттың ерін алыш, жартас желкесіндегі қоңырдан тепсендеге апарып арқандап қойды. Сосын ағаш арасынан бір құшақ қу бұтак теріп өкелді. Тастың қалқасына от жағып, тоқымды төсеп, ерді жастанып, жантайып жата кетті. Пышақтың ұшымен шетіп, қоржындағы піскен еттің бір тілімін таңдайына басты. Тамаққа зауқы соқпаған соң, қалғанын ысырып былай қойды. Қоржындағы құманмен су қайнатып, сораптап шай ішуші еді, оған да тәбеті соқпады.

Жартас иғынан Күренің пыскырған үні естілді.

«Шайтантастың шайтандары қайда екен?» деп ойлады. Шодырайған, одырайған тарғыл тастар, жықпыл-жықпыл құыстар, үңірейген үңгірлер... Айтса айтқандай-ақ, оншалықты онды жер емес екені көрініп-ақ тұр. Жел соқпаса, шөп

басы қимылдамайды ғой, ел көрмесе, білмесе, осыншалық даурықтырып сөз етер ме еді?

Төмендегі жалмауыз кемпірге ұқсаған жартастың самайына тыrbия жабысып, мықыр балқарағай өсіпті. Шұңқырдағы қара көл бұл тұстан көрінбеді. Іздегені көл емес, шайтан болған соң, тас қалқасындағы жаңбыр тимес жылы орнынан тапжылмай жата берді.

Мимырт жайылған Қүрең тағы да пысқырды.

«Жануар бірденені сезбесе неғылсын, пысқыра берді ғой?» – деп ішінен күдіктеніп қойды.

Аздан соң төңіректі қою қараңғылық түмшалап алды. Жылтыраған оттан басқа ештеңе көрінер емес, жанарыңа то-пырак тығылғандай екен. Қараңғылық қоюланған сайын көлденең дыбыстар айқынырақ шыға бастады. Қүреңнің пысылы, қүреңсені бырт-бырт жүлғаны дәл қасында жүргендей-ақ естіледі. Әлдеқайдан тыныштықты дар айрып, тау кіндігінен құлаған өзеннің сарыны талып жетіп тұр. Бұл отырған тастың төбесінен жорғалап кішкентай біраң өте шықты. Шамасы, отты қызықтап, адамды төңіректеп жүрген ақкіс болар. Төмендегі арша арасынан тарғақ тарқыллады.

Шайтантастан өзірге елең етер өзгеріс байқалмады.

Қашаннан көріп жүрген Алтайдың қара тұні. Бала жасынан осындей жұмбақты тұндерді кереметтей ұнатушы еді. Тұнтынысын тыңдай білсең, ол саған небір қызық сырын ашады. Бойына қорқыныш ұялатқан осындей тұңғылық тұндер Алтайдың ұлылығын ұқтырады. Тау басында қонған бұғінгідей ұзақ тұндер мынау жалғанның кеңдігін пайымдатады. Аңшының өз басы бұл дүниеде тағы қандай елдің, қандай жердің барын біле бермейді. Алтай асып, арғы жағын көргені тағы жоқ. Бәрібір, ағашынан бал, шөбінен сүт ағылған Алтайдан асқан жер бар десе сенбес еді.

Жарықтық Алтай қазағымның өулие анасы ғой. Тұғін тартсаң май шыққан айналайын Алтайға бұл Қармандағынтық жан сирек шығар... Осынау бұла өлкенің тұрлаусыз ескен құланы етіп жаратқан тағдырға дән риза. Құдай біледі, басына іс түсіп, Ерофейдің әкесіндей ит жеккенге кетер болса, аштықтан емес, жалаңаштықтан емес, туған жерге деген сағыныштан өлетін шығар бұл сорлы.

Алтай жері өсіреле маусым шыға үкілі ботадай елпілдең, өзгеше жасанып шыға келер еді. Бұл кезде қырат-қырқаны ойдымдаң, қызыл ала күнгелді гүлі қаптап кететін. Қызыл ала қалың гүл майда соққан қыр самалымен тербелген кезде дала төсі қызыл шоқтай құбылып, алаулап салушы еді. Ондайда көңілінді нөпір шаттық кернеп, алақайлап қуанатынсың, делебең қозып, далақ қағып дала төсінде арлы-берлі шапқылайтынсың. Бірақ Жер-анаңың ұлбіреген мұндай нәзік шағытым ұзаққа бармайтын. От болып өртенген бел-белестер бірер күнде өңін өзгертіп, тотияйындаң көгеріп шыға келетін. Жел өтінде майда толқыған көгілдір дала ондайда ұшы-қиыры жоқ тенізге ұқсан кетуші еді.

Көптен бері көңілден қашып жүрген тәтті қиялдар үйқы шақыртып, от басында жантайып жатып мызғып кетті. Қанша уақыт үйіқтағаны белгісіз, құлақ түбінен шыңғырған аңы дауыстан шошып оянған. Не болғанын түсінбей, бауырына басқан мылтығын оңтайлап, алақатап айналаға көз жүгіртті. Түк көрінер емес, қара тастай анталаған қараңғы тұн. Сөлден соң дәл қасынан сайтандай сақылдаған дүлей дауыс естілген... Қараман сасқанынан жатқан жерінен атып тұрды. Әлгі дауыстың аңылығы сондай, сай-сүйегін сырқыратып жібергендей. Маңдайынан шып-шып тер шығып, жон арқасынан аяздай сұық леп жүгіріп өтті. Сақылдаған үнді шың жартастар қағып алып, жаңғыра қайталап жатыр.

– Бісмілла! – деді аңшы иманын үйіріп.

Бірақ мұның «бісмілласын» тыңдай қоятын мақұлық бұл жерде жоқ тәрізді. Бүйіріне балқарағай жабысқан тәмендегі жартас жақтан әлдекім төбе қүйқаны шымырлатып, зар илей жөнелген. Біреулер қол-аяғын сықырлатып, бұрап сындырып жатқандай еңрейді. Жылаудың арты сұңқылдаған өксікке ауысты. Ендігі бір сэтте әлгі үн күшікше қыңсыладап қалды. Бұл дауыстардың бәрі жаңғырыққан кезде тұн қапасы қақырап, қара аспан төсі дар айырылып кеткендей еді.

Аңшыда зәре қалмады.

– Бісмілла! – деп қайта-қайта күбірлеп, тас түбіне жабыса түсті.

Жоғарғы жақтан тасты-тасқа соққандай шақылдаған дауыс шығып еді, оның соның темірді аралагандай шиқылға ауысып

кетті. Долданған әлдебір алып макұлық қаһарына мініп, шықырлатып тісін қайрап жатқан секілді.

Жын-шайтанның барына ендігі жерде аңшының ешқандай күмәні қалмаған. Сау басын шынымен-ақ саудаға салғанын енді ғана үқандай болды. Амал жоқ, өрекпіген жүрегін басып, бойына сабыр шақырды. Қалған-құтқан ағаштың бәрін жинап-теріп оттың үстіне тастады да, әр дыбысты қалт жібермей, мылтығын қолына қыса үстап, арқасын тасқа тіреп тұра берді.

Пышырладап жанған оттың үшқыны өуелеп, қараңғы тұнге инедей қадалып жатыр. Арада біршама уақыт тыныштық үйи қалып еді, сонынан, бүйір жақтан әлдекім таңдайын тақылдата жөнелген. Ол үнді іле қашқан шың-жартастар да әлденеше қайталай тақылдап, тау ішін қорқынышты өуен күнірентіп жіберді.

Сақылдаған аңы дауыс тағы қайталанды да, мұның дәл төбесінен шар етіп, әлдебір қара елес ағып өте шықты. Осы сәтті аңшы да қалт жібермеді, жан дәрмен шүріппені басып қалды. Әлгі неменің анадай жерге барып, топ етіп құлағанын, қиыршық тастардың домалағанын естіді. Мылтық даусынан жаңғырыққан тау іші гуілдеп біразға дейін басылмады.

Жартас жақтан жылқы кісінеді. «Курең емес пе?.. Бағанадан бері мініс атын тарс ұмытып кетіпті ғой?.. Ол неге үрікпейді, неге дауыс бермейді? Әлде жын-шайтан жануардың аузы-мұрнын буып тастады ма?»

Тағы да тым-тырыс тыныштық орнаған. Оттың алаулаған жалыны кішірейіп, момақан ғана сыйырладап, бұтақты кеміре жанып жатыр. Шеттегі бірер жаңқаны оттың ортасына қарай сиріп қойды.

Әлгі құлап түскен макұлықты іздеуге жүрегі дауаламады. «Шайтанға оқ дарушы ма еді, – деп ойлады. – Сұрқиялық жасап, қапияда қақпанға түсіріп жүрер».

Құлак түріп, тың тыңдады. Төбе шашын тік тұрғызған жын-ойнақ, сап тыйылышты. Тегі, шайтан екеш шайтан да мылтықтың кәрінен қаймығатын болғаны ғой.

Осылай деп ойлауы мұң екен, жартас жақтан бірдене ырылдай жөнелген. Оның қасында біреулер наразылық білдіргендей быжылдап жатыр. Сосын тағы да сақылдап қоя берді. Тау мен тас қоса қабат сақылдап, қарқылдап, теңселіп кеткендей

көрінген. Жұз жерден мықтымсыса да, дәл осы жолы тірсегі дірілдегені рас еді. Сілекейі желім татып, жүтқыншағынан түкірігі өтпей қалды. Самайының лықылын ендігі жерде анық сезді.

— Бісмілла иррахмани ирахим-м! — деді тілін кәлимаға келтіріп.

Аяғы талып шыдамаған соң, тас түбіне онтайланып, малдас құрып отыра кетті.

Тұн қараңғысын қақ айырып ышқынған айқай, сұңқылдаған өксік, зар еңіреген, таңдайын қаққан, ашулана тісін шықырлатқан небір сұмдық дауыстар біразға дейін басылмады. Қараман қайтып мылтық атқан жоқ. Әлдебір зәрлі шайқасқа сақадай сайланып, қымылсыз отыра берді. От та сөніп, қызара жылтырап, орнында бір уыс шоқ қана жатыр. Жер жүтқандай Қүреңнен белгі жоқ. Шайтан мен жыннан мықты болып па, Қүреңін бағана садақа еткен. Ендігің жылқы байғустың құйрығын тасқа шашып, өзін жіліктеп, талап әкеткен шығар деп те ойлады.

Ырылдаған үн мен сықылықтаған күлкі таң сібірлей уһилеген дауысқа ауысты. Аңшы елең ете қалды:

— Мынау үкі ғой! — деді таңданып.

Бірақ оған әсте сенгісі жоқ, көңіліндегі күдік оңайшылықпен сейілер емес. Тырп етпестен тас түбінде таңды қарсы алды.

Қараңғылық шымылдығы түріле Шайтантастың жынойнағы да баяулап барып басылған еді.

Қуреңі иір самырсынның ар жағында жайбарақат жайылып жүр екен. Бейнебір тұндегі сұмдық кезінде ол бұл арада болмаған тәрізді.

Аңшы орнынан тұрып, екі аттап тастың қалқасынан шықты. Аяғы сіресіп, иығы құрысып қалыпты. Қол-аяғын сілкілеп, қымыл жасап, бойына қан жүгіртті. Сосын тұндегі атқан мақұлық есіне түсіп, мойнын созып, төмендегі тастардың арасын шолды. Көзіне ештеңе ілікпеген. Мылтығын асынып, аяғын сүйрете басып, солай қарай төмендеді.

Мұның бағанағы жорамалы расқа шығайын деді... Жүні бүркырап, жалпақ тастың үстінде шалқасынан бадырақ көз үкі жатыр. Тұндегі атқан мақұлығы осы!

Сенерін де, сенбесін де білмеді.

Япым-ай, мұның зәресін алып, тау-тасты бастарына көшіріп, қиғылық салған «жын-шайтаның» осылар болғаны ма?

Міне, қызық! Естіген жүрттан ұят-ты, тегі! Масқара-ай десенші!

Іза мен күлкіден аңшының екі ұрты дірілдеп кетті. Жүгенді іліп, сүйретіліп атына қарай аяңдады.

Таудың бадырақ көз жаман үкісінен осыншалық қорық-канына жатып кеп жыны келген.

«Жоқ, мен өлімнен қорықпаймын, — деп ойлады артынша. — Мен бір ғана дүниеден қорқамын... Кебінім жоқ, көрім жоқ, ақылымнан адастып, айдалада қаңғып қалсам қайтпекпін?.. Онда кегімді менің кім алмақ?»

Берідегі тайпактау жартастың бірінің басына шықты. Жартас биігінде ызғырық ұрып тұр екен, денесін қалтыратып жіберді. Қарсы алдында ақжал толқынды көк мұхитқа ұқсан, көгілдір таулар сілемдене созылып жатыр. Қиырына көз жетер емес. Етекте дөңгеленіп қара көл көрінді. Бұрынғыдай жүрек шайлықтырган сұсты емес, бұрынғыдай жұмбақты да емес... Алтай арудың мөлдіреген әдемі жанары сияқты көрінді.

Өзі үшін ұлан өлкенің тағы бір тылсым құпиясының ашылғаны рас еді.

## Коршауға тұскен бұғылар

Қараңғысайдың етек тұсында терек өскен күнгей беттің барын бұрыннан байқап жүруші еді. Оқтаудай тұзу аппақ теректерді көргенде, «сырғауылға жақсы екен» деп, іштей тамсанып қоятын. Үш күн сандалып, Талдыбулақтан қайтып келе жатқанда есіне самаладай тізілген сол теректер тұскен. Жол ұзак, ұзак жолда аңшы көп ойланып, көп толғанған. Ойдың түбі, ақыры, өзі де күтпеген бір оқыс шешімге әкеп тіреген болатын.

Үйге келген күннің ертесінде балтасын беліне қыстырып, қалың терекке барды да, шетінен сатырлатып қия бастады.

Аянбай екі күн тер төгіп еді, атқөпір сырғауыл дайындаған. Сырғауылдарды атпен тауға тасып, тағы бір күн өуреге тұсті.

Дамылсыз қымыл, ауыр жұмыс діңкелетсе де, ойна алған шаруаны тындырғанша асықты.

Алдымен орман ішінен үрымтал алаң таңдаған. Сосын ол жерді аттылы кісінің бойындей биік етіп, сырғауылмен қоршап шықты. Қоршаудың еңіс жағынан ені кез құлаштай есік қалдырып, есіктің бір жақтауын сырғауылмен жалғап түстікке, екіншісін батысқа қарай тартты. Бұл жақтауларды неғұрлым ұзартқан сайын ұтымдырақ боларын біліп, оларды сырғауылы жеткенше созды. Ақыры, аңғардың теріскей қапталы сатымен екіге бөлініп қалған еді. Сойқан іздең, төменнен өрлеген бұғылар жақтау сатыны жағалап, есікке келіп тіреледі. Одан өтіп, қоршаудың ішіне кірсе болды – есіктің тиегін сарт еткіз... Бұғы тар қоршаудың ішінде қамалып қала береді.

Ойланап тапқан амалына өзі риза еді. Діттеген шаруасы жайланды-ау деген кезде Байсалға барып қайтқысы келіп бір оқталды да, уақыттан ұтылып бара жатқанын ойлады. Кеше түнде арғы беттен тас пен тасты ұрғандай өрескел сартыл шыққан. Соған қарағанда, бұғылар өзара кездесіп, жекпе-жек сойқанды бастап та кеткен сияқты. Не де болса бағын сынап, тәуекелмен тезірек іске кіріспесе кешігеді. Ал күйек өтсе – есіл еңбегі желге ұшып, сандалып босқа қаларын ұқты.

Қас қарайып, жұлдыз жамыраған шақта екі итті шынжырлап байлап, аттыарқандап, өзі мылтығын сүйретіп тауға өрледі. Қоршau сатының сырт жағына барып, бір топ тобылғының тубін паналады. Жел қашанда аңғар бойын қуалап, етектен өрлей соғушы еді. Сай бойымен өрістеген бұғы да былайғы бөгде сыйбырдан күдіктенбесе, адам иісін алуды мүмкін емес. Аңшы осы жағдайды қатты ескерген болатын.

Іңғайлы орынды сайлаап алған соң, қолына бұғышақты алып, сырнайлатып екі-үш рет тартып жіберді. Сосын баспалап тың тыңдаш, тәңірекке құлақ түрді. Бұғышақтың үнін ә дегеннен іліп әкете ме деп үміттеніп еді, меніреу орман селт еткен жоқ. Осылайша әлденеше рет қайталады. Бәрір елең еткен ешкім болмады. Табиғат тымырайып түнгі үйқысынан оянар емес. Қараманның күпті көңілін «тегі кешіккен шығармын» деген күдік жайлай бастады. Алтығып, арпалысқан жұмысы биылша адыра қалмаса неғылсын? Өстіп, екіудай күйде таусылып отырғанда, үмітін жалғап, тым

алыстан, тұстік жақтан әлдебір бұғы сырнайлатып үн қосқан...  
Тұғаны табылғандай қуанып кетті.

Баяулатып бастап, көтере аяқтап, бұғышақпен тағы да дыбыс берді. Бірақ алыстағы бұғыдан жауап болмады. Неге екені белгісіз, ендігі бір сәтте ту сыртынан біреу төніп тұрғандай сезініп, арқасы бір түрлі мұздап салды. Мылтығын бауырына тарта бере, сонына жалт қарады... Мүйізі шаңырақтай әлдебір бұғы сонадай жерде бұған үдірейе қарап, ескерткіш секілді қатып қалыпты. «Бұғы құсан шақырған бұл қандай мақұлық еді», — деп таңданып тұрған тәрізді. Құлығын біреу сезіп қойғандай қуыстанып, аңшы шынымен састы. Сосын мырс етіп күліп жіберген. Бұғы селк етіп оқыс осқырынды да, екі қарғып орман ішіне сініп кетті.

Мынау бұғының келісі, қоршау сыртынан шықса да, көңіліне шоқ тастап, үмітін шабактағандай еді. Бұл тірлігінен бір нәтиженің шығарына сенімі арта тұсті.

Ауық-ауық бұғышақты тартып қойып, тобылғының түбінде жамбастап жата берді. Әредіктен соң, жоғарғы жақтан тағы біреуі үн қосты. Әлгі «алданған» бұғы болар, тегі. Қарсы қапталдан келесі біреуі белгі берді. Ай тас төбеге шыққан кезде бұғылардың бірін-бірі шақырған дауыстары әр тұстан естіліп, жиілей бастады. Құзгі орманның осы бір әдемі өуеніне бұл да үзік-үзік үн қосып отыр еді, етек жақтан, тым жақын жерден әлдебіреуі уілдеп қоя берген.

Сығалап сырғауыл арасынан төменге көз салды. Қарақұрықтанған қалың ағаш арасынан бірденені дөп басып ажырату қыын еді.

Жиі тартып үркітіп алармын деген оймен, біршама күтің-кіреп барып, бұғышақпен тағы бір рет дауыс берді. Сөйтті де, жерге бұғып жата кетті. Тобылғының түбінен болымсыз саңылау жасап, төменге телміріп қимылсыз қалды.

Бұғы сарғайтып көп күттірген жок, қарауытқан қарағай ішінен қайқаң етіп шыға келген. Сырғауыл сатыны жағалап ашық жерге шыққаннан кейін, жан-жағын болжап, аз-кем аялдады. Сосын биші қыздай сырт-сырт басып, дәліздің бойымен есікке жақындаған. Қоршаудан секем алды ма, есікке жете бере көлденендең, кері бұрылышп кетті.

Аңшының жаны мұрнының үшына келді... Қолға өзі түскелі тұрған олжадан қарадай айырылатын болды. Әттең, арғы жақтан біреу жасқап жіберсе ғой, қашар жері болмай, қоршау ішіне өзі-ақ қойып кетер еді.

Бұғы бұл ойлағандай кері қарай қаша жөнелмеді. Айналасына маңғаз қарап қойып, сырт беріп тұра берді. Өзін шакырған әлгіндегі дауыстың қайдан шыққанын іздең тұрғанға үқсайды. Сәлден соң мұрның шүйіріп аспанға көтерді де, екі рет сырнайлата созып, дауыстап жіберді. Үні құлақ жаардай аңзы екен. Соны күткендей аңшы да бұғышакты аузына апартып, болар-болмас белгі берген. Бұғы мүйізін бір шайқап, ырғала басып қоршау ішіне кіріп кетті.

– Әй, өзің де сабаз екенсің!

Шөп арасымен жорғалай жылжып, қоршауды орағытып есікке жетті. Алдын ала дайындаған қойған шолак сырғауылдармен есікті бекітіп тастады.

Қоршау ішіндегі бұғы пысқырынып, жер тарпиңды. Алдына барсаң жаншып тастардай айбатты.

Оқыс үркіп, қоршауды қиратып кетер деген оймен бұл жерде көп аялдамады. Мылтығын қолына алыш, сай табанындағы үйіне қарай емпендей жөнелді. Әлдебір үлкен істі тындыргандай көңілі көтеріңкі еді.

\* \* \*

Қоршау ішіне бұғыны айдал кіргізу ендігі жерде жалғыз адамның айласы жетпес шаруа екені түсінікті болатын. Осы оймен Қараман Байсалдың кіші ұлын бірер күнге көмекке шакырғысы келді. Сөйтіп, бұғы қамаған сәтті күннің ертесінде аяңдаған Шұңқыржүртқа түскен.

Шал есік алдындағы шорымық үстінде қайынның безінен сұңгуір жонып отыр екен.

– Қыстың қамы ғой, – деп Қараманға женділектей жұпжұмыр сұңгуірді бір айналдырып көрсетті де, қарекетін жалғай берді.

– Мекелайдың теңгесіндей тағы да жоғалып кеттің ғой? Анада өзіңе арнап монша жағып, күтіп ек...

– Шаруадан шыға алмай қалдым, Байсеке!

— Пәлі, шаруа дегенің қара жердің қойнына барғанша таусылұшы ма еді...

Шалдың басында елтірі жекей, алшысынан қисайта киіп алыпты. Үстінде жеңіл камзол. Онысы шұрық тесік, өр жерден бидай шүберегі ағарандап ырсыып тұр. Жейдесінің жырымдалған етегі ешкі терісінен тігілген ойран шалбарының сыртына шығып кетіпти.

Есік көзіндегі керме жілте іш көйлек пен ауы жыртық сарғайған дамбал желбірейді. Шалдың киімдеріне үқсайды. Мен мұндалатып, кірер есікке жайғаны несі екен жеңгейдің?

Үйден етегіне сүрініп, Ақзия кемпір шықты.

— Женеше, күйлі-қуатты боларсыз?

— Көзжақсым кеп қапты ғой, — деді Ақзия, бас шұлғып амандасты да, жаюлы кірін апыл-ғұпым жинап, үй ішіне қайра қойып кетті.

— Қашан көрсем күйтіңдеп кеп жүргеніңіз... Жердің жарығын бітерсіз, тегі, — деді Қараман Байсалдың қасына жайғасып жатып.

— «Кәрілік – тұсау, кедейлік – бұғау» деген осы да. Жердің жарығын бүтіндер болсақ – шығандап бір жаққа кетпей, бұл жерде бүйтіп жүрерміз бе?.. От басында қисайып, ошактың үш бұты деп отырған тірлік баяғы...

— Бәріміз де өмірдің көкпар лағымыз, — деді Қараман шалдың сөзіне бас изеп.

Байсал жонып жатқан сұңгуірін былай тастап, бұрылып кемпіріне дауыстады:

— Әй, бәйбіше! Бәйбіше-е-е!

— Не бол қалды тағы?

— Бәйбіше, Көзжақсың келіп қапты. Ала қаптың аузын аш!

— Өйтіп тықақтамасаң да білеміз!

— Сен асықпа, — деді Байсал кемпірі үйіне кіріп кеткеннен кейін. — Монша жақтырып, арқа сипасайық. Биені ағытсам деген ниетпен де сені күтіп едім. Сәтімен келдің!

— Қанай көрінбейді ғой? — Қараман мойнын бұрып, төңірекке көз жүгіртіп өтті.

— Сілекейлік бес тоқтыны қайырмалауға кеткен. Келеді қазір... үйге жүрейік.

Мамырлаған шалдың соңынан еріп, аңшы да үйге кірді. Байсалдың үйі қарағайдан қиып салынған, ұлкен қос бөлме болатын. Алдында шағын дәлізі, шәрағатты ғана қоймасы бар. Бұлар аяқкиімдерін дәлізде қалдырып, өздері алдыңғы үйге жайылған бөстек үстіне барып жайғасты. Талай рет келіп жүрсе де, аңшы жаңа көргендей, үй ішін көзben тағы бір сүзіп шықты.

Босағаның сол жағында сүйретпенің жұмыр бүйірі бұлтияды. Сүйретпеге сүйеніп, сұт сауатын тозған көнек тұр. Байсалдың балташылық кәсібіне күә болғандай, оң босағада құралсайман салынған талыс жатыр. Талыстың қасында ер-тұрман. Оның ар жағында жүген, қамыт-сайман ілініпті. Әйтеуір, шып-шырғасы шықпай, әр зат өз орнында тұрған сияқты. Шаруасына бекем тақуа шалдың жинақылығын айтпай-ақ аңғартқандай.

– Кедей байғұсқа саба қайда?.. Көніліце алмай, сүйретпеден болса да қымыз ішкейсің, – деді шал.

– Бұрын сабадан беріп жүргендей... – деп кемпірі бір бүйірден күңк ете түсті.

Дастархан жайылып, ортаға тегене толы қымыз келді.

– Көзжақсым, мынау сірге жияр еді, – деді Ақзия бір тостаған қымызды қос қолдап ұсынып жатып. – Боз емшек болып бара жатқан соң, биені ағытқалы отырмыз... Көнекті де керегеге ілер кез келді.

– Сары қымыз таусылса, сары боза бар емес пе? – деп Байсал кемпіріне қулана қарады.

– Жетісерсің! – Ақзия ернін сылп еткізді. – Мына шал қартайғанда қағынып, сырға деген ермек тапты. Көзжақсым, желіккен шалға сен бір жөнінді айтып кетші...

Кемпірінің сөзіне шал екі иығы селкілден, рахаттана күліп алды.

Таңдайы кеуіп, сусап отыр еді, қатарымен қос тостағанды дем алмастан тартып жіберген. Байсал өлең айтардай өңешін қырнап, қымызға бірден тиіскен жоқ. Ойланғандай болып, тостағаннан бірер жұтты да, кемпіріне бұрылды:

– Қанайды шақыр! Су тасып, монша жақсын!

Ақзия жауап қайтармастан, имен қағып сыртқа шығып кетті.

- Шөпті жеткілікті дайындаған боларсыз? – деді аңшы.
- Әлде де екі орындаған жер шабылған жоқ. Қанай болмаса, бізден қайрат қайтты... Қолдың қарымы кеткен соң, қырдың шөбі де қырсығады екен. Қанайға серік болып, биыл да шалғымды сүйретіп едім – болмады... Екі сілтеп, бір тұрам. Жерге жығылғанынан есек шөбі көп бола берген соң, Қанайдың да қайласы таусылды-ау деймін, ертпейтін болды.
- Қысқа жетсе бопты да.
- Шабайын деген шаруаға бұл жақта шөп жетеді ғой.
- Атантай мен Райысты да шөпке салмайсыз ба?
- Қыңыр туған баланы тезге салғанмен түзеле ме? Ортаншы үлды айтам...
- Райыс па?
- Сол... Табанының бүрі жоқ тұрақсыз неме... Мәтібіда жалшылықта жүр еді, жанжалдастып одан да шығып кетті. Бір топ орыс пен бірігіп, Марқакөлден балық аулаймыз деп жоғалғанына да, міне, айдың жүзі болды.
- Жалшылықтың күні қараң ғой. Су ішсе де, суан ішсе де, өз күнін өзі күйттегені жөн шығар?
- Бәріміз де солай деп ойлаймыз. Езілсе де, еңсемізді түсіргіміз келмейді. Бірақ ондай тәкаппарлықтан не пайда? Ит мініп, ирек қамшылағаныңмен, алысқа ұзап кетерің шамалы. Бәрібір, айналып келіп, сол Мәтіби мен Піліпке, сол Сандыбай жуанға кіріптар боласың. Басқадай барап жерің, басар тауың жоқ.
- Оныңыз рас! – деп аңшы бұл сөзге ойланып қалды.
- Сені айтамын... Әкең жарықтық «Жалшы болып, итаяқтан сары су ішкенше – тау басында аштан өлгенім артық» деуші еді. Бір есептен әкеңдікі де жөн бе деймін... Өйтетүғын екеудің бірі аңшы емес. Оған да асқан өнер қажет. Әйтпесе былайғы адам тәйгеде арам қатады.
- Байсал қымызды сапырып, тостағандарды қайыра толтырып қойды.
- Әке өнері саған да дарыған екен, – деді сосын сөзін жалғап. – Ана жолы артық айттым ба деп те ойлаймын. Тар есік, тар босағаны андып, күйсіз тірлікті күйттегенше – сенің осының да дұрыс шығар, тегі!

Қараманға қымыз сіңімді жүріп, өзгеше рақаттанып отырды. Көптен бері жаны осыншалық жадырап, жүйкесі жібіп көрмеп еді. Қымыздың буы былайғы дүниені тас ұмыттырып, өң мен түстің арасындай әдемі күйге түсірген.

Байсал дауыстап кемпірін шақырды. Ақзияға ілесіп сырттан Қанай кірді. Күнге тотығып, инеліктей қабысып қалыпты. Аңшы ағасына амандасты да, үяла басып, қайыра сыртқа шырып кетті.

– Ұлыңыз азамат болты! – деді Қараман Қанайдың жібектей мінезіне сүйсініп.

– Айналайын, аман болсын. – деді Байсал, – Кемпір-шалдың ендігі тірегі осы үл болып қалды ғой.

– Сен неғып дөңгеленіп кеттің? – деп шал сосын кемпіріне шұқшиды. – Қазаныңды көтеріп пе едің?

– Бәтіреке, тықақтай берменші! Қонақ келсе өстіп күйгелектене қалады екенсің... Сен араласпасаң да, қатынның шаруасын бір кісідей білеміз.

– Мейлі, бірақ оттан алыш, суға салғандай болып жүрмесін, тегінде. Асықпай, бабымен дайында! Әңгіме тыңдар, көніл сусындар адам үйіңде күнде келіп жатқан жоқ. Біз сартабандап үзақ отырамыз.

Күйбендең жүрген Ақзия андаусызда шайыңды құйылған жез шылапшынның шетін басып кетті. Ләқ етіп ақтарылған лай су бүйірде отырған Байсалдың астынан бір-ақ шықкан.

– Ат-т-таңның аузын!.. – деді шал тұтығып. Боз мұрты дірілден, көзі жыпылықтай берді. Сүйретіліп орнынан тұрып, шалбарының суын сорғалатып, тонқандап шығар есікке беттеді.

Аңшы болар-болмас езу тартып, іште қалды. Сырттағы баж-бұж дауыс басылған соң, алдындағы тостағанды төңкеріп, бұл да шықарға шықты.

Байсал шалбарын кептіріп, үй бұрышында талтайып дамбалшаң отыр екен.

– Міне, көрдің бе? – деді аңшыға кермедегі шалбарын иегімен нұскап. – Көніл жазып, біреумен әңгімелесейін десең, өстіп... ес-ақылдыңды шығарады.

– Женгеміз әдейі істеген жоқ қой. Оқасы жоқ, Байсеке!

— Пәлі, сен көңіл айтқандай толқып тұрсыңғой! — деп Байсал мырс ете түсті.

Қанай үйден құрақ көрпе әкеліп, әкесінің тізесіне жапты. Екеуі тағы да әр нәрсенің басын бір шалып, біразға дейін әңгімелесіп отырып қалды.

— Атантай хабарласып тұра ма? — деп сұрады Қараман.

— Құлі бөлек, балалы-шағалы... Ол үлға тіпті өкпем жоқ. Әке-шешесіне мойын бұру түгілі, өз тутінін тұзу шығара алмай жүр... Кіре тартып, үйінде де сирек болатын көрінеді.

Байсал қарманып насыбай шақшасын іздең еді, дамбалашаң отырғаны есіне түсіп, амалсыз тізесін уқалап қойды.

— Ара-тұра келінім келіп тұрады, — деді сөзін ұшықтап. — Шүкіршілік, келген сайын анау жаман боқташқартардың маңдайынан иіскеп, кемпір екеуміз бір жасап қаламыз. Біздің ендігі қызығымыз сол немерелер ғой.

— Райысты да үйлендіріп, қол-аяғын байламадыңыз ба?

— Ол үл теке сасыса да, үйленбейтін шығар!

— Е... несі?

— Тым болмаса, тырақы тайы жоқ, тегін қызды қай қазақ берे қойсын!

Ыңғайсыз тұсқа киліктім-ау деп ойлап, аңшы сөзден тосыла берді.

— Айтпақшы, тұнеу күні қызық болып, біз талтүсте бұлан атып алдық, — деді шал саңқылдай сөйлеп. — Соғымды уәйім етіп жүргенде, Құдай бізді жарылқады. Таңынан жарылған семіз екен. Мына Қанай інішегің өзіңе тартқан мерген бола ма деймін... Тіфу... тілім тасқа! Атып алған сол.

— Қайырымен болсын! — деді Қараман.

— Жарықтық, Алтай дегенің жердің шырайы ғой, — Байсал мұртын маңғаздана сипады. — Адырында арқар көп, адамында дарқан көп, Құдайдың қасиетті мекені... Осыған да тәуба!

Қараман Байсалдың сөзіне бас шүлғып қойып, сығырайып тағы төңірегін болжаған. Мұның бала күнінде Байсал тұрып жатқан осы Шүңқыржұртта кішігірім ауыл бар еді. Ат бойы қарбасып қалатын қыс айларында бұл ауылдың былайғы елмен қатынас мұлдем үзілетін. Ондайда мейлі біреу шетінеп, біреу өліп жатсын, қияндағы жұрагат хабар-ошарды жаз шыға бірақ еститін. Осында жайсыздығын ауырсынған ел жыл сайын

бірлеп-екілеп етектегі ауылға көшіп жатты. Ақыр соңында берекелі ауылдан бөренелі үй қалмады... Көрілік белгі беріп, атажұртын қып кете алмады ма, осы Байсал ғана кіндігінен жабысқандай бұл жерден тыптыр етпеген. Қараманның әлі есінде, ауылдың «Шаңырақ» деген өп-әдемі аты да бар еді. Жылдар өте ол да ұмытылып, кімнің ойлап тапқаны белгісіз, қазір Шұңқыржұрт атанып кетті.

Көшкен ел сал жасап, сумен ағызса да, үйлерін бөренелеп тасып әкетіскен. Сол үйлердің орнында қазір қурай өскен теміреткедей теңбіл-теңбіл жұрт қана қалды.

Қалың орманды тау қолтығынан орын тепкен осы Шұңқыржұрттың теріскей жағы саздауды жазық. Сол жазықтың бергі шетінен сұы тартыла бастаған шағындау көл жылтырап көрінеді. Көл жақтан күздің салқын самалы есіп тұр. Су айнасы жыбырлап, сиыртаңдайланып толқып жатыр. Бірін-бірі қуалап, жағаға асыққан майда толқындардың малта тастарды шыппшып шапаттаған үні естіледі. Толқын үні баланың ойынын, қыздың құлкісін елестеткендей екен.

Әлдеқайдан, көлдің арғы жағындағы батпақты жазықтан сазқұладынның жалынышты үні құлакқа шалынды. Жер астынан айқайлағандай, құмығып шығады. Мынау жан баспаған батпақтың бел ортасында біреуді біреу қылқындырып, біреуді біреу көмекке шақырып жатқандай.

Батпақты жазықты қақ жарып, бұрандай аққан Қандысу нобайланады. Қандысу – мынау көлден ағып шыққан жалғыз өзен. Неге екені белгісіз, осы көлге жұрт ат қоймапты. Оған қарағанда, күміс шытырадай жылт-жылт еткен анау шумегінің даңқы жер жарады. Жұрт ол өзенді Қандысу деп те тегін атамаған сияқты. Көлден бастау алған Қандысу тау мен тасты қақ жара арқырап, Бесқарағай мен Шұбарағаш ауылдарын басып өтеді. Қандысу әсіресе көктем шыға өткел бермей тасып, малды қойғанда, жыл сайын адам шығыны да болып жатады. Қандысудың мінезі қыс айларында да шатақ болатын, аринасынан асып, жер-көкті қызылсу қаптап кетуші еді. Ондайда айнадай жалтыраған шыңылтыр мұздың арғы шетіне көзің әрең жететін. Ауыл адамдары қысты күні өзеннің арғы жағына қатынау үшін мұздың үстіне шөп-шалам төсеп, кузер салып, мал мен көлікті өзөр өткізетін.

Көл жақтан ескен салқын жел қатая түскен соң, бұлар орындарынан тұрып, үйге кірді. Дастархан жасалып, сары са-мауыр екі иінінен дем алып ортада тұр екен. Ақзия жеңгесі үйдегі тәтті-дәмдінің бәрін «Көзжақсысының» алдына тартып, шайды да борлап құйды.

Екі еркек алдағы қыстың қамы жайында әңгіме қозғап, құла шайды рақаттана сораптады. Сөзден сөз шығып отырғанда, әлдене қитығана тиіп кетті ме, Ақзия шалына шүйлікті:

– Сен де қарағымның өзі болып тұрсыңғой, – деді. – Ұл-тайған сайын ақыл кіріп, сабасына түсе ме десем... қу тақыс қияңқының өзі болып барасың!

– Әй, бәйбіше! – деді Байсал қасын көтеріп, – еркектердің әңгімесіне бүйірден килікпей, жайыңа отырсаңшы.

– Неге килікпейін... Көзжақсыма қыр етіп өдейі айтып отырмын. Жан-жағынды жайрап, бидайдай қуырып кеп жүргенің... Қазымыр адамның бойына шыр жүғушы ма еді... Өзінің түрін қарашы, қу шөлмектей қушиып барады... Адам болып бойынды бір жинасаңшы былай!

– Пәлі, мына жеңген маған бой жинатып, әлденеден дәмелі болмаса неғылсын?

Байсал сақалы селтеңдеп, мұрты жыбырлап, бар денесімен селкілдей күлді. Күлген кезде шалдың су секілді сарғыш жа-нары мұлдем жұмылдып қалған.

– Бәйбіше, сен енді менен тұр іздемей-ақ қой, – деді сосын. – Құнге көннен қатырған қу сабада қандай кеспір болушы еді?

– Тіліңді безеп, сен жазған, кімге есе берген едің?

Ақзия қызарактай шамданып, шалына сырт айналып отырды.

– Сөз айласын білмеген сөзді өзіне келтіреді деген, бәйбіше. Шалыңмен шатасып қайтесің?

– Садағам! – деп Ақзия ернін сылп еткізді.

– Құдайға шүкір! – деді Байсал ыстық шайды үріп ішіп. – Мыжырайып қазір отырғаныммен, мен де бұл ғұмырда елге есе жіберген жан емеспін... Тілім сөзден, тізем дүшпаннан сүрінген жоқ!

Мұрынға қазандағы жас еттің иісі тепті. Төңіректі басына көтере дауыстал, үй іргесінен әтеш шақырды.

Шайдан соң, тамақ піскенше екі еркек жоғары өрлең, Қанайдың отаулап жинаған шебін болжап қайтты.

— Анадан кейін ауыл жаққа жолың түспеді ме? — деп сұрады Байсал.

— Қол тимеді.

— Не дейін сендерге... Ай жүр, жыл жүр, аман жүріндер, әйттеуір... Арғымақ та айналып түбінде қазығына жығылуши еді.

Шал тағы да жайсыз әңгіменің шетін қылтитты-ау деп, аңшы тыржың ете түсті.

— Ауыл дейтін ауылда нендей жақсылық қалды дейсіз, — деді жүйкеге тиер әңгімeden тезірек құтылғысы келіп. — Кендірі үзіліп, көтерем болған ел... Шілдің қындағының ағайын...

— Аш қарын, тоқ жараву жүрсөң-дағы, ауылдың аты ауыл той. Ел іші болғасын бардан ауысады, балдан жұғысады, — деді Байсал.

Осы шалдың көмейінде мен үқпаған бір сыр жатыр-ау деп ойлады аңшы. Қараңғысайға анада келгенінде мұның кісікік өмірін, саяқ тірлігін мұсіркеп, жер етіп жүндең кетіп еді. Бағанағы бір сөзінде жалшылықтың күні құрысын, аңшылығың артық екен деп, қолпаштап бір өтті. Енді, міне, тағы да ауылды алға тартып, ренішін аңғартып келеді.

Шалдың өзіне бір сөз тастайыншы деп бір оқталды да, ойынан айнып, жұтынып қойды. Сосын әңгіме арнасын басқа жаққа аудармақ ниетпен:

— Байсеке, мен бұғы асырайын деп жүрмін, — деді.

Байсал естімей қалды ма, әдайілеп мойнын бұрып, «не дейсің» дегендей иегін көтерді.

— Бұғы асырамақ ниетім бар, Байсеке!

Шал сақалын саумалап, аз-кем ойланып қалған.

— Қозықа ма еді? — деп сұрады сосын.

— Жо-жоқ, кәдімгідей ірі бұғы...

— Тірідей ме?

Аңшы басын изеп, болымсыз езу тартты.

— Естімеген елде көп деген... Шын айтып тұрмысың, өлде бағанағы қымыздың буы ма?

— Шын-өтірігін өзім де білмеймін, Байсеке. Бірақ ниет етіп бір шаруаға кіріскеңім рас.

Аңшы соңғы екі-үш күнгі қарекетін әңгіме етіп, Байсалдың алдына барын жайып салды. Шалдың шұңқрек көзі күлімдеп, бір түрлі үйіп тындағы. Сенерін де, сенбесін де білмей дағдарып, таңданыспен басын шайқай берді. Аңшының сөзін зерделегендей, біразға дейін ойланып үнсіз отырды да:

— Мынауың тәуір хабар екен, — деді балаша елпілдеп. — Бұл бастамаң исі Қаратай өuletінің өмір-тіршілігіне өзгеріс әкелмесе неғылсын? Қалай болған күнде де жақсылық ырым секілді. Ылайым арты қайырлы болсын!

...Қас қарада Қанайды артына мінгестіріп, аңшы аяңдал Қараңғысайдағы үйіне қайтты.

## Қашқындар

Былғы жылды Жазатырға қар қалың тұсті. Кібісе жылды ғой, қыс қатты болар деген Байсал шалдың жорамалы бекерге шыққан. Қары қалың болса да, қызылы аз, адамның арқасын қыздырған шуақты күндері мол еді.

Күннің жылымық шуағы қардың астын жіпсітіп, әр тұстан күркіретіп көшкі түскен, сөйтіп, ақпан туда күнгей қыраттың біразы жалаңашталып салған болатын. Тебіні тарылып, қыстың алғашқы айларында қолдағы мал қорадағы азын-аулак шөпке қарап қалып еді, енді олар да бой жазып, күнгей беткейлерге шұбартып шыға бастады.

Жазатырда екінші жыл қыстап жатқан Қараман аңшының өмірі де ұзақ түндей өзгеріссіз өтіп жатты. Жалғыздықтың жүдеу тірлігі жетіле піспеген қымыздай дүбера бір дүние екен. Өлі болып көрде жоқ, тірі болып төрде жоқ, өмір емес – мәнсіз бірдене... Амал қанша, аңшы жазғаның оған да еті өліп кеткен. Шыбын жаның шықпаған соң, бәріне де лажсыз көнеді екенсің.

Бұрынғыдай емес, Байсалдың үйіне жиілетіп ат шалдырып жүрді. Таға тимеген мынау жеті қат тау ішінде қара тартып баратын басқа жері де жоқ-ты... Қыстың қысқа күнін екеуі әңгімемен батырып, шүйіркелесіп, шер тарқасып қайтатын. Бірде таудағы қақпан-тұзақтарын қарайлап, араға аздан уақыт салып алыш еді, шеге торысымен қарды омбыладап, шалдың өзі

Қараңғысайға жетіп келіпті. Тегі, шал екеш шалың да бұл жоқ кезде елеңдеп іздел, жалғыздықтан зерігетін сияқты.

...Қарашаның қары түсе ауыл жаққа бір соққаны бар. Қалған-құтқан теріні өткізіп, шай-шакпыт пен жіп-суанға айырбастап қайтқан. Содан бері ел ішінен бейхабар болатын. Тұнеугұні Шұңқыржұртқа Райыс келіп ауыл жаңалығын сапырып кетіпті. Байсал үйге сыймай, алдымен сол әңгімені бөлісуге келіпті.

– Әлгі біздің ұлдың сөзі рас болса, тегі, жақсы хабар болмады, – деді шал қайта-қайта басын шайқап. – Алтын жаға сөгілген тәрізді... Ел-жұртым ала қозыдай жік-жікке бөлініп, ағайын арасына ақау түсіпті. Соған қарағанда, бір есік, бір тесік заманың келмесе неғылсын?

– Нарын жақтағы кейбір ауыл «кірән» деп, арғы беткө жарыла көшіп жатқан сияқты, – деп одан сайын алаңдай түсті.

«Апрыым-ау, осыншалық бұлінетіндей ел іргесіне нендей зауал тиді екен? – деп алғашында шалдың әңгімесіне бұл қайран қалған. – Тәйірі, жағажыртылса жамалар, – деп ойлады соңынан, – бұл да сондай өткінші өсек, өсірме дақпырттың бірі шығар, тегі!»

Байсал ұзак отырса да, Қараманнан тұщымды сөз ести алмай, ақыры іңір түсе атына мінген.

\* \* \*

Жаз кезінде ет тастап, ен тағып жүрген бірер бұлғынды олжалағаны болмаса, биылғы қыста апталап із кесіп, алып ұшып асқар тентіреуін сиреткен еді. Көп теріні көріме апарайын ба, бір басыма бүйірғаны да жетеді деп, қолды бір сілтеген. Оның үстіне, қоңыр күзде Қанай екеуі бұғышақпен шақырып, өупірімдеп қораға қамаған төрт бұғының да бір адамдық шаруасы баршылық екен. Маңайына жолатпай осқырынған тұз тағысына әлдене деп үміт арту артық жұмыс, ауыр кәсіп екенін қарашаның қары түскен күні-ақ сезген-ді. Сезсе де, соншалықты қындықпен қолға түсірген тағыларды былайша қоя беруге бүйрекі құрғыр қимады. Әрі Ман-жу тамырының қолқасы да көңілін алаңдатумен болған еді. Жо-жоқ, бұл Қараман бесатардың күнына жиырма бұлғын берсе де ол пәлені бірдене етіп амалдар еді-ау... Бірак, ойна алған істі жеткізбей

тынбайтын қызылкөз саудагер мұнымен тына қояр ма еken? Аңшы содан қауіптенді. Қауға сақал көп саудайының бірімен тіл табысып, мүйіз үшін Алтайдың қалың бұғысына қырғидай шүйліксе не болғаны? Тауға барып, тасқа шапса да ит жеміндегі олжа таппаған, бәрібір қу тірліктің шырмауынан шыға алмай шаршаған қаймана қазақ естісе қайтпек? Мамыр асып, бай болуды көздемесе де, күнкөрістің бұл да бір көзі еkenін үққан жұрт тау жағалап, сай сағалап кетпесіне кім кепіл? Бұғы дегенің айлатып із кесіп, апталап аңдысаң да қолға түспей кете баратын бұлғын емес, күдірейген күдіс жон бұқа емес пе... Ендеше бұл Қараманың тапқан амалы дәл осындағы пәледен күтылудың ұтымды жолы сияқты. Бір адамның басы жетпес бұлдыр кәсіп, бұлаң тірлік еkenін ішінен сезгенімен, бәрібір қайдағы бір болымсыз ұміт көнілін дәмелендіріп, ойынан шықпай-ақ қойған. Ойлай-ойлай, ақырында, «бір қысқа қоянның да терісі шыдайды» деген шешімге келген болатын. Келді де, сатының көлемін ұлғайтуға кірісті. Сөйтіп, қыс бойы бұғыларға қар аршып, тебін тептіріп, жабырқаған көнілін алдаусыратқан тәп-тәуір ермек тауып алды.

Бәрібір жарым көніл онымен жамалмайды еken. Бұл жараға май жақса да жазылмасын аңшының өзі де білетін. Әсіресе қыстың ұзак тұнінде шырмауықтай шырматылған ойлар жүрегін сыздатып, көкірегін буа түсті. Көнілі тұн баласында байызтаппай мазасыздан берген соң, бірде аяғына шаңғысын іліп, тағы да Талдыбулаққа тартып отырған. «Жаман айтпай – жақсы жок», қайтпай қалсам обалды болмасын деп, Қуренін шемеленің тубіне, қора ішіне енгізіп кетті. Сатының көлемі жаз шыққанша тебіндікке жарайды деген жорамалмен төрт бұғыны да бір Құдайға тапсырған. Сөйтті де, екі итін ертіп, арқаны кенге салып, Талдыбулақ жақта аптадан артық жүріп қалды. Әсіресе қыс баласында жолда жұру, тауда тұнеп, тас жастану – адамды торғайдай тоздырып жіберетін. Бұл жолғы сапары да ауыр тиді. Аяғын әзер сүйретіп, шаршашалдырып, іңір қараңғысында үйіне келсе – есік алдында екі ат байлаулы түр еken. Үсті-бастары қырау, арқасындағы ері де алынбаған, сұық сорып дір-дір етеді. Сауыры мен төсіндегі қылшық жүндерге емшектеліп мұз қатып қалыпты. Аттардың алыс жолдан азап шегіп келгендері көрініп тұрды.

Әлде иттей болып шаршап келе жатқаннан соң ба, өзі жоқта үйіне басып кірген бейсауат жолаушылардан аңшы әдеттегідей сескене қоймады. «Астындағы атын аямайтын бұлар қандай кісәпір еді, – деп ойлады ішінен. – Әлде үйге кіріп өліп қалғаннан сау ма өздері?»

Шаңғысын шешіп жатып, қалқадағы бақшалап жинап қойған отынды болжады. Қатардың бергі шеті ойсырай көртіліп қалыпты. Үйде тіршілік барын білдіргендей, мұржадан селдір түтін сыздықтайды.

Шаңғысын бұрышқа сүйеп, үсті-басын қакты да, табалдырықтың қарын сықырлатып үйге кірді. Өзімен қоса-қабат үйге бірге еніп, төрге қарай лап қойған бір қора бу сейіліп, көзі үйренгенше, алакөлеңкеден ештеңе айыра алмады.

Алдымен көргені – төр алдында ұзыннан сұлап бір ер кісі жатыр екен. Еркектің басында бір уыс болып бүрісіп, шәлі жамылған әлдебір әйел отыр. Есіктен қорбаңдай кірген аңшыға әйел байғұс еліктің лағындай жаутаңдал, үрке қарап қалыпты.

Сырт киімін шешіп, асықпай қозғалып, алдымен пештің көмейіне бірер кесек жаңқа тастап қойды. Сосын терезе алдындағы тулаққа барып, сылқ түсіп отыра кетті. Денесі болбырап, сүйек-сүйегі саудырып бөлек қалғандай сезініп, үйілеп бетін сипады.

– Есенсіз бе? – деді әйел.

Үнінде нәзік діріл байқалды. Жер астынан шыққандай құмығып, талып естіледі.

Аңшы төр жақтағы екеуге көз төңкеріп өтті де, болар-болмас басын изеді: тіл қатуға да дәрмені бітіп, өлердей шаршапты.

«Сәлемі өзгеше екен, Шүйдің қазағы болар, тегі...» деп болжады ішінен. Еңгезердей ер адам сыр-сыр етіп, зорға дем алып жатыр. Өлетін жандай бұлайша сұлкиіп отыра бергенім ұят болар, жөн сұрасайын деген оймен әйелге бұрылды.

– Суық тиген бе? – деді иегімен еркекті мегзеп.

– Білмеймін...

– Білмегені несі?

Аңшы ұмтылып барып, қолының сыртын еркектің маңдайына тосты. Мандайы қол қарығандай екен, күйіп-жанып жатыр.

– Өкпесін сұыққа алдырған-ау, тегі?!

Сосын жүрелей отыра қалып, еркектің екі қолын, тізесін ұстап көрді. Көрді де, бір сұмдықтың болғанын сезді.

— Қол-аяғын үсітіп алыпсың ғой... Қармен неге ыскыламағансың?..

Онсыз да жаны шығардай қалтыраған әйелге барқ етті де, күбідегі спиртке ұмтылды.

— Бұл кісі жаралы еді, — деді әйел жыламсырап. — Оқ тиген!

Мұны естігенде аңшы қолтығына қысқан күбіні түсіріп ала жаздады. Қайыра сұраған жок, тостағанға толтыра спирт күйип, еркекті жайлап шешіндіруге кірісті.

Ерек болымсыз ыңырсып, есін жигандай нышан танытты.

— Керегі жок! — деді қиналып.

Оқ кеудеден тиген екен, жараны шүберекпен таңып тастапты. Аңшы жандәрмен қимылмен еркектің қол-аяғын, кеудесі мен арқасын спиртпен ыскылай бастады.

— Қанша болды?

— Үшінші күн.

— Қап! — деді өкінгендей ернін жымқырып. — Ішіне қан толып кетпесе неғылсын!

Жаралы еркекті екеулеп киіндіріп, көрпемен қымтап жатқызы. «Әлсін-әлсін қол-аяғын ыскылап отыр», — деп тостағанды әйелдің жанына қойды. Өзі апаш-құпаш жинала бастады.

— Сіз қайда барасыз? — деді әйел жалынышты үнмен.

— Байсалғабарал... көршішалға... Ем-домбілетін тәуіппшілігі бар еді, — деді де, асыға басып, үйден шыға жөнелді.

\*\*\*

Байсалды ертіп келген кезде таңшапағы шың-жартастардың кепешін аймалап, Қараңғысайдан тұн шымылдығы түріле бастап еді. Шалмен бірге жағаласып, қуықтай үйді тарылтпайын деген оймен, Қараман Байсалды үйге кіргізіп жіберді де, өзі сыртта қалып қойды.

Аттардың ерін алып, арқаларына жабу жауып, жетектеп апарып, шөмеленің түбіне жіберді.

Баса көктеп үйге кіріп баруға жүрегі дауаламай, тоқым төсеп, табалдырыққа отыра кетті. Аударып-төңкеріп, жолаушылардың ерін тамашалады. Әйел мінген ердің таралғысы

үзілген екен. Үзілген тұсын ебедейсіз байлаң қойыпты. Әйелдің тірлігіне ұқсайды: жұдырықтай шодырайып тұр. Тебінгінің астынан бұлтиып, жүргіншінің қара санын ондырмай қажаған сияқты.

Қызықтап, ердің қасын сипалады. Күміс оюлармен әдіп-телген жүзіктей сөнді құранды ер екен. Маңдайына, қос мүйізіне ақық тастан жәудіретіп көз орнатыпты. Әмілдірік пен құйысканның жактауларына оқалы бедер жүргізіліп, күміс жапсырмалармен, жез салпыншактармен әшекейленген екен. Құйыскандағы қосақталған қайыс шашақтардың күмбезіне дейін күміспен күптеліпті. Кісліктің жиегі күміс басты мәймөңке шегелермен қаусырылып, батырмамен түрлі ою-өрнек салыныпты. Тоқымның салақтаған бұрышына да батырмамен сондай өрнек жүргізіліпті. Жүгенде әшекей жок, қара қайыс. Соған қараганда, жүгені бөтен сияқты.

Қараманның өзі жылқымен көзін ашса да, тұрман жағына мән беріп, жарқырап киім киіп, саймандал ат мінбеген екен. Атына жайлы, өзіне ыңғайлы болған соң, ұсақ-түйегіне көзіл бөліп, әшекейлеу жағын өсте ойлаған емес. Тіпті, қолына ұстаған қамшысы да атам заманғы Нұртаза өрімшіден қалған төрт таспа шыбыртқы болатын. Соны ойлағанда біртүрлі қомсынып қалды.

«Қой, үйде өлімші боп адам жатқанда, ер-тұрманды қызықтап отыра бергенім жөн болмас», – деп ұмтылып орнынан тұрды.

...Әйел төр алдында еркегінің басын құшақтап, сұңқылдаң жылап отыр екен. «Не болды?» дегендей, Байсалға бұрылып еді, шал басын шайқады:

– Қайратты екен... Қырық пәле жабысса да, қасарысып әлі жатыр.

– Бір амалын тапсанызшы енді... – деді аңшы шынымен сасып.

– Қолымнан ештеңе келетін емес... Қан көп кеткен... Оның үстіне өкпесі қабынған... Қолы мен аяғы үсіген.

Екеуі де бірауық үнсіз қалды. Әйел де жылағанын қойып, соңғы үмітін артқандай, екеуіне алма-кезек жаутаңдай берді. Жайсыз тыныштықты ес-түссіз жатқан еркектің сыр-сыр еткен демалысы ғана бұзып тұрды.

— Амал қанша, ондай ырымды да жасап көрелік! — Байсал әлдебір шешімге келгендей, орамалымен тершіген мандайын сұртіп, көзін әйелге қадады. — Құдай қосқан жарысың ғой, еріңнің кеудесіндегі оғы түсер, ақ жолдың емін жаса!

Әйел алғашында түкке түсінбей абдырап қалғанымен, бойын тез жинап алды. Орнынан тұрып, күйеуінің үстінен жасқаншақтап аттап өтті. Тегі, бәрін де сезіп-біліп жатты ма, осы кезде ерек есін жинап, болар болмас көзін ашты... Жора бойынша үш рет аттау керек еді. Қайыра аттаудың уәжін таппай, қысылып тұрып қалған әйеліне қарап:

— Керегі жоқ, — деді қинала ыңыранып. — Төре тұқымы... емессің ғой... Қара қазаққа... бұл жора... жүрмейді...

Әйелдің амалы құрып, сылқ етіп отыра кетті. Сосын күйеуінің басын құшақтап, тағы да сұңқылдан жылап жіберді. Қолдан келер қайран жоқ, шал мен аншы не істерін білмей бастары қатты.

Ақыры, жаралы ерек жақта көз алдарында жан тапсырды.

Сүйекті оң жаққа салған соң, Байсал «кемпірім мен баламды ертіп, ертең келейін» деп, атына мініп үйіне қайтып кетті.

Жаймадағы еліктің еті аздау көрініп, Қараман мылтығын сайланып, аң қарауға тауға кетті.

Қараша үйдің отын сөндірмей сүйекті күзетіп, кәдір түнде әйел жалғыз қалды.

### Қайта жанған үміт

Бейтаныс біреу болса да, алаштың азаматы ғой, Алла тағала нәсібін осылай жазған шығар деп, қайтқан кісіні барлық ырым-жоралғысымен ақ жауып, арулап қойысты. Әйелдің тілегі бойынша, Қараман атып әкелген бұғы жетісіне қалдырылып, алдымен еркектің өзі мініп келген аты сойылды. Күйеуінің жамбасы жерге тигенше әйелді сөзге шақырып, бұл бейсауат жүрістерінің жайын сұраған да ешкім болмады. Мынау Жазатырға бұл екеудің қыс ішінде қалайша тап болғаны, еркегіне қайдағы кеселдің келіп тигені қаншалықты жұмбақ болып, көмейді қытықтағанымен — ол туралы сөз

қозғауды ырымға жат санасты. Өлген кісінің есімі – Өтелбай, әйелдің аты Торғын екен. Байсалдың азын-аулақ молдалығы арқасында өткен кешкі қатымнан соң ғана Ақзия кемпір Торғыннан суыртпақтап сыр тартқан болатын.

...Торғын Өтелбайдың бұрынғы тоқалы екен. Пәленше жыл бірге отасқанымен бойына сүйек бітпеген соң, Өтелбайдың әкесі «бедеу» деп бетіне басып, Торғынды төркініне апартып тастайды. Өтелбай Шүй қазағының әuletті руынан шыққан мырза болса керек. Дәuletті тасыған әке үкіміне қарсы тұра алмаса да, Торғынды қимай, жасырын кездесіп жүреді. Ел іргесі сетінеп, бай-шонжарлардың шаңырағы шайқала бастаған соң, Өтелбайдың әкесі бір-ақ түнде малын айдал Алтайдың бергі бетімен, Көккезең арқылы Қытайға өтіп кетіпті.

Өтелбай арғы бетте жүріп те Торғынды аңсап, аландай береді. Ақыры, жазды күтүге шыдамы таусылып, қыс ішінде Шүйге тартып отырған екен. Содан тұн жамылып Торғынға жолығады. Әйелдің келісімін алған соң, екеуі жиналышп, тұн-делетіп жолға шығады. Үкөктің бүйра жонында оқыс шекарашыларға ұрынып, атыса қашады да, Көксудың шатқалына түсіп, құғыншылардан зорға құтылады.

Торғын күйеуінің кеудеден жарапланғанын орман ішіне бойлай енген соң бірақ білген екен. Абырой болғанда, оқ өкпені зақымдамапты. Оқ тигенін алғашында ет қызуымен Өтелбайдың өзі де аңғармаған сияқты. Бірақ біраздан соң күйеуінің басы айналышп, әлсірей бастайды. Кешке қарай ат үстінде өздігінен отырудан да қалады. Амалы құрыған Торғын күйеуін арқанмен ерге таңып, атты жетекке алады. Әйтеуір, күйеуі нұсқаған бағыттан жаңылмай, тұні бойы тоқтамай тарта береді. Содан өлдім-талдым дегенде Қараңғысайдағы қараша үйге оқыс тап болса керек.

Торғынның әңгімесін естіген кезде Ақзия сығымдаپ көзіне жас алды.

– Қарағым-ай, өзің де бір көтерден қалған екенсін! – деп, иіліп келіп төсекте жатқан келіншектің мандайынан сүйді.

– Әл жинап, бірер күн тынығып өзіңе өзің келіп ал, шырағым, – деді Байсал Торғынға. – Күйеуінің жетісін өткіз. Содан кейін еліңе қайтқың келсе – мына Қараман ағаң жеткізіп салады.

— Алла риза болсын... Рахмет сіздерге! — деді Торғын. Тағы бірдене демек болып оқталып еді, жөтел буып, сөзі аяқсыз қалды.

Ертеңінде таңертең Байсалдар үйлеріне қайтты.

Аңшы қораның қыны тазалаپ, аттарды жайғап, сонынан үйге кірген. Торғын қауқып бас көтеріп, үй ішін жинастырып жүр екен. Үйге кіруін кірсе де, мынадай тосын құбылысты көргенде не істерін білмей, босағада кібіртікеп тұрып қалды.

— Бұғыларды бір шолып қайтайын...

Әлденеден ақталғандай, тымағын қайта киді.

Торғын «бұғылары несі?» дегендей, қоңыр көзін бір төңкерді де, өз қаракетін үнсіз жалғастыра берді.

Аңшы сатының қисайған тұстарына тіреу салып, тебіндікке қараршып, далада күйбендең ұзақ жүрді. Сатыны өткен тұні ит-құс торып кетіпті. Ұзын сырықтың басына шоқпыт киімдерден қарақшы жасап, қоршаудың басы мен аяғына жалбыратып іліп қойды. Шаруасы ыңғайлаптан кезде Жетіқарақшы да жамбасқа құлаған еді.

Үйге жасқаншақтай кірді. Құтпан мезгілі әлдеқашан өтіп кетсе де, Торғын әлі үйықтай қоймапты. Тізесін құшақтап, пеш түбінде бір уыс боп бүрісіп отыр екен. «Бүйткенше, Байсалдікіне барғаны жөн еді», — деп ойлады аңшы. «Қабырғацмен кеңесіп, өзің шешкейсің, Торғынжан. Бәлкім, біздің үйде болғаның да бір есептен дұрыс шығар?» — деп Ақзия мана таңертең қайтарында Торғынға екі үшты сөз салған. Бірақ Торғын оған келісе қоймаған: «Жат үй болса да, күйеуімді осы шаңырақтан шығардым ғой», — деп ақырет жолын көлденең тартқан соң, бәрі де бас шұлғып, «жөн екен» дескен. Ақырет жолы дұрыс-ау, бірақ Қараман жазғанды торға түскен торғайдай аласұртып, ыңғайсыз жағдайға қалдырғаны қын болды.

— Демала бермедің бе? — деді Қараман сырт киімін шешіп жатып.

Торғын үндеген жок, орнынан тұрып, шай демдеуге кірісті. Аңшы бүйірдегі бөренеде ілулі тұрған шамдалға қол созып, шырпы тұтатты. Бұл шамдал осы үйдегі өзімен жасты көне мұліктің бірі болатын. Бала күнінде әкесі бұқаның мүйізінен иіп жасап берген еді. Тұнде пештің жарығына сығырайғанша,

шамдалмен әжептәуір шаруа бітіруге болады. Осы жазда ауылда Сәдуақас құрдасынан қойдың аңы ішегін сұрап, бір қыстық білте дайындаған алған. Білтеден бұрын, араның балаузыны шыдатар емес: жиі-жиі таусылып қалып жатыр. Байсалдан барған сайын сұрай беруге де жүзі күйейін деді. Қалған қыста аңың майын қайнатып, бірдеңе етіп амалдағаны жөн шығар.

Үй іші біршама жарық тартты.

Торғын бұрқ-сарқ қайнаған шәугімді алыш, үстелге қойды. Үстел үстіне бір тілім наң мен қақпыш-борша майдың бірер жапырағы дәңгеленіп тұра қалыпты. Сәлден кейін иісі мұрынды жарып, буы бұрқырап жылқының жас еті келді.

Беренесі бұлтиған, төрт қабыргадан басқа ештеңесі жоқ жадау шаңыраққа бір өзгерістің енгені анық еді.

Аңшы күрсінді. Әлдебір үрлық жасап қойғандай, екеуде тамақ үстінде жақ ашып, тіл қатысқан жоқ. Тіпті бірінебірі қараудан да қаймығып, қабактарын көтерместен, төмен сүзіліп шай ішісті. Шайдан соң аңшы бұрыштағы тулак үстіне құрақ көрпені екі бұқтеп тастады да, теріс қарап қисая кетті. Ыдыс-аяқты жинастырып, пешке отын салып, Торғын да оң бұрыштағы сәкіге барып жантайды.

Аңшы оянған кезде Торғын үйде жоқ екен. Пеш лаулап жанып жатыр. «Масыл басқандай күн шыққанша үйықтағаны несі екен?» Киініп сыртқа шығып еді, Торғын есік алдынан да көрінбеген. Жұқалтаң түскен қырбақ бетінде жалғыз аяқ із байқалады. Із түстіктері зират жаққа кетіпти...

– Қақпандарды тексеріп қайтайын! – деді Қараман ертеңгілік шай үстінде.

«Мен жоқта қорадағы аттарға көз қырынды сала жүргей-сің», – деген сөзі айтылмай, көмейінде тұрып калды. Шаруаға икем ауыл әйелі емес пе, ондай ұсақ-түйекті айтқызбай-ақ білетін шығар деген оймен тауға жиналды.

\* \* \*

Ол да бір естен кетпес дәурен екен-ау! Енді ойласа, бәрі де ертек сияқты, тіпті сенгің келмейді. Бәрі-бәрі көрген түстей ағып өте шықты, мінеки. Ол заманда байлығы мен барлығы, ерлігі мен нарлығы тасыған елдің бағы да, сірә, бес елі болған шығар. Базары жүріп түрған бозбала болғасын ба,

әйтеуір, бұған төңіректің бәрі төгілген ән, құйқылжыған күй сияқты көрінуші еді. Нелер бір аламан жиын, торқалы тойлардың қалың ортасында Қараман да жүрді араласып. Нелер бір акпа ақын, тәкпе қүйшілер мен тұмарлы жүйрік қас шешендердің өнерін қызықтап өсті. Солардың бәрі қайда кеткен деп қайран қалады қазір. Өмір деген аңшының атқан оғы екен, қаймалысқан қу тірлік бір-ақ күндей алдамшы екен. Дауылдаپ жел де басылып, сауылдаپ су да таусылатын сияқты. Қараманның көзі соған жетті бүгінде.

Енді, міне, таңды атырып, күнді батырып, әйтеуір балық құсан қанат қағып жүріп жатыр. Бұл тірліктің мәні де, сәні де баяғыда адыра қалған. Әлде елдің жығасы кисайып, бағы шындаپ күйзелді ме, әлде жұрттан шыққан жұрындай мұның өзі осыншалық тозып бітті ме, әйтеуір, өткенді ойласа, көмейіне өксік тіреледі.

Уа, шіркін, ол да бір қайталанбас дәурен еді-ау!..

Әлі есінде, Өтесін байдың бір саулығы үшем туып, ел жағасын ұстаған жарапазанды жыл болатын.

«Ел не демейді, ешкі не жемейді», сөуегейсіген жұрттың құткен қатері келмеді. Тұгін тартсаң, майы шыққан қайран Алтай бұл жылды да берекелі болды.

Күзем аяқтала бере, ауыл жастары жылдағы әдетінше бір үйге сабауға жиналған. Айзада марқұмға алғаш рет сол жолы, сабау үстінде көзі түсіп еді. Ұяң мінез, томағасы тартылмаған томпиган ақ құба қыз екен. Жаурынынан сұлай түскен жеңдібілектей қара бұрымы сабауды сілтеген сайын дірілдей толқып, Қараманның көзін арбады. Сөзден шалып, өзіл құған былайғы ерке тотай қыздардай емес, иманы бетінде үзілген ибалы, біртоға секілді. Жігіттердің қағытпа қалжынына сыпайығана жымылып, бұлкілдетіп сабауын сабай берді.

Сонынан кесек дөңгелеткенде екеуі қатар келіп қалсын... Кесек илеу қыз-келіншектің шаруасы деп, жігіттер жағы сырғактаса да, қыздар қылышын жібермей қойысты. Білек-теріңің қаруы бар, сендер илеген киіз берік болады дегесін, шарта жүгініп, жігіттер де дөңгелете жөнелген. Қараман қасындағы Айзадаға қайта-қайта көз қылғын салып, сілекейін жұтыш құмартумен болды. Қыздың білегі жас баланың етіндей аппак еді. Білек пен білек жанасқан сайын қарып түскендей

өн бойы дір ете қалады. Киіздің ыстық буынан емес, бойын шарпыған ыстық сөзімнен Қараман қара терге түсті. Қасында пыс-пыс еткен жігіттің қарағыштай бергенін қыз да аңғарған тәрізді. Екеуінің жанары бірер рет түйісіп те қалған. Екі беттері ұяттан өрт бол жанса да, айтар сөздерін сол бір түйіскен жанарлар арқылы ұғысқандай болды.

Содан кейін-ақ балдай тәтті қимас күндер басталып жүре берді дерсің. Іңір болса ірге бағып, Айзаданың үйін айналсоқтап кете алмайтын. Ауыл жастарының ойын-сауығынан екеуі әсте қалып көрген емес. Ойын кезінде екеуі ылғи да бірге болуға тырысатын.

Айзадамен әсіресе қол тұзак ойнауға Қараман құмар еді. Бұл болса саусақпен саусақтың жанасқанына мәз, ал Айзада ылғи да мұның қолын тұзакқа түсіре беруші еді.

Енді ойласа, Айзадаға көңілі шындал құлап, нағыз ғашықтардай-ақ ынтық болған екен бұл. Онысына әсте өкінбейді. Өмірінің серігі етіп Айзаданы қосқаны үшін Жаратқан Иесіне екі дүниеде риза. Айзадамен қол ұстасып, ширек ғасырдан астам ғұмыр кешіпті. Шүкіршілік, тоны тозған жок, аты озған жок, азаматтың ала жібін аттамай, адалдықпен тірлік құрыпты. Амал қанша, бала тоқтамай, әйелі көтерген бес құрсақтың бәрін де қара жерге берді. Үрім етіп, ақсарбас айтып, алтыншысының атын Тоқтасын қойды. Бала тоқтасын, дүшпанның беті қайтсын деген жорамен ұлының құлағына сырға салды. Тілеуі қабыл болып, ұлым үрпағым ба деп іштей марқаюшы еді, ол да бір өтеуі жок арман болып қала берді, мінеки.

Қайран, Тоқтасын-ай! Жүрегінің қуаты, көңілінің суаты еді ғой мұның. Жаман әкені айдың күннің аманында адастырып, қан жұтқызып жалғыз тастап кете барды... Әй, өзі де өлекедей жаланған алғыр еді-ау! Қекірегі жаулы өссін деп жастайынан соңына ертіп орман мен тоғайды аралатты. Табанды болсын деп тауға айдал, тасқа салды.

Дегеніндей-ақ, Тоқтасын екі иығына екі кісі мінгендей мұсінді, қайратты бол ержетті. «Кедейдің аузы асқа тисе, мұрны қанайды» деген тегі рас екен. Жалғыз ұлы азамат болып, енді бірденеге қолым жетті ме деген кезде, тағдырдың көлденең қырсығына килікті. Қанатынан қайырылып, қабырғасы

қаусап қалды. Жат жұрттық жаман төл емес, бауырынан кіш еткен үрпағы еді, көктей солды. Қайғы жұтып, белге соққан жыландағай боп күңіреніп Қараман соңында қала берді.

Құдай басқа салған соң, бәріне де көнеді екенсің. Тұн жамылып, тау басында жалғыз жатқан аңшы көп дүниені есіне алған. Тұн ұзак, ал ұзак тұнде басыңа не кіріп, не шықпайды десенші! Өмірің тізбектеліп көз алдыңан өлденеше қайталаңып өтіп жатады. Бұл Қараман құс үйқы болғалы қашан... Көз шырымын алар-алмаста селк етіп оянып кетеді. Лаулатып жағып қойған ошақтағы от та бұл уақытта өшіп үлгермейді. Қызара жылтыраған шоқтарды жинастырып, үстіне шырпы тастап үрлейді. Шырпы тұтана бастаған кезде сүйретіліп орнынан тұрып, отын іздеп, іргедегі самырсындардың түбін тұртқілеп кетеді.

Мұның тұнгі қарекеті осы болып алды.

Тасқұркеге келіп, бұлақ жағасындағы өлдебір тастың құзына самырсынның бұтағын қабаттаپ лашық жасап, пана еткеніне мінеки екінші күн. Жел жоқ, боран жоқ, ықтасын жер. Астыңа да самырсынның мыңжылдық құрғақ бүрін төсеп, айлатып жатып алсаң да, былқ етпеуге болатын екен. Бірақ кеше, бұл тауда жүргенде, салмадағы сорғытып іліп қойған күдірдің жас етін біреу боршалап жеп кетіпті. Қашан да жол жүргенде жанынан тастамайтын жez шәйнекті домалатып, ішіндегі жалбыз шайды бұрқыратып мұз үстіне төгіп тастапты. Содан бүгін аузынан кеуіп, қайнаған қара суды қанағат етіп отыр. Өзге хайуан адам иісі бар жерге жоламайды, аңшының ежелгі жауы – сасық құнудың әрекеті сияқты.

– Таңертең Талдыбұлақты бір шолып, сосын аяңдал үйге қайтайын, – деді аңшы күбірлеп. Даусы қаттырақ шығып кетті ме, алаудың арғы шетінде маужырап үйқыға кеткен Сырттан басын әнтек көтеріп алды.

Бұлк-булк етіп, төменде бұлақ қысыла ағып жатыр. Жанжағынан қысқан мұз құрсауға әлі жетпей, көмек сұрап қыңсылағандай ма, қалай? Емшектеле қатқан мұз сіреулері ай нұрымен шағылышып, бейнебір ерке бұлақтың сылдыратып ойнаған күміс сырғаларына үқсан кетіпті.

Бұлақ жағасында қылтың қағып шақшақай жүр. Сып беріп су түбіне сұнгіп кетеді де, сылаң етіп бір жақтан шыға келеді.

Кішкентай торғайдың сүйқа мықтылығына таңырқап, аңшы басын шайқады.

Қарды омбылап, өр жактағы самырсынның түбінен бір күшақ қу бұтак сындырып әкелді. Отты лаулата жақты да, кірпік айқастырып, мызғуға кірісті.

– Жол ұзак, демал! – деп көзін жұмған күйі Сырттанға тіл қатқан. – Ертең сен де Таймасқа баrasың.

«Ит адамға ес болады ғой, Таймасты Торғынның қасында, үйде қалдырганым жөн екен» деп ойлады.

Көзі ілініп бара жатып, қорадағы жылқыларға уақтылы шөп салынып жүр ме екен деп уайымдады. Күніне біруақ бұлақтан суарып тұрушы еді, Торғын ондайды білер ме екен? Бұтақарағанның түбін аршып, тебіндектен де жөн еді. Қыстың арты ұзакқа созылса, қорадағы шөп жетпеуі де мүмкін ғой. Оның үстіне тағы бір жылқы қосылып отыр.

Тұсіне саты ішіндегі төрт бұғы кірді. Төртеуі кезек-кезек мұның алақанын жалайды екен. Қайдан келгені белгісіз, бұған бүркүрай ұрысып, бір шетте Байсал жүр:

– «Малдының – жүзі жарқын», мал дейтін мал да жоқ сенде, – деп шыбықпен шықпыштып, бұғыларды қуалайды кеп. – Салың суға кетіп салпақтап, тұз тағысын асыраған не теңің еді? Малма тымақ күйге түстің, мінеки!

– Менің бұғыларым бар емес пе? – дейді бұл кенкілдей күліп.

– Тағыны қуып, мамыр асып бай болған адамды өз басым көргем жоқ. Жалпы бұғы деген түлік емес, қазақтың табиғатына жат кәсіп... Сен кержақ емессің ғой! – дейді шал түтігіп.

Содан кейін баяғыда, бозбала кезінде көретін, көптен ұмыт болған бір әдемі бейнелер тұсіне енді. Қыр басында қызғалдақ терген қалың қыз. Құйрығын шашып, төскейде тыраң-тыраң шапқылаған жалғыз құлын. Маңыраған қозы, сыйдыраған бұлақ, сыйқылықтаған қыз күлкісі...

Солардың қалың ортасынан қалам қабак, қара торы әйелдің мұңлы жүзі елес береді. Құдай-ау, мынау соншалықты таныс бейне ғой, қайдан көріп еді? Айзада ма? Жо-жоқ, Айзадасын танымай қара басты дейсің бе мұны. Бірақ сондай жақын, сондай аяулы бейне тәрізді. Қайдан көрді, қайдан?

Аңшы селк етіп оянып кетті. Денесі тоқази бастапты. Отта үйқы шақырғандай еріне жанып жатыр екен. Отқа қолын созып, алақанын уқалады. Алақанын уқалап отырып, жаңа көрген түсін есіне алды.

— Астапыралла, тұсіме Торғынның кіргені нең? — деп аң-таң болып, басын шайқай берді.

\* \* \*

Талдыбулаққа барған бұл жолғы сапары да үмітін ақтамады, әншейін босқа сандалып қайтты.

Үримын жасап Өтелбайдың жетісін өткізген соң, әңгіме үстінде Байсал Торғынға сөз тастаған:

— Шырағым, еріңің екі науқанын бердің, Құдай тағала соған да риза білем, — деді. — Сенде де ел бар шығар, адасқан қудай айдалада қалғаның жөн болмас. Қапияда мерт болған еріңің хабарын еліңе жеткіз... Шариғаттың заңы солай, сөйт, шырағым?

Бұндай әңгіменің боларын алдын ала сезіп журді ме, Торғын асықпай, байсалмен жауап қайырды:

— Өтелбайдың етегінен үстаймын деп, ағайынмен ала болдым. Қайда барып табан тірейін енді? Әйтеуір, бел шешіп ағайыннан безген соң, беттің қарасын көрсетпей арғы бетке кетейін деп те ойлаймын. Бірақ, ол жақта да менің асулы қазан, тігулі үйім тұрған жоқ... Сіздер үшін бейсауат бөтен болса да, ет пен сүйектен жаралған пенде еді ғой, қырқын берейін, соған пұрсат беріңіздер? Содан кейін сіздерге екі дүниеде ризамын.

Торғынның сөзі тоқтау болып, бұлар бет сипасып, орындарынан тұрған еді. Байсал кемпірі мен ұлын ертіп, Шұңқыржұрттағы үйіне қайтты. Қараман болса, қалған-құтқан теріні жинастырып, қанжығасына бәктеріп, шай-шақпыт ізден ауылға тартты.

Ауылда баяғыдағы гу-гу өсектің екпіні үдемесе, әлі басыла қоймаған екен.

— Бір тықырды сезді ме, анау Өрелдегі Өтесін бай қопақтап жатқан тәрізді, — деген Сәдуақас құрдасы. — Кезінде түйені түгімен, биені бүгімен жұтқаны есінен тас шығып, қой аузынан шөп алмастың өзі бола қалыпты... Шыбығы шырпылмаған Піліп алаяқ та жан-жағына алақтап, көлеңкесінен пысып жур.

Айтқанындай-ақ, Филипп көпес Қараманның терісін алмай бұлдаپ, жартысын қайтарып жіберді. Бұрынғыдай емес, берген пұлы да мардымсыз болды: жалғыз кесек сөлжебайлы шай, қос қадақ ақталмаған тары мен қос құлаш самарқанның бөзі ғана.

– Тасың өрге домалап түр ғой! – деген Сәдуақас мұның көпстен алған дүниесін көргенде. – Малын бағып, шөбін шауып жүрсек те, Піліп бізге қолын шығарады...

Солай деген соң, Қараман құрдасының алдына бірер құндыз берін күзеннің терісін көлденең тастаған.

– Эй, Қареке-ай!.. Топан су қаптаса да Жазатырдағы саған жете алмайтын шығар! – деді Сәдуақас жалпылдалап.

– Қашанғы кісікік болыш, ел-жүрттан қашқақтай бермек-сің, Қареке? Үйіңе қайтсаңшы! – деді артынша. Бұнысы Қараманның мәрттігіне риза болыш, ет-бауырымен елжіреп сүйсінгені еді.

– Мен ауылға келсем, құндыз тартар құрдасты қайдан табасың? – деп Қараман сөзін өзілге шаптырып, қош айтысып жүріп кеткен. Көлденең олжадан басы айналған құрдасы қалбаң қағып, талай жерге дейін шығарып салды.

Бұның өнеу күнгі мазасызданданғаны түк те емес екен... Қындықтың көкесін ауылдан оралғаннан кейін көрді. Жалғыз бөлмелі қараша үйде қарайып бөтен әйел жүрген соң, артық рет үйге кірудің өзі қиямет болды. Амалсыздың күнінен ерте тұрып, кеш жатып жүрді. Апталап жоғалыш, екі мәрте Талдыбылаққа барып қайтты. «Қақпандарды тексерем» деген сұлтаумен Ақбаянның арғы бетін айналып, үш тәулік бойы тағы жоғалды.

Аңшының беталды аласұрып жүргенін Торғын да сезген секілді.

– Сіз менен бір түрлі қысылып жүрсіз-ау деймін? – деді бірде.

Қараман қандай жауап айтарын білмей тосылды. Сол күні Торғын жаяулатып Ақзияға кетіп калды.

Торғынның кетуі мұң екен – Қараңғысай қаңырап бос қалғандай болған. Сосын-ақ қараша үй Қараманға пана болмай, мылтығын асынып, иттерді ертіп, тауға тартып отырды. Сол кеткеннен «Өтелбайдың қырқы» деген кесімді күні бір-ақ үйге оралған еді.

Өтелбайдың қырқын өткізіп, ертеңінде Байсалдарды шығарып салғаннан кейін Қараман есіктің алдын тазалап, домалаған шорымқтарды жинастырып, далада біраз жүріп қалған. Суға салып мәсуекті жібітіп, тісін ыскылады. Қалтасын қарманып, тұнеугұні қарағай қабығынан шетіген мөлтешті тауып алды. Мөлтештің шетін шытып, шайыр шайнап, тісін тазалады. Үйге кірсе – Торғын терезе алдында шоқып отыр екен. Бұл кіргенде бұрылып бір қарады да, сол күйінен тапжылмай отыра берді.

Аңшы су-су болған етігін шепшіп, байпақшаң төрге өтті. Тулаққа тізе бүгіп жатып, үйге не үшін кіргенін ойлады. Көктемнің шуағына арқа қыздырып, далада жүре тұрса да болар еді. Қайыра шығып кетудің уәжін және таппаған соң, төр алдында мелшип отырып қалды.

Арада ай жарым уақыт өтсе де, Торғынға көз тоқтатып қараған жоқ еді. Көз суғарар сұлулығы болмаса да, жүзінде әйелге тән әдемі сүйкімділік бар екен. Аласы аз, мәлдіреген қап-қара көзінде мұң табы байқалады.

Мұның көз сүзіп отырғанын сезгендей, әйелдің үлбіреген толқынды бұғағы болар болмас дір ете түсті.

Қараман ыңғайсызданып, көзін тайдырып әкетті. Бұл қылығынан өзі үялышып, жерде жатқан аю терісін алақанымен сипалап қойды.

Қайтып Торғын жаққа көзін көтерген жоқ. Бірақ әйелдің бейнесі көз алдында бұлыңдап тұрып алды.

«Текті жерден шыққан-ау, тегі, – деп түйді ішінен. – Мінезі де сынық, жібектей майда екен. Қайда жүрсе де жолы болып, бағы жансын жазғанның».

– Қашқынның арты ашық, алды тұман болады екен, Қараке, тағдырым тұйыққа тіреліп, қайтерімді білмей отырмын...

Әйелдің не айтқанын жөнді түсіне алмай қалған. Қайталар ма екен деген үмітпен Торғынға жаутаңдай қарады.

Торғын сөзін қайталаған жоқ. Жағын таянып, терезе алдында үнсіз мұңға батып отыра берді. Төңкерілген оймақ ернінің қызылды әлі қайта қоймапты. Бетінің үшінда да тамшыдай дөңгеленіп қызыл бояу тұра қалыпты. Бұғактылау келген сүйір иегінің ортасында үйірілген түймедей шұңқыр байқалады. Әлгі шұңқыр әйелдің өңіне сүйкімді шырай беріп,

әп-әдемі жараса кетіпті. Қараманның көзі өйелдің құлағындағы қозалы күміс сырғаға түскен. «Кім болса да, асқан шеберлікпен жасаған өшекей екен», – деп тамсанып қойды.

– Қараке, көзіңіздің сұғын қадай берменізші... Үлкен адамға жараспайтын қылышқ екен!.. – деді Торғын.

Қараман біреу бүйірінен пышақ сұғып алғандай дір ете түсті.

– Бетіміз әжім тартты, өңіміз баршын тартты, кісі қызығатындаі бізде не қасиет қалды дейсіз, – деді Торғын өзімен өзі сөйлескендей.

Қараман кімге екені белгісіз, ішінен бұлқан-талқан ашуланып, шырт түкіріп сыртқа шыға жөнелді.

Бұл атын ерттеп, арқасын сипап жүргенде, үйдің жылауық есігі шик етіп, арғы жағынан Торғын көрінген. Тағы да басына қара байлаап алышты. Қараманға көз қыығын да салмастан, қасынан қалқып өте берді. Сол бойында қар суымен езілген лайсаңды кешіп, зират жаққа қарай кетті.

Әйелдің оқыс мінезі тауға жиналған аңшыны жіпсіз байлады. Зират басынан оралғанша тырп ете алмай, есік көзінде сең соққандай сенделіп жүріп алды.

Торғын зират жақтан сүт пісірім мезгілден соң бірақ оралған. Әдетінше бірден үйге кіріп кетпеді, Қараманның қасына келіп, құбылаға жүз бере тоқтаған.

– Тағы да жолға жиналдыңыз ба?

Әйелдің даусы баяу шықса да, үнінде діріл бары байқалды.

– Қыс бітті, енді қақпандарды жинап келмесем... Қар суы шайып, жоғалтып алармын...

Қараманның күмілжігені көжені төгіп алған баланың акталғанындаі шықты.

Торғын денесін тіктеп, ауыр күрсінді. Сосын басына салған қараны сыпырып қолына алды.

– Ноқталы басқа бір өлім ғой, Қараман аға. Тәуекелге бел буып, алдыңызға келіп тұрмын, мінеки... Байлауын өзіңіз айтыңыз.

Қараман не деп жауап берерін білмей састы. Қипалақтап, қолындағы тізгіннің сүйнен шығарып сыйымдай берді.

Еркектің тарапынан жауап болмағаннан кейін, Торғынның буыны босап, сылқ етіп табалдырыққа отыра кетті.

Әйелдің қысыла жылаған үні шықты. Ол жаққа бұрылып қарауға, жұбатып сөз айтуда Қараманда дәрмен жоқ еді. Түйенің тобығын жүтқандай айтар сөзінен жаңылып, маңқиып орнында тұра берді.

— Мен де бір соры қалың бейбақ болдым-ау! — деді сыңсып жылап отырған Торғын. — Басымды базарға салып отырғамын жоқ. Тағдырдың майдайыма жазғаны осы шығар деп едім... Көн етік пен көк етікті таңдар заман ба бұл?.. Сіз де қайбір жетісіп жүрген пенде дейсіз... Ақзия шешей бәрін де айтқан. Қазаныңды асып, отыңды жағып қалсам ба деп те бекініп едім. Ол болмаса, менің қайтар жолым кесілген, арғы бетке апарып салыңыз. Масақ терсем де, күнімді көре жатармын.

— Қайдан білейін, — деді Қараман міңгірлеп.

Торғын орамалымен көзін сұртіп, бойын жинағы.

— Сізді де түсінемін, — деді күрсініп. — Әйел адам ері тұрып, ерге тисе — беттің қарасы дер. Ері өліп, адастып қалған әйелдің жайы бөлек... Енде бұл елдің жорасы емес пе? Намысыңызды қайрап, жүйкенізді жей бермеңіз соншалық...

— Мен не дейін... Бірақ, Торғынжан-ау, сені үйден қуалап отырған ешкім жоқ қой?

— Төріңізден су шыққандай шығандап үйге жоламайсыз. Соныңызды айтып отырмын. Қысылтаяң кезеңде қанжығада кездессек те, ақ жүрек адал жан екеніңізге иланым. Тар жерде қол үшын берген адамгершілігіңізді бұл жалғанда ұмытпаспын мен... Жақсылығыңыз Құдайдан қайтын!

— Пейіліце рахмет, Торғынжан! — деді Қараман шын ние-тімен. — Бірақ өзіңе не ақыл айтамын?.. Мен де сыртым бүтін, ішім тұтін шерменде біреумін ғой. Саған сүйеу болуға жаарар ма екем?

— Осы сөзіңізге де ризамын, Қареке! — деп Торғын күрсініп орнынан көтерілді. — Жолыңыздан қалмаңыз... Ырымға жаман. Әйел етіп жаратқан соң қайтеміз енді... Байтолланы құшақтап, тұзде жүрген ер-азаматтың амандығын тілейміз де. Жолыңыздан қалмаңыз!..

Торғын орамалын сүйрете қолына ұстап, үйге кіріп кетті. Қараман әйел кеткеннен кейін де дел-сал мәңгіріп, бір орында тұрып қалды.

## Құр ойнағы

Ақбұлақтың бойындағы қақпанның біріне құндыз түсіпті.

Жарты Алтайға шашылған қақпандарын енді қалған жарым күнде сүзіп шыға алмасын ұғып, аңшы асыққан жок.

Құндыздың терісін сызырып, бабымен тұздап, қылышығына қан тигізбей өдіптең орап, қанжығасына байладап алды.

Күнгей беткейдің тоңы жіпсіп, миы шыға езіліп жатыр екен. «Тұске дейін мүйіз, түстен кейін киіз» дейтін қараөзек сылбыраңның дәл өзі. Орман іші бусанған топырақ пен шіріген шептің иісі аңқиды. Құрғақ тепсендеге тебіндеп көк қылтия бастапты. Шатқаяқтап тайғанап жүріп, Ақбаян тауының алқымына шыққанда, күн де кемеріне құлаған еді.

Тау биігінде қардың көбесі әлі сөгіле қоймапты. Қасат қарға Қуреңді салып көріп еді, біраз жер сауырладап барып, болдырып қалған. Амалсыз қайтып оралды. Ерін алдып, атты орман жиегіне қалдырды да, өзі Сырттанды ертіп, жаяу-жалпылы биікке өрледі.

Қорымның арасындағы қос қақпанның біріне күзен түскен екен. Түскен күзенді тұлқі жеп қойыпты, жұнін бұрқырата шашып, құйрығын қарға шаншып кетіпті. Қақпанға елік мүйіз шәңгек байладап еді, күзен шәңгекті сүйреп, із қалдырып біраз жерге дейін барса керек. Тұлқі күзенді дәл осы арада, шәңгек тас қуысына ілініп, діңкесі құрыған шакта үстінен түскен екен.

Қақпандарды жинастырып, кері қайтты. Ақбаянның биігінен былайғы төңірек алақандағыдай көрінуші еді. Етектегі қара орманның ой-қырқасы тегістеліп, бірыңғай құңгірт түске ауысқан екен. Байып батқан наурыздың күні қимағандай Баянның шоқтығын соңғы шапағына шомылдырып тұрды.

Аңшы батар күннің жарығымен орман жиегіне жетіп алуға асыққан. Кенет әлгінде ғана өзі жүріп өткен жолды көлденендей кесіп өткен бадырайған таңбаға оқыс көзі түсті. Мұндай ізді баяғыда, бала күнінде қарлы шыңдар арасынан әкесінің көрсеткені бар еді. «Ілбіс!» – деген әкесі. Сосын мәнгі мұзды мекен еткен ілбістің Алтай андарының ең алғыры, ең жүректісі, ең әдемісі екенін айтқан. Ілбіс былайғы адам түгілі, асқар кезген аңшыға да жүз жылда бір кезігеді деп еді әкесі. Қараманның өз өмірі өже сөзін растағандай екен... Алтайда

бұған кездеспеген жалғыз аң болса – осы ілбіс шығар. Ілбіске кезіккеннің жолы оңғарылады десетін ауыл ақсақалдары. Тіпті ақ патшаның бір киер тонына дейін ілбіс терісінен тігілетін тәрізді. Соған қарағанда, шынында да, аңызға лайық аты бар бұл бір қасиетті аң болғаны ғой.

Ілбіс осы жерден әлгінде ғана өтсе керек. Анау қалың қорымның арасынан бұны қалт жібермей бағып та жатқан шығар қазір. Ит дымды сезер емес, бұлкектеп тышқан қуалап төмен кетті.

Күн шапағымен қан жоса қызырып жатқан шың-жартастарға телміре қарап қалды. Бар құпияны қойнына бүгіп, түк білмегендей мелшие сазарады. Еңкейіп, қар бетіндегі ізге алақанын басты. Алақан мен таңба тең түскен... Әлдебірақ баталы ададықпен, қасиет тұтар құдіретпен жанасқандай аңшы өзгеше толқып кетті. Көкірегін сағыныш пен мұң қоса қабат жайлай бастады. Неге екені белгісіз, көз алдына көлеңдеп Торғынның жүзі елестеген...

Төңірек қарақұрақтанған кезде орманның жиегіне жетті. Қараған-тобылғысы шұбартқан жазандау тепсендеге әдейі бұрылып, бұта басында қалтыраған жалғыз қауырсынды көтерді. Қатты сайысқа түскен құр қоразының құйрық қанаты. Тепсендің әр жерінде құстың шашылған мамық жүні ағарандайды. Құр ойнағы басталған тәрізді.

Мұны көргенде, үйге қайтсам деген аңшының көңілі нілдей бұзылды. Құр ойнақты тамашаламай, алансыз үйде жатқаны ұят шығар. Мезгілі өтсе, табиғаттың бұл қызығынан да құр қаласын. Сосын келер наурызды сарыла күтіп жүргенің. Әрі құрдың жас етінен Торғынға сорпа ішкізгені де жөн ғой. Қазір желпілеп үйге үшқанымен, таң атпай қияндағы бұл араға жете алар ма?!

Осы шешімге тоқталып, атын жетелеп, төмендегі кеберсіген алаңқайға апарып арқандап қайтты. Сырттанды күзетші етіп, Қүренің қасына қалдырған. Өзі құр ойнақтың маңайындағы қалың үшқаттың ішінен ыңғайлы орын дайындал, бұтактан қауқитып күрке жасап алды. Астына құрғақ бурді мол етіп төсеп, оның үстіне тоқым салыш, ерді жастанып қисая кетті.

Бірден үйіктай алмады, әр нәрсені бір ойлап, ойы пышырап мазасы кетті. Ай шыққан жоқ, түн қараңғы. Ауада сүйегінді

сырқыратқан дымқыл сыз бар. Қалтарысы жок шоқтықты өнір болған соң ба, осы Баян жері өзгеше салқын. Откен күзде Байсал шалды ертіп, осы таудың арғы бектерінде еki күн еру жатып, балқарағай соққан-ды. Әлде балқарағай кештеу қарасүйектенді ме, әлде арқаны кеңге саламыз деп жүріп бұлар кешікті ме, науқан оншалықты берекелі болмады. Үшінші күні қарашаның қарына ілігіп, соғып тусірген түгіршіктерді қызылдауға шамалары келмей, дедектеп төмен қашқан. Ақбаянның айдаһардай айбатына Қараман сонда иланып еді... Ағашы сирек, панасыз жалаң бетте қарлы жаңбыр жентегімен үрған кезде, оның қасында қантардың саршұнағы жолда қалады екен.

Аңшы қоржынға қол салып, шүберекке оралған кесек етті суырды. Пышағымен шетін кесіп, бірер тілімін дөңгелентіп аузына тастады. Қаужаңдал шайнап жүріп, от жағуға кірісті. От жақпай-ақ бір таңға шыдармын деп еді, тұннің мына ызғары үйқы берер түрі көрінбеді.

Маздал от та жанды. Маздал жанған от аңшының жүрегіне де жылу қүйғандай. Тас қараңғы тұн құшағында қалғыған тау ішінде жалғыз жатқан соң көңіл шіркін елегізиді екен. Сондайда жылтырап жылу берген қасындағы от алыстағы тіршіліктің елшісіндегі көрінетіні бар.

Төсеніш-тоқымын от басына жақындастып, аз-мұз көз шырымын алуға тырысты. Алды жылынса да, арқасы мұздай құрыстанып, мазасызданып жатып, мызғып кетті.

Аздан соң Ақбаянның маңдайынан ай орағы сығалады. Тіке туған жартыкеш ай еріне найқалып, төбеге көтерілген кезде, денесі тоңазып, аңшы оянып кеткен. Содан қаншалықты тырысқанымен, қайтып көзі ілінбей-ақ қойды. Амалсыз орнынан тұрып, аяңдал Қүреңді болжап қайтты... Жердің топырағын шығара шыырлап, бәрібір аузы көкке жарымаған соң, басын көтеріп қалғып тұр екен. Жылжытып орын ауыстырып, басқа жерге арқандады. Жолай қарағай-самырсынның түбін тұртпектеп, бір құшак қу бұтақ жинап өкелді.

Ай шығып еді, тұннің қою пердесі ысырылып, дүние бір-біріне астасқан көгілжім нұрға шомылды. Өзіне жайсыздау, тіке туған айға сығырая көз тастады да, күннің жылынып, шаруаның жайлы боларын ойлаап, риза пейілмен боз мұртын

сипап қойды. Дегенмен, алда әлі құралайдың амалы бар, көтерем кедейге, көгерген топыраққа ол да бүйірден буған қатал сынның бірі.

Ақбаянның сөукелелі шоқтығы айқындалып, ай сөулесімен арбасқандай ағара жалтырайды. Аппақ шың ғайгі қайдағы сиқырлықпен қол бұлғап, өзіне шақырғандай...

«Әлгі ілбіс қай тұста жүр екен?» деп ойлады аңшы.

Әлдекайдан сынсып салған қыздың мұңлыш өні естілді. Арқасын қыздырып, от басында жантайып жатқан аңшы басын оқыс көтеріп алған. Ақбаянның қарлы шыңына тесіліп, құлағын түрді. Қайталап ести алмады. Мұңлыш әуенде қызғанып, тұн құшағы түншықтырып жібергендей. Әлдебір асылынан қапелімде айырылып қалғандай алаңдап, қарлы шың жаққа жаутаңдай берді. Ән қайталанбағасын бір түрлі жүрегі сазып, көкірегін өдемі сағыныш жайлай бастады. Ап-анық естіген сияқты еді ғой?! Тым-тым алыстан қүйқылжи сынсып құлағына шалынды. Әлде қарағай басын тербеген көктемнің желі ме екен? Желге саяйын десе, өзірге ауа тымық. Әлде қарлы шыннан ақырған ілбіс даусының жамыраған жаңғырығы ма? Қалай болған күнде де, бір дауыстың шыққаны анық еді.

Ай нұрымен ағарған шыңға қарай-қарай үміті үзіліп, елеңдеген көңілі жайланайын деді. Түйе табаны түсетін тау басында, тұн ортасында естілген қыз даусынан сескенбекеніне енді өзі де қайран болған. Әншейінде ғой, тәубесіне сиынып, мылтығына жармасар еді. Сенбейін десе, жылжыған жылан, жусаған бұланға дейін қалт жібермес құлағы қақыс естімесе керек-ті. Ендеңе оқыс әуеннен секем алғаны сол, қимасын іздегендей елпілдеп, сағынышпен қара тұнге телміргеніне жол болсын...

Байқап жүр, соңғы кезде бойында бір өзгерістің болып жатқаны анық секілді. Оның нендей өзгеріс екенін өзі де білмейді. Әйтеуір, түбі жақсылық болғай де. Әйтпесе есі тұзу пенде тұнгі дауысқа елеңдей ме бүйтіп?..

Өз басы осы тау мен шыңның рухы барына имандай сенетін. Бір-біріне иек арта сілемденген алып таулар ұйықтап кеткен батырлардай көрінетін буған. Ондайда демін ішіне тартып, тың тыңдайтын. Сонда алып таулардың баяу тыныстаған демі құлағына келгендей болатын. Мұндай сөттерде ақбас шындар

басалқы айтар ақсақал шалдарға үқсап, бүйрек-бүйрек бүйрараттар батырлардың бұлтиған кеудесі тәрізденіп кетуші еді. Оларға қарап отырып, айдалада жатса да жалғыздығын ұмытатын, өлдекімнің аялы алақанында жатқандай сезініп, көңілі марқая түсетін.

Бала кезінде тау мен тас, орман-тоғай тұнған жұмбақ болып көрінуші еді бұған. Жұмбақ болған соң да, табиғат бойына қорқыныш пен үрей бұқтырған сұсты еді. Зейімен көңіл қойып, тереніне көз жіберсең – табиғаттан қарапайым дүние жоқ екен. Тек алуан құбылысқа толы сол табиғаттың өзін түсіне білу керек екен. Баяғыда қауырсынын бұрқыратып, қоянның шілді жегенін кергенде, тұлкінің тұлкіні жеп, пәршелеп, жұлмалап жатқан сұмдығының үстінен түскенде – бұл құбылысқа жауап таба алмай басы қататын. Күні бойы суға телміріп, балық аулаған аюдың қылышы, ала жаздай ақ тиіннің жинаған қорына кезігіп, балқарағай шаққан бұлғынның мінезі де қайран қалдыратын. Өзіне шапқан қасқырды мүйізіне іліп ағашқа жаныштап, жүрегі жарылып, сол жерде тас мұсіндей қатып қалған бұланның да үстінен түскені бар. Жылдар өте соның бәріне де жауап табылды... Табиғатта өмір үшін тынымсыз күрес жүріп жатады екен. Табиғаттағы қыбырлаған нәрсенің бәрін-бәрін мәңгі қозғалысқа түсіріп, мәңгі дамытып отыратын да сол күрес болса керек... Көктемнің қара сұығында қалтырап тоңса да, мінеки, таңның атуын тағатсыздана күтіп өзі де жатыр ғой тау басында. Торғынға сорпалық құс қанжығаласам дегені былайғы сылтау ғана. Расында, бұл Қараман махабbat мейрамын қызықтап, құмардан бір шығайын деп әдейі қалып отыр... Құр ойнағы – табиғаттың мәңгі жасампаздығының қайталанбас үлгісі. Олай болса, аңшы адамға жылына бір рет келетін құс төресі құрдың сайранын қызықтамай қайту үят-ты тегі. Қараманның өз басы солай деп үғады.

\* \* \*

Құр қанатының сусылы таңғы сақарда естілді. Көп өтпей алғашқы қораз тыныштықтың шырқын бұзып, ысылдаپ кеп, алаңға күркіреп қона кетті. Бұл кезде аңшы да шоқты сөндіріп, күркенің ішіне жасырынып үлгерген болатын. Тау

биігі өлі үйқысынан ояна қоймаған алакөлеңке болғанымен, алаң ортасында алшаң басқан ата құрды ап-анық көріп жатты. Айдарлы басын кекжитіп, аланды ойқастап, тынымсыз құрқылдаш жүр. Туыстарының кешіккеніне назаланып, тағатсызданған сыңайы бар.

Өзгелерден көш бұрын келіп, қокилана құрқылдауына қарағанда бұл қораз осы алаңның ежелгі қожайынына ұқсайды. Өзі де көп жасаған, көпті көрген, бітім-тұлғасына көз қызыққандай ірі құс екен.

Түннің бояуы оңала қоймаған алагеуім шақта құрдың шақырғанына ешкім жауап берे қоймады. Тұбіттей селдір тұман алаң үстінде дірілдең тұра қалыпты. Онды-солды сенделген қораз тубіт тұманға шомылыш жүргендей. Тағаты өбден таусылды ма, ендігі бір мезетте мойнын мықшитып, жұнін үрпітіп, қанатын қағып алаңның арғы шетіне құрқылдаш жүгіре жөнелді. Ол жақтағы тұп тобылғыны екі айналды да, сол бетімен борбандаш желіп, алаңның бергі шетіне жете тоқтады. Сосын басын көтеріп, тың тыңдады. Өлі тыныштық. Төңірек тәтті үйқысын қимай, дел-сал манаурап жатыр. Іргедегі орман да тіршіліктің нышанын сездірмей, мелшие тұнереді. Ешқандай жауаптың болмағанына таңданғандай, қораз айдарын жалтажалт төңкеріп, тағы да біраз тұрды. Іңкәрліктің ұлы сойқанын сағынып, тұн үйқысын төрт бөліп, тыным таппаған мына құсқа аңшының бүйрекі бұрып жатыр. Құс екеш құстың да өзінен әлдекайда бақыттырақ екенін түсініп, бір түрлі қызыға қарады. Қораз үйқы басқан мынау дүниені мазақ еткендей құнқілдең, пысылдаш, қанатын қомдаш, мамырлап басып, алаңның ортасына қарай жүрді.

Сәлден кейін көкжиектен күннің кірпігі қылтиып, тұн шымылдығы түріліп төмен кетті. Алаң үстінде кілкіген селдір тұман таң жарығымен шағылдысып, ақшулан нұрға айналып жүре берген. Жарық түскен сайын төңірекке де жан біте бастады. Алдымен жақын маңдағы ағаш арасынан тоқылдаған, дырылдаған үн естілді. Күнгей бет жақтан іnnен ерте шыққан суыр аңқиттады. Артынша таң тыныштығын қақ айырып, тас төбеден шар етіп, шауқарға ұшып өтті. Кәzzап құс құрке астында адамның барын сезіп төбесіне саңғып кетті.

Алаңға да топылдаپ құрдың қораздары жиналып жатты. Ата қораздың шақыруына үн қосып, әлдеқайда алыстан, орман ішінен, тау баурайынан үшіп шығып, алаң шетіне күркірәй қонысады. Сол бойда айдарын адырайтып, желке жұнін күдірейтіп, қанатын қомдаپ, қызу ойынның қалың ортасына борбаңдай жүгіріп қойып кетеді. Қайқы бұрым күйрықтарын көтеріп, бастарын жерге салып, біреулері шаппа-шап жекпе-жекке кіріскең. Енді біреулері онды-солды ойқастап, қораздана сұңқылдаپ, ессіз жүгіріп жүр.

Желіккен дүрмекке жоғарыдан көз тастап, ағаш бұтактарында қонақтап құрдың тауықтары отыр. Қораздардың жын тигендей осыншалық еліруі өздері үшін екенін тауықтар сезетіндей: отырыстары маңғаз, ара-тұра тұмсықтарымен білеуленген қара ала тәстерін сипап қойып, тәкаппар маңқайысады.

Алаң ортасындағы құр ойнағы барған сайын өршелене қызды. Құрқылдаған, шұрқылдаған, сұңқылдаған, күркілдеген дауыстар бір-біріне ұласқан кезде, бұлкілдең таудан құлан аққан мың сан бұлақ үнін құлаққа өкелгендей болған. Елірген қораздардың ашуға мінген арынын енді басу қиын еді. Көздері қызара қанталап, екпіндей келіп, бір-бірін тәстен соққан кезде ауада қауырсынның майда түбіті қалқып қала береді. Ерлік пен өрліктің нағыз әділетті майданы! Әркім өз теңімен күш сынасып, қайраты мен қарымын байқаған, еркектік намысын қорғаған аламан жарыс.

Әсіресе өзгелерден денесінің ірілігімен, қимылдының шашшаңдығымен, әдісінің ептілігімен оқшауланған ата қоразға аңшы қатты сүйсінді.

Ойыннан от шығып, жас қораздардың тұмсық шоқып төбелесіп қалмауын да қадағалап, «реттеп» жүрген соның өзі. Өне, күш сынаспақ болып, өзіне күдірейе ұмтылған біреуге күркірәй атылып, онтайлы қимылмен соғып өтті. Анау болса, қанаты көктен келіп, тырапай асып домалап түсті. Ата қораз долданған ағынын тежей алмай, екпіндең алаңның арғы шетінен бір-ақ шыққан. Сосын басын жоғары көтеріп, қорасанның дағындағы қызарып шыға келген көзін алаңға төңкерді. Төмендегі аршаның түбінде екі жас қораздың қан болып шекісіп жатқанын көзі шалды. «Шынымен мыналардың

сайысы төбелеске ұласты ма?» дегендей таңдана қарап сәл түрды да, қорбаң қағып солай жүгірді. Құр сайысының жөнін білмес «боқмұрындарды» кеудесімен екі ұрып домалатты да, пышылдаپ, кішілдеп айбат шегіп, екеуін екі айырып жіберді.

Құрдың әлі аңқау жас өтештерін ата қораз «ән салу», ойнау, сайысқа тұсу, қорғана білу өнеріне «баулитынын» Қараман бұрындары да көрген еді. Бірақ дәл мына қораздай алаңдағы ойынның барысын бағып, сергек ықылас, сезімтал түйсік танытқан күстү кездестірген емес.

Күн де бірте-бірте жоғары көтеріліп, жер бетін жылымық нұрға бөледі. Таңғы тұман ыдырап, бұта басындағы шық кеуіп кетті. Алаңдағы ойынның да екпіні біртіндеп бәсеңсіп, қызуы тарқайын деді. Қораздардың қанатын қомдаپ жүгіргенінен гөрі, демалып, сайысқа түскендерді сырттай бақылауы көбейді. Қарағай бұтактарында қонақтаған құрдың тауықтары да әлденеге алаңдаپ, жаутаңдаап аз-кем отырды да, бірінен соң бірі орындарынан көтеріліп, орманның алыс түкпіріне құрқылдай ұша жөнелісті. Олардың соңынан дүркірек қозғалып, қораздар да көкжиекке сіңіп жоғалды. Бүгінгі махабbat мейрамы осымен аяқталған еді. Туыстарының тастап кеткеніне ренжігендей күнкілдеп, алаң ортасында ата қораз қоқып жалғыз қалды.

Күн құрық бойы көтерілген кезде барып ата қораз бүгін енді мұнда ешкімнің келмесіне көзі жеткен соң, қанатын сабалап-сабалап жіберді де, жүгіре басып ұша жөнелді.

Бағанадан бері жалғыз қалған құрдың жүдеу тыныштығын бұзбай бақылап жатқан аңшы да жайлап орнынан тұрған. Күн салып, сығырайып құрдың соңынан ұзак қарады. Қараноқаттай кішірейіп, көкжиекке бұлдырай сіңіп кеткеннен кейін ғана төмендегі атына аяңдады. Құр ойнағына келіп, алғаш рет құс атпай қайтып барады. Мұнысына өкінген жоқ. Тек «құс екеш құсқа дейін қосағын іздейді екен-ау» деп басын шайқап, бір мезет ойланып қалғаны рас...

### Мұзарт таулар мұндасады

Көк жүзінде тыраулаған тырналардың тізбегі көрінді. Тырнаның қиқуы қашан да аңшының көніліне мұң ұялатып,

жүрегін сұрып әкеткендей болатын. Таспадай тізіле үшқан тырнаның үнінен әлдеқандай сағыныштың нәзік өуені есетін еді. Міне, тырнаның қиқуымен бірге Алтайға тағы бір наурыз, тағы бір жаңа жыл, жаңа өмір келе жатыр. Құн жылынып, осыданбылай аң мен құстың барлығы түлей бастайды. Соған қарағанда қанжығаға байлаған жалғыз құндыз мұның биылғы маусымдағы соңғы олжасы секілді.

Желдеп жайылған сұырларды алыстан болжап, Бұқпаның күнгей бетін жаяу шарлап шықты. Шүкіршілік, жұн тастап, ет алғаннан кейін бұл жақты жағалауға болатын сияқты: сұыр биыл молынан балалаған екен.

Дар етіп, аяқ астынан көтерілген ұлардан шошып, Күрең мұны тастап кете жаздады. Әріrek барып, бұта арасына қонған ұларды соңынан тепеңдеп қуып беріп еді, шөп арасымен жорғалап қайда кеткенін таба алмай қалды.

Үйге қайтуға асықпады. Құн жарықта салаң етіп үйге жетіп баруға жүрегі құрғыр дауалмайтын секілді. Жел мұжіп, мұқ басқан үй тастардың бірінің басына өрмелеп шықты да, биіктен төңірекке көз салып, демалып ұзақты құн отырып алды. Уақыт өтпей, күнді бақанмен итергендей болған.

Түйе өркештенген жақпар тастар кезең үстінде жал жасай көкжиекке қарай созылып жатыр. Жалбағай самырсындар мен мәуелі балқарағайлардың өзі өркештенген жартастардың қасында жердің жасыл түгіндей ғана екен. Бейнебір мынау қалың тасты әлдебіралып мақұлық өдейілеп бақшалап, қолмен жинап кеткен сияқты. Желдің әсерінен добалдана мұжіліп, ойыс-қуысын мұқ пен түйежапырақ басып кетіпті.

Етектегі ну орман үстінде шудадай иреленден қорғасын тұман ағарады. Ұлken аңғар үйқысырай есінеп, бойкүйез керіліп жатқандай.

Неткен кең дүние десенші! Жүгі нарда, қазаны теңде көшпелі қазақтың бармаған жері, баспаған тауы, сірә да, бар маекен! Әйтсе де, үйрек үшіп, қаз қонған Алтайдай берекелі жайлауды, шұрайлы жерді қазағым тапқан жоқ шығар. Жер сұлулығы қайталанады дегенге аңшы әсте сенбейді. Алтайға үқсас ару өңір бар да болар, бірақ ол бәрібір Алтай емес қой.

Аңшы үшін бұл жалғанның дәмі мен татуының жоғалғаны қашан. Ендігісі әншнейін тұлдыр тірлік, тұрлаусыз ғұмыр ғана.

Бұл бейбакты жарық жалғанмен жалғастырып тұрған бір жіп болса – ол осы Алтайға деген, туған топыраққа деген іңкәрлігі деп біледі.

Көз алдында Айзаданың мұңлы жүзі, Тоқтасынның күлімдеген бейнесі елестеді. Апыр-ай десенші, құдігі жоқ, көкек гүліндегі әдемі күндері мәңгілік келмеске кеткен екен-ау! Шынымен-ақ қарайлауға мұрсат бермей, өмірінің жұлдыздай ағып өте шыққаны ма? Шынымен-ақ бұл жалғаннан осылайша ізсіз-тұзсіз өте бергені ме?

Әрине, бұл фәниге кімдер келіп, кімдер кетпеді дейсің. Атағы әлемді әлдилеген патшалар да, жұртты аузына қаратқан жақсы мен жайсандар да өткен. Солардың бәрін жалмаң, бәрін жұтып жатыр – бәрібір қара жердің талысы тоят табар түрі жоқ. Сірә, тоймайтын да шығар...

Аңшы да олардан артық емес, пендे болып жарапаннан кейін, түбінде сол қара жердің қойнына бір баратыны анық. Оғанға дейін қанішер қаракшыдан кегін қайтарып, адам секілді сабасына да түсе жатар. Сонда, ақшам сәтінде бұл пақыр нені ойлар еді?.. Шынында, нені ойлар еді?

Ішкі өзегі бордай үгіліп кетті. Пенде атаулының ең бақытсызы өзі ғана секілді... Құдай тағала бұл пақырға «адам» деген ат тағып, бұл өмірге елшілікке жіберіп еді, Жаратқанның сол міндетін де актай алмай қайтып барады. Жаратқан Ие адамдарға сен патша бол, сен бай бол, сен аңшы бол, сен жалшы бол деп өмір сыйламаса керек, тегі. Сен адамзат өuletінің алтын жібін жалғастыр, бала өсіріп, үрпақ қалдыр деп жарық дүниеге елшілікке жібереді. Ал қүйрық-жалсыз тұлдыр қалған бұл Қараман ертеңгі күні Құдай алдына не деп жауап бермек?

Жүрегі лоқсып, өңешін ашы запыран күйдіріп өтті. Аяқ астынан жүрегінің айнығаны неси екен? Кешелі бері ыстық үрттамаң еді, әлде соның өсері ме? Тайғанактап жүріп, тас биігінен жерге түсті. Былтырдан қалған шырышықталған сарғыш шөпті кешіп, қолын артына қайырып, басы ауған жақжа жүріп кетті.

Қарсыдағы шыңның алқымына қараң-қараң етіп бір топ таутекешіға келді. Бірдеңеден үріккен сияқты, қаздай тізілген бойда қалың қорымды кесіп өтіп, жоғарыдағы алашұбар қар ішіне кіріп жоғалды.

Әлдеқайдан, қарлы шындар жақтан барыстың ақырған даусы талып жетті. Көк жүзін сүмбідей жарып, қалықтап бір бүркіт жүр еді, енді бір мезетте төмендегі шүбарды нысананаға алып, сорғалай жөнелген. «Көргені қырдың қызылы ма екен, әлде елік пе?» деп ойлады аңшы. Күн табағы еңкейген шакта қайтып оралған. Қоржыннан шәугімді алып, сайға тусіп, бұлақтан су әкелді. От жағып, су тұндырып, шәугіммен шай қойды. Қайнаған шайды жарытып жөнді ішे алмады: бір-екі үрттады да, саптаяқты шайқап-шайқап төгіп тастады. Таудың шайы шай болсын ба тәйірі, шөлінді қандырып, қаныңды пісірмейді. Қаншалықты бүрк-сарқ қайнағанымен жылымшышикі су күйінде қала береді.

Қоржынды сілкіп босатып, етті Сырттанға тастады да, қайтуға жиналды.

Көңілін өзі де сырын пайымдай алмаған белгісіз мұң тағы да торлап алды. Осы мұңмен қоса қабат әлдебір жылы сезім жүрегін шабақтағандай. Карадан қарап тұрып, тау аңғарын жаңғыртып, айқай салып ән салғысы келген... Мұнысы қалай, мұңайып келе жатса да, көкірегін күй кернегендей болғаны несі?

Аңшы тыржың етіп, Қуреніңді тебініп қалды.

– Жетіскең екенсің! – деді қапаланып. – Азған тұсың осы шығар!

Сырттан бұлкектеп, алға қарай озып кетіп еді, иесінің күңкілдеген даусын естіп, құйрығын бұлғандатып қайтып оралды.

Көңіл түкпірінен қылтындаған қайдағы бір әзәзіл сезім Қараманды жерге кірердей ұялтып жіберген. Жаман жүрегінің үйге қарай алып ұшып, жас баладай тулағанына ызасы келді.

«Масқара-ай! – деді іштей күйініп. – Көсем сөйлеп, көшелі байлау айтар жасқа келдің. Бүйтіп есіргеніңе жол болсын? Бәйбішеч мен ұлыңың аруағынан ұялсаң етті!»

Былайғы біреу мұның арам ойын сезіп қойғандай қыл-пылдан, тымағын милықтата басып қойды.

Қурең бірде сырғанап, бірде қарға мелдектеп, қия беткеймен тоқтаусыз тартып келеді. Атының қамшы тигізбей елпен қағып үйге қарай алып ұшқанын да аңшы жаратпай қалды.

— Осылар қайда асығады-ей?.. — деп күнк етті де, Күреңді сауырдан қамшымен тартып-тартып жіберді.

«От жағып, бір самырсынның түбіне қисая кетсем бе екен?» деген де қырсық ой келді басына. Жаяулатып шаңғымен шыққан болса бүгін де тау басына қона салар еді-ау. Бірақ, шебі жоқ тақырға арқандап, тағы да таң асырып қаңтарып қойғанға Күрең байғұсты аяды. Әйтпесе мұның өзі етігін төсек, жеңін жастық етіп жата кетер тірлікке бала жасынан үйренді ғой. Әйелі мен ұлын қара жерге тапсырганнан бері үйден гөрі далада көбірек қонып жүр. Көнілдің күні сөнген соң уайым мендеп, адам құс үйқы болып алады екен. Бұрынғыдай емес, тамақтан да тәбеті қалып бара жатыр. От басында шоқиып, кейде атар таңды көзben атқызып жүр. Көп жағдайда үйден гөрі бұған дала жайлышрақ сияқты көрінеді. Желдің ызыңы, самырсынның шуылы кәдімгідей ес болып, далада жатқан мұны өсте жалғызсыратқан емес. Тау тентіреп жүрген кезінде талай рет бүрқасында қалып, талай рет шыбын жаны саудаға түскені де есінде. Ондайда аңшылардың әр жердегі жертөле лашықтарына сүріне-қабына азар жетіп, жан шақыратын. Бәрір түзден көнілі қайтып, жүрегі шайлықпай-ақ қойды мұның. «Шымылдығым желбіреп тұрған жоқ, үйге барғанда не бітірем», — деп, ондайда әлденеге қасарысқандай, қасақана тау басынан қайтпай қалатын.

Аңшы ішігін қымтандыңқырап, сыйырайып төңірегін шола қарады. Салба-салба самырсындар ай нұрына малынып тұр. Қыс бойы иықтан басып, мильтатқан қарды серпіп тастап, енді ғана бой түзей бастағандай. Алыста, түн пердесі астында болар-болмас мұнартып таулар сілемі созылып жатыр. Мұнартқан таулардың шығыс жақ төрінде Мұзтаудың қос емшегі жалтырайды. Әлдеқайдан біреудің сыңсып салған әні естілгендей болды.

Қараманның денесінен сұық леп жүгіріп, тітіркеніп кетті.

— Бісмілла! — деді күбірлеп. — Шайтанның шалығы тиіп журмесін, бісмілла!

Күрең ат басын шұлғып қойып, тайпаң қағып, иесін үйге қарай алып-ұшып келе жатыр.

Көз алдына көлеңдеп ұлы келгенде бір түрлі кеудесі қысылып, кемейіне өксік кептелуші еді. Қазіргі сэтте олай болмады.

Тоқтасынның бейнесі бұлдыр-бұлдыр көмекіленіп, алғыстан елес беріп өтті. «Көр жыла, жер жыла, бәрібір жалғыз ұлдың енді қайтып келмесі белгілі ғой» деп ойлады ішінен. Іле өз ойынан өзі шошыды.

– Көңілге бір өзәзіл шындаш түскен екен, атаңа нәлет, тексіз ит!

Өзін сыбап өткенге айызы қанып, күпті көңілі жайланаңдай сезінді.

«Сүйегіне баяғыда қына біткен әке байғұста не шатағым бар еді? – деп ойлады соңынан. – Сірә, көрде жатқан жаман шал бір аунаш түскен шығар».

Шынын айтса, бұл Қараман әке бейнесін көңілінде айқын сақтай алмапты. Қашан да қантардағы бурадай қарайып жүретін әкесі мұны еркінсітпей қатты ұстайтын. Етіне қамши тимесе де, Қараман әке бетіне тіктеп қарай алмаушы еді. Тоғызға жиған шағында ол кісі ағайын-жегжаттың басын қосып, кішігірім той жасады. Мұнысы «енди азамат болдың» дегені екен. Содан кейін-ақ сіңбіруге мұршасы болмай, әкесіне еріп, тайгаға кетті. Аңшылық дегені сүтпен еніп, сүйекке сіңген көсібіне айналды. Асылық айтып керегі не, аңшылықтың арқасында өзге жұрт секілді бұлар жоқшылықтың тауқыметін көп тартқан жоқ. Әттең, әттең... осынау азғантай бақытты көпсінгендей, тағдыр деген бір-ақ күнде мұның мойнына қыл бұрауды тастай салған. Қөлдененен жабысқан жүқпалы кеселден үйдегі іні-қарындастары көктей қырқылып кетті.

...Әкесі екеуі жылдағыдай азын аулап, етін жеп, терісін сатып, Талдыбулақта қыстап жатқан. Бір сүмдықтың болғанын әке байғұс жүрегімен сезді ме, бірде, қыс ортасында апыл-ғұптыл ауылға жиналды. Содан тау жаққа қайтып оралмады. Әкесін күткен бір ай ішінде Қараман он жылға бірақ есейген шығар. Дүние шыр айналған бір дөңгелек екен, әке қадірін сонда ғана шындаш түсінген. Үміті әбден үзіліп, өлермен болған шағында қарды омбылап, салт атпен ауылдың екі азаматы келіп, мұны мінгестіріп ойға алыш түсті. Ауылдың арғы шетінде, орман ішінде қалқайып жеке-дара тұратын қарағай үйдің қарайып орны ғана қалыпты. Індегі таралмасын деп, Өрелден келген қауға сақал дәрігер адамдарды алышқа көмдіріп, үйді өртетіп жіберіпті.

Осылайша, бұғанасы қатпай жатып, тұлдыр жетім қалған Қараман қайда барапын білмей, ақырында нағашысының қолына көшті. Аңшылық өнері мен өжеттігінің арқасында, шүкіршілік, құрдастарынан қалыс қалған жоқ, жүрт алдында жасқанбай еркін есті.

Байқап отырса, қу шұнақ Құдай шыр етіп жерге түскеннен бастап, мұның маңдайына жалғыздықты жазып қойған секілді.

...Аздан соң жіңішке қылтаны бойлап, Жазатырдың аңғарына қарай ойыстады. Төменге құлдилаған сайын аттың да жүрісі жеңілдей түскен. Соны сезгендей Күрең де құлағын қайшылап қойып, үйге қарай елпендең келеді. Жазған жылқы, кезінде кек жұлын шабысқа мықтының өзі еді. Бұдан бірер жыл бұрын аяқ астынан құрт ауруға шалдығып, у қорғасын ішкізіп жүріп өзер жазып алған. Содан кейін-ақ Күреңі шаутарта бастады. Өткендегі мықтылығынан қазір жүрнақ та жоқ, әйтеуір ұзакқа бармаса да, азғантай жол жорғасы бар. Аңшы сонысына да риза.

Ойы айналып тағы да Торғынға тірелді.

Торғынның бойынан өзгеше бір пандықты байқағандай болған. Майлы қолтық, салпы етек былайғы қатындарға өсте ұқсамайтын бір даралық бар. Әлгі үй ішінде мұны орынсыз шымшып өткен кезде сөзінен секем алып, «бул өзі қандай кісі?» деп те күдіктенгені рас. Қараманның өзіне де обал жоқ, қатын көрмегендей телміре қарағаны несі? Жас келіншек емес, жүзі жарқырап тұрғанымен – тоқтасқан сары тора жастағы әйел ғой, бұған әдейі тиісті. Былайғы көкқарын біреулердің ондай үтқыр сөз айтуға да ақылдары жетпес еді. Мұны әдейі сынап, тамырын басып көргені-ау, шамасы!؟ Қайткенмен де, өз бағасын білетін байсалды, орта көрген адам сияқты.

Айзада марқұмның да көңілінің иі жұмсақ, ақ пейіл жан еді ғой. Байқап қараса, Торғын екеуінің мінезінде ортақ бір үқастық бар секілді. Бірақ та Торғынның жүріс-тұрысында еркелік, наз басым ба деп қалды.

– Ұят-ай! Мен не ойлады келем осы?

Аңшы өз ойынан өзі ыңғайсызданып, Күреңін шаужайлаап қойды.

«Қайтейтін енді, – деп ойлады сосын, – өлмеген соң көңілді аққа жорып, алдарқатқан боласың. Бәрібір, ит тірлікten үміт

үзе алмайды екенсің. Құдай-ау, бұл Қараман қашанғы санда бар, санатта жоқ сандалмамен жүре бермек? Қашанғы булығын, іштен тынады? Ұзында өші, қыскада кегі бардай, қашанғы көлденең кісіге құдіктенуін қояды? Неден тартыншақтайты? Тұмылдырық таққан бұзаудай неден жасқаншақтай береді?»

Мұртына қатқан мұзды алақанымен сілки сылып, Қурендеңі қазымырлана тебініп қалды.

«Мұз арқалап, күл төккен жалғыздықтың құні құрысын, – деп іштей жігерін жанып, көңілін бекіді. – Жақсы болсын, жаман болсын – үрғашы деген аты бар ғой. Көн етікке құрым шұлғау. Қалған ғұмырларын лекерлең, бір-біріне сүйеу болып өткізбей ме? «Үйі сынық жетім шал» деген де жақсы атақ емес қартайғанда. Ер маңдайын баққа берсе, бұл Қараманың үрпақтан әлде де үміті бар. Құдайға шүкір, қартайып тұрған жоқ. Белдің күші, беттің қызылы барда, сексендері шалдай соншалықты таусылғаны несі мұның!»

Торғынмен екі арада болған әлгі бір әңгімені есіне алыш тағдырдың талауы сонда жатқандай-ақ, әйелдің әрбір сезін бастан-аяқ ойша талдал өтті. «Саясы жоқ дарапқа бұлбұл қонбас» деп соңынан бекем шешімге келгендей болды. – Өзім жүз беріп, ықылас керсетпесем ұят шығар. Қайткенмен де әдел көрген қазак әйелі ғой, жатырқап жатбауыр тартып кетер».

Содан кейін тағы да ұлы мен бәйбішесі жайында ойға батқан. Байсал мен Ақзия, ауыл-аймақ, дос-жарандар тізіліп көз алдына келді. Екіудай сезім іштей арбасқан кезде – шерменде көкірегі қарс айырылып, қақырап кеткендей болды.

– Атаңа нәлет, қаракшы! – деп күңірене дауыстап, ердің қасынан ұстай берді.

Күрең де жүрісінен жаңылып, бір сәт теңселіп кеткен еді.

### Зират тонаған қарабауыр

Кешкі зауал шақ болатын. Тау шыңдарында ілініп қалған соңғы жарық біртіндеп көшіп, орман іші қараңғылана бастады. Ала жаздай тамшы тамбай, жердің оты ертерек қашыңқыраған соң, Күрең де үй маңынан ұзаңқырап жайылып жүретін. Екі кештің арасында бүгін де Күреңі орман ішіне кіріп жоғалыпты.

Атын болжап қайтпақ оймен аңшы сыртқа шыққан. Қолын артына ұстап, аяңдап былайырақ барды да, айтактаپ Таймасты шақырды. Төбеті төмендегі ағаш арасынан сылаң етіп шыға келді. Тілін салактатып, «неге шақырдың» дегендей анандай жерге барып шоқып отыра қалды.

— Қүрең қайда? — деді аңшы дауыстап. Төбеттің қасына барып, еркелетіп құлағын қасыды. Иесінің ниетін түсінгендей Таймас бұлек қағып алға түскен... Қүреңі төрт аяғын серендетіп, Өтелбайдың зиратының түбінде тыраң-тыраң аунап жатыр екен.

— Сенің де жүрмейтін жерің болсаши! — Иесін көрген бойда орнынан атып тұрып, сілкініп, пысқырына қалған аяқ атарына бір түрлі кейи қарады.

Көптен мінбеген соң ба, Қүреңі сыртына майы шыға жылтырап, сұліктей сыланып шыға келіпті. Қазанат жылқы болғандықтан еті көп оязи бермейді. Бірер күн еру болып, демалса — Қүреңге соның өзі жетіп жатыр: оймактай оңалып, ойнақ қағып шыға келеді... Атының өсіресе осы қасиетіне аңшы іштей сүйсінуші еді.

— Бүйтіп шығандап кете берсең, аяғыңа тұсау салып тұқыртармын тегінде!

Аттың жалын тараң, арқасын сипап, жабысқан шөп-шалам мен ошағаннан тазалады. Содан кейін сауырдан бір салып, үй жаққа қарай айдал жіберді.

Жерлегеннен кейін Өтелбайдың зиратына келіп тұрғаны осы болатын. Бұл жерді ылғи да алыстан айналып өтуші еді. Жер құшағында жатқан осы бір бейтаныс азамат алдында өзін айыпты санап, бұрылыш зират жаққа қараудан да жасқанатын. Енді, міне, атты іздеймін деп шатасып, дәл үстінен түсіп отыр.

Зираттың бетін қау болып қурай басып кетіпти. Топырағы отырып, төмпешіктен болар-болмас нобай ғана қалыпты. Басына қойған қызыл тас та белуардан топыраққа шегіп тұр.

Байсал ескіліктің жөнін білетін көкірегі қарақты шал еді, зираттың үстіне тас жиғызбағаны несі екен? Ертеңгі күні мына жерден белгі де қалмай, жым-жылас жоғалмай ма? Әлде қорымды алыссынып, тас тасытып Қараманды әурелегісі келмеді ме?

Өтелбайдың жылы әлі тола қойған жоқ болатын. Шаригат жолы жыл ішінде ғана зиратты жаңартуға рұқсат етеді. Бір әредікте сүйретпеге салып қорымнан тас әкеліп, зираттың бетіне жинай салайыншы деп ойлады аңшы.

Құбылаға жұз беріп, тізе бүгіп екі ауыз дұға оқыды. Бет сипап, енді тұра бергенде зираттың аргы шетінен қылтың еткен елесті көзі шалып қалған. Іле жеңділектей кішкентай аңың өзі де көрінді. Тісін шақ-шақ еткізіп, айбат шеккендей сөл кідірді де, бұта арасына сып берді.

– Қарабауыр?!

Күдігі бекер болмапты: зираттың аргы бұрышынан тостағандай үңірейген інді көрді.

– Бісмілла!..

Сасық иістен тынысы тарылғандай сезініп, алқымын ұстап, теріс айналып кетті.

\* \* \*

– Зиратқа қарабауыр кіріп жүр екен. Мен барып аңдып қайтайын, – деді Торғынға.

Мұны естігенде Торғынның көзі боталап, тілі күрмелгендей менірейіп отырып қалды.

Аңшы қара мылтығын қолтықтап, иығына қасқыр ішігін ілді.

– Отағасы, сабыр етіңізші! – деді Торғын бұл есікке бұрылған кезде. Үнінде бір өзгеріс бар, жалынышты шықты.

– Не болды, Торғынжан?

– Сабыр етіңізші... Бір түрлі қорқып отырғанымды.

– Неден?..

– Өзім де білмеймін.

«Жас баладай бүйткені несі?» – деп, Қараман әйеліне таңдана қарады.

– Мен көп айналмай келемін. Тұнде болмаса, қарабауыр күндіз алдыртпайды... Соншалықты үрейленгенің не? Тау асып бара жатқам жоқ қой?

Бұрылып есіктің тұтқасын ұстай бергенде, Торғын ұмтылып келіп мұның білегіне жармасты. Аңшы енді шынымен сасып қалды. Еңкейіп, әйелдің қолтығынан демеп тұрғызып, маңдайынан иіскеді.

— Айып етпеніз!.. — деді Торғын оқыс қылышына ақталған-дай, қап-қара, тұп-тунық жанарынан қос тамшы жас домалап Қараманның саусағына тамды. — Айып етпеніз, отағасы. Сәлғана сабыр етінізші. Қарабауыр дегесін жүрегім біртүрлі қозғалыш кетті. Ештеңе етпейді... Қазір... қазір, бойымды жинап алайыншы...

— Торғын-ау, саған не болған?

— Өзім де білмеймін...

— Мына қылышың не енді?.. Он бестегі қыз бен жігіттей? Елжүрттан үят-ты, тегі.

— Қайдағы жүрт?.. Қайдағы ел? Иен тауда сізден басқа менің кімім бар дейсіз? Бойым дірілдеп, қорқып тұрмын, отағасы.

— Неден қорқып тұрсын, Торғын-ау?

— Білмеймін, бойымды бір үрей билеп кетті.

Аңшы түкке түсінбесе де, әйелінің ырқына көніп, ішігін орнына іліп, мылтығын босағаға сүйей салды.

— Үйде жалғыз қалып жүргенің бір бұл емес қой?— деді күмілжіп.

Арада аздаған үнсіздік орнады.

— Қекесі, — деді Торғын сәлден соң, үяттан жарылып кетердей қысылды. Әйелі бұрын мұны бұлайша атамаушы еді.

— Иә, Торғын?

— Ішіме бірдене біткен сияқты.

Қараман алғашында сез төркінін андай алмаған. Әйелінің төмен салған жүзін өзіне бұрып, көзіне тіктей қарады.

— Біткені қалай?

Торғын нарттай жанып, бұлқынып көзін тайдырып әкетті: ұғымы жоқ еркекке ашуланған сыңайы бар. Қараманның санасына сонда ғана бір сәуле жеткендей болды:

— Торғынжан! Рас айтып тұрсын ба?

Әйелін қос қолдай құшактап, қысып-қысып жіберді. Торғын жүзін бұлтарып, тура қарауға дәті бармай қашқақтады.

— Өзім де сене алмай журмін... Тұншықтырарсыз тегі, жіберінізші, қекесі!

Қараман құшактаған күйі Торғынды үнсіз кеудесіне ба-са берді. Қемейіне лықсып өксік кептелген. Дәл осы сәтті былайғы мың күніне айырбастамас еді: былауға түскендей өн бойы балбырап балқып барады. Өзін осыншалық қуанышқа

кенелткен Торғынға жылы-жылы сөз айтқысы келді, алақанына салып балаша еркелеткісі келді. Бірақ ондайдың жөнін таппай, мекіреніп, әйелінің күнсіген шашын сипады, арқасынан қақты:

— Ендеше мен даға бармай-ақ қояйын.

Торғын күйеуінің құшағынан босап, төсекке барып отырды. Енді байқады: әйелінің жүрісі мекиен қаздай мамырлап қалыпты.

— Жиналған екенсіз, барып қайтыңыз! — деді Торғын. Жаңағыдай емес, әдепкі байсалды әйел қалпына қайта оралған. Даусы сабырлы, әр сөзі бүйірғандай нық. — Аруаққа обал болады, барып қайтыңыз, отағасы!

\* \* \*

Тұннің екі үйқысы болып қалған еді. Ай туып, қараңғылық етегі түріле бастады. Аңдыған қарабауыры бәрібір көрінетін емес.

Бұл тасалаған бұта түбінен төмендегі зираттың ар жақ, бер жағы ап-анық байқалып тұрды. Іннің аузы үңірейе қарайады. Көзге түссе қалт жібермесіне Қараман айдай сенімді болатын. Сосын да ішігін астына жамбастай төсеп, жайbaraқат күтіп жата берді.

Жылы жел лекіп өтіп еді, шайырдың хош иісі аңқып мұрынға тепті. Шайырмен қоса күзгі қуарған шөптің иісі де сезіледі. Жылы жел қапырық ауаны желпіп, тынысты ашқандай. Желдің лебімен қурай басы суылдаپ, бидайық қалтырай жөнелді. Аңшы биылғыдай ыстық жазды бұрын-соңды көрмеп еді. Күз түсіп қазан туса да, мінеки, аптаптың беті қайтпай-ақ тұр. Құс қанаты күйгендей дерсің. Көптен бері көк жүзінен көлеңкелік қысыр бұлт та көрінгендең қойды. Анада бір қыбыладан қазбауыр қоңыр бұлт қалқып шығып еді, ол да түстіктен орағытып, Арғыттың қарлы сілемдерін қуалап кете барған. Құдайым өрттің бетін аулақ қылсын, әйтпесе самсал тұрған мына самырсын шырпы тисе болды – дәрі секілді бұрқеткелі тұр. Мұндай аптапта орманнан өрт шығар болса – бас сауғалап қашып құтылудың өзі неғайбіл.

Ай орағы жамбастай туыпты. «Шаруаға жайлы болады екен» деп, іштей шүкіршілік етті.

Ойын әр нәрсемен бөлгісі келсе де, Торғынның бағанағы айтқан сөзі басынан шықпай-ақ қойған.

Қараманға да бұл өмір бетін берейін дегені ғой, тегі. Жалғыздығына жамау етіп тағдырдың Торғынды кездестіргеніне екі бастан риза еді. Енді, мінеки, әйелінің құрсағында қимылдан, үрпағы да белгі беріпті. Бұдан асқан қуаныш болсын ба?! Ағынан жарылса, мұның ендігі үрпақтан үміті екідай болатын. Пәленше жыл Өтелбаймен отасқанда пүшпағы қанамаған бедеу әйелге міндет артудың өзі қисынсыз көрінген. Бедеу болса да, көніл құрғыр Торғынға қатты құлап еді. Үйін жылдытып, төсегін салып, Торғынның күйбендең қасында жүргеніне тәубе ететін.

Жер ортасы жасқа келгенде кездескен қосағы сөйтіп жүріп, әнеки, жүрек жарап жаңалықты түйеден түскендей қойып қалды. Бала тапқан әйелдің балағынан айналмайтын еркек жок, ендеше Торғынжанның бағасы артпай, кімдікі артады!

Торғынмен кездескелі батуға айналған өміріне әр бітіп, қара аспаны айыққандай күйде жүр. Ойлап отыrsa, бұл Қараман жаңадан өмір бастап жатқанға ұқсайды. Шынымен-ақ, Тоқтасын мен Айзаданың ұмытыла бергені ме деп те қиналады кейде. Ондай сэтте торға түскен арыстандай іштей аласұратыны бар. Қаншалықты намысынды қайрағанмен қолдан келер қайраның жок, буырқанып-бұрқанып бәрібір сабаңа түседі екенсің.

— Тірі адам тіршілігін жасау керек, — деген Байсал бұған баяғыда. — Төрт парызыңнан құтылдың, әйелің мен балаңсаған риза шығар. Оларды қайта-қайта есіңе ап, ескі жараның аузын тырнай берме. Тіршілігінді ойла былай... Торғын да төрт құбыласы тең тұрған біреу емес, өзің сияқты жарты жан. «Екі жарты – бір бүтін» бол, бұдан былай береке-бірліктерінді ойландар.

Айтар ауызға жеңіл-ау, әйтпесе төсек жаңғыртқан екем деп, өткенінді ұмыта қою оңай шаруа емес екен. Сүйегіме таңба бол, алынбаған арым кетті-ау деген кезде Қараманнның қаны қарайып, жынданып кете жаздайды. Әттең, қандыбалашқаражшыны танымай қапы қалды ғой. Ұяң бөріктеу, нашар біреу ме деп ойлайтын. Сөйтсе, ол иттің шар айнасы шалқасынан бол шықты. Атам қазақтың «ит боғынан қыл шықпай

қоймас» дейтіні, тегі, рас болды. Құрғырдың әкесі де баяғыда жарым шана шөп үшін Кірішкенің ұлын айырмен шаншып өлтіріп еді. Содан итжеккенге айдалып, хабар-ошарсыз жоғалып тынған.

— Ерепей де артынан пысып, әкесін іздең кеткен шығар, — деген бірде Байсал.

Шалдың жорамалы Қараманды оншалықты иландыра қоймаған. Ит жылы жоғалған әкесін ол неме қай жақтан іздемек: әкесінің сүйегі баяғыда қурап-шіріп, Сібірдің бір түкпірінде қалған шығар? Сосын, қойнына қоңыр тас түскен Ерофей әкесін ойлайды дегенге сенудің өзі қын. Қызылкөз қанішердің түбінде бір Талдыбұлаққа оралмауы мүмкін емес. Оралар болса, Ерофей ең алдымен Қараманның көзін құртуға тырысады. Өйткені құпияны білетін екеуі ғана.

Әйтсе де, Ерофейдің екі жарым жыл бойы белгі бермеуі таңғаларлық жайт еді. Өлде оны да бір сұмырай қылжитып, қойнындағы күпті тасты тартып әкетті ме екен? Болмаса, жұмбақтың сырды ашылып, Талдыбұлаққа жолым кесілді деп сыртташ жүр ме? Tipi жүрсө ол неменің қайырылып соғар уағы баяғыда өтіп кетті.

...Ай жамбастап тас төбеге шықты. Зираттың маңайы бағанадан гөрі айқындалып, тышқан жүгрісі де көрінетіндегі дәрежеге жетті.

«Мен үйде жүргенде қарабауыр қайыра зиратқа кіріп кетті ме екен?» деп ойлады. Бірақ адамның барын бір рет көрген шақар аң олжасына жуық арада орала қоймаса керек-ті. Қараман үй жакта да соншалықты көп жүрген жоқ қой?

Жалған-ай десеңші, кешегі арыстай азамат ит пен құсқа жем болып, бір уыс топырактың астында жатыр, әнеки. Бұлар секілді шор аяқ емес, тірісінде шенді шекпен жамылып, мырза атанған азамат. Енді оған шекпеннің де, мырзалықтың да түкке қажеті жоқ. Бодаусыз, құнсыз иен тауда қалды шіріп... Туған-туысқандары бұл жазғанның өлі-тірісінен де бейхабар. Неткен сүргелен заман болды десеңші! Төсі жайлау, етегі қыстау болған бұл Алтайдың да тынысы тарыла бастағаны ма? Бүйте берсе тыныштығы бұзылып, өткел таппай адасқан үркін елдің ертеңі не болмақ?

- Заман біздікі! – деген Райыс ана жолы бір келгенде қолын сілтей лепіріп.
- Сенікі болса, жетіскен екенбіз, – деді Байсал мырс етіп. Райыс қызарактаپ, әкесіне әлденені түсіндіре бастады.
- Біздікі дегенім – сіз бен біз сияқты жарлы-жақыбайдың заманы дегенім. Осыдан былай бай-кедей деген түсінік жоғалады. Бәрі де тендікте өмір сүретін болады.
- Болыс етіп кімді сайламақсындар?
- Болыс емес, ауылнай сайлаймыз. Бұрынғы болыс «кірән» асып қашып кетті. Шұарағашқа ауылнай етіп Оспанғалиды сайладық.
- Қай Оспанғали? Әлгі Танысбайдың ұлы ма?
- Иә, соның дәл өзі.
- М-м... – деді Байсал ойланып. – «Құралай бастаған киік онбас» деген, тым-тым пысықсып кетіпсіндер, ақыры амандық болғай.
- Өзің тақыр кедей бола тұрып, байларды жақтағаның не? – деп Райыс әкесіне шап ете қалды.
- Сен шамданба, балам, – деді Байсал. – Мен ешкімді де жақташ отырғам жок...
- Қараны қашанда төре басқару керек деген ұғым қандарыңа әбден сініп кеткен сендердің. Сол төрелер қара халықтың қанын қандалаша сорғаннан басқа не жақсылық көрсетті? Бай мен төреден қайыр болмаған соң қайың мен қарағай сауып, тау мен таста қаңғырып жүргендерің мынау!

Соңынан Райыстың сөзіне Қараман қатты ойланған. Жастық шағын, бозбала дәуренін есіне алса, үлде мен бұлдеге бөленгендей өмір елестеуші еді. Терендей үңілсе, онысы бер жағы ғана екен. Әйтеуір, Алтай дегенің ел-жүртқа шүйгін мекен, шұрайлы қоныс бола білген соң, былайғы қындықтар ұмытыла беретін сияқты. Ол кезде бүгінгідей аласапыран емес, ел іргесі тыныш еді ғой. Әйтпесе ит басына іркіт төгілген заман бәрібір болған емес. Сол кезде де мұның әкесі сияқты кедей-кеңшіктің ұрты мен мұртының майланғанын көрген жоқ. Бәрібір, ол кезде де кедейдің аузы қыста қызылға, жазда аққа жарыған емес. Әйтеуір өткен күннің бәрі өкінішті, жастық қызуға толы дұлдул шағың болғаннан кейін, амалсыз сағынышпен есінде аласың баяғы...

«Нарын кедейлерінің ту тігіп, кеңес құрған өкіметін ақтар талқандап, адамдарын тізіп қойып атып тастапты» деп, көктемде Байсал жағасын ұстаған. Арада жаз өтпей жатып-ак, кірешшілер ақтардың тым-тырақай қашып жатқан хабарын әкелді. Әйтеуір, қандай хабар жетсе де, Байсалдың иманы қалмай бозарып кетуші еді. Белсенді болып жүрген ұлының жағдайын ойладап, ондайда жар құлағы жастыққа тимей ауылға үшады. Сауға сұрағандай талай рет Қараманға да жаутаңдаш келіп қайтты:

— Ана итті қайтемін? Бір ақылыңды айтшы, — дейді келген сайын.

Әкесін тыңдамаған ұлға бұл нендей тоқтау айтсын, күмілжіп үнсіз қала береді.

— Белсенді боп шошаңдағаныңды қой, біреулер кектеніп, жазым етіп жүрер десем, қарқ-қарқ құледі. Бұл балаға нендей дауа айтарсың?.. Біз осындай заман үшін қан төктік, енді оны қолдан тегін бере қоймаспыш дейді. Қасарыскан бір пәле. Оның мұндай мінезін бұрын неғып байқамағанмын? — дейді шалтаңырқап.

Райыс бір келгенінде Шұбарағаш пен Берелдің арасында ақ пен қызылдың ұлкен қактығысы болғанын айтты. Нарыннан өрлеген ақтардың бір топ өскерін қызылдар тар жерде қоршауға алып, құртып жіберіпті.

Мұны естігенде Байсал әделкідей ұлына шүйіліп, кіржіндең үрыспады.

— Әй, қарағым-ай, — деді күрсініп. — Не дейін саған... Ел басына қандай күн туғанын өзім де түсіне алмадым... Темір етіктен теңгедей, темір таяқтан тебендей қалған азған заман болдығой бұл. Алдарынан жарылқап, түбі жақсылыққа апарсын!

\* \* \*

Елдің өсегіне құлақ түрсе — төбе шашыңды тік тұрғызар сөздер естиді екенсің. Арғыдағы ұлкен ауылдарды былай қойғанда, бергідегі Берел мен Шұбарағашта да нелер бір пәлекеттер болып жатқан сияқты. Бірін-бірі андып, торғайдай тозған ел, босқан халық. Тау арасында жатқан бұл екі үй ел ішіндегі ылаңның бірін де білмейді екен.

— Ел дәuletі сетінеп, берекесі кеткені сондай, пырылдаң тоқтық тартар нәресте де жоқ бұ құнде, — деген Байсал ауылға барып қайтқан бір жолында.

Соңынан ауылнай Оспанғалиды жайлаудан қайтып келе жатқан жерінде орман ішінде ағашқа асып кеткенін естіді. Жүрттың айтуынша, арғы беттен келген Өтесіннің жансыздарының ісі сияқты. Хабарды жеткізген Сәдуақас Оспанғалидың орнына Райысты сайлағанын айтқанда Байсал үндеген жоқ, ойға батып, безеріп отырып қалды.

— Ұлыңыз мөр ұстаған ауыл ағасы болды, — деді Сәдуақас. — Иен жүртты қашанғы күзетесіз, енді ауылға, ұлыңыздың жанына бармайсыз ба?

— Шырағым, бұл Шұңқыржүртта да бұрын ауыл болған... — деп Байсал шамданып қалды.

— Білемін, — деді Сәдуақас та беті бұлк етпей.

— Білсең сол, ата жерін иесіз тастап, енді қартайғанда кете алмаймын. Сүйегім осында қалады. «Өленді жерде өгізім семіз», енді қартайғанда сақалымды бұлдатар жайым жоқ.

— Еркінің білсін... Менің әншайін ұлыңыздың сәлемін жеткізу ғана еді.

— Соқпа өтірікті! Менің ұлым ондай сәлем өсте айтпайды. Әкесінің тіріде бұл жерден кетпесін ол жақсы біледі.

Шалмен әңгімесі жараспаған соң, өтірігін жуып-шайғандай, Сәдуақас енді қасындағы Қараман құрдасына тиіскен:

— Сен де кіндігіңен байланып, жүрт күзетіп отырмысың? Байқа, құрдас, саяқ жүрген таяқ жейді... Саяқтық шарифат занын былай қойғанда, тарифатқа да сыймайды, тегінде.

«Осы неме біреуге соқтықпаса дәреті бұзыла ма?» — дегендей Қараман Сәдуақасқа бажыраң етті.

Оған имене қойған анау жоқ, түбі тесік шелектей даңғырлап сейлеп отыр:

— «Қараманның ауылдан не үшін қашқанын енді білдік» деп, бүкіл Шұбарағаш сенің соңынан ит қосып шуласып жүр, — деп жырқ-жырқ құлді.

— Байтал түгіл бас қайғы, онсыз да басы қатқан жүрт жалғыз Қараманды бағып отыр дегенге кім сенеді? — деп Байсал жақтырмай күнк етті. Шалдың сөзін Сәдуақас елең қылмады:

– Сонда ел-жұрттан жасырған қатының қайсы, мұнда ала келмедің бе? Көрімдігін беретін едік...

– Әбден көкмылжың бол бітіпсің ғой өзі!

– Жарайды, соншалықты шамданғаның не? Тізе жылдытып, жас қатын алған соң құрдастарыңды ұмытайын деген екенсің. Кержақшылағаныңа жыным кеп отыр, Қареке. Мұсылман емеспісің, молда таппасаң, некенде мына маған, жаман құрдасыңа қидыра салмадың ба?

– Жетті! – деген Байсал осы тұста ашуға мініп. – Ақ батамды беріп, некелерін мына мен қиғам. Не қыл дейсің енді?

Сәдуақас содан кейін қайтып тау жаққа ат ізін салған жоқ. Шұңқыржұртқа ат арытып не үшін келгенін Байсал да, Қараман да біле алмаған. Райыстың оны шабарман етіп жібермегені анық. Әйтеуір, былайғы кезде айдасаң баспайтын Сәдуақастың сүйінші сұрағандай елпілдеп жетуі жұмбақ күйі қала берді.

...Әр нәрсені есіне алып, қимылсыз жата бергеннен кейін бе, көзіне үйқы тығызып, жиі-жиі есіней бастады. Әлсін-әлсін жасаураған көзін сұртіп, зират жаққа үңіліп қояды. Аңдыған бәлесі жер жұтқандай әлі жоқ. Баяғыдай емес, ұзак таңға кірпік ілмесе де шыдай беретін сергектігі адыра қалып, соңғы кезде үйқы мендеп жүр. Тегі, ішегіне май түсіп, жидиін дегені шығар? Әлде мұның да тырандаған тірлігі алаңсыз арнаға түсіп, адам қалпына келе бастағаны ма екен? Расында да, тау басында таң асырған көлеңке тірліктен гөрі, уағымен үйықтап, жөнімен тұрғанға не жетсін!

Елес сияқты қарайған бірдене жылдытай жылжып, іннің аузына жете бере жоғалып кетті. Қаншалықты дайындықпен күтіп жатса да, аңшы оны атып үлгермеді.

Шақар аңның мола ішінде ұзак болмасын сезіп, жерге жабыса еңбектеп, зиратқа жақындей тұсті.

«Гайыптан пайда болғандай бұл неткен тажал еді? – деп ойлады іштей. Солай ойлауы мұң екен, көңілін күдік пен үрей билеп ала жөнелді... – Жұдышықтай болған мынау бәлені бұрын неғып танымай келгем? Тірімізде тегіннен береке жоқ секілді, ендеше өлімізге де иманды бұйыртпайын дегені ме?!»

Төмендегі ағаш арасынан бұғы шақырды. Басын көтеріп, дауыс шыққан жақты болжап еді, бұғының өзі көрінбеді: сал-

бырайған қалың самырсын, қап-қара болып тұнерген мылқау орман.

«Күйек басталған екен» деп топшылады іштей. Мұның ойын құптағандай, қарсы беттен тағы бір бұғы сырнайлатып дауыс берген. Қарсы беткей сатымен қоршаулы болатын. Соған қарағанда, соңғысы дөу де болса өз бұғыларының біреуі секілді.

«Бұғылардың обалына қалып, текке қамап отырған жоқпын ба? – деп ойлады артынша. – Олар да қан сойқанды аңсап, еркіндікте күш сынасқысы келеді ғой? Ендеше бұл тығырықтан шығар амал бар ма?»

Әйтеуір, көптен бері осы сұраққа жауап таба алмай, басы қатып жүр.

Байсекең мен Қанайдың көмегімен арқан салып қаумалап, тамыз туа төрт бұғының мүйізін кесіп алған. Ол да бір мехнаты көп, өндімейтін өзгеше шаруа екен. Мүйіздерді Ақзияның тайқазанына сарқылдатып жарты күн қайнатты. Соңынан спиртпен жуып, жел өтіне, көлеңке жерге кептіріп қойды. Қазір мүйіздер саңғырлап кеуіп, нағыз бабында жарап тұр.

Саудагердің «келем» деген кесімді күні әлдеқашан өтіп кеткен еді. Аңшының жорамалынша, тескен тауасса да жылпос шұршіттің белгі берер мезгілі болған. Есесін елге жіберіп Манжудың судай сіңіп, тастай батуы мүмкін емес. Тегі, бергі беттегі аласапыраннан сескеніп, әліптің артын бағып төстабандап үйінде жатқан болуы керек.

...Қарабауыр сыпсың етіп іннен шыға келді. Шыққан бойда әлденеден сезіктенгендей басын кекжитіп, қалшиып тұра қалды. Аузында көлденең тістеген сүйек ағараптайтын.

Қараманның төбе құйқасы шымырлап кетті. Сайды бойлай лекіген самалмен қоса, мұрынға күлімсі иіс бүрк ете тұсті. Осыншалық сасық болар ма, лоқсып, құсып жібере жаздал, өзін-өзі өзер тежеді. Лезде бойын жинап... шүріппені басып қалды.

Әлде тау жаңғырықты ма, әлде құлағы қағыс естіді ме, тағы бір тұстан мылтық атылғандай болған. Әншейінде құлағы қалт еткенді қағып алушы еді, дауыс қосарлана шығып, жаңылып қалды ма екен? Жо-жоқ, жаңғырық пен шын дауысты ажырата алмай не көрініпті бұған? Жай мылтық емес, әлгі дауыс бесатардікіне үқсайды... Иә, бесатардың даусы.

Қараман жатқан жерінен жылан шаққандай атып тұрды.  
Серең етіп домалап түскен қарабауырға да бұрылған жок,  
емпен қағып теріскейдегі үйіне қарай жүгірді.

– Торғын... Торғынжан!

Қарағай есік шиқ етіп сыртқа теуіп, ар жағынан әйелдің  
қуарған жүдеу жүзі көрінді.

– Амансың ба әйтеуір?

Торғын жауап қайтармай сілейе қарап сөл тұрды да, көзін  
төмен салып бұрылып кетті. Төсекке барып солқылдаپ жылап  
жіберді. Аңшы әйелін бауырына басып, шашынан сипады,  
жұбатқан болып, сөйлеп жатыр:

– Торғынжан, сабыр етсеңші!

– Торғын-ау, сендей әйелге бұлай ету жараспайды.

– Торғынжан, екеуміз де бала бол кеттік пе, біреу көрсө ұят  
бол жүрер, тегі.

– Осыншалық үрейленгенің не? Бесатардың даусын естімеп  
пе едің?

– Тау тентіреген көп аңшының бірі болар. Көңіліңе күдік  
алмай-ақ қойшы.

Торғын мойнына оралған шыттың ұшымен көзін сұртіп,  
ауыр күрсініп, орнынан тұрды.

– Отағасы, айыпқа бұйырмассыз. Жас баладай жасығаным  
өзім де таңғалам. Бұрын бүйтпеуші едім... Жанымды қоярға  
жер таппай, қатты елегзідім.

Аңшы босағада қалған мылтығын көтеріп, қабыргаға апа-  
рып ілді де, жайланаңып етігін шешті. Етігін шешіп жатқанда,  
мола басында қалған ішігі есіне тұсті... «Тышқан тесіп, күну  
жыртып кетпесе – ертең жиып алармын», – деді ішінен.

Торғын пешке отын салып, дастархан жайып, шай қамына  
кірісті.

– Жеті тұнде шайға өуре болмай-ақ қойсаншы, – деген  
күйеуінің сөзін тыңдамады. Самауырды сыртқа шығарып, от-  
тығына шоқ салып қайтты.

– Жақын жерден атылды ма? – деп сұрады Қараман сумен  
беті-қолын шайып жатып.

– Нені айтасыз?

– Жаңағы бесатардың даусын айтам да... Қай тұстан шықты?

– Қайдағы бесатар?

Жұдеу жүзіне тағы да үрэй үйіріліп, Торғын күйеуіне бақырайып қарап қалды.

— Мылтық даусын естіген жоқпысың?

Аңшы көңілдегі алаңын сездірмей, өзін сабырлы ұстауға тырысты. Сөзден секем алдырып, Торғынды тағы шошытып жүрермін деп ойлады.

— Естіген жоқпын, — деді өйелі.

— М-м... Тау кезген аңшы болар, тегі. Даусы анау жақтан шықты ғой.

Әңгімені осымен доғарайын деген оймен, қолымен былайғы бір жақты мегзеген болды.

Торғын әдейі бұрылып, терезеге тұтқан қарынға қарады. Бұлтиған қарынды жел қозғап, сықыр-сықыр етті.

— Қайдағы аңшы? Сіздің маңайда жүрген ол қандай аңшы?

Қараман сұраулы жүзбен өзіне қарай аттаған әйеліне не деп жауап берерін білмей тосылды. Басқадай жалтарары болмаған соң:

— Жетті енді! — деп жеки сөйледі. — Бесіктегі баладан күнің төмен боп кетті ғой, тегі!

Торғын үнсіз қалды.

Әйеліне үрлана көз тастап қойды: шамдалдан түскен бозамық сөуле Торғынның шашын күлтелендіріп, сарғыш нұрға орап түр. Өкпелеген осы отырысының өзінде көз арбайтын қылышты сүйкімділік бар екен. «Бекер дауыс кетерген екенмін» деп, ішінен өкінгендей болды.

— Адасқан аңшы болмаса, сіздің айлағыңызға бөтен адам келмейді, отағасы. Бесатар атылса — олар қашқындар болды!

Қараман сөз қайырған жок, төр алдындағы тулақ үстіне жайғасып, мұртын шиырып отыра берді. Есік сыртындағы самауырдың бұрқ-сарқ қайнаған дыбысы шықты.

— Торғын, шайынды қамдашы?

Екі арадағы жайсыз әңгіме шай үстінде ұмытылар деп еді, бірақ әйелі отырған жерінен тапжылмады.

— Қашқындар! — деді Торғын өзімен-өзі сөйлескендей күбірлеп. — Бесатардың даусы шықса — онда қашқындар болғаны...

Қараман оқыс басын көтеріп:

– Мейлі емес пе? – деді қитыққан көнілін зорға тежеп. – Қашқын болсын, қасқыр болсын – олардың бізде қандай шаруасы бар?

– Олай деменіз, отағасы, – деді әйелі баяу ғана. – Сіз қашқын мен құғыншының сырын өлі білмейсіз... Құдай олардың бетін аулақ қылсын!

– Мейлі, бірі өліп, бірі қалсын. Маған шай берсөңші...

Бәрібір Торғын орнынан қозғалар емес:

– Алла-ай, десеңші! Адам аяғы жетпес алыс шығар деуші едім... Ендігісі бұл жердің де үшар көлі мен қонар көгі тарыла бастағаны ма?

– Торғынжан! Сен не деп күбірлеп кеттің?

– Бір Аллаға мінәжат еттім, отағасы! Тілегім қабыл болып, нәресте құшсам деп едім. Бірақ алаңы көп мезгілде кез болыштыз. Бағымыз ба, сорымыз ба, оған көзім анық жетпейді. Алтайдың аюынан емес, адамынан қорқамын! – деді Торғын.

Әйелінің сөзі көнілін қозғап, есіне өлгіндегі қарабауыр түскен. «Өлді ме екен? – деп ойлады ішінен, – шақар пәленің жаны сірі келеді деуші еді... Tipi қалып, тағы да аруақты корламаса жарап еді».

Торғынның жанарынан домалап шыққан моншақ тамшылар тырс-тырс жерге тамшылады.

### Казактардың лаңы

Тарсылдаған оқыс дауыстан селж етіп оянып кеткен. Шырт үйқыдағы Торғын да шошып оянып, мұны қапсыра құшақтай алды.

Таң бозарып атып қалыпты, есікті біреу жұдырықпен ұрғылап тұр.

– Үйде біреу бар ма? Ашындар!

Даусына қарағанда, казак-орысқа ұқсайды. Ерофей қанішердің қанжығалас біреуі болмасын деп, аңшы терезенің тесігінен сыртқа көз салып еді, бұл жақтан ешкім байқалмады.

– Қазір ашамын! – деді киініп жатып.

Бесатарын онтайлап, есіктің тиегін ағытты да, екі адым кері аттады. Тұтқасын жұлыш алардай жұлқып ашып, біреу табалдырықта талтайып тұра қалды. Өзіне қарай кезенген

мылтықты көрген кезде көзі атыздай аларып, иегі кемсендеп кетті. Қалшиып тұрып қалған казактың иығынан асырып көз жіберіп еді, анадай жерде аттарын ойқастатқан тағы үшеу байқалды. Араларында бұл күткен Ерофей көрінбейді, тұрыстары бейғам. Бір бәлені ұшықтырып жүрермін деген оймен, басатарды ұн-тұнсіз босағаға сүйеп, өзі сыртқа шықты.

Жаңа ғана тіл-жактан айырылып, шуберектей бозара қалған жабағы бет казакқа жан бітіп, қамшысын бұлғап қалғандарын шақырды.

Торғын да киініп, тәсек-орынды жинап үлгеріпті.

– Бұл кімнің зәйімкесі? – деді жабағы бет, өзі көкжөтелмен ауырғандай қырылдап сөйлейді екен.

– Кімдікі болушы еді, менікі де! – деп Қараман орысша жауап берді. Шүкіршілік, кержақтардың арасында өскендейктен, бір кісідей орысшасы бар еді.

– Сен кім боласың?

– Аңшымын.

– Қайдағы аңшы? – Қырылдаған казак қотыр тайын өткізіп қойғандай сұрақты төпелеп барады.

– Қайбардың баласы Қараман деген аңшы боламын. Сүйегім – Дәulet, оның ішінде Есбол ұрпағынан тараймыз. Сіздер кімсіздер?

– Бізде шаруаң болмасын... Ларцов, мынаның мылтығын ал!

Едіреңдеген мынаусы бастықсымаққа ұқсайды. Бесатарды айналдырып көрді де, қасындағы серігіне лақтырып жіберді.

– Мұндай бесатарды қайдан алдың?

– Қытайлық саудагер берген.

– Не... не?

– Мән-жу деген саудагер тамырым берген.

– Соқпа өтірікті. Сен қызыл бандитсің! Тұксиген түріңнен танып тұрмын... Сен – қызылдардың таудағы жансызысың. Білдің бе?

«Жын буған бақсыдай мынаның бұлінгені несі екен?» Сөз үқпайтын біреумен сөз таластырып, тәжікелесіп жатуды арсынды. Осы кезде төрт атты тізгіндең, анадай жерде тұрған кексе біреуі:

– Порфирий Игнатьич! – деді дауыстап. – Бұл Шубарағаштың жігіті ғой. Мен танып тұрмын.

«Бұнысы кім болды екен? – деп, Қараман да әлгі орысқа көз тоқтата қарады. Жүзі таныс. Өзін бір жерден көрген де сияқты. – Мәссаған... Мынау Берелдегі Храмцов Терентий емес пе?»

– Терентий?

– Соның дәл өзі... Сен Қарамансың ғой? – деді анау да таза қазақша сөйлеп.

– Иә, Қараманмын... Терентий екениң рас болса, мынауыңды қоқандатпай әкетші әрі!

Бұлардың қазақша шүрқырасқандарына жабағы бет қындар емес, Терентийді ала көзімен атып:

– Мұның бандит емесіне кепілдігің бар ма? – деп зірк ете қалды.

Терентий кеңкілдең күліп жіберді.

– Бұл жігіт қызыл болса мұрнымды кесіп берейін... Елжүрттан безген кісікиік емес пе бұл: осы маңайдың бәрі біледі. Әйтпесе есі бар пенде мынау Жазатырға айдасаң келе ме, өзің ойлашы, Порфирий Игнатьич?

– Байқа, Храмцов, қаңғырған қараны қорғаймын деп тіліңнен жазып жүрме! – Жабағы бет Терентийге қамшысын шошаңдатты. – Ларцов екеуің осында қаласыңдар. Біз эскадронға хабар береміз.

Жабағы бет бұрылып табалдырықтан түсे беріп, аңшыға қайта қадалды.

– Оққағарың бар екен, – деді аңшының төсін қамшымен нұқып. – Көзіме тура қара, кәнеки! Осыдан өтірік айтсаң – табанда атып тастаймын!

«Жайдак атқа мінгендей жұлқынуын сілімтіктің» деп ойлады аңшы. Қаны басына шапса да, сыр білдірмей, казактың қанталаған шегір көзіне ежірейе қарады. Екеуі ит пен мысықтай көзben арбасып, бір сәт тұрып қалды.

– Жіпсік көз неме! – деді казак аузынан түкірігін шашыратып. – Шыныңды айт, қызылдар мұнда келді ме?

– Шырағым, маған қызылың не, ағың не – бәрібір, – деді аңшы ашуын тежей алмай тістеніп. – Біле білсендер, мына ит арқасы қиянға ат ізін салып, алғашқы бол сендер келіп тұрсындар. Қазақ қонақтан қашқан емес. Қонақ болғыларың келсе – барымызды алдарыңа жайып, шама-шарқымызша күтеміз. Әйтпесе жолдарың әне! Бас кеспек болса да, тіл кеспек жок.

Қоқандаған ереуіл сөзінді енді мен көтере алмаймын. Ары деңгендегенде атып тастарсың, оныңнан да қорықпаймын.

Мұны естіп тұрған Терентий тағы да күліп жіберді.

– Өшір үнінді! – деп жабағы бет оған барқ ете түсті.

Қараман жарылып-ақ кете жаздал еді, Терентийдің сайқымазақ күлкісі ашуын сабасына түсірді. Мұның үйіне келіп алып, құлтекедей тепеңдегені несі екен? Соңындағы анау үш әскерін арқа тұтып, шабаланып тұрғой. Әттең, ер егесі еңісте деген, жеке жерде кездесер болса мұның өуселесін сонда байқар еді. Шошандаган анау дорба сақалын бір талдап жұлдып, Ерофейде кеткен қанды кегін осыдан-ақ қайтарар еді-ау!

Едірендеген казак серігінің бірін соңына ертіп, сайды бойлап шоқырақ қағып шауып кетті. Ол кеткен бойда жарқылдай күліп, Терентий Қараманың қасына келді.

– Біздің басекең қазір көлеңкесінен де үркіп жүр... Айып етпе, достым! – деп аңшымен қол беріп амандасты. – Ларцов, танысып қой, бұл жігіт менің жерлесім болады.

Мылтығына сүйеніп, бөрене үстінде отырған Ларцов басын изегені болмаса, орнынан тапжылған жоқ.

– Терентий, сен бұл жақта қайдан жүрсің?

– Сен сұрама, мен айтпайын, достым. Менің қайдан жүргенім, қайда бара жатқаным бір Құдайға ғана аян.

Жартылай ашылған есіктен Торғын көрінді. Шашы бобырап, кеудесіне жайылып кетіпті. Қолында Қараманың қара мылтығы.

– Торғынжан, саған не болған?

Ларцов бесатарын оңтайладап, ешкі көзденіп шегіншектей берді. Аңшы әйеліне қарсы жүріп, қолынан мылтықты алып, босағаға іле салды.

– Әйелің мінезді екен! – деді Терентий басын шайқап.

– Торғын, мына кісі Терентий деген менің бала күннен білетін тамырым болады... Барып шайынды қамда.

Торғын жауап қатпады, сұлесоқ бұрылыш үйге кіріп кетті.

Терентий таңданғандай, тағы да басын шайқады:

– Әй, достым, тілімді алсаң – әйелінді бұл үйде қалдырма, – деді Қараманға. – Қазір мұнда бір эскадрон солдат келеді. Қандары қарайған солдаттарға қазір дүниенің пұлы – беш

тиын... Жаман айтпай – жақсы жоқ, абыройсыздыққа үрынып жүрерсің.

Қараман Терентийдің сөзінен шындаپ сескеніп қалды. Тегіннен тас талауы сыртында аңқылдақ орыс еді, ағынан жарылып, бірдеңені біліп айтып отыр. Қызылын кім білсін, ақ дегеннің сыңайы жаңағы болса – тезі қатты тентекке емес, қан іздеген қанішерге көбірек үқсайды екен.

- Қайда жіберем? – деді амалы құрып.
- Атыңды ертте де, ауылға қоя бер.
- Жолды білмейді ғой, адасып кетер. Байсалдың үйіне бара тұрғаны жөн шығар?
- Байсалың кім?
- Мына қырдың астында бір омарташы шал бар еді... Есінде шығар, баяғыда Шаңырақ деген ауыл болды ғой?
- Шаңырақ дейсің бе?.. Бұл ішкі жақты көп біле бермеуші едім.

– Ауыл түгелімен Шұарағашқа кешіп кеткен. Әлгі шал соның жұртында қауқып жалғыз отыр. Бір-бірімізben арасын тұрамыз.

– Мейлі, өзің біл... Бірақ тезірек қамданғаның жөн шығар. Терентий ит көрген мысықтай үрпиген Ларцовқа барып әлденені түсіндірген болды.

Қараман атын ерттеп, қолтығынан демеп әйелін мінгізді де, жолға салып қоя берді.

Әйелі кеткеннен кейін, құрак ұшып самауыр қайнатып, Терентийдің алдына барымен дастархан жайды. Терентий жол азабын тартып, қатты ашығып қалышты. Қуырдақтың қалдығын қалжадай сілтеп, қара шайды қарыны қампиғанша сораптады. Жүрек жалғасыншы деп Ларцовты да адактап шақырып еді, шабан аттай табандап, ол үй жаққа баспай қойды.

## Қытайға қашқан әскерлер

Эскадрон дегені он сан үрим, қырық сан қырымнан жиналған самаладай атты әскер екен. Іштерінде шинель сүйреткен орыстар да, қызыл балақ казактар да, қауға сақал кержақтар да толып жур. Терентийдің сөзіне қарағанда, жондатып Жа-

затыр арқылы Қытайға қашып бара жатқан атаман Анненков өскерінің азып-тозған бір бөлімі осы болып шықты. Тізбелеп сұрай беруге «жаман ойлад жүрер» деп, Терентийге де көп батпады. Сосынғысы ақ ит болсын, қызыл ит болсын – бәрі бір ит емес пе, бұлардың түбін қозғап шатағым не деп, үндемеуге тырысты.

Бағанағы әкірендең кеткен жабағы бет «полковникке орын керек» деп, Қараманды үйінен түріп шыққан. Қаптал көпшілікке қарсы тұрар қауқар қайда, амалсыз көнуге тұра келді. Солдаттар терезеге тұтқан қарынды дар айырып, үйдегі азын-аулак көрпе-жастық, киім-кешекті бір-бірлеп далаға атты. Біреулер оларды қағып алып, жерошақты жағалата тәсеп жатыр. Қас пен көздің арасында керегесін көртіп, шаңырағын шайқап жіберген әулекі топқа бұл таңдана қарағаннан басқа қауқар жасай алмады. Қараша үйдің ар жақ, бер жағы лездің арасында топырлаған ат тұяғына, дабырлаған қарақұрым халыққа толды да кетті. Қылыштарын салпылдатып онды-солды ағылған қызыл балақ казактар, иықтары жалт-жұлт етіп, танауымен көк тіреген офицерлер. Жоғарғы жақтан тарсылдаған мылтық даусы шығып еді, біреулер аттарына міне салып, солай қарай тасырлатып шаба жөнелісті.

«Бірің өліп, бірің қалсаң да, мейілдерің» деген оймен Қараман да былайғы бір балқарағайдың түбіне тонын тәсеп, қисая кеткен.

Жерден жеті қоян тапқандай өлденеге үймелеп, жоғарғы жақтан дабырлай түсіп келе жатқан солдаттарды көргенде жон арқасы шымырлап қоя берген болатын. Күдігі бекер болмапты: шу-шу еткен дарақы тобыр төрт бұғыны дырылдатып сүйретіп, таңын ағартып, теңкитіп есік алдына домалата салды. Ұлken шаруа тындырғандай әлгі немелер маңғаздана алақандарын қағып, ортаға ентелеген өзге жүртқа болған жайды қарқ-қарқ күліп, аңыз етіп айтып жатты. Біреуі есік көзіне үйірілген офицерлердің қасына барып, қолын шекесіне апарып, қаздыып тұра қалды. Бәрі де от ала келгендей асығыс, ары-бері жөн-жосықсыз ағылған халық. Итпісің, кісімісің деп Қараманға назар салған біреуі жоқ, әйтеуір, әркім өз шаруасымен әуре.

«Мыналар тағы боп кеткен екен, түге!» – деп аңшы қарадай күйінді. Терентийді іздең еді, ол сияқты сұр шинель сүйретіп, мыжырайған папах кигендер айналада тым көбейіп кетіпті. Алыстан қараған адамға қаптап сойып қойғандай, бірінен бірі аумайды-ау, аумайды.

Терентий бергі шеттегі жерошақтың басында біреулермен шүйіркелесіп, темекі тартып отыр екен.

– Терентий... Әй, тамыр, бері келші!

– Не бол қалды? – деді Терентий иегін көтеріп. Сосын етігін тарпылдата басып, мұның қасына келіп жайғасты.

– Үш күннен бері темекіден қағылып едік, жігіттер жолдағы бір омарташы шалдан темекінің жапырағын жинап әкеліпті. Сілекей созып, соны сорапташтырымыз.

«Сен де мынау азған тобырдың бір шодыры болып жүрмесен, неғылсын?» деп ойлап, аңшы көкейіндегісін Терентийге бірден айтып салмай, күдіктене көз тастады да, сөзін кідрте тұсті.

– Терентий тамыр! – деді ақыры қинала толғанып. – Сен маған жөнінді айтшы, Терентий! Пайғамбар Құдай емес, ал сенің пұлқындығың пайғамбар емес шығар, тегі.

– «Пұлқындық» деп сен кімді айтып тұрсын?

– Анау үлкен бастығынды...

– Е-е... жоғары мәртебелі полковник мырза ғой, сірә?

– Кім болса да мейлі... Мұншалықты төбеме тай ойнатып, басынғандары не бұлардың? Енесінің ұлындағы елдің үйінде елірген бұл қандай адамдар? Әлде атажұрт деп алысатын аруақты жауым осылар болғаны ма?

– Жау деп шаптықсан, сені «қызыл бандит» деп атады да салады. Онда кімнің қылшығы қисаяды? – Терентий жерге шүкшиған аңшыға сығырая көз тастап, бықсытып темекісін тұтатты. – Бізben салыстырғанда, бақыттылау жансың ғой, достым, – деп сәл үнсіздіктен соң сөзін жалғады. – Сен – ақ та емессің, қызыл да емессің, өзіңмен-өзің кейуана біреусің. Дүние төңкеріліп жатса да елмен шатағың жоқ. Сенің тірлігінді қазір менің басыма бермегеніне өкінемін. Амал нешік... Тағдырымыз солай болды. Біз бүгінше тынығып, ертең тағы жол шегеміз. Соғанға дейін сен былай амалдаштырып тұр... Бастықтарға да, басқаларға да қарсы келіп жүрме, тегінде. Атып тастайды. Адамның құны бұларға қазір көк тиын тұрмайды... Солай,

достым, айтқандарына көніп, айдағандарына жүре тұргайсың. Осыны мықтап ұғып ал!

Дәңгелек жүзді домаланған жас поручик жүгіріп келіп, үй иесін полковниктің шақыртып жатқанын айтты.

— Абай бол! — деді Терентий созалаңдал орнынан тұрып жатқан Қараманға.

Полковник төр алдында құлге шөккен бурадай өңін бермей сазарып қалыпты. Қабағынан жүрек шайлыққандай екен. Қалған үш-төрт офицер бастығын қаумалай жайғасыпты. Қуықтай тар үйдің іші темекінің көк тұтінен көрінбейді. Полковниктің он жағына тал шыбықтай бұралған бір әдемі келіншек қонақтапты. Жалғыз тал қауырсын таққан қалпағының майдайшасында сарапшын перде. Перде астынан көрінген аспандай көзі боталап, аю көргендегі аңшыға үрке қарады. Құдай қосқан әйелінен гөрі жолбике көңілдесіне көбірек үқсайды екен.

Полковник басын көтеріп:

— Сіз Қеккезенің жолын білесіз бе? — деп сұрады.

— Әрине, — деді аңшы, сосын, — пұлқындық мырза! — деп қосып қойды.

Полковниктің қайда қарап отырғаны белгісіз еді, қарсы алдында алпамсадай болып Қараманың тұрганын байқамайтын секілді. Көзін бұдан асырып, әлдекайда алысқа телміріп, меңретейіп отыр.

— Ендеңе ертең бізге жол көрсетесіз... Сіз боссыз, бара беріңіз!

Қараман ырғала басып, үйден шығып кетті.

Есік алдына біраз адам жиналып қалыпты. Тенқиген бұғыларды қаумалап, араның ұясындай ду-ду етеді. Қайсыбірі білегін сыбанып тастанап, бұғының терісін сырыйлдатып іреп жатыр.

Үй бұрышындағы қалқаның асты саудырап босап қалыпты. Қысқа деп текшелеп жинап қойған отынның қорын солдаттар жылан жалағандай еткен... Әр тұста бір жерошақ, әр жерде бір маздап жанған от. Айнала дабырлаған көп адам, будақтаған темекі, күркілдеген жөтел.

«Мыналардың өмірі жәрменкенің базарындай екен, – деп ойлады аңшы. – Әскер дегенде тәртіп болады деуші еді... Әлде бұл шалқулары ақшам алдындағы бой жазулары ма екен?»

Шырт түкіріп, ішігін қымтандып, табалдырықтан түсті.

Қора-жайын шолулат еді, оның да сырғауылдарын отынга тасып әкетіпті: омырайып әр жері ойсырап жатыр.

Бұлардың Бұқтырманың бойымен жүрмей, жондатып қия жолмен келе жатқандары қай мықтылығы деп таңырқап еді алғашында. Оның мәнісін енді ұққандай болған. Райыс айтқан қызылдардың әскері Бұқтырма аңғарында жатыр. Олар ақтарды күтсе, сол шамадан күтеді. Бұл азғындардың мынау Абылай аспас асуладан, тұмсық батпас ормандардан өтіп, шекараға қаштатындарын қайдан білсін?.. Өздері де сілікпелері шығып, торғайдай тозған топ екен... «Бұлінген елден бұлдіргі алма деуші» еді, не қылса да амалдан, ендігіңі ақырын күткені жөн шығар. Полковниктің сөзіне қарағанда, бұның да аяғы алысқа түсетін сыңайы бар. Басқадай шегінер жер жоқ, көресісін ендігіңі бақ-талайынан көре жатар. Нар тәуекел!

Аңшының қасына жүгіре басып Ларцов жетіп келген. Келген бойда суырдың айғырындай шанқылдал жағасынан ала түсті.

– Тәйт әрі!.. Боқмұрын! – деп Қараман оның қолын қағып жіберді.

– Мынау әйелін қызылдарға жіберді... Мені алдан қызылдарға хабар беруге жіберді... Мен енді ғана түсіндім!

Көзі атыздай айналып, бағанағы жабағы бет шегір казак осы кезде екі араға сап ете қалған. Бүйіріндегі салпылдаған маузерін салаң еткізіп суырып алды. Қапелімде тілі күрмеліп қалды ма, аузын қайыстай керіп, қаруын Қараманның жұтқыншағына тақай берді.

– Қаңғырған қыз-з-зыл и-и-т! – деді тісінің арасынан ысылдал.

Араға Терентий килікпегендеге іс шынымен-ақ насырға шабатындай екен.

– Сен албаты шу көтерме! – деді ол Ларцовқа. – Мұның әйелі өз шаруасымен көршісіне кетті. Соғаң бола дүрлігіп, біреуге жалған жала жаппа, тегінде.

— Көршіңің атын айт? — деді жабағы бет қырылдаپ. Шегір көзі соның арасында қой көрген қасқырдай қанталап шыға келіпті.

— Байсал, — деді аңшы жайбаракат.

— Көршің — қызыл бандит?..

— Сенің қызарған көзіңе бәрі қызыл бол көріне ме? Қайтеді-ең, мынау?

— Өшір үнінді!.. Сұраққа жауап бер!

— Әй, сақал, ол жетпістегі жер таянған шал... Саған керегі сол болса...

— Әйелің сонда кетті ме? Шын айтып тұрсың ба?

Аңшы үндеген жоқ.

— Жарайды... Тексереміз! — деді анау кіжініп. — Осыдан айтқаның өтірік болып шықса — Құдайыңа сиына бер. Пәршелеп турап, сүйегінді итке тастаймын.

Жабағы бет маузерін қынабына салып, аңшыға алая бір қарады да, көстендей басып үйге кіріп кетті. Шыққан бойда қызыл балақ бес-алты нөкерін атқа қондырып, тасырлатып төмен қарай шаба жөнелген. Неге екені белгісіз, Терентийді ерткен жоқ.

Күн бесіндікке еңкейіп, көлеңке басы үзара бастады. Баганағыдай сапырылысқан бейберекет жүріс саябырып, солдаттар мен казактар өр жерде алаулаған от басына жиналып, күбір-күбір әңгімеге кіріскең. Екі-үш жерде мылтықтарды бір-біріне сүйеп, қос жасап шошайтып қойыпты. Бір топ солдат Қараманың ескі жерошағын қоршай жайғасыпты. Шығыршықты темір мосыда мыжырайған қарақожалақ шелек асулы тұр. Қартаң солдат бұғының жіліктерін кершеулеп турап, шелекке сылп-сылп тастап жатыр. Жерошактың арғы шетінде отырған шалт қымылды жастау бірі қолын жиі-жиі сермен қояды, өзі бейге атындаған аңқылдаң отыр. Қалғандары оның аузын бағып, қыран-топан күлкіге батуда.

Полковник бастаған офицерлер қауымы да далаға шығып, от басына жиналыпты. Олар да әлденені қызу сез етіскең. Аспаннан түскендей болған мына жүрт қастарында Қараман атты пендениң барын мұлдем ұмытқан тәрізді. Тоның қымтаниңқырап, Қараман да қасарысып отырған жерінен тырп етпеді.

Инеліктей бұралған бір жас офицер қаңғалақтап жүріп аңшының дәл үстінен түскен. Өзі удай мас екен. Жабайы мақұлыққа кездескендегі ойқастап, бұған ұзақ тесілді. Сосын түкке түсінбей басын шайқап, аяғын қайшылаپ өз жөніне кетті. «Оқа-шекпен жамылып, тәйге тентірегені не теңі екен? – деп әлгі офицерге аңшының қарадай жаны ашыды. – Басына күн түскен соң шыбын жанын сауғалап, елмен бірге босып бара жатыр-ау шамасы? Әйтпесе аузын үріп, аяғын сыптырып мәпелеген қаланың бозекпесі екені тула бойынан-ақ көрініп түр».

Арада біраз уақыт өткен соң, үлкенді-кішілі қазан-ошақтағы ет те буы бүркырап түсіріле бастады. Жұрт тағы да дабыр-дұбыр жанданып, жілік мүжіп қаужаңдасып кетті. Әр түстан боктасқан дауыстар да шаң беріп қалған. Сөздерінің сиқына қарағанда, жілікке таласып, етке ілінбеген біреулер сияқты. Ортан жілікті асықты басынан қапсыра үстап, қаужаң қаққан бергі шеттегі шелпек мұрын казаққа көзі түсіп еді, мырс етіп еріксіз күліп жіберді. Жазғаның кеспірінен адам шошығандай дерсің: қос езуінен сорғалаған майлыш сорпа сақалын аламыштап, жерге тамшылаپ жатыр.

Офицерлер екі жерге қоғамдасыпты. Бұларда өзгеше бір әдептілік байқалады: етті майдалап турап, қол ұшымен шетіп қана дәм татысып отыр. Екінші топтағы мысық мұрт сұлуша офицер полковниктің әйеліне сұқтана көз тастап, ителгідей жұтынып қойды. Ана біреусінің түрі адам аяғандай екен: өң жоқ, түсжоқ, бозарған біреу. Қушиған кеудесіне, күркілдеген жөтеліне қарағанда тесік өкпе көксауға ұқсайды. Жөтел қысып, кеудесі құныстанып, селкілдеген кезде болмаса – өзін өлікке балағандай екенсің.

Қызыл шырайлы қартандау бір солдат офицерлерге елпіл-деп тамақ тасып, жатып жастық, иіліп төсек болып жүр. Бастықтардың осындағы майлышқа да, сулыққа да жүретін малайы осы тәрізді.

– Эй, Қараман! – Терентий екен. – Эй, Қараман, сен бүйтіп отыра берсең аштан қатасың.

Таң атқалы құр судан өзге Қараманың құрсағына қара түспеген еді. Жүрегі қарайып отырса да кепиетсіп, бұғы етіне

зауқы соқпады. Терентий ұстатқан кесекті ысырып былай қойды.

— Ойыма келмегенін қарашы, — деді Терентий мұның қасына жүрелей жайғасып жатып. — Саған сілікпе жасату керек еді. Шынын айтсам, қазактың дәмін сағынып журмін... Бастықтардың алдында сенің де беделің біршама өсіп қалар ма еді, кім білсін?

— Қазақ бұғы етінен сілікпе жасамайды.

— Неге? — деді Терентий таңданып.

— Бұғы қой емес. Өз еті өзінің қарнына сыймайды.

Терентий «түсіндім» дегендей басын шұлғыды. Сосын аңшы досының қабағына көз қиығын салды да, темекісін сораптап үнсіз қалды. Қараман да, жақ ашқан жоқ, қыбырлаған көпшілікті сырттай барлап, мелшиіп отыра берді. Мынау қарулы қараның қылышы санасына сыятын емес... Торғайдай тозып, жұндей жүдеп келе жатса да, тәубеге келер түрлері жоқ. Көкіректерін кек буган өңшең қаныпезер тексіздер... Бірдене деп қарсы сөз айтсан, безгек тигендей қалпылдалап, көздері алайысып шыға келіседі. «Ұлкенге – құрмет, кішіге – ілтишат» дейтін орысқа да, қазаққа да лайық адамдық жолды ұмытқан. Әне, аузынан ана сүті кеппеген біреуісі соқталдай сақалды еркекті қатынын қуырғандай бүріп барады. Шәңкілдеген даусы қандай ашы еді бөтшағардың.

Кеспірлеріне көз салсаң – дозақтың көпірінен өткен дерсің өздерін. Сөйте тұра, көлеңкеден секем алыш, көрінгенге тиседі. Едірендеген сондай тобырдың біреуі, әнеки, Торғынды іздең Байсалдікіне шапты. Тексеріп келмек. Мұның қараша қосын паналап, титімдеп жиған қыстық қорын бір-ақ күнде қотарып салғандарын ойлағысы келмейді. Салмадағы соңғы етке дейін, текшеленген отынға дейін жылан жалағандай жоқ етті. Мүйіз жуғаннан қалған спирттің сарқынын көргенде оң көзіне таған түскен анау бір офицер әкесі тірілгендей қуанды дерсің... Неге жаратарын кім білген, жел өтінде ілулі тұрған мүйіздерді де қанталапай талап әкетісті. Оны да қойшы, қора ішінде қамаулы тұрған бұғыларды атқан «аңшыларға» не дауа? Байқауынша, бұл жортқындар Қараманның асын ішіп, аяғына теуіп, жымжылас тайып тұрмак. Сонда бұлар қандай ел, қандай жүрт болғаны? Әлде бұл заманда оқалы шекпен жамылыш, бесатар

асынғанның бәрі өстіп тасушы ма еді? Аспанды алақандай, жерді тебінгідей тарылтып, соншалықты басынғаны несі бұлардың?

– Әй, Терентий! – деді аңшы өзгеше қатуланып. – Үрерге итің, сығарға битің жоқ сен де бір тесік өкпе емес пе ең? Азғындаған мынау топқа қалай қосылып жүрсің? Мынау киіз шапан киімді қай кезде киіп алғансың?

Добалдай саусағын аузына салып, тісін шұқып отырған Терентий тыржың ете тұсті: жақтырмаған кейпі бар.

– Тықақтап сұрай бердің ғой, – деді күнкілдеп. – Төңкеріске дейін Герман соғысында болдым. Әскерден босап үйге келгенім сол еді, бұл жақта да бұлік шықты. Ауылдағы солдаты бар, басқасы бар, бір топ жігітті қайыра әскерге шақырды. Содан бері осылармен біргемін. Қайдан білейін бұлай боларын. Енді маған шегінер жер жоқ... Сен өйтіп қитығыма тие берме, үқтың ба, тамыр?

Аңшы өкінгендей басын шайқады.

– Ауылдан мұлдем безіп бара жатырсың-ау, тегі?

– Тағдыр солай, қайтейін енді? Қызылдарды құлатып, туғанда бұл жаққа қайтып ораламыз деседі ғой бастықтар... Сол сөз рас болса, кім білсін, біраз уақыттан соң ауылға қайтып келетін де шығармын. «Үмітсіз – шайтан» деген... Солай, достым.

– Туған жерден қашуға болмайды, Терентий! Туған жерден қашып құтылсаң да, өзінен қашып құтыла алмайсың!

– Тағдыр солай жазса, қайт дейсің?

– Сен өйтіп тағдырға қолынды сілтей берме! Ақ дегеннің айдары осы болса – мен бұлардан тұңқілейін дедім. Ішіндегі иман жүздің өзің ғана. Бұлармен сенің батаң бір емес, Терентий. Мені тыңдасаң – ертеңнен бастап ауылға қайт. Шаруа адамына ауылда да жұмыс жетеді.

Терентий мырс етіп күліп жіберді.

– Дүние астан-кестені шығып жатыр, онымен сенің шаруаң жоқ. Сөзің баланың сөзі секілді... Бір есептен, сен бақытты жан шығарсың.

Терентий арша жонып, тісін тазалауға кірісті.

«Менің де шор аяқ шерменде біреу екенімді бұл орыс қайдан білсін, – деп ойлады аңшы ішінен. – Тазға таздың сиын-

ған заманы да, тегі. Баяғының үлкені айтатын ат үстінде ұйықтайтын күн шынымен-ақ туған сияқты. Мына самаладай самсаған қол қайда барса да, қара халықты ойран етер сыңайы бар. Көздерін қанды шел басып, көкіректерін кек буған мұндай жандар қандай да айуандықтан тайынбас. Апрым-ай десенші, бұларға қарсы тұрарлық қайла бар ма?.. Есіл ел, қайран жұрт! Бір-біріңен сенім кетіп, ашық күнде адасып, ашылған етек жабылмай, азғындал қайда бара жатырсың? Бұл сүргелеңге тоқтау бар ма? Бар болса, қашан?»

— Ел жаңылып, етегін басқан жерде сілімтіктер мен азғындар көбейеді деуші еді. Мына сенің тобырың солар ма деп отырмын, Терентий?

Әлкеніп, әлі тісін шұқып отырған Терентийдің беті ду ете түсті.

— Сен тиісе бердің ғой маған, — деді біртүрлі ренжіп.

— Сөзім саған емес... Сенің жөнің бөлек қой.

— Бірге жүріп, бір табактан көже ішкен соң қайдан бөлек болайын.

Орман арасынан аттылы топ шоқырақтай желіп шыға келді.

— Біздің жігіттер қайтып оралды, — деді Терентий иегін кетеріп. — Қарасы көбейіп кетіпті ғой? — Терентий аттылы топқа сығырая қарады да: — Ана бір желкілдеген қара бөріктің біздің жерлесіміз болады, — деді. — Полковниктің тапсырмасымен тобын бастап бір жаққа кетті деген... Содан қайтқан беттері ғой, тегі. Мен алдарынан шығайын.

Терентий орнынан тұрып, солай қарай аяндады. Келгендердің арасында бірді-екілі қазақ жігіттері де байқалады. Желкілдеген қара бөріктің аттан қарғып түсіп, жүгіре басып полковниктің алдына барды. Әлденені тақылдан баян етті. Есік алдына төселген көрпе үстінде аузын буған өгіздей теңкиіп, үнсіз ойға батқан полковник оны елең де қылмады.

«Бара беріңіз» дегендей, офицердің біреуі анаған иек қақты.

Қара бөрікті жалт бұрылып, емпендей жүгіріп жігіттеріне барды. Бұл да өзінше он шақты қараның көсемі іспетті. Кекіреге тойған текедей жігіттеріне әмір етіп, бақылдан жүр.

Қалай екені белгісіз, өлгі жігітке жайбарақат қарал отыр еді, аяқ астынан жүрегі алқымына тығылып, тынысы тарылып кеткенін сезінді.

— Бісмілла! — деді кеудесін сипалап. — Мынау Ерепей ғой?

Маңдайынан сұық тер бүрк ете түсті... Едірең қағып топ арасында жүрген қара бөріктіге барлай қарады. Аумаған өзі. Үстіндегі киімін өзгертіп, қылыш асынып, алтыатар тағынғаны болмаса, сол баяғы Ерофей. Шілдесінде шырақ көрмеген арамза еді, енді қарашы, қамшысын білемдеп жүртқа қоқаңдауын... Байғұстың аузы асқа, ауы атқа енді жарыған екен. Ел ішіндегі лаңға семірген сұмырайдың бірі ғой бұл да. Қанды көйлек қарақшы, ниетің харам болсын!

Қос шекесі лықылдалап кетті. Денесі құрыстанып, қолы жерді сипалап қармана берді, қүрәсөнің бір уысын бытыр еткізіп жұлып алды. Не тұрарын, не құларын білмей дымы құрып, тас шайнағандай тісін шықырлатты.

— Қараман... Эй, достым!

Терентий екен. Әлденеге қатты аландаған кейпі бар: түсі бір түрлі тұтігіп тұр.

— Сен мені тында... Сен бұл жерден кет... Көрінбей кет, — деді құлағына сыбырлап. — Мен жаман хабар естідім. Біздің полковник тірі куә тастамайды. Сен де оның қырдағы құдасы емессің. Жақсылап үғып ал: сай бойына күзет қойған, басқа жақта күзет жоқ. Екі бүйір ашық, сонымен қаш. Ұсталып қалсаң, мені айтпа! Аман қалып, Берелгे барсан, Храмцовтарға сәлем! Басқа айттар жоқ.

Ерофейді ойладап мәңгіріп қалған Қараман Терентийдің сөзінің бірін үғып, бірін үққан жоқ. «Жарайды» дегендегі басын изеп, мелшиіп отыра берді.

— Қол беріп қоштаспайық. Сезіп қояды. Қараңғы түскенде кет. Әзірше осы жерде отыра бер. Қош!

Терентийдің селдір мұрты дір етіп, шапшаң бұрылышп кетіп қалды.

«Екі дүние — бір қадам, неден қорқайын, — деп Қараман Терентий кеткен соң да, отырған орнынан былқ етпеді. — Бұл да шарға ұстаған қара балта еді ғой. Бұлардан қашып, Ерофейді тірі жіберсе — екі дүниеде есесі кетер. Жо-жоқ, ендігі жерде бас сауғалап, бұғып қалар жайы жоқ мұның. Тұрысар жерде жолыққан екен, ендеشه Ерофей екеуінің де бұл жалғандағы дәм-тұзы осы арада таусылады».

Кёше ғана сақалынан су сорғалаған бейшара еді, енді қарашы, қолын сілтеп көсем бола қалғанын. Байқайды, мұрнынан есек құрты түсіп, Қараманың әлі де бұл жалғанда жер басып жүріп жатқанын тарс ұмытқан сияқты. Апыр-ай десенші, мұнымен де ауылы аралас, қойы қоралас көрші болышты-ау бұл!? Тағдыр дегенің адамды кейде осылай да тәлкек қылады екен-ау?

Көз алдына тағы да Талдыбұлақ жағасындағы аяулы күндері сағымдай дірілдеп тұна қалды.

– Жалғызым... ұлым менің!

Қараман күніреніп кетті. Жаралы жанын Торғын келіп жамағалы бері көкіректегі қара тас аздап жібігендей болыш еді. Ерофейді кездестіруі мүң екен, ескі дерті қайта қозып, кеудесінде бұйыққан кек пен намыс атойлаپ түрегелген.

Әттең, өтеуі жоқ армандай бұла күндер келмеске кете барды-ау!

Ұлы екеуі қарашаның қары түсе шаңғыларын киіп, қоржындарын арқалап, Талдыбұлаққа шығып кетуші еді. Содан табандап қыс бойы аң аулап жатып алатын. Екеуінің сүрлеуі күндіз екеу болғанымен, кеш түсе қара ошақтың басында шүйіркелесіп табысатын-ды. Аңшының әңгімесі ұзак таңға жырласаң да әсте таусылып берген бе!

Жарықтық Алтай жері ебін білген аңшыға, ерінбеген шаруаға қашанда берекелі мекен ғой. Баяғыдағы доңыздың ақ сирақ жұтында да әкелі-балалы аңшылар жоқшылықтан оншалықты тарыққан жоқ-ты. Тастың тырақы күзенін ұстап күнелтсе де, өзге жұрт құсап аштықтың зардабын тárta қоймады. Қайта көрші-қолаң, ағайын-жұрағат дегендей, барынан ауысып, аузынан жырымдап оларға жәрдем етіп тұрды.

Әкелі-балалы аңшылар ойға наурыз туа бір-ақ түсетін. Алақыстай жиған-терген теріні сүйретпеге нығай тиеп, артынып-тартынып, қарды омбылаң, иттерін шулатып ауылға жетуші еді.

Сол жылды Тоқтасын аңшылықтан өзгеше олжалы қайтып журді. Бірде құндыздың терісін сыпрып жатып, қол басындағы қоңыр тасты өкесіне ұстата салғаны бар. «Бұлақ басынан тауып алдым», – деді. Қараман тасты салмақтап көрсе – зілдей екен: тастан гөрі темірге көбірек ұқсаған. Пышағының ұшымен шетін аршып еді, ар жағы сарғая жылтырап шыға келді.

– Мынауың алтын болып жүрмесін? – деді тасты ұлына қайырып жатып. – Білетін біреулерге көрсетіп аларсың.

Содан бұл әңгіме көпке дейін ұмыт болған.

Қаңтардың жайма-шуақ бір күнінде Қараман шай-шакпыт алып қайту үшін ойға түскен. Шұбарагаш аулының мандайына біткен жалғыз көшесінде қаңғалақтап Ерофей жүр екен. Өзі қызара бөртіп бозаға тойып алыпты. «Сайтанның сапалағындай мынау қайдан жүр?» деп ойлады Қараман. Әкесі істі болып, итжеккенге айдалып кеткен соң, Ерофейдің шешесі қолындағы кішкентай қызын ертіп, Нарындағы бір шалға тиіп кеткен десетін жұрт. Бірақ бұл өсектің анық-қанығын кім тексеріпті, әйтеуір Коротковтардың төрт қанат қарағай үйі көптен бері қаңырап бос тұрушы еді.

Жыл құсындағы туған үйіне анда-санда бір соғып кететін Ерофей туралы да ауылда алып-қашпа өсек жеткілікті болатын. Біреулер оны қаланың баукаспе ұрысы екен десе, енді біреулер: «Ерофей Коротков Нарынның жылпос жүліктерінің атаманы болыпты», – деп те лақап таратты. Әйтеуір, Ерофейдің соңынан сау сөз ере қоймайтын. Бұл әңгіменің қайсысы өтірік, қайсысы шын екенін Қараман қайдан білсін?.. Әйтсе де, бұрнағы жылы қыста Пелагея жесірдің жалғыз тоқтысын ұрлап сойғанын өз көзімен көргені бар. Сол ұрлығы үшін ауыл жігіттері Ерофейді қыспаққа алып, көкала қойдай етіп сабаған... Ертесінде Ерофей «шу, қара қүйрық» деп, ауылдан тайып отырыпты. Содан кейін көріп тұрғаны осы.

– Сендер мені тағы ұрасындар ма? – деді Ерофей мұны көргенде қарадай үркіп.

– Тыныш жүрсөң, шатағымыз не? – деп бұл оның қасынан өте берді.

– Сендер маған тимендер! – деді Ерофей тілін шайнап, кес-кестеп мұның жолын бөгеді. – Мен енді бұл жерде ұрлық жасамаймын.

– Жетіскең екенсің! – деді бұл мырс етіп.

Сол екі арада есіне Тоқтасынның қолындағы өлгі қоңыр тас сап ете қалмасы бар... Қаланы көрген қаратаяқ қой, бірдеңені білетін шығар деген ой келген.

– Әй, Ерепей, сен осы алтынды көргенің бар ма?

Қисаландаған Ерофей түк ұқпады ма, меңрекіп көзін жылышты.

— Алтын көрдің бе деймін?

— Жоқ!

— Сен өйтіп бұлтармасаң да болады, — деді бұл. — Сені бәлгеге тартайын деп тұрған мен жоқ. Тұнеугұні Тоқтасын Талдыбұлақтың бойынан қол басындаған бір қоңыр тас тауып алыпты... Өзі темір сияқты ауыр екен. Бетін аршып едім — арғы жағы сап-сары. Қала көрген қусыңғой, бір нәрсені біле ме деп сұрап тұрмын.

— Жоқ, мен ештеңе білмеймін.

— Алтынның сырты қоңыр болушы ма еді?

Ерофей «түк білмеймін» дегендегі басын шайқап, бұлғақтан жөніне кете барды.

— Қаррам-а-ан! — деді былайырақ үзай берे дауыстап, — Талдыбұлақтан тауып алдындар ма?.. Онда ол алтын емес...

«Былжырапсың!..» деді бұл ішінен.

Үйде екі күн еру болды да, үшінші күні қоржынын арқалап ертелетіп жолға шыққан. Алтайдың жон арқасына ілінген кезде Талдыбұлаққа қарай сызған шаңғының ізіне кезікті. Шамалауынша, бұрнағы күнгі тұндегі немесе кешегі таңтертеңгі із секілді. «Бұл кім болды екен?» — деп кәдімгідей таңданды алғашында. Таңданбайын десе — өзінен басқа аңшының ауылға тұспегенін көріп еді. Әлде Тоқтасын адасып келіп қалды ма? Боран жоқ, дәненде жоқ, Құдайдың жарық күнінде адасып не көрініпті оған?

Көнілін аққа жорығанымен, бейсаут ізден бір түрлі секем алып қалғаны рас-ты. Содан, үйге жетіп жығылғанша асықты.

Көз байланған мезгілде қара терге малшынып, Талдыбұлаққа құлаған. Әлгі бейсаут шаңғының ізі турасынан салып отырып, бұлардың ауыз үйіне тұмсық тірей тоқтапты.

— Тоқтасын! — деді бұл сонадайdan дауыстап. — Тоқтасын, үйде бармысың? — деді шаңғысын шешіп жатып.

Іштен ешқандай жауап болмады. Үйдің есігін ұрып ашып, сүріне-қабына кіріп барды. Үй іші тым-тырыс, мұздай сұық екен: оттың жағылмағанына да көп уақыт болғандай.

— Тоқтасын!

Алқынған өз демінен басқа ешқандай дыбыс ести алмады.

Сипалап жүріп шақпақты тауып, қолы қалтырап, әзер деңгендегенде шамдалды тұтатты. Шамдалдың жарығымен үй ішін сүзіп еді, төргі бұрышта шөкесінен құлап жатқан біреуді көрді.

– Тоқтасын, – деді таңдайы кеберсіп.

Отырған кісіні ұмтылып барып кеудесінен көтеріп еді, сіресіп қатып қалыпты.

Алғашында осы көріністің бәрі өтірік, бәрі тұс сияқты сезінді. Ұлының мұз қатқан бетін жібітіп, шашын сипап, есін жинай алмай мәңгіріп көпотырды. Ақыры қолмен ұстап, көзбен көріп отырған соң, болған іске біртіндеп көнілі иланайын деді.

Содан кейін нар бурадай шабынып, аласұрды. Үйдің төрт бұрышына сыймай ах ұрып, сенделіп кетті. Қолдан келер қайраны жок, иен тауда не істерін білмей, қайғыменен қан жұтып, баласының басын құшактап таңды атырды.

Таңтерең айналаны шиырлап із кесіп еді, тұндегі жаяу борасын бейсауат шаңғының ізін жасырып үлгеріпті.

– Ерепей! – деді күбірлеп. Өкініштен шыдай алмай, өкіріп жіберді.

Қасіретке ұрындырған қоңыр тас жер жұтқандай үйде жок болып шықты.

Амал қанша, ұлының сүйегін сүйретпеге орап салып, қан түкіріп аңырап, бұл ауылға келген.

Айзаданың дімкәс жүрегі баласының қазасын көтере алмады: естірткен бойда төсек тартып жатып қалған. Жүрттың көз алдында аруақтай суалып, ақыры Тоқтасынның қырқына жетпей ол да көз жұмған еді.

Осылайша, бұл бейбак тағдырдың уын жалғыз жұтып, адасқан қудай қанатынан қайырылып қала берген.

Сол күннен бастап Ерофей мұның көз алдынан қетпей-ақ қойды. Көзге шыққан сүйелдей өңінде де, түсінде де Ерофейді көретін болды. Тірі пендеге сыр ашпай, Талдыбұлақ жақты екі рет шолғындаған қайтты. Екі ретінде де бос сандалды. Үшінші жолы әлгі сұмырайдың құжырандаған, бұлақ жағалап жүргенін көзі алыстан шалды. Анау да ашық беткеймен ылдилап келе жатқан мұны байқап үлгірген екен, жан дәрмен бұтаның тасасына қарай жүгірді. Бой тасалап, мылтық ата ма деп еді, қалтарыста аты байлаулы тұрыпты. Алды-артына қарауға шамасы болмай, атына міне қашты. Қышқыра қиқу салып,

аруақ деп айғайға басып, бұл да соңынан тырағайлатып қыш берді.

Сұмырай, алдын ала бәрін шамалап қойған ба, оқ жетер тұсқа іліктірмей, қалың орманға инедей сіңіп, адастырып кетті.

Күні бойы бой тасалап, баспалап, орман ішін шыырлаумен болды. Бәрібір іздегенін таба алмады, салы суға кетіп, ернін тістеп ауылға бос қайтты.

Сол оқиғадан кейін арада көп уақыт өткен жоқ-ты. Бірде ымырт түсін далаға шыққан. Есікті аша бергенде, шарбақ түбінен түймедей от жарқ ете түсті. Құлағы тұнып қалды ма, мылтықтың даусын естіген жоқ. Қалбаң-құлбаң етіп орманға қарай безіп бара жатқан адамның да соңынан қумады.

– Ерепей! – деді болар-болмас ернін ғана жыбырлатып.

Пошымынан, қалбаңдан қашқан қимылынан сол сұмырайдың өзі екенін жазбай таныған. «Алаяқ амалын асырып, қапыда мерт етті-ау», – дегенде, өкініштен өзегі өртеніп кете жаздады. Оқ қай жеріме тиді екен деп, денесін сипалады. Ет қызымен аңдамай тұрған шығармын деп, аяғы мен қолын қимылдатты. Денесіне ештеңе дарыған жоқ сияқты.

Ертеңінде жарық түскенде есікті сүзіп оқты іздеген: ажал оғы сақ етіп босағаға қадалышты. Сәл болғанда, мұны құлақ шекеден сылқитады екен... Бір жолға періштесі қаққан секілді. Жөн делік. Ал келесі жолы қалай болмақ?

Осы оқиғадан кейін бұл да тастай қатып, таспадай түйініп алды. Көмейінде көлденең тұрған бұл Қараманды Ерофейдің қайтсе де құртуға тырысарын айқын сезді. Сезді де, басы аман, бауыры бүтін тұрғанда із жасырып, бір-ақ күнде Жазатырға тартып отырған.

Ендігісі, міне, екі жыл бойы жілік майын жұқартқан сол Ерофеймен бетпе-бет жүздесіп отыр. Жалғандағы жалғыз туысындей-ақ өзін табанынан таусылып іздең еді, ақыры кездесті. Дәл мұндай жағдайда кездестіремін деп кім ойлаған? Дегенмен ата жауын алдына өкелгені үшін де Жаратқан Аллаға кереметтей риза еді.

Біреудің шаңырағын ортасына түсіріп, қанды көбік жұтқызып кеткенін Ерофей мұлдем ұмытқан секілді: қолын сермен қойып, топ ортада көсемсіп сөзді соғып отыр. Бейқұнә біреудей отырысы мұлде алаңсыз.

Мына құсап еркінсуіне қарағанда, полковник бұған да шекпен жауып, оң қанатына алғанға үқсайды. Үзенгі-бауы сегіз қабат бола қалғанын қарашы! Бұл бәлені енді жалаң қолмен ала алмайсың. Көшілікке қарсы тұрар қауқарың қайсы? Мылтықтың да қай бұрышта қалғаны белгісіз. Сезіп қалса, мыналар жұндей тұтері сөзсіз... Көzsіз көбелек боламын деп ит жемеде өлгісі және жоқ бұл Қараманның. Ендеше бір амалын ойлап табу керек.

### Шұңқыржұрттағы қасірет

Жаяулатып Бұқпаның желкесін туралай асып, бетін бұта сзып, тізесін тасқа ұрып, Шұңқыржұртқа сүйегі сал бол, діңкелеп әрең жеткен. Жеті түнде жолсызben журу қынға соққанымен, қайратын іштей жанып, еш жерде аялдаған жоқ. Шалдың үйі сонадайдан қарауытып, нобай берген кезде ғана тастай түйілген жүйкесі босаңсып, буын-буыны сырқырай жөнелді. Жүрісінен жаңылыңқырап есік алдындағы бөренеге жеткенше де екі-үш жерде сүрініп кетті. Бөренеге жете шатқаяқтай жығылып, орамалымен көзіне құйылған ащы терді сүртті.

Шалдың есігі үнірейіп, ашық жатыр екен. «Жаздың шіліңгіріндей бұлардың есікті ашып үйіқтағандары несі?» Шылбыр ұшын сұрай келген соң, баса-көктеп кіріп баруды бір түрлі ыңғайсыз санады.

– Байсеке!.. Ау, Байсеке! – деді сырттан дауыстап. Аз-кем күтіп еді, іштен ешқандай жауап болмады.

– Байсеке, мен ғой... Қараманмын.

Бұл жолы да ешқандай жауап болмаған соң, аяғын табалдырыққа қағып, жөткірініп дыбыс беріп, ішке аттады.

– Байсеке, бармысыз?

Жауап жоқ.

– Ау, өулие тиіп қырылып қалдындар ма, неге үн демейсіндер?

Ендігі жерде аңшы шындалп сасқан. Қолымен қарманып, ала көлеңке бөлменің екеуін де тінткілеп шықты: үйде жан баласы жоқ екен.

Әлде Торғынды алыш, тайлы-таяғымен Шұарағаш түсіп кетті ме екен деген де ой келді. Бірақ малсақ Байсал шаруа жайын иен тастамаса керек еді. Болмағанда, Қанай мен Ақзияның біреуін үйде қалдыруы тиіс-ті.

— Қанай!

— Ау, жеңеше?

Үйдің сыртын айналып, омартаның балшелектерін түгендеді, қора жакты шолып шықты. Шалдың бес қойы мен екі жылқысы қорада көрінбеді. Бір сұмдықтың болғанын іші құрғыр енді ғана сезе бастағандай болды.

— Торғын... Ау, Торғын!

— Байсеке-е!..

— Ау, Қанай... Қанайжан, қайдасың?

Әлдеқайдан біреудің өксіген үні шықты.

— Торғын!.. Қанай!..

Сүріне-қабына дауыс шыққан жаққа ұмтылды. Самырсын түбінде бүк түсіп, бұйығып біреу отыр... Бұған жасқаншақтай қарады.

— Қанай? Сенбісің?.. Соншалықты қорыққаның не? Мен Қараман ағаңмын ғой.

Баланы шынтағынан демеп, орнынан түрғызып, шашынан сипады.

— Өзің дірілдеп тоңып кетіпсің ғой? Не болды? Әке-шешең қайда?.. Торғын келді ме?.. Қанайжан, есінді жинашы. Не болды саған?..

Тонын шешіп, баланың иығына жапты.

— Әне! — Қанай қалтырай тіл қатты. Қолымен былайғы шетті нұсқап, өксіп жылап жіберді. — Ушеуі де әне жатыр... Атып кетті...

Бәрін күтсе де, дәл осы сөзді күтпеген еді.

«Сұмдық-ай!.. — деп ойлаған алғашында. — Атып кеткені несі? Не тантырап түр мына бала?»

Сенделіп барып, бұта тубіне жайылған құрак көрпені көтеріп қалды... Қөрпе астында қатарымен сұлап үш адам жатыр екен. Бір еркек, екі әйел. Алдымен танығаны Торғын болды. Уа, құдірет, мына көрініске жүргегі иланар емес. Қөзі тұманданып, тізесі қалтырап әйелінің қасына жүрелеп отыра кетті.

Айдың бозамық нұры Торғынның өңін тіптен ажарландырып жіберіпті. Мандайы мен көз құйрығындағы жіңішке сзықтар жазылып, әйелі бұрынғысынан да жасарып кеткендей екен. Сүйкімді жүзінде әлдеқандай мұң табы байқалады.

– Торғын? – деді еңкейіп.

Болған іске көнілі көнбеді. Әйелі әлгінде ғана үйықтап кеткендей. Жайлап, алақанымен бетін сипап еді, сұп-сұық екен. Жүргегі шаншып, кеудесі қысылды. Жаралы жанын тағы бір қасірет оғы ондырмай үрғанын үғайын деді. Еңкейіп әйелінің қолын көтеріп, алақанына қысып, аймалай бастады. Суық денені жылытқысы келгендей қолының сыртын мандайына тосып, аласұрды.

Ортада жатқан Байсалға оқыс көзі түсіп еді, біреу бүйірінен біз сұққандай селк етіп, мәңгірген күйінен лезде айығып салды.

Шал байғұстың көзі де жабылмай, бақырайып ашық қалыпты. Ұмтылып мандайын сипап, шалдың көзін жапты. Темір болса да төзімі таусылғандай болып еді. Арт жағында тұрған Қанайдың бырқ-бырқ жылағанын естігесін барып, бойын тіктей берген.

– Болған іске болаттай берік бол, жаным!

Бала болса да, жарық жалғандағы мұның ендігі жалғыз мұндасты Қанай болатын. Қанайды бауырына тартып, бірдене деп күбірлеп, басу айтып жұбатқан болды. Оған жұбанған бала жоқ, иығы бұлқілдеп, мұның бауырына тығыла түсті.

– Жетті енді! – деді жеки сөйлеп. Даусының қалайша қатырақ шығып кеткенін өзі де аңғармаған.

– Қанайжан, сен жігіт емеспісің? – деді іле даусын кілт жұмсартып. – Шөп шауып, мал асырап жүрген азамат емеспісің? Азаматқа бұлайша жылай беру жараспайды. Жина бойынды!

Әлгіндегі босаңсыған сәттік көніл ізім-қайым жоғалып, ендігі жерде аңшы қара тастай безеріп алды. Қанайдың көзін сұртіп, болған жайды сұрады. Ықылтық атып, тұтыға сөйлеген бала әңгімесінен шала-шарпы әлденені үққан болды...

Торғын Шұңқыржүртқа тұс әлетінде келіпті. Қараманның үйіндегі жағдайды Торғынның аузынан естігеннен кейін Байсалдың қарадай дегбірі қашып, баласы Райысқа хабар беруге ауылға шашпақ болады. Әкесі солай деген соң, Ка-

най Торғынның атымен жылқыларын іздеуге шығады. Қырсыққанда аттар ұзап жайылып, Тұмандының шатқалына түсіп кетіпти. Қанай ұзак айналып, жылқыларды қайырып, үйге жақындай бергенде айғай-шу, дабырлаған дауысты естиді. Әлденеден жүрөгі секем алыш, аттарды тастай бере баспалап ағаш-ағаштың тасасымен үйге жақындайды. Сөйтсе, есік алды бесатар асынған қызыл балақ казактарға толып кетіпти. Қоқандаған біреуісі шалды сүйреп, әурелеп жүргенін көреді. Сөзіне қарағанда, ол кісі Байсалды ежелден танитын сияқты. «Бұл шал – қызыл бандиттің әкесі», – деп көзге шұқып, тепкілеп соғып жатқанда арашаға шырылдан Ақзия түседі. Қоқандаған казак қаймықпастан сол арада екеуін де атып салыпты. Мұны көргенде, қорқыныштан Қанайдың есі шығып кетеді. Тырп етуге шамасы келмей, дір-дір етіп, бұта түбінде бұғып отыра береді.

Шал-кемпірді жайратып салған казактар енді Торғынға шүйлігеді. «Сен қызылдардың жансызысың, хабар беруге бара жатырсың», – деп тиіседі. Сосын әйелдің аяғы ауыр екенін көріп, қолдарын сілтеп, аттарына қонады. Шал мен кемпірді атқан әлгі едірек мұрт кетіп бара жатып, сонадайdan қайтып оралған екен. Торғынды мазақ еткендей ойқастап, мырс-мырс күліп бір айналып шығады. Сөйтіп, күліп тұрып-ақ тарс еткізіп атып жібереді. Торғын ішін басып, үн шығармастан етбетінен құлап түсіпти.

Кеш түсіп, қас қарайған шақта Қанай сүйрелеп өліктерді қатар салып, үстеріне көрпе жауып бұrkеп қойыпты.

Бар жағдай осы екен.

Осы оқиғаны кеше айтса, адамдардан осындай да айуандық шығарына Қараман өсте сенбес еді.

Бұгін сенбеске лажы қалмады. Адам әuletінің шіріндісі жалғыз Ерофей шығар деуші еді, қателеседі екен. Ел азыш, жер тозып бара ма, ол жағына өресі жетер емес. Әйтеуір, сақал сыйлар ұлдардың, ақыл сұрап үрпақтың сирегенін болмысымен сезгендей...

Жеті түнде аптығып бұл жаққа келген шаруасы Байсалдың қара мылтығы еді. Баспалап, онтайлы бір қалтарыстан Ерофейдің қанды басын қарауылға ілсем деп мақсат қылған. Бақса – бұғанға дейін қара бастың қамын күйттеген мұндар

болған екен бұл пақыр. Мынау аласапыранның бұған белгісіз қалтарысы көп сияқты. Бір адамның кегімен қайтар қасірет емес екенін түйсігімен түсінгендей. Бұл жалғыз Қараманның емес, жалпақ жұрттың басына төнген қара бұлтқа, қауіпті індекте ұқсайды.

«Тек жүрсең – тоқ жүресің» деуші еді атам қазақ. Мұнысы бекерге шықты: бұлайша «тоқ жүргенше» садаға кеткен көп артық. Мынау сүргелең заманың сиқына қарап, тау күйіп, тас жанса да, былқ етпеспін деуші еді. Мұнысы да күпірлік екен: аңшы қазір соны ұқты. Ендігің бел шешіп, бір жағына шықпаса – ардан ада арамзаның нағыз өзі болады екен. Елден қашып ер бола алмапты, дүбәра жүріп дүмше болыпты, аңшы қазір соны сезді. Сұмдық-ай десенші! Төбесіне тай ойнатып, тұқымын тұздай күртқанша адам болып бір серпілмей, өмірge елжірей қарағаны несі екен мұның? Сөйтіп жүріп қайсы өмірден бейхабар, шетке шыққан саяқ бол қалыпты ғой бұл Қараман!

– Аттар қайда?

Қанай жасқаншақтап, қарауытқан орман ішін мегзеді.

– Бері алып кел! – деді.

Үні қатқылдау шықты.

Лекітіп сұық жел соқты. Самырсын басы шулай жөнелді. Аңшы еңкейіп, жел бобыратқан әйелінің шашын салалап, маңдайынан сипады. Қекірегі қарс айырылып, бұлт жөңкіліп тұнерген аспанға қарады. Сыздаған жүрек, сарғайған көніл мынау меніреу түннен, ыскырған желден медет іздегендей болған.

Өнменінен өткен сұық жел екпіндей түсті. Апталап соғып, соңы қара дауылға ұласатын ызғырыққа ұқсайды.

Қазанда соққан қара жел жаз дидарынан айырылып, күйісі кетіп, қиуы қаша бастаған үйқылы-ояу табиғатты қашанда бір серпілтіп тастаушы еді. Ондай дауыл табиғат жазғанды артық дүниеден, кір-қоқыстан арылтып, бір тазалап өткендей болатын. Дәл қазіргі азалы сәтінде Қараман сондай қара дауылды тілеп еді Құдайдан. Етектегі ел де ездіктен тұрып, қолына қару алып, қара дауылдай көтерілген екен-ау! Жалғыздың ары, жетімнің кегі мыңның зарына ұласып, қара халық қара дауыл болып қозғалса керек! Иллани, адамзаттың

да ала індetteн арылыш, табиғаттай тазарап күнінің туғаны ма?.. Олай болса, жауыздықпен жан баққан Ерофейлерге, құлықпенен мал тапқан Өтесіндерге бір зауалдың жеткені ғой? Олай болса, а, Құдай, егер бар болсан – пендекнің бүгінгі жолын онғара гөр!..

Аңшы іштей мінәжат етіп бет сипады да, өліктерді көрпемен бүркеп, екі шетін сырғауылмен бастырып қойды. Сосын аттарды жетектеген Қанайға қарсы журді.

– Қанайжан, балам менің! – деді өзгеше мейірленіп, құшақтап Қанайдың мандайынан сүйді. – Біз таң атқанға дейін бір шаруаны тындыруымыз керек... Әйтпесе кешігеміз... Сен қолұшын бер... маған жәрдем ет, балам! Жалғыз өзім үлгермеймін бе деп қапаланыш тұрмын.

Қанай үнсіз басын изеп, тізгінді аңшы ағасына ұстата берді.

### Қазанның қара дауылсы

Бұқпаның сілемін бөктерлей сыйған таспа жолдың бойымен шоқырақтай шапқылап, салт атты екеу Жазатырдың ту сыртынан аңғарға қарай құлаған еді.

Күзгі таң да көкжиектен құланиектеніп, белгі бере бастаған, Шатқал бойындағы желдің екпіні бөрік жұлғандай екен.

– Иншалла, Құдай да біз жақта тәрізді! – деп Қараман аңшы дауыстай сыйынып қойды.

– Аға, бірдеңе дедіңіз бе?

Шоқырақтап соңында келе жатқан Қанай үзенгілесе қатарласты.

– Асығайық, балам... – деді аңшы. – Асығайық... Біздің де жарылқаушымыз бар екен... Асығайық!

Әлдебір тұсқа келгенде аңшы тізгін тежеп, төңірегін болжаган. Сосын тақымына қысқан қос таяқты суырып, таяқ басындағы май сіңген шүберекке от қойып тұтатты. Алаулаған таяқтың бірін Қанайға ұстаташ:

– Біз аңғардың жел жағындамыз, – деді сабырмен. – Жау өрттің иісін сезгенше, бұл жақтағы жолы кесіледі. Ал анау екі жақ қапталдағы шағылға олар өрмелеп бәрібір шыға алмайды..., Сен, балам, мына жақпен – терістік бөктермен жүріп өт...

Мен мына қарсы беткеймен кетейін. Екеуміз Қараңғысайдың өңешінде кездесетін болайық.

Қолындағы алаулаған таяқты қасындағы самырсынның бүріне үш-төрт жерден сипалай тигізіп еді, самырсын шытырлап ду ете түсті. Сәттің арасында қызыл жалын жалақтап, жемен қосылып ағаштың басына қарай шапшыды.

– От қойғанда абай бол, балам. Ал, кәне, жолымызды онғарсын... Басқадай шарам қалмады. Құдай күнәһар пендесін кеше жатар!..

Екеуі екі айырылысып, ат үстінен ағаш-ағашқа от қойып, екі жаққа желе-жортып жүріп кетті.

Қараңғысайдың күнбатыс жиегіне ілінген кезде аңшы бір сөтке мойын бұрып, төмендегі аңғар табанына көз жүгірткен. Үлкен сайдың күншығыс жағы қып-қызыл жалын құшағына ораныпты. Қарсы беткейдегі тутіндеген оттың ізіне қарағанда, Қанай да уәделі жерге жақындаپ қалған сияқты.

Мына көріністен аңшының көзі қарауытып, журегі шашыды. Аңғар бойындағы сыңсыған қалың орман өрт құшағында жұтылып бара жатыр. Өрт қос қапталдың ақ шағылға ұласар тұсына дейін жетіп үлгеріпті. Ішқына соққан сұық жел өртті одан әрмен өршелендіріп, сөт сайын көлемін жайып барады. Аңғардың екі жағын жиектей қоғамдаған найзалы жартастар ғана қимылсыз, етектегі алапатпен ісі жоқтай тәкәппар сазарады.

– Бісмілла! – деді аңшы күбірлеп.

Жазатырдың көз жетпес кең аңғарына, берідегі өзінің ой-мақтай шұңқыры – Қараңғысайға бір түрлі қимастықпен әрі өзгеше бір өшпендерлікпен соңғы рет қарап өтті. Сонын самырсыннан самырсынға ұмтылып, шыр айнала от қойып, тағы да алға жылжыды. Тездетіп аңғардың батыс жиегін өртпен бітеуге асықты.

Астындағы аты осқырынып, әлденеден жалт бергенде аңшы ат үстінен аударылып түсіп қала жаздаған... Күренің мұндай шәлкестігі жоқ еді, тегі аюдың үстінен түстім бе екен деп өзі де сасқалақтап қалды. Сол екпінімен шапқылап біраз жер өтіп барып, қайта қайырылды.

Ысқырған жел, шулаған қарағай, тарс-тарс атылып, күркір ет гулеген өрттен құлақ тұнғандай. Ат үркіткен жерге қайтып келіп еді – өзінің аңға шыратын жалғыз аяқ ежелгі

сүрлеуіне кезікті. Талай-талай олжалы сапарға бастаған үй-реншікті сүрлеу еді, ол да тұншығып, өрт ішінде қалатын болды. Осы сүрлеудің Қараңғысайға құлар тұсындағы қураған кәрі қарағайды бұрыннан байқап жүретін. Реті келгенде отынға кесіп әкетермін деп, былтыр күзде сырттай ен тағып қойған. Сол қарағайдың сидиған бір бұтағында салбыраған әлденеге көзі түсті. Асылып тұрған адамға ұқсайды. Маңайындағы шытырлап жанған өрттің жалыны қарағайға жақыннатар емес. Амалсыз аттан түсіп, бетін көлегейлеп тағы біраз жақындей түсті. Адамның беті ісініп кетсе де, асылып тұрған кісінің Манжу тамыры екенін айнайтпай таныған. Тұтіннің аңы иісі мен ыстықтың лебіне шыдай алмай, шегіншектеп кетті.

Сәлден соң жалақтаған жалын тілі әлгі қарағайға да жетіп, асылған адамның денесін шарпып өтті.

Қарап тұра беруге адамның жүзі шыдайтын көрініс емес еді, ішінен екі ауыз дұға оқып, бұрылып жүріп кетті.

Қанай сай өңешіне бұдан бұрынырақ келіпті. Былайғы бір жартастың биігіне шығып, өртенген орманға биіктен көз салып тұр екен. Кебенегі қисайып, шашы дудырап кеткен, шолақ тоны желмен бірге желп-желп етеді.

Ағаш-ағаштың арасымен сыйылып кетіп жүрер деген оймен аңшы сай өңешіндегі бұта қарағанға дейін, қураған шөпке дейін от қойып шықты.

Дәл осы мезетте өрт арасынан қайқаң қағып мүйізі шаңырактанған әлдебір бұғы қашып шыққан. Адамды көрген бетте көзі жасаурап, қалшиып тұрып қалды. Соңындағы сатырлап жанған жалынның ыстығы шыдатпады ма, жерді бір тарпып, аңшының қасынан елес сияқты ағып өте шықты.

Қанаты лапылдан жанған әлдебір күс желге қарсы жалпылдан біраз ұшты да, бір мезетте қызыл өрттің қалың ортасына тас секілді ол да құлап түсті. Домаланған түріне қарағанда, бұлдырыққа ұқсаған. Аспанда шашылып қалған қауырсынның ұшқындарын жел айдаپ әкетті.

– Бісмілла! – деді аңшы жағасын ұстап.

Орманның бір түкпірінен, тым алыстан айқайлаған адам даусы, жылқының кісінегені талып жетті. Тарсылдан мылтық атылды. Атой салып арыдағы әскерге хабарға шапқан күзетші қарауылдар сияқты.

Қараман ербиіп жартас басында тұрған Қанайды қасына шақырды.

– Сен, балам, аялдамай ауылға тарт! – деді оған өктем сөйлеп. – Болған жайдың барлығын Райысқа жеткізерсің. Мен Терентийге барайын, оған ескертуді ұмытып кетіппін... Сүйек тамыр тәуір досым еді.

– Қайда баراسыз? – деді Қанай таңырқап.

– Маған алаң болма, балам. Жолыңнан қалма!

Аяғынан демеп, Қанайды атқа мінгізіп, аттың сауырынан бір салыш коя берді.

Қанай кеткеннен кейін де қызыл жалын мен көк тұтінге оранған кең аңғарға телміріп, көзі жасаурап, мұнайып біраз уақыт отырды. Баяғыдағы сұықтың зәрі тағы да белгі бергендей ме, әлде жаяу жортып шаршағанның салдары ма, белі құрғыр да сырқырап барады. Мәңгіріп бұйтіп отыра берсе, белден шойырылып тұра алмай далада қап жүрер, тегі!.. Осы оймен жігерін қамшылап, белін басып, орнынан тұрды. Орамалымен асықпай Қүреңнің көзін сұртіп, айылын тартты. Ернін жымқырып, тастай қатқан күйі атқа созалаңдай мінді де, өрттің арасымен бауырлап шаба жөнелді.


Таң бозарып атып қалған еді. Ұйтқи соққан қазанның қара желі барған сайын екілене үдеп, соны дауылға ұласты.

Алтайдың жасыл орманы қып-қызыл өрт құшағына мәңгілікке жұтылып бара жатты.

1988 жыл

СОЦИАЛИЗМ  
ЭҢГІМЕСІ

Ц и к л



## «МОНА ЛИЗА»

Университеттің төртінші курсынан соң студенттерді алты айлық практикаға жіберген. Төлеужанды Қарағандыға бөліпті. Облыстық газеттің редакциясына барып жұз көрсетіп тіркелген соң, алты ай бойы қонақ үйде жататын емес, жатақхана іздестіруге кірісті. Редакциядағы жігіттердің көмегімен жанжакқа телефон шалып, ақыры қала шетіндегі құрылышылар жататын үш қабатты саман үйден қуықтай бір бөлме тапқан болысты. Жүгін арқалап, бір бума кітабын қолтықтап Төлеужан әлгі бөлмеге барып орналасты.

Бөлмені ретке келтіріп тазалап, шаңын сұртіп, жатар орнын ыңғайлаған соң, әдетінше, төсегінің тұсына өзімен бірге ала келген «Мона Лизаны» іліп қойды.

Бұл Леонардо да Винчидің зерлі кәсекке салып, шынылаған әйгілі картинасы болатын. Әрине, түпнұсқа да, көшірме де емес, кәдімгі альбом-кітаптан жыртып алғынған етектей бір парап-ты. Суреттің жан-жағын ак қағазбен жиектеп, кәсекке салып әшекейлеп жүрген Төлеужанның өзі еді...

Орталықтан шалғайда, Бетпақдаланың бір қырында өскен Төлеужан университетке тұскен бойда өзге әлемге тап болғандай сезініп, оқу мен тоқудың қызығына құныға ден қойған. Шөлден қайтқан жолаушыдай шөліркеп бірде-бір лекцияны, қосымша сабак пен семинарларды құр жібермей, күндізтүні кітаптан бас көтермей оқумен болды. Өзге студенттер күнделікті оқу бағдарламасының өзін өзөр үлгеріп жатса, Төлеужан оқулықтың сыртында қаншама тың дүниемен танысып жүрді... Еуропаның сонау антик дәуірінен бастап, күні бүгінге дейінгі мүйізі қарағайдай мықтыларының біразының

басын шалды. Түгел оқып игермесе де, негізгілерін, керек-ау дегендерін қалыс қалдырған жоқ. Көркем әдебиетке қоса қоғамдық ғылымдарды, жалпы әлемдік ақыл-ой мұрасын, тарихын қоса-қабат шама-шарқынша меңгеруге ұмтылды. Осылардың бәрінің кейінгі өмірінде аудадай қажеттігін ұғып, еуропалық дегдар мәдениетті бойына барынша сіңірге тырысты. Зиялы азаматтың қатарына қосылу үшін білім мен ғылымның негізін дәл осы студент шағында қалап алу қажетін түсінді. Әйтпесе өркениеттің ұлы көші шаң қаптырып жұртқа тастап кетердей қауіптеніп, көңілі қанағат таппай аландауды шығарды. Бөлмелес достары қыздарды ертіп парк пен би алаңын торыған кезде Төлеужан барын киініп, байлауышын тағынып, симфониялық концерттерді тамашалауға кететін. Кітапханадан қолы қалт еткенде салып ұрып балет пен опера көруге баратын. Сол симфонияны да, опера мен балетті де оншалықты ұғыныңқырамай, тағылау өскен табиғаты қабылдаңқырамай жүрсе де, жігерін жанып, өзін-өзі күштеп барушы еді. Әлемдік әдебиет пен мәдениеттің қайнары да, алтын діңгегі де тек Еуропа деп қабылдады. Әйткені қайсыбір кітапты парактамасын, айналып келіп соның бәрі де әлгіндей тұжырымды көлденең тарта беретін. Осы түсінікке терендеп, имандай сенген сайын ой-санасын өзі де сырын біле қоймаған әлдебір шұғылақиял шымылдықтап, арбай түскендей болатын.

...Көркемсурет галереясына барып жүрген кезінде, бірде Леонардо да Винчидің үлкен альбомын көріп қатты қызыққаны бар. Өзі де удай қымбат кітап екен, қарызданып-қауғаланып жүріп әлгінің бәрібір сатып алды. Альбомды қарап отырса – Леонардо даңышпан өзінің мындаған туындыларының ішінен «Джоконданы» айрықша жақсы көріпті. «Джоконда» дегеніңіз – бір қыздың күлімсіреп отырған тылсым суреті. Қыздың аты-жөні Мона Лизаболып шықты. Мінеки, сол «Мона Лизаны» ұлы суретші қайда барса да жанынан тастамай алғып жүреді екен. Әрине, тірі қызды емес, өзі салған портретті. Леонардо да Винчи сөйткенде мен неге үйтпеске деген ой келді Төлеужанға. «Болмасаң да ұксап бак» деген... Төлеужан альбомдағы «Мона Лизаны» қып алғып, зерлі кәсекпен өшекейлеп, өзі жататын төсектің тұсына іліп қойды. Осы төрт жылда жатақханада нешеме бөлме ауыстырды, «Мона Лизаны» әсте тастаған емес.

Жаңа бөлмеге кірген бойда, ең алдымен төсегінің тұсына осы «Мона Лизасын» іледі. Жазғы каникулда құрылыш отрядына жұмысқа кеткен кезде ғана амалсыз жатақхананың қоймасына қалдырып жүрді. Бұл жолы өндірістік практика жарты жылға созылатын болған соң Төлеужан «Мона Лизасын» қолтықтап Қарағандыға өзімен ала келген-ді. Құрылышшылар жатақханасының қықтай бөлмесіне кірген бойда осы суретті төсегінің басына іліп жүргені де содан еді.

Арада он шақты күн өткен. Бірде тұнгі екіге дейін кітап оқимын деп үйықтап қалыпты. Редакцияға кешігіңкіреп келсе, бөлім бастығы өзін қоярға жер таппай мұны тықыршып күтіп отыр екен.

— Шырағым-ау, келмей жатып бүйтіп кешіккенің қалай? — деп қызарактап басын шайқады. — Сені қаламы жүйрік жас журналист қой деп, жұмсайын десен... Өстисіндер енді!

Төлеужан ағасынан кешірім өтініп, қайда жұмсаса да дайын екенін сездірді.

— Жарайды... — деді бөлім бастығы лезде сабасына түсіп. — Әлгі Күзембаев шахтасында бүгін рекорд болмақ екен. Соған бар да, қатырып отырып материал жазып әкел. Келістік пе?!

Төлеужан келіспегенде қайда барсын, қасына фототілшіні ertip, редакцияның көлігімен Күзембаев атындағы шахтаға тартып кетті. Шахтаның шыңырау штрегіне түсіп, күні бойы жер астында жүрді. Шахтаға алғаш түсуі еді, бұл үшін бәрі де таңсық, бәрі де қызық. Содан жеткілікті материалын жинап, көп әсерге бөленіп үйге кештеу оралған.

Жатақханадағы бөлмесіне кірсе – бұрышта жұп-жұқа болып шұңқиіп шешесі отыр.

Апрыым-ау, мұның ауылы анау Бетпақтың төрінде еді. Олай болса Гулайым шешесі сонша жерден бұл Қарағандыға қалай келіп жүр? Үлкен қаланың ішінен мынау бір шеттегі жасырын жатақхананы қалай тауып алып жүр?

Төлеужан әлденеден секем алып, шешесіне үрке қарады.

— Сені гәзетіңе іздең бардым... Үйді солар көрсетіп жіберді, — деді шешесі. Үні бөтен біреумен сөйлесіп отырғандай біртүрлі салқын.

— Тәте, неге келдің? — деп Төлеужан көңіл құдігін жасыра алмады.

– Сені Қарағандыға келіп үй алышты деп естідік ауылда. Қате хабар болған екен, оны да ана гәзеттегі достарың айтты.

– Менің Қарағандыға келгенімді біреулер үй алды деп ұққан ғой.

– Ит біле ме... Үй алды екен деп... Үйінді көрейін деп алыш-ұшып жетсем...

Енді байқады, шешесінің екі көзі домбыға қызырып кетіпті, соған қарағанда жақсылап тұрып жылағанға ұқсайды. Салдырап шаршап отырған жайы бар. Мандай өжімі молайып, терендей тұскендей ме, қалай... Салалы саусақтарының сыртына тарамыстанып көк тамыры адырайып шығып кетіпті. Бет ажары да өткен жаздағыдай емес, танабы кепкен боз даладай қуқыл тартқан, суала құнсіген.

– Тәте, не болды саған?.. Ауыл-аймақ аман ба өзі?

– Аман, құлыным.

– Тәте, неге жылағансың, нағашы атам сау ма?

– Нағашы атаң сау, құлыным.

– Не болды енді?.. Айша апам қалай?

– Айша апаң да аман-сау, құлыным.

Төлеужан не істерін білмей шешесін айналып-толғанып азкем отырды да, шай қамына кірісті. Шәйнекпен су ысытып, үстелге дастархан жайған болды.

– Ал енді айтшы, – деді шешесіне қою шайды қос қолдап ұсынып жатып, жалынғандай болды. – Не болды, тәте? Жүргімді ауыртпашы!

Гұлайым шешей шайдан екі үрттады да, көзінің жасын тағы да сығып-сығып алды.

– Жалғызым, құлыным, – деді сосын қушия бастаған кеудесін тіктеп. – Он жеті жасымда әкеңнен жесір қалдым. Сені жеткізейін, қабағыңа кіrbің тұсірмейін деп қайтып тұрмыс та құрғам жок. Несін жасырайын, небір бұланай кісілер сөз де салып көрді. Сол азаматтың біріне де қарамай, санамен сарғайдым. Табан ет, мандай теріммен арқалап жүріп сені асырап-жеткіздім. Көрмеген қорлығым, кешпеген бейнетім жоқ менің, құлыным...

– Тәте, мен оны білмей жүр дейсің бе, мен бәрін де білемін. Аман болсам, ақ сүтінді актаймын, тәте!

— Құлымым, саған аналық ақ сүтімді бұлдаң отырғам жоқ мен. Міндетсүден де аулақпын... Айтпайын деп ем, өзің айтуға мәжбүр қылыш отырсың.

— Тәте...

— Сенің әкең жігіттің бозтайлағындай кісі еді. Сүм соғыс болмағанда ел көркейтер мықты азамат-ақ еді жарықтық. Амал қанша, сағымдай сейіліп, жоқ болды бәрі. Соңында әйтеуір сен қалдың қарайып, соны медет тұтушы едім... Үш айғана отассам да, сол әкенің аруағын өмір бойы ардақтаумен келемін. Әкендей асыл азаматқа жар болғаныма екі дүниеде ризашылығымды білдіріп, Жаратқан Иеме тәубе етіп жүремін. Әкесіндей қайсар, өр мінезді болсын деп сені де бетіңнен қақпай, бұлағын өсірдім.

— Тәте, бәрін де білемін. Бәріне де рахмет. Бірақ осынша таусылыш сөйлегенің қалай? Не бол қалды өзі?

— Әкең соғысқа кеткенде сен іште қалғансың. Үл болса Төлеужан қойатын, қызы болса еркің білсін деп еді әкең. Әкенің аманатын орындаپ, атынды Төлеужан қойдық. Сен сүзекпен ауырғанда кіндіктен жалғыз еді деп, Құдайдан сауға сұрап күншіліктегі әулиенің зиратына да жалғыз қонып шықтым. Құдай тілегімді беріп, сен сүзектен аман қалдың. Жалғыз үлды ел қатарынан қалдыра көрме деп тағы арман қылдым. Шүкіршілік, ол арманыма да жеткендей едім. Тоның тозбай, атың озбай ел қатарлы оқуға түстің. Оны да бітіруге, мінеки, көп қалған жоқ қой...

— Тәте, турасын айтшы, мен бірдеңе бұлдіріп қойдым ба? Не бол қалды соншалықты?

— Сондағы көрейін дегенім осы ма еді, құлымым-ай!

— Ойбай-ау, тәте, не болды?

— Мені қойшы, арманда кеткен әкенің аруағын сыйламағаның қалай, құлымым?

— Тәте!

— Жалғызым үрпақ өрбітіп, әкесінің өмірін жалғар, жиырмасында кеткен боздағым үрпағымен мың жасар, немере иіскеп мен де көп бейнеттің бір зейнетін көрермін деп арман етуші едім...

— Тәте...

– Тоқта, балам! Сол әкеңнің арманы да, анаңның үміті де әдірәм қалғандай күйге түсіп отырмын қазір!

Гұлайым шешейдің шұңқірек көзі жарқ етіп, баласына қатқылдау қарады.

– Сонда сен... сонда сен бәрін тәрк етіп, мына бір атасы басқа буаз қатынға үйленгелі жүрсің бе? – деп соншалықты салқын раймен төсектің басындағы «Мона Лизаны» иегімен нұскады.

– Тәте...

Төлеужан не дерін білмей тілін тістеп сылқ түсіп отыра кетті.

– Беті секпіл-секпіл, өзіннен бес-он жас үлкен әйелде нең бар еді, ботам-ау?

Төлеужан қабыргадағы картинаға бар денесімен бұрылды. Расында, ары-бері таси берген соң ба, қыздың бетіне болымсыз секпіл пайда болған сияқты, іші де аздал толысқандай ма, қалай өзі?.. Не күлерін, не жыларын білмей мәңгіріп, жаңа көргендей, Мона Лизаға телмірді де қалды. Төлеужан үшін бұл мұлдем тосын түйсініс еді.

«Апым-ай, әлемді шулатқан мынау бейне менің шешемді неғып тебірентпейді?» – деп қиналды ішінен.

«Мені жарық дүниеге әкеліп, азаппен асырап жеткізген ана көңілін мейіріммен толқыта алмаған бұл суретке мен неге осынша табынамын?» – деп тағы да аң-таң.

Гұлайым шешей көзінің жасын іліп сұртіп, баласына тағы бірденелерді айтып жатыр. Бірақ ол әңгімені Төлеужан естіген жоқ, құлағы тарс тұнып қалған. Орнынан ауыр көтерілді де, зерлі көсекті жайлап түсіріп төсектің үстіне қойды. Содан шыны астындағы Мона Лиза бейнеленген қағазды суырып, оны асықпай екі бүктеп дар-дар айырып жыртты. Сосын шешесіне бұрылып:

– Тәте, осы ма еді? – деп жыртқан қағазды қолына умаждады да, бұрышқа лақтырып жіберді.

Гұлайым шешейдің қуқыл тартқан әжімді бетіне шырай жүгіріп, жүзі болмашы мейірленгендей болды.

– Көп сөйлеймін деп тамағым кеуіп қалыпты. Шайынды демдеші, балам! – деп, үлкен бір іс тындырғандай үй ішіне жадырай қарады.

## ЛЕВИТАННЫҢ ДАУСЫ

«Қырғиқабақ соғыс» жылдары...

Әлемдік империализмнің Кеңес Одағына қарсы дүшпандық саясаты барынша өршіп, екі жақты текетірестің аяғы ақырзаманға дейін жақындаپ қалған кез. Әлем жұртшылығы үшінші дүниежүзілік соғыс «әне басталады, міне басталады» деп қатты қауіптеніп, мамыражай тіршіліктің ұстараның жузіндегі қылпылдал түрған уағы.

Мұқажан ақсақалдың жалғыз немересі Қуанышбектің де есейіп, азамат болған шағы дәл осы бір қыл үшінда түрған қын заманға тұспа-тұс келген. Қуанышбектің әкесі де то-пирлаған көп қыздан соңғы кіндігінен кіш еткен жалғыз еді, сорлы бала соғыстан қайтпай қалды. Содан «орнымды оңалтар қара орманым, әuletімді жалғастырар жалғыз тұяғым» деп, Мұқаң Қуанышбектің қолын қақпай, бетіне келмей еркелетіп өсірді. Шүкіршілік, атасы сөйтті екен деп Қуанышбек те артық шолжындаш кеткен жоқ, көргенді бол ержетті, атасына көмекші, жесір шешесіне қолғанат бол өсті. Былтырғы жыл мектеп бітіргенде Мұқаң астындағы атын сатып, қалаға оқуға жібермек еді, оған немересінің өзі көнбей қойған. Бір жылдың ары-берісі жоқ, жұмыс істеп қаражат жинап, оқуға келесі жылы барам деген. Мұқаң көп ойланып лажсыз оған да көніп еді. Немересі сөйтіп бір жылдай колхоздың ұстаханасында тарсылдатып темір соғып жүрген болатын. Содан әнеу күні ойда жоқта өскерге шақыртқан «пәбеске» алыш, Мұқаңның қазіргі көңіл күйі ақпандағы борандай алай-дүлей-ді.

Бұл Мұқаң кезінде атан жыққандай қайратты кісі-ді. Көрілік құрғыр кімді шектірмеген, қазір баяғы бұлақуаты бұлақтай сарқылып, күлге шеккен кәрі бурадай кейінте. Бұрын қолдан ер шауып, кәдуескі шанаған емес, кәшәуенің өзін де оюлап-өрнектеп жасай беретін шебер балташы еді. Қазір ол өнердің бірі де жоқ, тышқаншылаған ұсақ-түйек тірлік баяғы. Қамшы өреді, кендір мен қылдан арқан ширатады, ер-тұрманың ұсақ-түйек әбзелдерін жамап-жасқаған болады. Өстіп бірденені тұртпектеп, кесіп-пішіп отырып бір құлағы қабырғадағы қара табақта. Қара табағы – радио. Сол радиодан қақсан жататын өңгіменің көп жайын тұсінбесе де, мынау пәни тіршіліктің

бір тығырыққа тіреліп тұрғанын, кең дүниені тарылтқан бір қындықтың барын байқайды. «Қартайсан да, өлімді ойлама, елінді ойла» демекші, ұлан елімізге бір қауіптің барын жүрегі құрғыр сезеді. Кейде сүйретіліп көрші Қайбар құрдасы келіп, насыбай атып, күн ұзак қасында отырып қайтады. Ол жазған да қыбырлаған жанды көлеңке дегенің болмаса – миы шайқалған көрі шөңгे, соғыстың мүгедегі. Радиодан естіген жаңалығын көбінеки сол Қайбармен бөліседі. Екі шалдікі баяғы «сегізде баланың тісі түседі, сексенде көрінің бір-біріне ісі түседінің» кебі... Адамзаттың саны былтырғы жыл үш миллиардқа жетіпті. «Бұл көппе, азба?» – деп сұрайды Қайбардан. Ол жағын Қайбар қайдан білсін, бозарған сақал-мұртын сипалап, жерге шұқшиып үнсіз қалады. Сол үш миллиардтың бір миллиарды біз еkenбіз, бір миллиарды аналар екен. Аналар дегені дүшпандар болар. Дүшпандар дегенің – капиталистер. Капиталистердің ата жау, қас дүшпан екенін Мұқаңғана емес, Қайбар шал да жақсы біледі. Ал үшінші миллиардың қытайлар сияқты. Бір ыңғайсызы сол іргедегі осы қытаймен де қырбай болып, ондағы өз адамдарымызды тайлы-таяғымен қоса өткен жылы елге көшіріп алышты. Жалғанда «Көршінмен керіспе, көрші қақысы – Құдай ақысы» деуші еді баяғының үлкені. «Қиямет күні қоңсыдан» деген, Мұқаңа әсіресе осы Қытайға келгенде тауанымызды тарылтып, олардан ат құйрығын кесісе теріс айналып кеткеніміз қатты батады. Тағы да сол радиодан естіп-біліп отыр, кеңес халқы соңғы жылдары «біз Американы қуыш жетіп, басып озамыз» деген ұранмен зор өрлеу үстінде жұмыс жасап жатқан тәрізді. Несі бар, мықтылықтың бір шарты – өзіңе деген сенім. Тендерікке тұрсақ та, кемдікке тұрмаспыз... Әнеки, әлемде бірінші болып мұзжарғыш кеме жасап, оған ұлы Лениннің атын беріп, былтырдан бері Мұз мұхиттың сіреу-сіреу мұздарына салып қойыппыз. Әнеу күндері дүшпандардың алдын орап аспандагы Айға жер серігін жіберіп, Айдың адам көрмеген арғы бетін суретке түсіріп алышты. Радионың айтуына қарағанда, әскери әлеуетіміз де дүшпандардың мысын мықтап басып тұрған сияқты. Былтырғы жылы бірінші мамырда Орал тауының үстінде, тіпті көз көрмес биіктегі жансыздық жасап жүрген Американың барлаушы ұшағын атып

түсіріп, ұшқышын байлап-матап ұстап алғыпсыз. Шүкіршілік, айбарымыз да бар, қауқарымыз да бар қанаарман ел екенімізді дәлелдеппіз. Енді, мінеки, кеңес халқы жұмған жұдырықтай болып зор шабытпен жер-жерде жүгері егуге кірісілті. Жүгері дегенің – білмей жүрсек – ырыстың бұлағы, бақыттың шырағы екен ғой. Дұшпаннан тұқ тартсан да пайда, осы жүгеріні сол кер азу американдықтардан үйренсек керек. Соның ішінде бұрын ғұмыры егін салып көрмеген осы Мұқандардың колхозы да жүгері шаруашылығын мықтап қолға алғып жатқанын естіп жүр... Тіпті анау итжеккеннің арғы жағындағы итсигек өспейтін жерде де жүгеріге қауырт кірісті деп радио күнде жар салуда. Сөйтіп еңбегіміз дәulet болып, беделіміз сәulet болып жатқан жақсы жағдайда екенбіз.

Осындай ұлы өзгеріс, үлкен жаңалықтар мұндағы ауыл адамдарына да рух беріп, намысын қайрады ма, Қайбардың былтыр үйленген ұлы жаңа туған баласының атын азан шақырып Арлен қойыпты. Мұнысы не десе – «Армия Ленина» деген сөз екен. Несі бар, шокта шындалған шарболаттай қарулы күштеріміздің қуатына ризашылығы шығар. МТМ-да токарь бол істейтін Николай деген орыс Қайбардың ұлына еліктеп баласының атын Мэлор қойып жіберіпті. Бұл аттың шешуін ешкім таппай, ақыры Николайдың өзі айтып берсе керек: «Маркс, Энгельс, Ленин – организаторы революции» деген ұран сөзден алғыпты. Мұндай әдемі аттарды ауылдастары мынадай алмағайып заманда азаматтардың саяси біліктілігінің, елжанды сезімінің айқын көрінісі деп қабылдасқан.

Колы қимылдан әлгіндей бәкүн-шүкін шаруа жасап жатқанымен Мұқан осындай жақсылық жаңалықтың бәрін естіп-біліп отырады. «Ат қартайса есекпен достасады, ер қартайса төсекпен достасады» дейтін сөз, тегі, рас шығар. Қағынан безген құландай жасында үйде отырмас кезбе еді, көкірек шіркін алғып-ұшқанымен қазір қыдырысқа шама жоқ. Бел көтертпейді, буын сырқырайды, қол қалтырап, аяқ қақсай береді. Дариға-ай, сексен екен, сексен дегенің жермен жексендік екен дегенің осы да. Кейде қара табақтан төгіліп ән мен күй береді. Бойы балбырап, ойы маужырап оны да тыңдайды. Төрелер де, қаралар да дамылсыз сайрап жатады, ақыл сөз

де, нақыл сөз де ағыл-тегіл айтылып жатады. Керен болмаған соң соның бәрін естиді екенсің. Естімеймін десең де, естисің. Сөйтіп кәрінің білгенін пері де білмestей болып ақпарат пен жаңалыққа кенеліп отырғаның... Әсірсө саясатқа келгенде Қайбар құрдасынан бөтен тірі жанға Мұқаң жақ ашқан емес. Өйткені саясат деген құрдымға тым терендеуге болмасын, ол жайындағы ой-пікірінді аңқылдан ашық айту қауіп екенін жақсы біледі. Сондықтан да секемшіл. Қалай болғанда да, бұрынғының арты, бүгінгінің қарты ғой, ғұмырлық тәжірибе соған үйретті. Әйтпесе, көдеден көп ағайын, қайсыбірінің аузына қақпақ боларсың. Радионың сөзін сенің өзіндей ғып ұзын елдің руына жайып жіберсе – қол-аяғынды байламай-ақ ұстап әкетер. Сөйтемін деп талай боздақтың сайды саны, құмда ізі жоқ, итжеккенде шіріп қалысты ғой әнеки. Мұқаң санасымен соның бәрін бағамдаپ, сараптап-санап отырады.

Түске дейін бір, түстен кейін бір кебенегін қисайтып тәйтіктеп келіп насыбай атысып кететін Қайбар шал бүгін әлі көрінбейді. Сол Қайбар құрдасы қойшы ұлымға деп бұрнағы күні бұған қамшы тапсырып еді, бүгін сол қамшыны өруге кіріскен. Қарттығына мақтанатын емес, мәрттігіне мақтанатын жаста ғой, Мұқаң осының бәрін ақысыз-пұлсыз жасайды. Кейде тапсырушы ағайыннан қайыс пен тері сұрағаны болмаса, қалғаны тегін.

Үйге асығыс Қуанышбек кірді. Әскерге кететін болғандықтан шапқылап жұмысын тапсырып, қағаз-құжаттарын дайындал жүрген-ді. Әлдебір шаруасын ұмытып кеткен бе, келген бойда құрал-сайман салынған жәшікті ақтаруға кірісті. Енді байқады, қабырғадағы қара табақ, неге екені белгісіз, мелшиіп үнсіз қалыпты. Мелшиіп үнсіз тұрған радио бір кезде санды ете түсіп, Мұқанды селк еткізді... «Тындаңыздар... тындаңыздар... тындаңыздар!» – деп бір сөзді үш мәрте соза мәнерлеп орысша хабарлады. Сосынғысы аз-кем тыныстады да: «Кеңестер Одағы территориясындағы барлық радиостанциялар мен Орталық телевидение жұмыс істейді... ТАСС-тың аса маңызды хабарын береміз», – деп төбеңе мұз құйғандай зәрлі дауыспен шегелей жария салды. Мұқаң елең етіп, аузындағы насыбайын жұтып қойды. Кәрі жүрегін шым еткізіп бірдеңе шымшып алғандай

болды. Өріп отырған қолындағы сегіз таспа қамшысы да сусып түсіп кетті. Қуанышбектің пәреуейіне де кіретін емес, тоңқандап жәшіктің ішінен бірденені іздең өуре. Ұзіліс жасап, жым-жырт қалған радио арада бір минуттай уақыттан соң жаңағы сөздерді тұра сол мақамда, адамның төбе құйқасын шымырлатар сұсту сүйк дауыспен қайта қайталады. Сүйк емес, даусынан тіпті аяз ескендей. Сосынғысы тағы да тылсым тыныштық... Әлгі аяздай қарып түсер сөздерден кейін тым-тырыс қалған осы тыныштықтың өзінде сүмдық үрей бар-ды.

Мұқаң тәлтіректеп орнынан тұрып кетті.

– Әй, балам, бері келші! – деді бұрышта күйбендерген немесін шақырып.

– Ата, не болды? – деп Қуанышбек басын көтеріп атасына қарады.

– Экеңнен қалған жалғыз тұяқ едің, Құдай оны да көпсінді ме деймін... Келші бері!

– Ата, не айтып тұрсыз? – Қуанышбек жақындаап атасының алдына келді.

– Біздің әuletтің тамыры шынымен үзілейін дегені ме, бұл не деген кері кеткен заман болды, балам?

– Ата, қуарып кетіпсіз ғой, сырқаттанып қалған жоқсыз ба?

– Балам-ай, бас құрап үйленіп те үлгермедің. Тым болмаса сенен бір үрпақ қалса – әuletіміздің тамыры үзілмес еді-ау. Қайтейін енді, Құдай басқа салған соң...

Осы кезде радио жон арқаңнан тер шығарар бағанағы борандатқан сүйк сөздерді ежіктең үшінші мәрте қайталаған.

Бұл жолы Мұқаң радионы тыңдаған жоқ, онсыз да белгілі жай ғой... Есіл-дерті немесінде:

– Соғыс! – деді тілі тұтығып, тандайы кеуіп қалды. – Соғыс басталды, балам! Қалай болар екен деп көптен қауіптеніп жур едім, болмады... Ақыры, міне, басталды. Мынау еркекті даусынан танып тұрмын. Сенің әкенде өлтірген өткен соғысты да дәл осы кісі хабарлаған болатын...

– Ата, бұл Левитан ғой... Диктор Левитан.

– Кім болса да аузынан заһар шашқан осы кісі... Даусынан танып тұрмын.

Қуанышбек те бір қын жағдайдың болғаны санасына енді жеткендей көзі боталап, жүрегі алқынып кетті.

Мұқажан ақсақал тоқтаусыз ағыл-тегіл актарылды дерсің. Атасының дәл осылай есіліп, көсліп сөйлегенін Қуанышбектің көруі алғаш еді. Бейнебір көптен қыстығып айта алмай жүрген көп сөзін дәл мынау толқымалы сәтте ағынан жарылып айтып қалуға тырысқандай.

— Бір атадан алтау едік, балам. Ақ патшаның лаңы бар, ақ қашып, қызыл құған зобалаң бар, әйтеуір қазактың басына түскен қылыш заман, қын кезеңдерде бәрі де шілдей пышырап сетінеп кетісті. Аман қалған ағайын анау жылғы ашаршылықта ауылымен, ру-тайпасымен қоса қойдай қырылып қалды. Үлкен атаң «халық жауы» бол айдалып кетті. Сенің әжең он құрсақ көтеріп еді, бала тоқтамай, әупірімдеп екі қыз, бір ұлды аман өсіріп едік. Сол жалғыз үл сенің әкең болатын, соғыстың қанды қасабында мерт болды. Екі апаңның бірі дәрігер еді, соғыстан соңғы алауыз саясатпен ұсталып кетті. Анау жылы тың игерген сотқарлар ауылға қаптап кетіп, бір апаңды солар жазым етті. Сонда да сенің барыңды тәуба етіп, Жаратқан Иемнен жалғыз немеремнің саулығын тілеуші едім. Қорқақорқа қоян болдым, балам...

Мынау соғыстың жөні басқаша деседі. Атым соғысы, одан аман қалу қын деседі. Сонда қалай... біздің әулеттің алтын жібі осымен үзілгені ме, жалғыз тұяғым-ау менің? Мұқажан тұқымының тұздай құрығаны ма? Енді қайттім, балапаным-ай!

Мұқаң көкірегі қарс айырылып шөке түсіп, кеудесі құныстына қыстығып жылап жіберді. Көзінен қысылып шыққан жас домалап аппақ сақалына тамшылап жатты. Қуанышбек те тізерлей отыра қалып атасының қушиған басын құшақтап, мандайынан иіскеді. Атасының жас баладай кемсендегеніне Қуанышбектің де көнілі босап, жанарына жас іркіліп тебіреніп кетті.

Бұл жолғы радионың үзілісі әдеттегіден сәл ұзақтау болды. Адамның зәресін зәр түбіне жіберер тылсым тыныштық. Ақсақал да, немересі де тағдырдың жазуына мойынсұнып, ендігі ретте тізерлеп отырған күйі қабыргадағы қара табактың

аузын бағып мелшиіп қалысты. Жасаураған көздері бұлдырап, жоғарыдан үкім күткендей шыбын жандары шырқырайды.

Көп өтпей жаңағы зәрлі дауыс тағы да саңқ ете түсті.

Фарышқа адам ұшыпты...

Ол адам Совет Одағының азаматы, майор Юрий Алексеевич Гагарин екен.

## «БУТАФОРИЯ»

Американың қыыр түкпіріндегі Тусон деген бір қаламен біздің Алматының «бауырлас» болып жарияланғаны бар.

Соған байланысты екі жақты делегациялар алмасып, мамырдың мамыражай бір күнінде Тусоннан бір қора қонақ біздің жаққа да сау ете қалған. Тусонның мәрі бастап келген ресми меймандарды Алматының әкімдері бөліп әкетісті де, қалған топты қала аралатып, күту жағы түрлі кәсіпорындардың мойнына жүктелді. Соның алғашқы күні Кітап фабрикасының еншісіне тиіп, Исағали өзі басқаратын осы кәсіпорынды аяқтарынан тік түрғызған. Америкамен арадағы тоң аздаپ жіби бастағанымен, бәрібір көңілдегі сыз бен күдік өлі сейіле қоймаған кез. Америка десе аю көргендей ожырайысып, өлде де болса сезіктеніп тұратын шақ-ты. Бұл кісөпірлердің шарайнасы шалқасынан деп жауапты тапсырманы алысымен-ақ Исағали фабриканың шаңын қағып, тозаңын сілкіп асты-үстіне шығарды. Қалалық партия комитеті бекіткен бағдарлама бойынша, мұхиттың арғы бетінен келген меймандар түске дейін Кітап фабрикасының жұмысымен, жақсылық істерімен танысулары тиіс екен. Сосын қазактың қонақжайлышын көрсетер кең дастархан жайылуды міндет, ол да осы кәсіпорынның есебінен. Түстен кейін өлкетану музейін аралатып, еліміздің тарихынан, түрмис-салтынан мағлұмат беру. Кешке симфониялық концертке апару, яғни мәдени демалыс. Концерттен соң кешкі астарын дәмдеп беріп қонақүйге жылды шыраймен шығарып салса болды – мойнына жүктелген парыздан да, қарыздан да аман-есен құтылмақ.

Бағдарламаның басқа бөлігіне жауапты адамдардың барын ескеріп, Исағали өзі басқаратын кәсіпорынмен таныстыру шаруасы жоғары саяси әрі биік мәдени деңгейде өтуі керектігін жақсы түсінді. Ылғи да бізді сынап-мінеп жүретін капиталистерге социалистік өндіріс орынды туралы дұрыс пікір қалыптастырып, еңбекшілердің әлеуметтік-экономикалық жағдайы биік дәрежеде екенін көрсету міндеті тұрды. Бұл мәселе қала басшылығының да жүктеген қатаң тапсырмасы, саяси сыны болатын. Сондықтан Исағали фабриканың іші-сыртын мұнтаздай қып тазалатып, қонақтар жүріп өтетін

дәліздің бәріне ұзыннан «кремлевка» дейтін қызыл жолақ ұзын-ұзын кілем төсетіп тастады. Инженерлер мен техниктер отыратын бөлмелердің үстелдері мен жиһаздарын ауыстырып, терезеге құрған шторларды жаңалатты. Онымен де тынбай фабрика интерьерінің әр түсіна жарқыратып картиналар ілгізіп, терезелерді айнадай етіп жуғызып қойды. Цехтарда сол күні жұмыс жасайтын сменаның қыз-келіншектерінің бәріне көлбендетіп көгілдір фартук кигіздіріп, бастарына алқызыл орамал байлattы. Баспахана мәшинелерінің майын сұrtіп жалтыратып, сырды онған ескілерін қайыра боятып тастады.

Бұндай өзгерістен соң тырнақ астынан кір іздегіш дүшпан капиталистер бұл көсіпорынға бірдене деп сын айтудының өзі енді қыын еді...

Ертеңінде бәрі де ойлағандай болды... Тусондық меймандар еліміздегі кітап шығару шаруашылығының жай-жапсарымен танысып, жарқыраған цехтарды аралап, біркелкі киінген шағаладай өдемі қыз-келіншектердің жұмысына тәнті болысты. Жиһаздары көз арбаған өндіріс бөлімдерінің қызметін көріп, кереметтей риза пейіл білдірісті. Осы топқа бекітілген аудармашы жігіт арқылы Исағали фабриканың өткен-кеткен тарихынан әңгіме айтып, кемел келешегінен толыққанды ақпарат беріп өтті. Сонынан тәменгі қабаттың біріндегі самаладай кең бөлмеге түскі дастархан жайғызып, аста-төк қонақасы дайындаатты. Дастархан басында екі жақты жақсы тілектер айтылып, достық ниеттің көрінісі ретінде Исағали американдық делегацияның басшысымен құшақ айқасты.

«Көрмегенге көсеу таң, сөйтсек капиталистер де өзіміз сияқты екі аяқты адам екен ғой», – деп ойлады сонынан Исағали.

Сағаты мен минөтіне дейін алдын ала белгіленіп қойылған бағдарламаны әсте бұзуға болмасын түсініп, Исағали түстен кейін қонақтарды жеңіл мәшинелерге тиеді де, өлкетану музейіне алып барды. Мұндағы музей басшылығы да қатты дайындалып күтіп отыр екен, кіре беріске қымбат кілем төсеп, құрметті қонақтарды әнмен, гүлмен қарсы алысты. Бұл жерде де біркелкі өдемі киінген, қол-аяқтары балғадай өңкей көрікті қыздар жұмыс істейтін бол шықты... Шіркіндердің талшыбықтай бұралған қимыл-қозғалыстарына

көз де, көңіл де тойғандай болған. Әсіресе қонақтарды музей экспозицияларымен таныстырып, гид ретінде бөлме-бөлмелерді аралатқан, аршыған жұмыртқадай дәңгелек бет талдырмаш қыз ағылшын тіліне судай екен. Атын Айнаш деп таныстыруды. Биязы ғана жымысып қойып, үлбіреген бұғағын толқындастып сөйлеп берген кезде, айналайын бір мұдірсеші... Үні қандай өсем, баяу әрі байсалды, ағылшын тілінің өзіне тән мақамы қыздың көмейінен өндете шыққандай ма, қалай. Қолындағы таяқшасымен нұскап қойып аялы жанарын жалт төңкеріп музейдің экспонаты туралы сайрай жөнелгенде... Исағалидың көкірегін мақтаныш кернеп салды дерсің. Өзінің қазақ боп жаралғанына, қазактың осындай көркем қыздарының шет тілін ана тіліндей білгеніне жаны жадырап, тынысы ашылғандай. Музейдің патша сарайындай кең ғимаратының іші мұлгіген сая еді. Айнаш қыздың мәнерлі даусы сол салқын сая ішіне өзгеше салтанат, әлдебір тылсым сиқыр үялата түскендей. Қалай болғанда да шет тілдерін менгеруде кейінгі толқында үлкен сапалық өзгеріс барына көзі жетіп, қыздың ағылшынша төгілген тәтті тіліне елжірей құлап, жүргегін өкініштің ала мысығы тырнап-тырнап алды... Айнаш қарындасы дәл осы жерде жаңа дәуірдің жарқын куәсіндей көрініп кетті. Әлдебір сұлу сезімнің сырлы пернесі көңілін қытықтап өтті... Біреу бұл ұрлығын байқап қалғандай қарадай қуыстанып, жан-жағына алақтап қарап қойды.

...Исағалилар оқып жүргенде ауыл мектептерінде шет тілі маманы, яғни мұғалімі сирек кездесетін. Жетпей жататын. Исағалидың мектебінде алтыншы сыныпта жүргенде бір шет тілі мұғалимасы пайда болып, сегізді бітіргенше бұлар ағылшын тілін оқыған. Тоғызыншыны бастаған күзде әлгі қыз күйеуге қашып кетіп, қаладан арнайы сұратып тағы бір қызды әкеліп еді. Ол қыз неміс тілі маманы екен, сөйтіп бұл Исағалилар қалған екі жылды неміс тілін оқуымен тәмәм қылған. Нәтижесінде, не ағылшын емес, не неміс емес, дүбәра бірдене болып шығысты.

Ауылға қарағанда, әрине, қаланың жөні бөлек. Қала мектептерінде жоғарғы оқу орындарында шет тілі пәні міндетті түрде жүргізілді. Алайда, ол пәнді қаншалықты жақсы оқып, сайрап тұрғанынмен – шет тілінің келешегі көмексі

болды. Бәрібір сенің білгенінді бағалап, шет жаққа жіберіп жатқан ешкім жоқ. Байлаулы бұзаудай бәрі Мәскеуге тәуелді. Шетке кімді жіберу, кімді жібермеу жағын сол Мәскеу шешетін. Ал алыстағы Мәскеу нағашың емес, бұратана қазақтың мұны оларға қайдан жетсін?.. Көзіне қамшы тиген жабыдайын Мәскеуге жалтаңdap отырғаның... Рас, қалтасы қалың азаматтар, тізгін ұстаған «төрелер» кейде туристік жолда-малармен шетке шығып жүрді. Соның өзінде олардың баратын елдері – Шығыс Еуропа, яғни социалистік бауырлас мемлекеттер ғана. Капиталистік шет елге былайғы адамның баруы аса сирек құбылышты. Исағалидың бір танысы Жерорта теңізін жағалап круизбен біршама елдерді аралап қайтқаны бар. Жіберерде жеті атасына дейін тексеріп, ес-ақылдың шығарған. Сөйтіп, рұқсат етілген қырық екі доллармен көп елді аралап, қайыршының күйін кешкендей бол қайтқан. Өз еркінмен жүргізбей, қой айдағандай топтан шығармаған соң ондай туристік сапарларда да шет тілінің пайдасы шамалы сияқты. Ал шет тілін жақсы үйреніп, дипломат болып шет елге кетемін деу бозқуйік борбас қазақ үшін көктегі айды армандаумен тең еді. Әйткені Қазақстанда Сыртқы істер министрлігі жоқ. Турасында ондай министрлік болды, бірақ аты бар да заты жоқ. Бұл ретте де бар шаруаны Мәскеу шешетін. Ол жаққа бүйдалаған түйедей күй кешкен қазақтың үні тағы жете бермейтін.

Сондықтан мектеп пен институтта шет тілін жүз жерден жақсы оқығаныңмен сенің кейінгі өмірінде оның қажеті шамалы-ды. Рас, шет тілін шын ықыласпен меңгергісі келіп, балапан құстай талпынғандар болды. Бірақ олар да биліктің бедеу ықыласына кезігіп, түк болмай қалып жатты. Сосын да болар бұл пәнге оқушы да, тіпті мұғалімдердің өздері де жеткілікті турде маңыз берे бермейтін. Мән беріп жатқан күннің өзінде шарттылық жағы басым еді.

Солай бола тұра, мына қызды қараши, тайпалған жорғадай ағылшынша зырлап тұрғанын. Әсіресе Айнаш қыздың қимыл-қозғалысы қатты сүйсінні. Бойында әлдебір қылышқы наз бар, жалықтырмас жағымдылығымен көз тарта түседі. Ұшқыр ойлы, зерек зейінді жаңа толқынның өкшелей жеткенін андамай да қалған-ау тегі. Яғни, Исағалилар тұсындағы сірес-кен сенің көбесі сөгіліп, темір шымылдықтың шындарап ашыла

бастағанының бұл да бір нышаны болды. Уа, заман-ай десеңші, келімді-кетімді мыналар секілді қонақтар бар, басқа бар дегендей, шет тілінің қазаққа да керек бола бастағаны ғой.

Исағали іштей марқайып, шүкіршілік етіп қойды.

Айнаш ортаға құрылған қазақтың киіз үйінің қасына келіп, көп дүниені түсіндіріп тұрғанда, блокнотына өлдене жазып жүрген ат жақты арық американдық бірдене деп шүлдірлеп сұрақ қойған. Айнаш ол кісіге көзін төңкеріп бір қарады да, сөзін жалғай берді. Сұрағына жауап ала алмағанына американдық басын қалтылдатып қипақтап қалды. Осы жайға сырттай куә болып тұрған Исағали да біртүрлі жайсыз күйге түсті.

«Апым-ай, қонақтан ыңғайсыз болды-ау, жауап бере салса қайтеді?» деп іштей бір ойлап, амалсыз топқа ілесіп алға жүрді. Қонақтар тағы біраз бөлмелерді аралап, қазақтың қолданбалы өнерін, өткен-кеткен тарихына, тұрмыс-салтына қатысты басқада экспонаттарды қызықтады. Тойған қаздай мамырлап басқан Айнаш қыздың соңынан меймандар шұбырып үстіңгі қабатқа көтерілді. Бұл жерде де батырлардың қару-жарак, сауыт-саймандары сақталған экспозицияда Айнаш әдеттегідей жібектей қою шашын серпіп қойып, ағылшынша төгілтіп сөйлеп жатқан. Әлгі ат жақты американдық тыныш тұрмай тағы да бірдене деп сұрақ қойсын. Айнаш сөзін үзе бере ол кісіге бұрылып бір қарады да, тұтығып барып өз әңгімесін жалғап кетті. Американдық блокнотын тұртпектеп, көзін жыптылқтатып қызарактап қалды. Исағали тағы да жерге кірердей бол қысылды.

«Апым-ай, жауап бермей мына қызға не болды? – деп қиналды ішінен. – Жүзінен ізет төгілген қазақтың ибалы қызы сияқты еді, адамша жауап бере салса қайтеді?» Әлгінде ғана жүрегін әлдилеген тәтті сезім сейіліп, біртінде буланып ұшып жатқандай.

Ақыры музейді жақсылап аралап қонақтар шығар есікке бет алған. Атриумда музей басшылары қонақтармен жылышылды қоштасып, сый-сияппаттарын тапсырысып әдемілеп-әсерлеп шығарып салысты. Сол жерде үйіріліп тұрғанда Исағали Айнаштың қасына келіп көңілде қалған түйткіл-ренішін сездірген. «Айналайын Айнаш-ай, бәрін де керемет жақсы

өткіздің, бірақ ана кісінің сұрағына жауап берे салғаның жөн еді» дегенді айтты. Айнаш ағасының ескертпесін мойын-дағанын сездіріп, бір қызарып, бір бозарды.

— Ағай-ай, қайтейін, кешіріңіз, — деді жанары боталап, елжіреген бүлдірген ерні өкпелегендей бұртия қалды. — Мен ағылшынша білмеуші едім.

— Жо-жоқ, керемет жақсы сөйледің, бәрі риза болды, рахмет! — деп Исағали қыздың сөзіне келіспегендік танытты.

— Мен ағылшынша білмеймін, ағай... Білген болсам ол кісіге жауап қайтарар едім ғой. Біз басты экспозициялар, негізгі экспонаттар туралы ағылшын тілінде жаттап аламыз. Жаңа да сол жаттағанымды ғана айтып шықтым.

Мұны естіген Исағали сенерін де, сенбесін де білмей сілейіп тұрып қалды. «Тақиялы бас талайды көреді» деген осы екен-ау деп ойлады іштей. Сосын ыржып күліп жіберді. Айнаш та жасаураған жанарын сұртіп, тәтті жымиды.

— Бутафория! — деді Исағали басқадай ұрымтал сөз аузына тұспей, басын шайқап. — Осы біздің көп шаруамыз бутафория болып бара ма, қалай өзі?.. Бәрі де көзбояу... жалған...

Сөйтті де басын тағы бір шайқап, алыстан келген қонақтарды соңынан ертіп сыртқа бастады.

## ҚАРА ҚҰЙЫН, АҚ КӨЙЛЕК

*Ақселеу Сейдімбекке*

Соғыстан соңғы жоқшылық заман.

Аманжол алтыншыны бітірген жылдың жайма-шуақ жазы болатын. Осы жазда нағашы атасы ауданға барып Аманжолға көйлек сатып әкелген.

Шіркін-ай, көйлек болғанда қандай еді десеңізші! Көз қарықтырған аппак... Ақпанның акша қарындай шытырлап тұр. Етек-жеңі де құйып қойғандай дәп-дәл еді. Иығы да тыртиған денесіне әп-әдемі қона кеткен.

Бұғанға дейін кигенінің бәрі олпы-солпы бірдеңе – түсі қашып, түрі онған ескі-құсқылар болатын. Ғұмыры бүйтіп дүкеннен кім киім сатып алып көрді дейсің... Шеше жесір, ата жарымжан, біреудің тесік-тозығын қанағат қылышп өсіп жатқан жайы бар-ды... Қырық екінің күзінде соғысқа кеткен әкеден сол жылдың қысында-ақ қара қағаз келген. Әкей соғысқа кеткенде бұл Аманжол емшектегі екі айлық бала еken. Содан шеше жазғанға жар қызығын, бұл Аманжолға әке мейірін көруді қатал тағдыр мандайға жазбаса керек. Қайран шеше жалғызына жетімдікті сездірмейін-ақ дейді, бірақ жыртық дүниені қанша жамағанмен бутінделуші ме еді. Көбінде сол жыртықты жамайтын жамауға да қол жетпей қинайды ғой... Жетімдік дегенің ең әуелі үстіге киген киімнен, аяқта сүйреткен кебістен көрініс береді еken. Ақ көйлекке дейін Аманжол кішірейтіп пішіп, қысқартып кесіп, соғыстан қайтқан бір бәкене солдаттың гимнастеркасын үш жыл лекер еткен. Қаншалықты кесіп-пішкеніңмен үлкеннің киімі бала шіркінге қайдан үйлессін: үрген қарындай қолпылдал, болмаса сырғықта шошайған қарақшының шоқпытындай ерепейсіз солпиып тұратын. Әнеу бір жылы шешесі біреудің май сіңген ала гүлді алжапқышын шолтита пішіп шолақ жең көйлек жасап бергені бар. Соғыстан жаралы оралып, елге жете көз жұмған бір жамағайынның сұр шинелін бұктең-бүріп, ықшамдал, қыстың қырауында пальто орнына киіп жүрді. Тағы бір таныстан атасы қалап әкелген әміркен бәтенкені тырпылдатып мінеки төрт жыл сүйреп келеді. Әлі күнге аяғы-

на ілері сол... Шүкіршілік, жазда киіп жарытпаса да, қыс баласында байпақпен, шұлғаумен орап-қымтап іліп жүрге бұл шарқай әбден жарап жатыр.

Сөйтіп жүрген Айсұлтан ойда жоқта аппақ көйлек киіп, бір-ақ күнде жарқырап шыға келді дерсің... Өмірінде дәл өстіп қуанып көрген жоқ шығар, сірә. Ақ көйлекті киген сәтте өзін өуелей үшқан аппақ көбелектей сезініп, мұрны біртурлі жыбырлап кетті. Ақ көйлекті киіп, оның өзінікі екеніне сенерін де, сенбесін де білмей сипаланып тұрған кезде есіне Қанипа қызы тусе қалған. Қанипа – көрші Ошақбай атанаң ерке-тотай кенжесі, Аманжолдың сыныптасы. Есіне түскен бойда жүгіріп сыртқа шығып, Ошақбай үйінің алдын ойқастап екі-үш рет олай-булай жүріп өтті. Үшінші ретте мұны Қанипа да байқап қалған екен, шолжындағы еркелеп мұның қасына жетіп келді. Соңсоң айналшықтап көйлекті шұқылап біраз қызықтаған болды. Матасын байқағансып, Аманжолдың білегін ондырмай шымшып та алды.

– Неткен әдемі! – деді шын таңырқап. – Аппақ қар секілді екен!

Көйлегінің көрші қызға ұнағаны Аманжолды тіпті тебірентіп жіберді.

– Атам сатып әперді! – деп қылқиған мойнын тіктеп, қораздана кекиіп қойды.

Қанипа ақ көйлектің жеңін бір сипады да, үнсіз қалды.

– Дүкеннен... дүкен болғанда ауданнан сатып әкелді, – деді Аманжол көйлегінің қадір-қасиетін үқтыра түскісі келгендей.

Қанипа үнсіз. Өзінің үстіндегі ескірген көк өлеміш көйлегіне бір қарады да, жүзін төмен салып теріс айнала берді. Сол бойда соңына бұрылып қарамастан томпаңдай жүгіріп үйіне қайыра кіріп кетті.

Аманжол ертеңінде де, одан кейінгі күндері де күніне бір уақ ақ көйлегін киіп, Ошақбайдың үйін төңірктеуді шығарды. Қанипа үйден шығып ақ көйлек киген мұнымен тілдеспейінше ата қаздай ойқастап сол маңайда жүріп алатын болды... Осы ауылда сынныптас екеуі ғана. Жастары шамалас болған соң көңілі көбінде Қанипаны іздеп тұрады. Қалған бала – біреулері ересек, мұрындарын шүйіріп мұны менсінбейді, енді біреулері бастауыш сынныптың бұлдіршіндері, мұның тілін үғатын

бірі жоқ. Құз түсे ірілі-ұсақ осы бала біткен қайтқан қаздай шуласын, орталық фермадағы мектепке қарай шұбайды. Өйткені бұл жерде мектеп жоқ, ауыл кішкентай. Туласында, ауыл дейтін, ауыл да жоқ мұнда... Жайлар да емес, ой да емес, Мойынқұмның шалғайында шошайған он шакты малшы үйі ғана. Сол он шакты үй маң даланың әр түсінде бір-бірінен үріккендей оқшау қарайады. Қоғамдасып іргелесе отырса нетті, бір үй мен екіншісінде арасы ел көшкендей. Қыста қара боран ыскырып, жазда қара құйын кезіп жүргені ауыл ішін.

Күнде кие бергесін бе, әлде терден, әлде топырак ұшырған желден Аманжолдың ақ көйлегі бірер күннен соң кірлең қалды. Шешесі кірлеген көйлекті шылапашынға салып, сабының көпіршітіп тап-таза етіп жуып берді. Соңсоң оны сілкіп-сілкіп үй іргесіндегі тұп тобылғының үстіне жая салды.

– Балам, байқап жүр... Көйлегінді бұзау-торпак жалмап кетпесін! – деп ескертіп қойды.

Аспан тұздай көкпеңбек, күн барынша шаңытып тұрған. Талма түстің таңдай кептірер аптабы бел ала бастаған мезгіл. Қайнаған ыстық ауаның әсерінен құба жон, сары белде буалдыр сағым шалқиды. Шілделіктің де шырылы сап тыйылып, тас төбеде шырылдаپ тұрып алатын бозторғай да ізіғайым жоғалған. «Амандық болса, мынадай ыстықта ақ көйлек әп-сәттің арасында дыңғырап кеуіп қалуы тиіс» деген оймен Аманжол көп алысқа ұзамай, тобылғыны торып, көйлегін күзетумен болды. Сөйтіп жүргенде әлдебір көк кесірткенің тобылғыға тырмысып шығып бара жатқанын көзі шалып, жүгіріп келді де әлгі бәлені шыбықпен қағып түсірді.

– Көйлегімді былғамақсың ғой, ә! – деп жерге домалап түскен кесірткені тұртпектеп қойды.

Кесіртке шаң-топырақтың бетімен тарғаяқтап қаша жөнелді. Аманжол айналаны бір шолып, ақ көйлек орнында, былайғы малдың жоқтығын байқап, «қап, бәлем, сені ме» деп көк кесірткені қуып берді. Көк кесіртке шеткергі шымдауыт бір інге жете берген кезде шолтандаған қүйрығын аяғымен баса қалған. Бәрібір кесіртке тырбандай жанталасып, сыр беріп інге кіріп кетті. Қараса – қүйрығы үзіліп сыртта қалып қойыпты. Иіріліп, шоршып жатыр. Аманжолдың есіне атасы айтар бір тәмсіл түсіп, соны тақпақтай жөнелді:

*Алтын басым аман болса,  
Алты күнде тірілем.  
Жез құйрығым аман болса,  
Жеті күнде тірілем.*

Сосын бір кесек таспен ирелендеген құйрықты жаншып бастырып, шаңын бұрқыратып топырақпен қалың етіп көміп таstadtы.

— «Жеті күнде тірілем» дейді екенсің. Ал енді тіріліп көрші! — деді үлкен бір шаруаны тындырғандай бойын тіктеп.

Осылайша өзімен-өзі мәз болып тұрғанда кенет ту сыртынан ысылдаған сұсты бір үнді естіген. Атасы аңыз ғып айтар айдаһар-жылан қыр желкесіне төніп қалғандай шошына жалт қарады.

Жалт қараса, расында да айдаһар-жыланға үқсас, жердің шаңын суыра үйірген бір қара құйын ысылдал жақындаپ қалыпты. Жер мен көкті жалғастырған иір діңгек секілді. Үршықша үйіріліп, жоғарғы басы қайқаңдай көтеріліп, төменгі жағы жер бетін суыра сорып, дүниені алмап-жалмап келеді.

Аманжолдың жүрегі зырқ етті. Зырқ еткені құйынның адам шошырлық құбыжық сұлбасынан емес. Мойынқұмның қара құйыны үйдің түндігін жұлдып, ошақ басындағы ыдыс-аяқты үйіре көтеріп, аксақ-тоқсак тоқты-торымды тырапай асырып домалатып тастарын талай көрген. Қорқып қалғаны — сол алапат бәлекет үй сыртындағы тобылғыға, мұның ақ көйлегіне туралай тартып келеді екен. Ойлануға да мұршасы келмей, жан-дәрмен көйлегіне үмтүлды. Бірақ тобылғыға жетіп үлгірмеді. Қара құйын ысылдал келіп ақ көйлекке бұдан бұрын жетті де, желп еткізіп оны өуелете көтеріп әкетті. Көтеріп әкеткен бойда елпілдетіп-желпілдетіп оны анау шырқау биікте шыркөбелек айналған қара шаңың көмейіне тоғытып жіберді. Сейтті де, мазақ еткендей мың бұратыла ирелендеп, мұның дәл қасынан ысылдай үйтқып өте шықты. Аманжол не істерін білмей бір сәт алақ-жұлақ аспанға қарап абдырап қалды. Сосын-ақ қара құйынның соңынан ышқына үмтүлды-ай дерсің. Шапқан аттан жүйрік қара құйынның соңынан жанұшыра қуып берді. Ойнақ салған қара құйын жеткізер емес, мұнымен қуыспақ ойнағандай бұлтың қағып бірде ана

төбеден, бірде мына төбеден шыға келеді. Қекке әуелеп кеткен ақ көйлегі мұлдем жоқ, құйынның іші қалбалактаған жапырақ пен шөп, бүрқыраған қою шаң. Көйлегін көре алмаса да, жанұшыра қуып келеді. Сәлден соң өкпесі өшіп, жүрегі локсып аузына тығылды. Түкірігі желім татып, көмейін шаң қауып, тынысы тарылып кетті. Бәрібір қара құйынның соңынан безек қағып жүгіре берді.

– Тәте... – деді қиналып, шешесін көмекке шақырған болды. Бірақ қарлыққан даусы өзінен де аспай қалды.

– Тәте, – деді тағы сырыйлай демігіп, бет-аузын термен алас айғыз-айғыз жас жуып кетті. – Менің көйлегім... ақ көйлегім...

Құла дүзге қарай бұрандай қашқан құйынның соңынан жанұшыра жүгіріп келеді, ағыл-тегіл жылап келеді. Ақ көйлектен мәңгі айырылып қаларын ойлағанда жаны шығып кете жаздаپ, аяғы-аяғына тимей ұшып келеді. Жалаңақ табанын үшкір тастың тіліп кеткенін, тілінген жерден қан саулап келе жатқанын сезеді. Бірақ оған аялдауға мұрша жоқ. Құстай ұшып жүгіріп келеді, ағыл-тегіл жылап келеді.

– Тәте, – дейді құмығып, бірақ даусы шықпайды.

Көк аспанға қақшаңдай көтеріліп, шүйкедей созаландаған қара құйынның лебін сезіп келеді. Ышқынып барып бір секірсе көйлегіне қолы ілінердей үміттене үмтүлады.

Ауыл сыртындағы шүбардан тезек теріп жүрген Шағиман шешей қара құйынды бағана көрген... «Бісміллә, бісміллә, бәлекетінен аулак», – деп қолын аластай сілтеп, күбірлеп тұрғанда, құйынның соңынан құстай ұшқан ұлына көзі тұсті. Сол бойда иығындағы тезек толы қапты тастай бере, баласының соңынан жүгірген. Аманжол болса бұл кезде мың бұралып билей қашқан қара құйынмен бірге маң даланың манаураған көкжиегіне де жетіп қалған.

Қара құйынды енді қуып жеттім-ау деген сәтте Аманжол діңкелеп барып омақаса ұшып тұсті. Сол бойда жел құған далаңың қаңбағы секілді бес-алты рет домалап кетті. Сілесі қатып есінен тана құлады.

Не заматта есін жинап, көзін ашса – қасында шешесі отыр. Мұның басын тас қып құшақтап алған, жоқтау айтып зарлаштыр... Зары сай-сүйегінді сырқыратады. Сүм соғысты, сорын

ашпай қойған тағдырын қарғап-сілейді. Боздағым аман болса – жалғыз ұлы бүйтер ме еді, мен жазған өстіп қасіреттен қан құсар ма едім деп зарлайды.

Аманжол шеше құшағынан босанып, ұсті-басын қағып-сілкіп тұрып кетті.

Бұл тұрғанмен Шағиман шешей тұрған жоқ. Сол шәке түсіп тізерлеген күйі алақанымен мандайын тірең, солқылдай жылап отырып қалды. Біреу қайтыс болып кеткендегідей мақамды өуезге салып кәдімгідей жоқтауға басқан.

– Тәте, жыламашы! – деп Аманжол арқасынан құшақтап еді, одан бетер дауыс созып, ағыл-тегіл теңселіп кетті.

Әр жерде қараң-құраң тезек теріп қыбырлаған екі-үш келіншек, ошақ басында қарайып күйбендерген бірер әйел Шағиманның даусын естіп, лезде жиналышп қалысты. Алғашында Шағиманға басу айтып сабырға шақырып, ошарыла қоршап тұр еді, бір кездे олар да ықылышқ атып, қосыла үн шығарып, боздап қоя беріскең... Әйелдердің біреуісі шыт орамалын басынан жұлышп алды да, шашын жайып жіберіп, жоқтауға басып, отыра кетті. Қалған әйел жаңа көргендей бірін-бірі құшақтап, айқай салып көрісіп жатыр. Жастау бір келіншек Шағиманды арқасынан айқара қапсырып, ойбай салып қоя берді.

Улкені бар, жасы бар көп әйелдің аяқ астынан ах ұрып бұлайша азан-қазан болғанын Аманжолдың бірінші көруі еді. Бұл оқыс көріністен шошыңқырап, шегіншектей берді. «Менің көйлегіме бола тәтелердің осыншалышқ бұлінгені несі?» деп алғашында аң-таң. Бірақ байқайды, тәтелері ендігі жерде Аманжолдың бұл арада бар-жоғын мұлдем ұмытқан сияқты. Мынау жыластарының жөні бөлекше, күйзелістері ақ көйлек емес, басқа дүние екенін бала жүрегі сезді... Жылдар бойы көкіректе шер болып жиналған қасірет-нала, тартқан азап, көрген бейнеттері ашы запыран болып бір-ак сәтте лақ етіп ақтарылғандай. Бұғанға дейін қара тастай еңселерін езіп келген қайғы мен шер, қыс ызғар, жаз шаң жұтқызып, мұз арқалап, күл төккізген бейнет-сорасы, жүректі тотияйындағ улап келген өкініш пен күйініш жанартаудай лықсып көз жасымен жуылышп жатқандай. Балғын денесін қайғы күйретіп, құрт жегендей бүгіліп қалған жап-жас келіншектер жар

қызығын көрмей жатып мынау өгей өмір, өксікті тірлікке қалайша тап болғандарына ашынғандай. Құдай басқа салған тайқы мәндай, таз тағдырларын қарғап лағынет айтысқандай. Шыдамның да шекке жетіп, сабыр суының да сарқылған кезі осы сәт шығар... Қасіреттің зары өткен әйел біткен сарнайды, сарнайды да зарлайды. Ауа жетпей алқынып, құса болып өксиді, құңғарене күрсінеді. Жан жарының қазасын жаңа ғана естігендей баршасы бірдей аза тұтысады. Қабырғадан қан ақ-қан, толарсаққа мұз қатқан азапты күндердің, қын-қыстау жылдардың бар қасіреті атқыдай актарылып енді ғана сыртқа шыққандай.

Анадай жерде көлденең деп өтіп бара жатқан Зәкәрия шал ұлардай шулаған қалың әйелді байқап, тор шулағының басын бері бүрған. Көп жақындаған жоқ, не болды деп сұрамады да. Беліндегі орамалының ұшымен көзінің суағарын іліп сұртті де:

– Жетер енді... Доғарыңдар! – деп қарлыға айқай салды. – Мына дүниенің төрт құбыласы сендердің көз жастарыңмен түгенделер болса – баяғыда-ақ түгенделер еді. Барына – қанағат, жоғына салауат етіндер. Доғарыңдар зарлағанды!

Зәкәрия шал солай деді де, шыбындаған тор шулағын бір тебініп, өз жөнімен кете барды.

Әйелдер ықылыш атып өксіп, аһылап-үхілеп күрсінісіп барып жылағандарын да, шулағандарын да тоқтатты.

Қара құйын болса қазалы қалың әйелді мазақ еткендей ойнақ салып көкжиекке сініп бара жатты.

## ДОЛДАШ АҒАЙДЫҢ КІТАПТАРЫ

Қалада тұратын Қабдолданың ауылда тұратын Долдаш деген ағасы бар.

Қара танығандай ғана сауаты болғанымен осы Долдаш ағасы – керемет кітапқұмар кісі. Оқитыны – кілең соғыс туралы кітаптар... Аудан орталығына бара қалса алдымен кітап дүкеніне бас сұқпай көнгілі көншімейді. Дүкенге кірген бойда іздейтіні – соғыс жайындағы жаңа кітаптар. Соғыс болғанда, бертінгі Ұлы Отан соғысы. Сатушы қыз да Долдаш ағайдың осы мінезін әбден біліп алған, соғысқа қатысты жаңа дүние түсे қалса ағайға деп сүрлеп, сақтап қояды.

Долдаш қаладағы Қабдолда інісінің үйіне де қызырыстап екі-үш жылда бір келіп-кетіп жүреді. Келген сайын алдымен қаланың кітап дүкендерін, қаптаған дүңгіршектерді айналған, ауылға бір құшак кітап арқалап кетеді. Бірде, жолы түсіп Мәскеуге бара жатқанында Қабдолдаға да әдейілеп кітап тапсырып жіберген. «Келесі айда Мәскеуге барам депсің ғой, – деп жазыпты хатында. – Сол жақта Михаил Алексеев деген жазушының «Сталинград» деген романы шығыпты. Газеттен оқыдым. Былай салақсып ұмытып кетпей, ағана сол кітапты тауып ала кел». Ағасы солай деп тапсырма берген соң, амал қайсы, Қабдолда сарылып іздең әлгі кітапты тауып әкелген. Тағы бірде Долдекең қалаға меймандалап келіп, Қабдолдадан «үлкен кітапханаға енгізіп жіберуін» сұрағаны бар. Қабдолда ретін тауып, келісімін алғызып, кітапханаға кіргізді. «Кірем де шығам, ертең ауылға қайтармыз» деп отырған ағасы сол кітапханаға шым батып, үш күн бойы шықпай қалған. Қызметке жиналғандай-ақ барын киініп, байлауышын тағызып ертемен кетеді, қас қарада кітапхананы жауып бірақ қайтады. Жеңгей жүр самауырдай бүркүрап, көк көйлекті көптің біріне қолды болғаннан сау ма, мұнысы несі-еї мұның деп. Долдаш ағай ондайда марқа қозының маңырасындағы ғана момақан үнмен «кітап оқыдым» дейді де қояды. Басқадай жауап та, сөз де жоқ.

Үлкен кітапхананың кітабын үйге бергізбейді, оның үстінен қалалық «пропискасы жоқ» ауылдан келген ағайынға кітап сурату, тіпті қын. Амал жоқ, Долдекенің сол жерде тап-

жылмай отырып кітап оқығаны рас та шығар. Бірақ Қабдолда байқайды, ағасының орысшасы оншалықты емес. Амандастып, нан сұрайтын шамада ғана тілі бар. Сонда әлгіндей сүбе қарыс томдарды қалай аударып жүр деп кейде ағасына құдік қылады. Оның үстіне ол кісінің зырлап тұрған жүйріктігі тағы жоқ, буындаپ, жаялық ерні жыбырлап, қинала сыбырлап оқиды. Сейтіп ежіктеген кітабының қайсыбірі оңайлықпен алдырмай, айларға созылып кетеді. Соған қарағанда ағасының бұл істеп жүргені әрекеті көп, берекеті жоқ баянсыздау тірлік екенін Қабдолданың сарайы сезеді. Бірақ көзін ашып жөн сөз айттын, сыр тартайтын десе ағасының көңіліне келе ме деп үн демейді. Мейлі, еркі білсін, зеріккеннен тапқан хобби шығар дейді де қояды.

Сол кітапқұмар ағасынан Қабдолда бірде жеделхат алған. Тұрасында ағасы емес, жеделхатты жеңгесі салыпты. «Аған сырқат. Соңғы кезде төсек тартып қалды. Келіп кетсеңші» деп, әншайінде ауыздыға сөз бермес жорға жеңгесі қысқа ғана қайырыпты.

Ерте көктем еді. Жаз шығып, күн жылына ел жаққа Қабдолда онсыз да жиналышп жүрген. Жылдағы әдеті сол. Жеңгесі де қалалық қара таяқ қайнысының жаз болса жанұясымен ауылға бір соғып, ағасының үйінде ақ ішіп, аунап-қунап қайтатынын билетін. Соны біле тұра шұғыл шақыртып отыр. Тегі, қайыспас қара нардай көретін қайран ағасына шынымен бірдене болған...

Қабдолда жұмыстағы бәкүн-шүкін шаруасын тездетіп реттеді де, келесі күні асығыс жолға шығып кетті.

...Жалғыз ағасы Молдаш соғысқа кеткенде Долдаш небері он жастағы қаршадай бала екен. Молдаш осы Қабдолданың әкесі болатын, жарықтық соғысқа сол кеткеннен қайтпапты. Сталинград түбінде ерлікпен қаза болғаны жайында қыс ішінде тілдей қара қағаз келеді. Бар болғаны сол ғана.

Соғыстың ауыр жылдары. Жеңгесі күні бойы колхоздың қара жұмысында, кешке сүлдесі құрып сүйретіліп үйге әзәр жетіп жүреді. Киген көйлек үсте кепкен кедейшілік кез ғой... Жағдай солай болған соң үй шаруасы Долдаштың мойнына түседі: сиырды саудады, қорадағы төрт-бес қойға қарайлайды, үйге от жағып жылтытады, жазда шөп шауып, қыста қи күрейді. Онымен ғана тынбай, әлі бірге де толмаған Қабдолданы бесікке

бөлейді, астын тазартады, орауын жуып-шаяды, емізеді. Емізе қоятын ол кезде емізік те жоқ, сутті аузына толтырып алыш, бұлдіршінге тілін сорғызып тамақтандырады. Қойдың құйрық майын қосып, жарманы езіп ботқа жасайды. Қабдолда қасыққа үйренгенше сол ботқаны да шым-шымдаپ тілінің ұшымен сорғызып жегізіп жүрді.

Софыс аяқталысымен колхоз әлі бұғанасты қатпаған Долдашты да өзінің қара жұмысына салып жіберген. Соғыстан соңғы көтерем ел, тұралаған шаруашылық, жұмыс қолы жетіспейді... Содан жеңгесі кенеттен қаза болып кеткенге дейін колхоздың қаймалысқан кәкір-шүкір шаруасынан көз ашқан жоқ. Ұстада көрікші болды, көмір тасып, қар күреді, мал күзетті, кейін тракторшының көмекшісі болды. Сөйтіп жүргенде, қырқыншы жылдардың соңындағы қатты бір қыста боранға қалып, қос өкпесі қабынып жеңгесі дүние салды. Долдаш ол кезде он жетіге толса да, бұл жағдай жығылғанға жұдырық бол қын тиді. Тұлдай жетім қалған Қабдолданы содан былай қолынан жетектеп жүріп өзі оқытып, өзі асырап жеткізді. Қабдолда үшін Долдашты өскерден де қалдырды. Өстіп жүріп үйленудің де қиуын келтіре алмай ұзақ уақыт бойдақ жүріп, отызға іліне бас құрады.

Содан кейінгі өмірінің баршасы темір трактордың үстінде етті. Қыстың қырауында мұз жастанып, қар төсеніп малшыларға шанамен жем-шөп тасыды, қалың қарда жол аршып, отын сүйреді. Жаз бойы тағы да тыным жоқ, пар айдайды, егін себеді, астық орады, шөп шабады, сосын тағы да күн-тұн демей жер жыртады. Әйтеуір дамыл бермес арпалысқан тіршілік болды...

«Күн түссе көлеңкеде де өрік өседі» деген. Ағасының саясында Қабдолда, шүкіршілік, ел айтқандай жетімдікті сезген жоқ. Не кием, не ішем демеді, бәрі дайын, бәрі алдында. «Қарағым, тек оқуынды жаксы оқысан болды», – дейді ағасы. Осылай деген Долдекенің өзі бірдеңеге қолы жетіп, шырт түкіріп отырса бір сәрі ғой... Өзі де балалы-шағалы, бірінен тартса біріне жетпей жатқан жоқшылық заман. Әрине, жалғыз ағасының жағдайын көріп-біліп жүрген Қабдолда да жетесіз болған жоқ, ерте есейіп, өжет бол өсті. Жасынан ширап, таралғыдай тартылып алды.

Мектепті бітірген бойда ағасы қаражатын қалтасына салып, Қабдолданы қайқайтып қалаға қоя берген. Абырой болғанда, Қабдолда да ағасын артық қинамай, оқуға сол жылы түсіп кеткен. Бұл бір Құдайдың өзі қолдаған үлкен қуаныштардың басы болды. Долдекең бесінші курсқа барған күзде інісін үйлендіріп, қаладағы бір асханада ұлан-асыр той жасап берді. Сөйтті де ертеңінде өлмелі бір кемпірдің жалғыз бөлмелі жыртық «времянкасына» бөлек шығарып, «енди мынау қалаға судай сіңіп, тастай батыңдар» деді де, өзі ауылға тартып отырды. Осылайша ағасы елде, Қабдолда болса зерлі қара көзілдірік киіп, қара мұрт қойып қалада қала берген. Сол жылы оқуларын ойдағыдай бітірісіп, сәті түсіп келіншегі екеуі де жұмысқа орналасты. Балалы-шағалы болысты, кейін қаланың ортасын ойып тұрып самаладай жарқыраған жаңа пәтер алысты. Былайша айтқанда, біреуден ілгері, біреуден кейін қалт-құлт ел қатарлы өмір сүріп кетісті. Қарап отырсаныз – содан бері де сарқырап талай су ағып, жылжып талай жылдар өткен екен.

Шүкіршілік, бұгінде ел де етегін жауып, еңсесін көтергендей халде. Көп сөзге жоқ, көрі қойдай тартыншақ Долдаш ағасы да ердің жасы елуден асып, қазірде дөңгеленіп қарны шыққан, қабағы қалың тартқан кейіпте. Ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырған, олар да жеке-дара бір өulet. Соған қарамай «інім» десе аға жазғанның өлі күнге жаны жоқ, ботадай елпілдеп тұрғаны. Інісінің ауылға айналып жылына бір соққанын місе тұттайды, қарадай іздең, сағынып жүреді. Айбақтап, айғыздап айына бір хат жазып тұрады. Ағасының екі-үш хатына Қабдолда шолақ қайырып жалғыз хатпен жауап беріп құтылады. «Жұмыстан қолың тимейді, білемін, бәрібір біздің сәлемді қабылда» деп елдегі өзгерістерді, ауыл жаңалығын, көрші-қолаң, мал-жаннның амандығын тәптіштеп тізіп жібереді. Әр хатының соңын «соғыс жайындағы жаңа бір кітап көзіңе түссе байқай жүр» деп ескертумен аяқтайды. Қызмет бабындағы адамның кітап қарауға уақыты болушы ма еді, Қабдолда аға тілегін көбінде ескерусіз, жауапсыз қалдырады. Рас, кейде, ыңғайы келіп кітап дүкеніне кіре қалса, соғыс жайында кітапты іздестірген де болады. Әншейін ағасының көңілі үшін ғана. Баяғыда бір-екі рет посылкамен төрт-бес

кітаптан салып жібергені есінде. Әйтпесе арнайы кітап ізденеп дүкенге бас сұққан емес.

Сөйткен ағасы аяқ астынан шақыртып жатыр... Темірдей тірегі, қарқарадай қара тауы бар сияқты жүруші еді. Сол тірегі тітіреп, тауы шайқалып кеткендей күйге түсті Қабдолда. Әйтпесе қартайып тұрғаны шамалы, қайрат-сөлі бойында, айдың-күннің аманында не жетті дейсің ағасына... Жеделхатқа қарағанда былайғы ыңқыл-сыңқыл емес, шынымен бір қын жағдай болған.

Қабдолда жол бойы көңілі ширығып мазасыз күйге түсті. Долдаш ағасын ойлап, жүрек шіркін мейіріммен тебіренеді, сағынышпен толқиды. Жалғыз ағасының өзі үшін қашалықты қымбат екендігі санаына енді ғана жетіп, ішкі өзегі қанттай еріп салды... Ағасының шын қадірін енді ұққанын қарашы. «Аға – бор, іні – тас» деген, тегі, осы шығар. Аға емес, жетімдікті сездірмей, еңсесін ездірмей қорғашташ өсірген әкесі екен той мұның. Әкесі болмаса да, әке орнын жоқтатпаған жарық жалғандағы жалғыз туысы екен. Бұл өмірде ойлағаны оцынан шығып, үмітті үлеске, сыйлы сыбағаға қолы жеткендей болса – соның бәрі осы Долдаш ағасының арқасында болты. Тірнектеп жинап, тырнақташ құрап жүріп мұны қатарынан қалдырмай аман-есен ел қылды. Әйтеуір өзі көксеп жете алмаған, көкіректе қайнаған арман-мұңың баршасын жалғыз інісіне үміттегені анық.

Бұлар да әлдеқашан өз қолдары өздеріне жетіп, үйлі-баранды болса да, бәрібір аға шылауынан шыға қоймапты. Басқасын былай қойғанда, жылдық бір соғымды Қабдолдаға қалаға жеткізіп беру үйреншікті әдетке айналып кеткелі қашан... Өзі қасынбағанның айызы қанушы ма еді? Жылдар өте соның бәрін ағасы жасауға міндеттідей саналарында бір мещандық ахуал қалыптасып кеткен. Іргесі бөтен болса да, інісінің сол еркелігінің бәріне ағасы көніп келеді, көтеріп келеді. Дархан жүрек осындай ағадан қайтіп қана айналмассың мұндайда?!

Ойы түскір сан-сапалақ ширышықталып, сары уайымды сапырып Қабдолда ауылға да жеткен.

Долдаш ағасы расында да қатты ауырып, ондырмай құлапты. Соңғы кезде көбейіп бара жатқан шет жүрттық қайсыбір тұмауды аяғымен көтеріп, ақыры әлгі бәлені асқындырып,

аудандағы ауруханаға түсіпті. Содан көлдененнен жабысқан дерте жүрекке шауып, қын бол бара жатқан соң, әлдекандай қауіп қылыш інісін шақыртқан екен.

Қабдолда келгенде ағасы басын қалқитып ауруханадан үйге шығыпты. Жазылып кеткені шамалы сияқты, бадамдай бағылан денесі суалып, ине жұтқандай бүкшип қалышты. Дөңгеленген күрең жүзі қуарынқырап, көктен қырынбаған сақалмұрты сепсисіп бозжағал тартыпты. Құрк-құрк жөтеліп, әлсін әлсін жүрегін ұстап деміге береді.

— Жұмысынан қалдырдым-ау сені! — деп інісінен кешірім өтінгендей болды.

— Ештеңе етпес.

— Фұмыры аурухана дегенді білмеп едім, оны да көріп қайтым, — деді ағасы.

— Ағаң аурухананың ғана емес, о дүниенің есігін көріп қайты, — деп тегенедей төңкерілген жеңгесі сығымдал көзіне жас алды.

Қара нардай қайрат иесінің қарадай мұсәпір бол қалғаны, осыншалық морт сынғаны біртүрлі аянышты еді. Қабдолда ағасының қадіріне енді жеткенін сезініп, бұл жолы екеуі ұзак-ұзак сырласты. Ағасы басына қабаттап жастық салып төсекте, бұл болса орындық қойып етектесе қасында отыр. Осылайша екеуі тұннің бір уағына дейін шер тарқатып, жырдай созып әңгіме соқты. Сабарман мінез көрсетіп, ағамсынып әңгіме бастаушы — Долдекен, Қабдолда болса — ізетті шәкірт, үйшындаушы.

Бар өмірімді сені асырап жеткізуге арнадым, соғыста өлген ағамның аманатын орындағым дегенді сездірді Долдаш ағасы. Інісінің үлкен азамат, шен алыш, шекпен кигендей қалалық қызметкер болғанын, оның да үл өсіріп, қыз мәпелеп отырғанын көз қуаныш ететінін байқатты.

— Бір есептен келгенің де жөн болды, өзінді сағынып жүр едім, — деп күрсініп қойды.

Қабдолданың бір таңғалғаны — Долдекен қырық жыл бұрын соғыста өлген ағасын қайта-қайта ауызға алыш, дұғадай қайталай бергені болды. Қайран ағай азаматтың бозтайлағы еді деп күніренеді. Маңдайымнан сипаған алақанының табын өлі күнге сеземін дейді. Түйікқа тіреліп, қиналған сәт-

терде әкемдей болған ағамның ыстық мейірі қашанда қуат беретін. Жыласам уатып, тоңсам жылдытқандай болатын дейді. Кейінгі өмір мені маңдайымнан сипап көрген жоқ, ашының да, тұщының да дәмін бір кісідей таттық. Сондайда ылғи да аға рухы бірге қасымда жүрді. Қазір де аруағымен жебеп, екеуіміздің әңгімемізді үнсіз бір шетте тыңдалап тұрғандай сезінемін дейді.

Үш сыныптық қана білімі бар, ғұмыр бойы тұздің шор аяқ тірлігімен от басында сарылған ағасына Қабдолда нендей уәж айтсын? Бұл әңгімесін немқұрайды бас шүлғумен құлағынан асырып жіберген.

Үш сыныптық білімі бар деп жүрген Долдаш ағасының жинаған кітаптары сервантқа толып қалыпты. Бұрындары келіп-кетіп жүргенде бұл кітаптарды балалардың оқулығы шығар деп көніл қоймаушы еді, енді байқаса кілең соғыс туралы кітаптар екен. Қызылды-жасылды, алалы-қаралы, қазқатар тізіліп тұра қапты. Ағасының өмір бойы тірнектеп жинаған рухани қазынасы тегі осы секілді.

Қабдолда ерінбей-жалықпай сөредегі кітаптарды санағандай бір-бірлеп ақтарып шықты. Қебісі орысша, ішінара қазақша кітаптар да кездесті. Бірер қолбасшының естелік-мемуарлары, «Ұлы Отан соғысының тарихы» атты үлкен екі томдықтан басқасы түгелге жуық көркем шығармалар екен. Қабдолда олардың ішінен өзінің баяғыда Мәскеуден жіберген жалғыз кітабын ғана тапты. Басқадай сәлемдемелері әжетке жарамай қалған ба, бұл арада көрінбеді.

Деп тұрғанда, Қабдолда тағы бір қызыққа қайран қалды...

Кітаптардың баршасы Сталинград майданы туралы екен. Диссертация қорғайын деп жүрген аспиранттай, Долдекең тек Сталинград жайындағы кітаптарды жинай беріпті ғой... Апрым-ай, ағайдың бұнысы несі екен?

– Бірінде болмаса бірінде сенің әкен, менің ағам Молдаштың аты кездесер ме екен деп көп іздедім. Бірақ әлі күнге таба алмадым, – деп жауап берді ағасы бұл сұраққа.

Мұны естіген Қабдолданың қияқ мұрты қисайып, көзілдірігі сусып тұсіп кетті.

– Үйбай, аға... бұлар көркем шығармалар емес пе?! – деді тілі құрғыр тұтығып.

Төмен қарап тұқырайған ағасы макұлдағандай басын изеді.

– Мейлі ғой, – деді түңілгендей сыңаймен. – Бәрін-ақ сүзіп шыққандай болдым, бәрібір кездестіре алмадым... Қара қағаздың ерлікпен қаза тапты деп келгені есімде. Ондай ерлікпен қаза болғандардан бір белгі, із қалуы тиіс еді.

Қабдолда иығын қиқандатып, басын шайқады. Сосын самсаған көп кітапты алақанымен бір сипай өтті де:

– Аға, сіз қызықсыз... мыналардың көбісі – көркем шығармалар, – деді тағы да қайталап. – Ал көркем шығармаларда адам аттарын жазушы ойдан шығарады. Кітаптағы оқиғаларды да жазушы өзінің қиялымен қиыстырып жазады...

Долдаш ағасы басын әнтек көтеріп, Қабдолдаға кіртиген сулы жанарын жалт еткізді.

– Оттапсың! – деді, аузынан түкірігі шашырап кетті. Даусы да шәулі бүркіттей шаңқ ете қалды.

Інісіне алғаш дауыс көтерді.

Содан жатқан жерінде қыстыға жөтеліп, аузын басып ары қарай аунап түсті.

Қабдолда не айтарын білмей үртү жыбырлап меңрейді де қалды.

Аздан соң ағасы аяғын төсектен түсіріп, созаландап барып орнынан тұрып кетті.

– «Қиял» дейді... қайдағы қиял? Ол жерде қырғын болған. Әкең де сол қасапқа түсіп мерт болды. Қиялы несі мұның?!

Осы сөздерді айтқанға қиналып шаршап қалғандай. Тағы да ауа жетпей жүрегі алқынып, күрк-күрк жөтеліп алды.

Соншалықты осы мен нені бұлдірдім дегендей Қабдолда аңтаң.

– Оттапсың... – деді ағасы демігіп. Бірақ бұл жолғы үнінде зіл байқалмады.

Тілсіз қалған осы бір сәтте Қабдолданың да санасына бір сәуле түскендей болған. Ағат кеткенін енді ғана үққандай. Аузына акталар сөз түспей, төсекте бүкшиіп отырған ағасының арқасынан еркелеп құшақтай берді.

Қалай болғанда да әлгі сөз аға көңіліне қатты тиген сияқты. Долдекең қайтып үндерген жок, басын изеп «бара бер» дегендей інісіне ишарат жасады да, төсегіне жантайып

жатып қалды. Айтар сөз таба алмай Қабдолда ағасының қасында қипақтап аз-кем тұрды да, есікке бұрылды.

Жолдан шаршағандығы бар, оның үстіне тұн ортасы ауған мезгіл, дем алмаққа өз бөлмесіне барып қисайды. Ағасының бөлмесіндегі жарықты сөндіріп шығып еді, аздан соң оның сырт етіп қайта жанғанын естіді. Тегі сыртқа шықпақшы ғой деді де қойды. Бірақ ағасы сыртқа шыққан жоқ. Оны да біраз уақыт байқап жатты. Ағайды ренжітіп алдым-ау деп көнілі қабарып, іші-бауыры елжіреп аландал жатқанда көзі ілініп кетіпті. Алаң көніл қашанда құс үйқы ғой, не заматта шошып оянып, біреу шымшып алғандай атып тұрды.

Сібірлеп терезеден таң қылаң беріпті, бөлме іші буалдыр. Долдекенің бөлмесі жақта жарық өлі жанып тұр, бірақ ешқандай үн шықпайды, тым-тырыс.

Қабдолда жалаң аяқ башпайының ұшымен басып, ағасының бөлмесінің есігін жайлап ашты.

Бір Аллағасынып жүрегі аузына тығылып қорқып-ақ келіп еді... Қос жанары жасаурап Жаратқан Иесіне жалбарынып-ақ келіп еді.

Иә, тәубе, Долдаш ағасы танауы делдиіп, шалқасынан түсіп быр-быр үйықтап жатыр екен. Бала секілді жүзінен қуаныш есіп, үйқысы тіпті тәтті. Әлдебір қалыңдау кітапты кеудесіне қыса құшақтап алыпты... Кітап оқып жатып үйықтап кеткен ғой.

Қасындағы орындықтың үстінде де шашылып төрт-бес кітап жатыр.

Бәрі де Сталинград майданы туралы кітаптар..

## «ОБЛАВА»

Айсұлтан жастар газетінің облыстағы меншікті тілшісі еді. Проблемалық мақалалар мен көлдей-көлдей очерктерді, көркем әңгіме-повестерді бүркүратып жазып, ел назарына іліне бастаған бұла кезі. Келешекке тай сойғандай талаппен, тас бұзғандай тәуекелмен теткіп жүрген албырт шағы. Әйтсе де, өзірге бәрі бұлыңғыр, қарлығаш арман қанат қағып қай биікке самғатады, қай тәбеле қонғызады – ол жағын болжап-білу қыын-ды. Деп өсерде жүргенде, асық ұтыс заман-ай десеңші, Айсұлтанның көктен сұраған тілегін жерден бере салған... Аяқ астынан Алматыға қызметке шақырылды. Қызмет болғанда қандай десеңізші?!. Көптен көксеп жүрген жастар газетінің орталық аппараты емес, оған шақыртса да, Айсұлтан үшін үлкен қуаныш қой... Республикалық партиялық газеттің өзіне, айбыны зор аға газеттің редакциясына жұмысқа шақыртты.

– Аяқ алысыңызды біраздан байқап жүрміз. Талабыңыз бар, – деді Жапекең. – Аппаратқа келініз, әдебиет бөлімін қолыңызға алыңыз... Үш айға шыдасаңыз – пәтер мәселенізді де шешіп қалармыз.

Жапекең деп отырғаны – Жаппар Байтасов. Аға газеттің бас редакторы, яғни бірінші басшысы. Партия орталық комитетінің білдій мүшесі, жоғарғы кеңестің айтулы депутаты. Былайша айтқанда, түкірігі жерге түспейтін, азын айға білеғен дәкейінің нағыз өзі. Алапаты артық, айбары басым кісі.

Былайғы ағайын қызды-қыздымен Айсұлтанды «таланттысың» деп мақтап жататын. «Сен дарынсың» деген қолпаш сөзге де құлак шіркін үйрене бастаған. Солай бола тұра, Жапекеңнің дуалы ауынан шыққан «талабыңыз бар» деген жалғыз сөз – Айсұлтан үшін үлкен бағадай естілген. Бұл сөздің астарынан сол сөтте өзінің жарқын болашағы жарқ еткендей болған. Дәкей басшының тарарапынан келер күнгі аялы қамқорлықты да аңғарып, шоң ағаның ақ батасын алғандай күй кешкен.

Ал «бөлімді қолыңа ал» деуі – бөлім меңгерушісі боласың дегені ғой. Мұны естігенде Айсұлтанның жүрегі лықсып көмейіне тығылды. Өйткені, жастар газетінің елдегі тілшісі мынау үлкен газеттің аппаратына қатардағы қызметкер болып

келсе де зор қуаныш, қызмет бабында шарықтап өскендік. Енді міне, Жапекеңнің «бөлім меңгерушісі» дегендей тосын ұсынысты айтып отырғаны мынау. Қайталап сұраса бәтшағарың айнып жүрер деп қауіп қылып Айсұлтан үнсіз қалды.

Жапекеңнің қара былғары креслосына шалқайып, айрықша маңғазданып, жарқыраған алтын тістерінің арасынан сағыздай созып сөйлегені болмаса – осының бәрі сәттік қана мезет болатын. Сол сәттік мезеттің түйінінде атын айтса жылаған бала уанатын бастықтың «үй мәселесін де шешіп қалармыз» дегенін естігенде... Айсұлтанның қан қысымы басына шапшыды. Гипертония дегенді естігенмен білмейтін кезі, сейте тұра қан қысымының миын жарып жіберердей болғанын анық сезді. «Ұш ай шыдасаң» дейді, үй дегенің қолында тұрған мықты ғой, тегі кезекті үйдің құрылсыы сол ұш айдан соң бітпек шығар. Елден келген Айсұлтандай жалаңаяқ пақырға ұш ай емес, ұш жыл күт десе де төбесі көкке жетпей ме?!

Мінеки, өмірінің бастауында өстіп Айсұлтанның айы оцынан, жұлдызы солынан туып, арман еткен аңсарына кенеттен кенеліп сала берді... Айналайын өмір-ай, мен саған өлердей ғашықпын дейді көніл құрғыры бұлың-бұлың алыш-ұшып. Айналайын компартия, сенен асқан қамқор жоқ, сенен асқан дана болмас дейді ет-жүрегі елжіреп. Ал Жапекем десе енесін аңсаған ботадай елпілдеп, көзіне ыстық жас үйірілетін халге жетті.

\* \* \*

Сонымен, бала-шағаны уақытша елде қалдыра тұрып, Айсұлтан лауазымды жаңа қызметіне барша ықылас-ниетімен алаңсыз кірісіп кеткен. Бала-шаға дегенде – іркес-тіркес өмірге келген бір ұл, бір қызы бар-ды. Екеуі де былдыр-былдыр сөйлеген бұлдіршіндер, әйелі болса – дәрігер. Балалардың екеуі де өзірге әке-шешенің қолында. Үлкендері ұл еді, ата дәстүрі бойынша ол баяғыда Айсұлтанның әке-шешесінің меншігіне өтіп, «атасының баласы» болып кеткен. Қайткенменде ана ғой, Орынтай бірде ауылға барғанда еміреніп, баласын бауырына басып, «құлыным» деп қапты. Онысын байқап қалған атасы айқай шығарып, ерін бауырына алыш тулағаны бар...

«Келмендер ендігөрі!» деп бұларды үйден түре қуған. Әйтеуір шешейдің тәк-тәк сабырымен өзөр тоқтасты.

Сөйтіп, бала дегенде бұларда қазір жалғыз қыз бар десе де болғандай еді. Соңғы бір жылдан бері ол да ауылда, үлкендердің қолында. Оның да Айсұлтан мен Орынтайға қаншалықты бала боп жарытары белгісіз. Үлкендерге мұлдем бауыр басып, туған әке-шешесін танымай кете ме деп те құдік қылады.

Әрине, Айсұлтанның Алматыға қызмет ауыстырыған жаңалығына әйелі балаша қуанды. Оқып-тоқығаны бар, жоғары білімді қай әйел жарқыраған астанада тұрғысы келмейді дейсіз? «Мен де жиналам...» деп жүлқынып еді, «үшайға шыдасаңшы» деп Айсұлтан әйелін өзөр тоқтатты. Қазір қоңыр салқын күз кезі, қыс ызғары да іргеде, өзіне де дайын тұрған жұмыс жок, күткенің жөн деді. «Бәлкім Жаңа жылды жаңа пәтерде қарсы алармыз» деп әйелінің күпті көңілін жұбатқан болды.

Осылайша Айсұлтанның жаңа қызметтегі бұрылуға мұрсат бермейтін қызыққа толы қымқуыт күндері басталды да кетті. Біреулер айтып жатады: «Қызмет – қолдың кірі» деп. Садағам кетсін сол айтқандар... Бұлай дейтіндер – сол қызметке қолы жетпей жүргендер болар, тегі. Әйтпесе тәуір қызмет азаматтың көңілін өсіріп, мерейін арттырмай ма? Дос бар, дұшпан бар дегендей, беделіңің биқте, абыройыңың аспанда болғанына не жетсін? Жаңа қызметке келгелі Айсұлтанның да көңілі асып, мерейі тасып журді. Жап-жас басымен аға газеттің білдей бір бөлімінің менгерушісі. Бүкіл елдің әдебиеті бар, мәдениеті бар дегендей, баршасының проблемаларын көтеріп, өткір-өткір мақалалар жазуға кірісті. Бас толы идея, бойда буырқанған қуат, көкірек шіркін алыш-ұшып беймәлім көкжиектерге асықтырады.

Арада зымырап бір ай өте шықты.

Партиялық аға газеттің аппаратында, өңшең бір атағы жер жарған мықтылардың ішінде жұмыс істеу қындау екен. Бірде газет редакторының бірінші орынбасары Балтекең – Балтабай Қасымбекұлы кезекті «лездемеде» әдебиет бөлімінен дайындалған бірер материалды «сойып салды». Қатқыл сөйлеп қатты кетті... «Жаңтар газетінің жеңілtek буымен желпінгенде доғарындар, болмас шаруаны, бос қиялды қысқартындар. Оқырманды да, өздерінді де қысыр сиырдың уызынан дәме-

лендіргенді тоқтатындар», – деді. Деді де қарындашпен қара үстелді тақ еткізді. Онымен де қоймай: «Бұдан былай айға қарап ауыз білегендеріңді көрмейтін болайын», – деп сөзінің соңын бас шайқаумен бітірді.

Ол кісінің үстелді тақ еткізгені қатты ескерткені екен. Былайша айтқанда, бұл жағдай енді қайталанса – өз обалдарың өздеріңде деп айдындағаны.

Балтекең сөйлегенде әншнейінде сөзге көсем, тілге шешен былайғы ағайын ауыздарына құм құйғандай үнсіз қалысқан. Шар айнасы шалқасынан шатақ кісі деп бәрі де сескенетін сияқты.

Балтекеңнің алғашқыда жай орынбасар, содан кейін бірінші орынбасар болғанына да көп жылдың жүзі болыпты. Газеттің бірінші бастығы бірінен соң бірі ауысып жатса да, Балтабек ағамыз міз бақпай қашанда орнында қала береді екен. Жұрттың сөзіне қарағанда, ол кісі бұл газетке уыздай жас студент кезінде келіпті. Содан қызметін қарапайым корректорлықтан бастап, біртіндең сатылап өсіп, төбесімен көк тіреген қазіргі дәрежесіне жетіпті деседі. Яғни, газеттің «кухнясын» ішінен де, сыртынан да жатқа білетін майталман. Тоғыз амалы, тоқсан тоғыз бұқтырмасы бар жытқыр маман. Маман ғана емес, сақарға салған сүйектей түсін де, ішін де бермейтін мықты бастық. Содан да болар, мұндағы жігіттер ол кісіні сыртынан «сүр кардинал» деп айдар тағысыпты. Ал «сүр кардинал» соңыңа түссе инквизициядан бетер, түбіне жетпей тынбайды деседі тағы да сол білгіштер.

Әріптері Айсұлтанды Жапекеңнің, яғни үлкен бастықтың адамы санайтын. Расында да алыстан арнайы шақырып, осы жұмысқа орналастырған сол кісі ғой. Қатардағы қызмет емес, бастықтық лауазым берді. Көздері жоқ емес, осының бәрін ол қулар саусактарын бүгіп санап отыр. Іштей сонысын малданып, «Көсеу ұзын болса, қол күймес» деуші еді, бекер бол шықты. Өкшебасар орынбасары жиналыста мұның «кадрын сойып» жатқанда ләм деп арашаға сөз айтпады ғой... Аузына су толтырып алғандай-ақ жақ ашпай қалды. «Жас қой, тәжірибесі жетпей жатқан шығар» десе де, амалдыққа жетер еді. Өйтпеді. Тым болмаса қабағын көтеріп, Айсұлтан жаққа көз де салмады.

ғой. Не керек, ол кісі партиялық принципшілдіктің, сын мен өзара сынның көкесін көрсетті.

Өзін сыйлайтын әр мекеме сияқты бұл газетте де үш бастық бар. Үшіншісі – Сартаев Айтан, редактордың орынбасары, домаланған тоқаш сары жігіт еді. Өз жұмысына ұқыпты, қақсоқпен ісі жоқ, біртоға адам. Айсұлтан алғаш жұмысқа кірісken күні үлкен басымен өзі келіп құттықтап, жерлес ағасы екенін айттып, он шырай танытқан.

Енді, міне, Балтекенің қатқыл мінез, қatal сыннына ұшырап, абдырап отырған Айсұлтан араша тілегендей көзінің астымен Айтан ағасына қарап еді. Қайран қалды. Тап бір бұл үшін өзі үятқа қалғандай, сарғыш жүзі алабұртып, құлағының ұшына дейін қызыарып кетіпті. «Әй, бала-ай, байқамайсың ба?!» деп мұны жазғыратын сияқты.

Жеме-жемге келгенде үлкен бастықтан да, кіші бастықтан да қайыр болмасын ұғып, Айсұлтан «сұр кардиналдың» кәрінен қашып, сақ жүруді үйғарды. Сақтанбай қайтсін, амандық болса бір-екі айдан соң үй алуы тиіс, елден әйел, бала-шағасын жинап әкеліп, астанада бұл да ел қатарлы өмір сүргісі келеді.

Сол бойда Балтекең айтқан сын-ескертпелерден қорытынды шығаруға тырысып, жұмысының бағыты мен бағамына өзгерістер енгізуге ұмтылды. Бірақ, құрғыры шығармашылық жұмыста ондайдың бәрін бірден өзгертіп, мінеки деп көрсете де алмайды екенсің. Қалай десен де, екшеп сөйлеп, емеурінмен ұқтыратын аға газеттің ауыздығы Айсұлтанға оңай соқпады.

Алматы күзінің арқа жылдытар шуақты күндері мол ғой. Сондай жайма-шуақ күндердің бірінде Айсұлтан мойнындағы галстугін лақтырып тастап, жағасы жайлауда коридорда кетіп бара жатқан. Қайдан шыққаны белгісіз, қарсыдан дуадақтың еркегіндей қаздырып Балтекең ұшыраса кетсін.

– Сіз өзіңіздің қай мекемеде істеп жүргенізді ұмытып қалған екенсіз! – деп шүйлікті. – Ұмытсаныз есіңізге түсірейін: бұл жер – ЦК-ның органы, партиялық мекеме. Шырағым, ендігәрі сіздің галстуксіз жүргенізді көрмейтін болайын! – деді.

Жарлық қатты, жан тәтті, содан кейін Айсұлтан қылғынып өліп бара жатса галстугін шешпейтін болған. Не де болса, үй алғанша бәріне шыдау керек.

Арада жылжып тағы бір ай өтті.

Бірде Жапекең іссапарға жолаушылап кетті де, газеттің макетін Балтекең өзі қарайтын болды. Оқылатын материалдың көпшілігін Айсұлтанның бөлімі ұсынады. Қайткенмен де әдебиет деген аты бар емес пе, очерк, публицистика, өлең, әңгіме, эссе сияқты жанрлар шама-шарқынша қамтылып жатады. Кезекті нөмірге көсіле жазылған тағы бір сондай материалды жоспарлап еді, макеттен ұшып кетіпті. Сол кеште макеттің қорытынды талқылауына Айсұлтан арнайы қатысып:

- Балтеке! – деп түсіп қалған материалын бастыққа қарай жылжытып қойды.
- Шырактарым, арғынның материалын қайта-қайта тықпалағанды қойсандаршы! – деп Балтекең оны кері итеріп тастады.

Айсұлтан не істерін білмей, аузын ашып абдырап қалды. Іле есін жиынпі:

– Балтеке, бұл – арғын емес, Дитюк туралы материал, Еңбек Ері туралы очерк! – деді. Даусы ашылау шығып кетті білем, күргейлей отырған әріптестері екеуіне үдіре耶 қалысты.

Балтекең қолындағы қаламын тастай берे, қос шықшытын алақанымен қысып, қабағын көтерместен ауыр ойға батып азкем үнсіз отырып қалды.

– Апырым-ай, жастар-ай!.. – деді сосын шаршағандай сыңай танытып. – Апырым-ай, жастар-ай, сөз төркінін танымай жатып шаужайға жармасатындарың-ай! «Арғын» десем – байтак еліміздің арғындар қоныс еткен өнірін айтқаным болар. Сол Арқадан бұл нөмірге бес материал кетіп барады. Мынаны алтыншы етіп тықпалап отырсындар. Арқадан басқа өнірді де ескерсендер етті! Бұл республикалық газет қой!

Балтекең айтар сөзін Айсұлтанға емес, отырған көпшілікке арнап айтқандай еді.

Айсұлтан қысыла қызарактап кешірім сұрады да, сол бойда бөлмеден шыға жөнелді.

– Сүр кардинал сені енді құртады! – десті бұл әңгімеге куә болғандар.

Сонымен, «қашан мені құртар екен» деп ойлап қойып, қойдан жуас, қозыдан момын кейіпте жүріп жатты. Көңілі күпті. Құні кеше ғана армандай асықтырған келешегі бірде көмескі, бірде бұлт басқандай бұлың-бұлың етеді. Үйден де үміт бірде

үзіліп, бірде жалғанып, алаң көнілмен күнделікті жұмысын амалсыз атқаруға мойын ұсынғандай.

Сөйтіп жүргенде, тағдырың жазуына не шара, онсыз да берекесіз тірлігі тағы бір бәлеге душар болғанын қайтерсің!

Фарида атты кереметтей көркем қызға құлап түскені...

Әрине, елде Құдай қосқан қосағының барын, тәй-тәй басқан қос құлыншағының барын ұмыта қойған жоқ. Оның үстіне жас коммунист екені де жадында. Коммунистік партияның толық мүшесі болмаса да, мүшелікке кандидат. Алла жазса, алдағы көктемде мүшелікке толықтай өтуді жоспарладап жүр. Яғни, өз әйелің тұрғанда бөтен қызға ғашық болу, өзі еңбек етіп жүрген газеттің тілімен айтқанда, коммунистік моральға әсте сыйыспайтынын, әсіресе коммунизм құрылышсызының моральдық кодексіне мұлдем жат қылышқа екенін жақсы білді.

Сөйте тұра, ең бастысы соның бәрін біле тұра, ұға тұра Фарида қызды есіне алса болды, дегбірі қалмай ет жүрегі елбіреп қоя беретінді шығарды.

Бұған не дерсің енді?!

Ертеңгі тағдырым не болар деп ала қөніл болып жүргенде бұл жағдай мешелге жөтел болып қосылды...

«Ғашықтық жөні бір басқа» деп «Қыз Жібекте» тегін айтпаса керек. Бұл Айсұлтан Құдай қосқан қосағы Орынтайға да ғашық болған шығар. Ғашық болмаса – біреу күштеп үйлендірген жоқ қой бұларды. Яғни, арада бір сүйіспеншілік, ұнатушылық болғаны рас. Бірак, дәл қазіргідей... бірде ерікжігерден айырған, енді бірде көнілге қанат байлап көкке сам-ғатқан сиқырлы сезімді білген емес. Фаридаға десе жүрегі мұлдем басқаша соғатынын байқайды. Бұрын-соңды сезінбеген бір бұла қуат, ынтызар күш осы қызға тартады да тұрады. «Тегі мен енді ғана шын ғашық болған шығармын», – деп қайран қалады кейде. Сонсоң қаламdas бір құрдасының әзілі ме, шыны ма, қитұрқы уағызын есіне алады. «Жылдар өте әйелің туғаныңдай, қарындасыңдай болып кетеді. Махаббатты басқа жақтан іздеген жөн», – дейтін ол. Айсұлтанның қазіргі жағдайы да дәл осы күйді бастан кешкендей. Орынтай – Құдай қосқан әйелі, оны тәрк етіп немесе айырбастап жатқан бұл жоқ. Балаларының сүйікті анасы, құрметтейді, сыйлайды, жақсы көреді. Алла жазса, қалған ғұмырда әлі талай той-томалак

жасап, екеуінің талай қызыққа кенелері көміл. Ал Фарида... Фарида көз қуанышы болар... Мынау жалғандағы оқысташа тауып алған сирек алданышы, сүйініші, сүйеніші, рухани де-меушісі. Тағы не десе екен... Әйтеуір оның жөні бөлекше...

Фарида да Шымкенттен осы күзде келіп, аспирантурада оқып жүр екен. Мамандығы – экономист. Өмір-ай десенші, бұл Айсұлтан журналистік жұмысының арқасында талай ел мен жерді аралап еді. Сұлу көрмей жүрген жоқ, айдай әдемісін де, күндей көріктісін де кездестірген. Әйтсе де толған айдай толықсып, бала қаздай байпандыған Фарида бикеш ешкімге үқсамайды-ак. Тал бойында бір мін жоқ, сүйрік бол жалғыз шыққандай сүйкімді. Сұлулығы сарша тамыздың бабына жеткен бал қымызындай жұтымды, қырмызыдай тартымды. Нұр ойнаған ашаң жүзі ылғи да төңірегіне иба төгіп, ізет сеуіп тұрғаны.

Фариданы ойласа болды, өн бойын бір асқақ сезім кернеп, айдарынан жел есіп, ет жүрегі қорғасындаған балқып сала береді. Көз алдына Фариданың көк көйлегі көлендейді, жібек шашы желеңдейді, сөйтеді де көңіл шіркін байыз таппай елеңдейді. Тұла бойында қамаулы қайнаған бір ересен қуат-күш, жалындаған от барын сезеді. Қүре тамырына ұшқын түссе бұрқ етіп жарылып кетердегі аласұра алаңдайды. Сөйтіп жүріп енді бір сөт өзінің партиялық газетте қызмет жасайтын жас коммунист екені есіне түссе – мендуана жегендегі мәңгіріп қалады. Соңғы кезде қарап отырып тәтті қиялға берілетінді шығарды. Сұлу ойлар көңілді қытықтап, жүректі шабактағандай. Бірақ жүйесіз, күн жеген шуберектей оңа береді.

«Сені бекер-ак кездестірдім бе деймін, – деп еді бірде Фарида мұңдайып. – Енді менің көз жасым өмір бойы құрғамайтын шығар». Апрыым-ай, ақылды қыз неге мұндай ауыр сөзді айтты екен деп ойы тағы да сан тарауға бөліне береді.

Бұл Алматыда екеуін танып жатқан адам жоқтай көруші еді: екеуі де елден келген бөтөндер. Десе де театр мен концерттерде бірлі-жарым таныстар ұшырасып қалып жүрді. «Келін осы ма?» – десті Орынтайды өлі көрмегендегер. Ондайда бас шүлғысып қана өлгі таныстардың қасынан асығыс өте шығысатын. Партиялық газеттің қызметкері, жас коммунист адамға бұлайша ашық кетуге болмасын ұғып, бұлар енді театр

мен концертті де сирексіте бастады. Дырду-думанмен саусылдаған жастарға елпілдең ере бергендең койып, ересектігін сезінуге мәжбүр болысты. Оңаша бір кафеге, парктың көлеңкелі бұрышына кіріп кетіп, жасырынып сырласуды шығарды. Біреуі жиырманың үшіне, біреуі отызға келді: орындықта отырып аймаласу, ағашқа сүйеніп сүйісу, жұрт көзінен қашқақтап тышқаншылаған мынау тірліктері біраздан кейін жалықтыра бастаған. Екеуінің де көнілі тоят іздегендей аласұратынды шығарды. Көкейде болғанымен, сол бір ойын жеткізудің ретін таба алмай үялып жүрген Айсұлтан ес-түссіз бір құшақтай аймаласқан сөтте:

— Ертең қонақүйге барайықшы, — деп үздіге сыбыр еткен. Бұл сөздің аузынан қалай шығып кеткенін өзі де аңдамай қалды. Фарида намыстаннып мұны жақтан бір үрып, тайып тұра ма деп күтіп еді. Шүкіршілік, олай етпеді. Қыз да басын изеп, бірден келіскең сыңай танытты.

Ертеңі сенбі еді. Яғни, алда екі күн бос уақыт, демалыс деген сөз...

Анау бір жолы қонақ күту мәдениеті жөнінде әдебиет бөлімі бір «дөңгелек үстел» өткізіп, соған «Алатау» қонақүйінен бір татар апай қатысқан. Тәжірибесі мол, әңгімеге лайық кісі осы деп қалалық мекеме ұсынған. Өмір бойы мейман күтетін демалыс үйлерінде, санаторийлерде істеп, соңғы жылдары осы «Алатауға» ауысқан екен. Өзі қазақшаға судай, сөзге шешен, көпті көрген көшелі кісі екен. «Зейнетке шығуыма да жартыақ жыл қалды», — деп шүкіршілік етіп отырды. Тұбі керек болар деп апаймен жақсылап танысып алғаны бар-ды.

«Қонақүй» дегенде Айсұлтанның көкейін тескен сол татар апайы болатын. «Ретін тауып бір бөлме алсам, шіркін» деп көптен көксеп жүретін. Сол жоспарының іске асатын сәті енді түскендей... ертеңінде салып үрып «Алатауға» барды. Барса, Құдайдың құдіреті шығар, татар апайы таңертең ғана жетінші қабаттың кезекшілігін қабылдал, орнында отыр екен.

— Ә, әлгі газетші баласың ба? Әнеу күні газеттеріңе суретім шығып, сөзімді оқып қуанып қалдым, — деп апай Айсұлтанды жазбай таныған.

Екеуі біраз шүйіркелесіп, негізгі шаруасын неден бастарын білмей қипақтап отыр еді, апай онысын сезіп қалды.

– Шырағым, бөлме сұрап келіп тұрсың-ау! Біліп отырмын...  
Ауылдан біреу келді ме, жоқ әлде?..

– Солай еді... апай...

– Қызың бар ғой тегі... Жарайды, дело молодое. Келсендер кештетіп келіндер, таңертең өзім оятып, шығарып жіберем.

Айсұлтан көгілдір бір бес сомдықты ұсынып жатыр еді, апай оның қолын қағып жіберді.

– Сенің бес сомың мені үшпаққа шығармайды, – деді. – Одан да өздерің абай болындар. Ұсталып қалып жүрмендер.

Алматының қоңыр самал мақпал кешін жамылып Фарида екеуі «Алатау» қонақ үйіне келді. Татар апайлары сөзінде тұрып, бұларды самаладай жарқыраған бір бөлмеге кіргізіп жіберді. Айсұлтан шарап, су-суан, көкөніс сияқты тағамдық қажеттерді портфеліне салып ала келген-ді. Тіске басар дәмді бесінші қабатқа тұсіп, оның да бір дорбасын сатып әкеліп қойды. Екі адамға бір таң атқанша емес, ертең кеш батқанша да молынан жететін тағам...

– Шошаңдал жүгіре бермей, енді шықпай жатындар! – деп Айсұлтанды көріп қалған татар апайы қатаң ескерту жасады.

Содан апайынан қаймығып қайтып сыртқа шығысқан жоқ. Самаладай бөлмеде екеуі ғана. Телевизоры бар, төсегі бар. Жуынам десең әнеки, жарқыраған ваннасы дайын. Қонақүйде бұрын да болып жүр ғой, бірақ қызбен отырған бөлменің әсері бөлек пе дейді. Өзгеше әрленіп, жарқырай сәнденіп кете ме қалай... Бөтеннің сұқ көзінен, сыпсың сөзінен қорқатын емес, кедергі жасайтын да ешкім жоқ, әншайін бір рахат еркіндік. Бұл да орындалмас арман сияқты еді, иншалла, оған да қол жеткендей. Шараптан үрттап қойып іште тұнған жан сырларын актарысып, біріне-бірі жеп қоярдай телмірісіп, сағыныштарын баса алмай біршама отырысты. Сонынан буырқанған бұла сезім ерік-күшке төтеп бермей актарылып, бірін-бірі оттай шарпып өтті. Сосын-ақ екеуі мынау жарық дүние, жалпақ әлемді мұлдем ұмытысты. Махаббаттың бал шырынына шым батып, ертегінің жұпар иісті гүлзар бағын аралағандай ессіз күй кешісті.

Әйел көрмей жүрген жоқ, бірақ дәл осы тұн Айсұлтанның ғұмырында әлі бола қоймаған бөлекше тұн еді: асқақ сезімге, шынайы қуанышқа толы, ләzzаты мол әсте ұмытылмас ға-

жайып сэттер болды. Қөніл шіркін қызылды-жасылды, кулім қағады, жүрек ән шырқайды, жанары нұр шашады.

Айсұлтан бұрын-соңды өзін дәл осындай бақытты сезініп көрген жоқ болатын.

\* \* \*

Жаңа ғана балбырап үйіктап кеткен сияқты еді, шырылдаған телефон даусынан шошып оянысты. Сағат таңғы төрт екен. Телефонда өздерінің кешегі татар апайы, даусы біртүрлі үрейлі:

– Шырақтарым, тез тұрындар!.. Облава! – деді де телефонның құлағын қоя салды.

– Не? – деп үйқылы-ояу Фарида да сұрап жатыр.

— Облава дейді.

Екеуі де жан дәрмен атып тұрып, апыл-ғұптыл киіне бастады. Фарида сырт киімін қолына іле, жүгіріп ваннаға кіріп кетті. Айсұлтан сырт еткізіп шамды жақты да ұмтылып балконың есігін ашты. Төсекті жинай берген кезде есік тарсылдады. Тықылдатқан жоқ, ағаш есікті жарып жіберердей жұдырықпен үрғылады.

– Открывайте! Оперуполномоченные госбезопасности!

О, тоба! Не дейді?.. Мыналары КГБ ғой!

Айсұлтанның жаны шырқырап, торға түскен торғайдай қиналып кетті. Әп-сәтте қара сорпа бол терлеп берді. Тірсегі дірілдеп, қолы қалтырап, әйтеуір шылдыратып жүріп есіктің кілтін бұрап ашқан болды.

Есіктің арғы жағында қабактары тұнерген үш жігіт тұрекен. Бас изеп амандасқан болды да, Айсұлтанға бірінен соң бірі куәліктерін көрсетті. Бәрі де аға лейтенанттар... Фамилияларынан аңғарды, біреуі Бондарин деген орыс, біреуі Темірғалиев деген қазақ, үшіншісі Ким деген кәріс екен. Айсұлтан шегіншектеп жол беріп оларды бөлмеге өткізді. Шашын таранып ваннадан Фарида шықты. Қының жағдайың болғанын сезіп, жүзі қуара бозарып, еріні дір-дір етеді.

– Паспорттарыңызды...

Айсұлтан ілулі тұрған пен жағына, Фарида қол сөмкесіне үмтыйш, паспорттарын ұсынды.

Екі паспортты екі жігіт парактап тексергенше, үшінші орыс жігіті мұқият бөлмені аралап, балконға бір шығып қайтты. Дала өлі тастай қараңғы екен.

– Екеуіңіз де осы қалада тіркеуде екенсіздер... Қонақүйді қалай алғып жүрсіздер? – Айсұлтан бірдене дейін деп еді, Бондарин оның сөзін бөліп жіберді.

– Білеміз, білеміз... акталмай-ақ қойыңыз. Азамат басындызben қоғамдық орынға келіп қызойнақ жасайсыз. Ұялмайсыз ба?!

– Біз бір-бірімізді жақсы көреміз! – деді Айсұлтан сасқан жерде.

– Сіз үйленген адамсыз... Алдақ әкеліп, зорлық жасаған шығарсыз?

– Жо-жоқ, ағайлар, мен өз еркіммен келдім! – деп Фарида шыр ете қалды.

– Жігіттер, мен шынында да қызыымды кереметтей жақсы көрем! – деп Айсұлтан қайталағандай болды.

– Әдемі әйелді бәрі де жақсы көреді, – деп көріс жігітінің қиғаш көзі күлім қақты.

– Біз бір-бірімізді жақсы көреміз, сүйеміз... Қыз өз еркімен келіп отыр. Сонда біз заңға сыймайтындағы қандай қылмыс жасап қойдық? Сүйгеніміз үшін кінәліміз бе? – деп Айсұлтан намыс шақырғандай болды.

– Ол жағын кейін біле жатарсыз, – деді Темірғалиев кекесінмен.

Бондарин ымдал еді, Ким дипломатын ашып, қағаз-қаламын ыңғайлай бастады.

– Солай, азамат... Протокол толтырамыз.

Ким паспорттарды алдына алғып, жаза берген кезде Фарида оның қолына жармасып жылап жіберді.

– Ағайлар-ай, азаматтың обалына қалмаңдаршы... Мен оны жанымдай жақсы көремін. Мен мұнда өз еркіммен келдім. Бір жолға кешіріңдерші! – деді еңірей жалбарынып.

Айсұлтан не істерін білмей сылқ етіп төсекке отыра кетті. Шілде тері шыққандай бүркүрай бусанды дерсің. Сосын соңғы үмітін көлденен тартып:

– Жігіттер-ай, жасымыз қарайлас екінбіз. Өмір болған соң бәрімізде қателік болатын шығар. Бір жолға кешіріп,

жазбай-ақ қойсандаршы? Қалтамда 300 сом ақшам бар, азаматтықтарыңды жуғаным болсын... бөліп алыңдар! – деп үшеуіне алма-кезек қарады. Темірғалиев мұндай сөзге таңданғандай бағжаң етті де, мырс күліп қағаз жазбак болған кәріске бұрылды. Қәріс күдіктене көзін сыйырайтып орысқа қарады. Қияқ мұрт, тұманытқан көкшे көз Бондарин болса орамалының ұшымен ернін бір сұртіп, қасын түйіп:

– Мұндай сөзді айтпаңыз, протоколға түссе өзіңізге жаман болады! – деді сызданып.

Не керек, бұлардың жалынғандарына да, жылағандарына да жігіттердің сезімі селт еткен жоқ. Міз бақпаған қалпы ежіктеп екеуінен жауап алды, протокол толтырды, оның соңына растап қолдарын қойғызды. Сосын түк болмағандай бұлармен бас шұлғып қоштасты да, қайқая басып, қаздай тізіліп шығып жөнелісті.

Олар кеткен бойда Фарида бетін басып солқылдаپ жылап қоя берді.

\* \* \*

Мынадай масқарадан кейін Айсұлтаннан маза кетіп, сең соққан балықтай сенделіп қалды. Қызды шығарып салған соң Терренкурда арлы-берлі теңселіп жүрді де қойды. Бір ретінде осы аңғардың түйіғындағы Айнабұлакқа дейін сүйретіліп барып қайтты. Саялы салқын Терренкурдың өзі өрекпіген жүрегін басатын емес. Ішкі өзегі өртеніп, жігері құм болғандай. Бұл қалада жан сырын бөлісер Фаридадан басқа жақыны жоқ екен. Соған көзі жетті. Мөлтілдеп жылап тұрып бағана Фаридада бәріне дайын екенін айтқан. Айтқан жоқ, серттескендей болды. Қай сөзінді де мен қолдап қол қоям, сен үшін жан пида дегенді сездірді. Қонақүйге алдаң өкеліп зорлық жасамағанын, өз еркімен келгенін, жігітін сүйетінін Фаридада өзі айтып протоколға түсіргізді. «Біз – тексерушіміз, ал одан қандай қорытынды шығарады – ол жағын бастықтар шешеді», – десті аналар. Бірінен-бірі сескенді ме, ұсынған парасын да алмай, жауапсыз қалдырысты. Әйтпесе 300 сом дүниенің ақшасы ғой, мұның екі айлығынан да көп. Дегенмен пара ұсындың деп бұған бәле салған жоқ, жақ ашпай үнсіз қалысты-ау? Соған қарағанда үшеуінің де арғы жағы «кет әрі» емес-ау осы? Үшеуін де бірін-біріне аңдытып қойған, сол себепті де үш түрлі ұлттан

жіберіп отыр. Қандай зымиян саясат десеңші! Бүйтпесен КГБ болармысың!.. Жалпы қонақ үйлердің бәрінде ауық-ауық «облава» болып тұратынын Айсұлтан бұрын да естіп жүретін. «Облава» дегенің көдімгі тексеру десетін. Қонақүйге «облавашылар» айтпай аяқ астынан сап ете қалады да, кірер-шығар есіктің бәрін жауып, қарулы күзет қойғызады. Сосын әр қабатқа тексерушілер жіберіп, адам жатқан бөлмелердің бәрін ашқызады, тұн болсын, тұс болсын түгін қалдырмай аралап шығады. Кезекшіге пара беріп заңсыз жатқандарды, паспорты жоқтарды, ең бастысы жасырынып қонып жатқан еркек пен әйелді іздеседі. «Облаваны» қонақүйдің қалалық басқармасы, кейде милиция жасайды екен. Ал тоқсанына бір рет КГБ жасайды, ең қыны да, қауіптісі де сол деп еститін Айсұлтан. Құдай үрганда, өзі қазір тұра сол КГБ-нің «облавасына» үсталып отыр ғой! Бұған не дауа айтарсың?

Айсұлтан қайтерін білмей ақпанды бурадай алас үрды. Ұшар көгі, қонар көлі тарылып, нысананаға ілінгенін үғып тыптырышыды. Өмір мен өлім арасындағы торға түскендей жандәрмен бұлқынған болады. Қайтсе де бұл масқара жағдайдан аман шығудың амалын табуы тиіс. Әйтпесе... Әйтпесе партиядан шығарылады, жұмыстан қуылады, үйден айырылады. Талабы тас болып, келешегі кесіледі. Көрдіңіз бе, бір-ақ сөтте барынан айырылып, сайда саны, құмда ізі жоқ қаңғырып қалғалы тұр.

Шіркін-ай, осы бір өткелектен аман өтсе, бәлем ендігөрі...

Терренкурда арлы-берлі сенделіп жүріп ойлап тапқаны – ертең ертемен КГБ-ның қалалық басқармасына бару болды. Әлгі жігіттердің бастығына кіріп, жөнін айту. Тонын шешіп алмас, болар іс болды, бояуы сінді. Не бел кетер, не белбеу кетер деген. Егер ол кісі түсіністікпен қарамаса – тағдырдың жазғанына көніп, қайқайып елге қайтады. Мұндай жағдайда, әрине, мұны бұрынғы жұмысына да қайта қабылдамасы белгілі. Партиядан шыққан, моральдік тұрғыда азғындаған кісі мұғалімдікке де жарамайды. Ауылға барады да қойшы болады, одан басқа келешегін көре алмай тұр. Қойын құрттап, қойыртпағын ұрттап жүріп те жазу жазуға болатын шығар... Әлар бәрін тартып алса да, бойындағы құдай берген дарынын, қолындағы қаламын тартып ала алмас. Оған да шүкіршілік!

Белін бекем буып, осы байламға тоқтады.

\* \* \*

Тұні бойы кірпік ілмеді. Таң ата талықсып барып мызғып кеткен екен, шошып оянды. Содан қайтіп төсекке бас қойған жоқ, сүйкү суға жуынды да, киімдерін үтіктеп, кездесуге дайындалды.

КГБ-ның қалалық басқармасына былайғы адамның кіруи қыын шығар, бірақ партиялық бас газеттің тілшісіне тоқтау болған жоқ. Кезекші жоғарыға бір телефон шалып, өткізіп жіберді.

Бастықтары қырықтың мол ішіндегі Айтқұлов деген күрең қабак, көнтек ерін қарасұр қазақ екен. «Шырағым, қандай шаруа еді?» деп сұратпай-ақ Айсұлтан қарсы орындыққа жайғасқан бойда кешегі оқиғаны қысқаша баяндаپ берді. Бұл сөйлеп жатқанда, бастық бұған бажырайып қарады да отырды. Сөзін бөлген жоқ, бірақ Айсұлтан сөзін аяқтаған кезде таң қалысын жасырмады:

– Мен сізді партиялық газеттің тілшісі деп қабылдасам... – деп таңдайын тақ еткізіп басын шайқады.

– Аға, көрдіңіз ғой, тілшіде де жаза басу, ағаттық болады, – деп Айсұлтан құмығып төмен қарады. – Айыптымын, бір жолға кешіріңіз. Енді бұл жағдай қайталанбас...

Айтқұлов күдірейген мойнын ішіне алып, тұнжырай ойға батып отырып қалды. Сосын телефон шалып кешегі протоколды алдыртты. Қос парак қағаз екен, мұқият танысып шықты. Танысқан соң қағазды ақырын жауып, бір шетке ысырды да, тағы да тым-тырыс ойға шомып үнделмелі. Не ойлап, не қойып отырғанын біле алмай дегбірі қашқан Айсұлтанда жан жоқ, көзі құрғыр жортактап еденді сүзгілейді.

– Өзіңіз ғой ЦК-ның органында қызмет жасайды екенсіз! – деді сәлден соң Айтқұлов орындықтың арқасына қарай серпіліп.

– Солай бол тұр, аға.

– Өзіңіз үйлі-барандысыз?

– Солайы солай, ағасы...

– Сөйте тұра мынау жүрісінізге жол болсын...

– Біз бір-бірімізді жақсы көреміз!

— Жақсы көргенде, сөйтіп қоғамдық орынды масқара етіп, жынайнақ жасауларың керек пе?

— Жынайнақ жасағамыз жоқ. Біз әдепті болдық.

— Шырағым, ойнасыңмен баратын жерді жынайнақ дейді. Қонақүй – қоғамдық орын, біліп қойыңыз!

— Енді қайда барамыз, ағай? Зaborдың түбіне жат дейсіз бе?

Бастық миығынан мырс етті. Бастықтың мырс етуі Айсұлтанның кеудесін басқан жарым жүкті лақтырып тастағандай өсер етті. Өзі де бір сұрылған сұрақшыл неме екен, әлде қызметінің реті сол ма, Айсұлтан не де болса ағынан жарылды.

— Баар жер, басар тау қалмаған соң осы қонақүйді панарап едік.

— Кезекшіге ақша бердіңіздер ме?

— Ұсынып едік, алмады.

— Осыңыз өтірік...

— Шындығы сол, аға!

— Ол әйел жұмыстан қуылады... іс қозғалатын шығар...

— Апырым-ай, пенсиясына жарты жыл ғана қалып еді...

— Ол жағында біздің шатағымыз жоқ.

— Бір жолға ол апайды да, мені де кешірсеңіз етті?

— Апайда нең бар? Алдымен өз басыңызды арашалап алсаңызшы...

— Айтқаныңыз болсын!

— Коммунист деген атқа жараспайтын өрескел қылық жасағансыз. Түсініп отырсыз ба соны?

— Түсінгенде қандай... Бірақ мен коммунист емес едім.

— Онда кімсіз?

— Кандидаттын. Толық коммунист болғанда тәртіпті боламын. Солақай жүрмейтін боламын. Алдыңызда сөз беремін!

Айтқұлов тағы да мырс күлді. Тілеуің бергір, бұл күлістен Айсұлтан әлдебір үміт үшқынын байқап, одан сайын жалбарына кішірейді.

— Аға, мені кешіріңіз бір жолға! Обалыма қала көрменіз. Үй алайын деп кезекте тұр едім... Жазушы болайын деген арманым бар еді. Сеніңіз маған. Соның бәрі әдіре қалайын деп тұр. Менің бар тағдырым сіздің қолыңызда тұр.

Байқайды, Айтқұлов қәдімгідей ойланып қалыпты. «Бұл мекемедегінің бәрінің бүйрегі бітеу ме десе, ет пен сүйектен

жаралған жандар да бар екен-ау!» деген ой келді Айсұлтанға. Сорлының зары арлыға кездессе екен деп тіледі ішінен.

– Жігітім, сенің жайыңды түсініп отырмын, – деп Айтқұлов шырай жылтытқандай сыңай берді. – Бірақ іс жүріп кетті, ЭВМ-ге түсіп кетіпти. Енді оны өшіру немесе тоқтату мүмкін емес. Ол жағы қолымнан келмейді. Дегенмен...

– Не айтсаңыз да дайынмын! – деп Айсұлтан алақанымен кеудесін басып, ұшып тұрды.

– Отрыңыз... Менің сізге деген көмегім мынау болсын... Әр мекемеде үш бастық болады. Сіздерде де солай шығар. Мен солардың біріне «әкімшілік шара қолданыңыздар» деген хат жолдайын. Сол үш бастықтың қайсысына хат беруді өзіңіз айтыңыз. Ойланыңыз!

Айтқұловтың бұл сөзі түнектің төрінен жарқ етіп жол көрсеткен шырақтай әсер етті. Айсұлтан екі минуттай ойланып қалған. Осы екі минут аралығында басынан екі айдың оқиғасы кинохроникадай зымырап өте шықты дерсің. Хатты үш бастықтың қайсысына тапсыртқан жөн? Тап осы арада жаза баспай, қателеспей соны шешуі тиіс. Хат қайсы бастықтың қолына тиеді, соған орай бұл Айсұлтанның тағдыр-талайы айқындалмақ.

Әрине, алдымен ойға түскені Жапекең, бас редактордың өзі болды. Мұны әдейілеп елден шақыртқан, қызмет ұсынған бастығы. Айсұлтан ол кісі жөнінде өзі көріп-білген, әріп-тестерінен естіген әңгіме-пікірлерді сұрыптаپ, ой безbenімен таразылап бір өтті.

Ең бірінші, Жапекең – нағыз коммунист, бұған ешкімнің дауы жоқ. Тіпті ол кісінің коммунистігі елден ерек, киім киісінен, журіс-тұрысынан, сөйлеу мәнерінен коммунистігі иіс судай күншілік жерден аңқып тұрады. Ұлы идеяға көзсіз берілген ондай кісілер жалаң қылыш секілді, кез келген дүниені ойланbastan қылыш түсері хақ.

Айсұлтанның көз алдына хатты оқыған кездегі Жапекеңнің көңіл күйі елестеп бір өтті. Жапекең қылау шалған боз шашын серпе қайырып, дереу редколлегияны шақырар еді. Сосын қос саусағының ұшына әлдебір скрепканы іліп алғып, столды ақырын ғана тықылдатып отырар еді. Аса маңызды сөз айттарда, әсіресе партияға пайдалы тың ой, жақсы идея тастар-

да ол кісі өститүғын... Саусағының ұшындағы скрепкамен үстелді тықылдатып, біразға дейін қырағы көз, қытымыр мінезбен сазарып отырып алатын. Сосын тісінің арасынан сыңар езулей сыздықтатып сөз бастамақ:

— Құрметті жолдастар, мен партияның қадр саясатына сәйкес әрекет еттім, — дер еді. — Ұлкен сенім артып, облыста жүрген жерінен арнайы шақырып едім. Сөйтсем, мен қателесіппін, жолдастар! Бұл кісі партиялық моральға жат өрескел қылышқ жасап, мені жерге қаратып отыр... Мені ғана емес, бірге қызмет жасап жүрген әріптестері – сіздерді де қарабет етіп отыр.

Әрине, бұл арада Жапекең күнә жасап қойсан да мойындау керек екенін, өзінің партияға қалтқысыз қызметін, кіршіксіз жүрегін жиналғандарға емеурінмен сездіріп өтпек. Бастық ретінде өзінен де кейде қателік кететінің суыртпақташ жеткізбек. Өйткені, осы айтқаның бәрі қызметкерлеріне әрдайым үлгі, келешектегі кемел істеріне ұлкен мектеп болуға туіс.

Яғни, «мені жұмысқа алыш еді» деп Жапекеңе арқа сүйеп сенім артуға болмас деп Айсұлтан іштей бір тұжырып қойды.

Есіне түскен келесі адамы – домаланған тоқаш сары Сартаев Айтан ағасы болды. Бұл өзі – қоғалы көлдің құрағындай мінезі жайлы, Айсұлтанмен жерлес-жегжат кісі. Газет үжымын басқарған үшеудің ішіндегі жасы сол. Жаңа қызметке кіріскең бетте Айсұлтанды ағалық жолмен үйіне қонаққа шақырып жібергені есінде. Қонаққа шақыра отырып, сол жерде өзінің ағайындық қамқорлығын қатты сездірген. Бұғанға дейін әдебиет деген бөлімді мүйізі қарағайдай мықтылардың басқарып келгенін, Айсұлтанға да сол дәстүрді лайықты жағастыру міндетін ескерткен. Сол мықтылардың бәрі бұдан да жоғарылап өсіп кеткендерін, сондықтан бұл лауазым – аса қасиетті орын екенін бір сыр етіп қайырған. Креслоға отыру онай, бірақ оныabyроймен ұстап тұру әлдеқайда қын өнер екенін айтқан. Бұл бөлімге Фабит, Фабиденнен бастап, Хамит, Сыrbайларға дейін келіп, әңгіме-дүкен құрып кетеді екен. Жай келмейді, рухани орта, зиялы орда деп келеді. Сонынан мактап та кетеді, мінеп-сынап та кетеді. Соларға олқы соғып журмес болар, би бол, биікті бол деп уағыз айтты. Содан

мынау жаңа кірген құрделі үжымда адам өзін қалай ұстау керектігін, кіммен қалай сөйлесіп, кіммен жақындастынын, кімнен аулағырақ журу керектігін де ескертіп бір өткен. Оның үстіне көзге көріну үшін әр нөмірге бір тәуір материал беріп тұру міндетін, жүйелі түрде айына бір бет үйымдастырып тұру керектігін сөз еткен. Осының бәрі әп-сәтте санасын шарпып өткен Айсұлтан: «Бәрі жөн-ақ, бірақ мына жағдайда осы менің қамқор ағам қайтер еді?» – деп ойлады. Конвертті ашып оқыған бойда қамқоршы ағасы, мұны дереу шақыртар еді. Айсұлтан кірген бетте орнынан атып тұрып қарсы жүрер еді. Жүзінде жылылық бар, бірақ әріден лықсыған үлкен өкініш, қамығу байқалар еді. «Айналайын інім-ау, бұл қалай... ұсталып қапсың ғой, ә! – деп өкінгендей басын шайқар еді. – Әне, қатынас қағаз... – деп үстелдегі хатты сұқ саусағымен нұсқар еді. – Алдымен жұрттан бұрын білсін деп өзінді әдейі шақырып отырмын. КГБ-ның хаты! Ал КГБ-мен ойнауға болмасын өзің де жақсы білесің. Үлкен айыш тағып отыр саған. Мәселесін қарандар деп қатаң тапсырма беріп отыр. Тапсырманы орындауга мен міндеттімін... Ендігі шаруаны коллективтің талқысына саламыз, солар шешсін. Сол үшін өзіңе алдын ала ескертейін деп шақырдым», – деп қаутаңдар еді. Сипай сөйлеп, сыпайы кешірім өтінер еді. Ақ көңілдің арызынан, ағайынның парызынан құтылар еді.

Айсұлтанның пайымынша, Айтан ағасының жайы осы!

Жас қой, әлде де баар жер, басар тауы алда, өскісі келеді. Содан да болар жасқаншақ, табанда бұр жоқ, тайғанақ. Ол ағасы бұл хатты Айсұлтанға жұрттан бұрын көрсетіп, ағалық міндетінен құтылғанына риза болмақ. Ал үжымға салса – ұзын көлдің иіріне, қысқа елдің қырына кетпек. Қара аламан қалың жұрт, қайсысының жаны ашып, бүйрекі бұрап дейсің бұған. Әйелі де еститін болады, сонсоң айғай-шу, ажырасу... Әйтіп ағайынға қарабет болғанша арызын жазып қарасын батырғаны жөн. «Бірақ ит қосып партиядан қуып шықпай бұлар арызға да қол қоймай сарсанға салады ғой!» – деп қиналды тағы.

Өзіне деген ниеті тұзу, түсі жылы деген екі бастықтың жайжапсары осылай болды. Енді қалғаны – «сүр кардинал» ғана...

Өзі куә болған жоқ, бірақ осы Балтекең, яғни бірінші орынбасар Балтабай Қасымбекұлы кейде домбыра тартып, өуелетіп

ән шырқайды екен деп естігені бар. Осы жазда деседі, ол кезде Айсұлтанның қызметке өлі келе қоймаған кезі ғой, жігіттер бірде «көкке шығып», той-томалак жасапты. Аузына азы судан үрттап алмаса да, Балтекең табиғат аясында өзгеше желпініп, төгілдіріп күй тартыпты. Соңынан құйқылжытып «Аққұмға» басыпты деседі. Тағы бірде жоғарыдан түскен қоныраумен бір мықтыға кезектен тыс үй бөлгелі жатқанда Балтекең әлгі жөнсіздікті дерек тоқтатып, үйді кезекте тұрған қарапайым корректорға бергізіпті деп естіген. Осы әңгімелер көңіл түкпіріндегі болмашы үміт сәулесін үшқыннатқан болды. Айтқұловтың алдында отырып еске алған тағы бір дүниесі – кұла ауыз көп ағайынның «сұр кардинал түбіне жетеді» деп сөуегейісігені-ді. Түбіме қашан жетеді екен деп қанша күткенімен, Балтекең тарапынан пәлендей құғын-сұргінді байқай алмады. Бұл – өзі көріп, өзі куә болған шындық. Соған қарағанда, осы кісінің сырты суық болғанымен сарайында саңылау бар сияқты. Қалай болғанда да, бұдан әрі шегінерге жер жоғын ұғып, белін бекем буынып, саусағымен шашын тарактап қойды.

– Иә, ойландың ба? – деп Айтқұлов қаздып орнынан тұрып кетті.

Мұнысы «бала, сенімен тәжікелесіп отыруға уақытЫМ жоқ, шешімінді тез айт та қайт» дегені. Буыны тартылып қалғандай Айсұтан да орнынан қираландай тұрды.

– Бірінші орынбасарға... Аты-жөні Балтабай Қасымбекұлы. Газеттің екінші бастығы... Соған бергізіңіз...

Айтқұлов алдындағы күнтізбеге еңкейіп, бірдеңені жазып жатыр. Қайталап сұраған жоқ. Әдетте үлкен бастықтар қызметкерлерінің уәжін құлақ ұшынан тыңдайды да, қайталап сұрап жататын. Айтқұлов өйткен жоқ, еңкейді де жазып алды. Әлде басқа бірдеңені жазды ма екен?

– Газеттің екінші бастығы...

– Естідім, шырағым, саңырау емеспін... – деді Айтқұлов зілсіз ғана. – Телефоныңды қалдыр. Хатты жіберерде алдын ала өзіңе звандаймыз.

– Қашан?

– Осы аптаның ішінде... Қонырауды таңертен күт!

Үндеместер басқармасына жолбарыс көрген жолаушыдай көп күдікпен кіріп еді, көңілденіп шықты. Күйі кетіп, қу жаны қуырдақ болып жүр еді, жүректе әлдебір үміт оты жылтырағандай сезінді. Мұнан әрі еңсені басқан қалың ойды бір серпіп, тұңғирықтан тұншығып шыққандай «үһ» деді.

\* \* \*

Айсұлтан апта бойы басы бөркіне сыймай мәңгіріп журді. Күндіз күлкі, түнде үйқыдан айырылды дерсің. Көкейін тесіп, мазасын қашырған – Айтқұловтың қонырауы, КГБ-дан келетін хат. Жұмыс тоғызда басталғанымен, бұл бәтшағарың таңғы бозамықтан оянып, қаздып бөлмесінде отырғаны. Барша қайыр-үміті алдындағы қара телефон, жетім қозыдай жаутаң-жаутаң қарап қойып, Айтқұловтың қонырауын зарыға күтумен болды. Айтқұлов та мұның жүйкесін сынағандай тым-тырыс, хабар-ошарсыз. Хабар ұзаған сайын бұл тағы да күйісінен жаңылып, күні көлеңке басқандай күйге түсті. Өз жұмысы адыра қалған, хат қорыту, нөмірге материал беру жағын қол астындағы екі жігітке аманаттап, өзі әрекетсіз бос сенделіп қалды. Сөйтіп бұл апта құбылаға қарап өткізген бекер күндер болды. Өзін тірі жанға керексіз, шетке шыққан саяқтай құлазыды. Арамдықтан бейхабар арман қуған ұлан еді, құты шайқалып кетті. Күпті көнілі күңгірт, божыған ойы мимырт. Ендігі қорқатыны – екінші бастық ортекедей одырандал шыға келсе қайтем дейді.

Онда жас жүрегін жауқазындағы елбіреткен арманның да, аңсардың да қараң қалғаны. Өмір бәйгесіне жаңа қосылып, көсіле шауып келе жатқан тағдыр-торысының омақаса құлағаны. Сонда қайтпек... Дүниеде тәлкекке түскен тағдырыңың кілті өзгенің қолында болып, дәрменсіз күй кешкеннен жаман ештеңе болмас. Айқасып жүріп мерт болған ерде арман жоқ екен ғой... Болар іс болды, енді тезірек үкімі шықса екен деп іштей ширықты.

Содан, зарықтырған телефон қонырауы аптаны аяқтатып барып, жұма күні шар ете қалды.

...Айсұлтан әдетінше таңнан келіп, үрнип бөлмесінде отырған. Телефон шар еткенде, сасқанынан сағатына қарады.

Сегіз жарым екен. Сол! Бұл уақытта редакцияға есі түзу адам телефон шалмайды.

Алдында бомба жатқандай қолы дірілдеп телефонның құлағын сақтықпен жайлап көтерді.

Айтқанындай-ақ үнде mestер басқармасынан екен. Бірақ Айтқұлов емес, даусы тарғыл, бөтен біреу. Амандасты, атыжөнін сұрады, сосын сағат тоғыз жарымда Балтабай Қасымбекұлына хат табысталатынын айтып тақ-тақ етті де, телефонның құлағын тарс еткізіп қоя салды.

Айсұлтан атып тұрып, жүгіре басып Балтекеңнің бөлмесіне барды. Хатшы апай гүлдерге су құйып, күйбендеп терезе алдында жүр екен. Бастық әлі келе қоймапты.

– Көзің шүнірейіп неғып жүдеп жүрсің? – деді есік көзінде серейіп тұрған Айсұлтанды көрген хатшы апай. – Тіпті бозарып кетіпсің ғой?

Айсұлтанның хатшы апайға адамша жауап беруге дәл қазір шамасы жоқ болатын.

– Апай, сағат тоғыз жарымда Балтекенде важный хат келеді. Оғанға дейін бастыққа тірі жанды кіргізбеніз! – деді.

Даусы қатқылдау шықты ма, апайы гүлін тастай беріп үдірейе қарады.

– Тыныштық па, қайнам?

– Сол тыныштығы болмай тұр ғой, апай... Ешкімді де кіргізбеніз!

– Бопты, жаным... кіргізбейміз!

Бәрібір, Айсұлтанның өзі де сол төңіректен ұзап кете қоймады. Жаны байыз таппай, Балтекеңнің қабылдау есігін сырттан бақылап, дәлізде арлы-берлі жүрді де қойды. Аздан соң қызметтестері топ-тобымен келе бастады. Олардың біреуімен амандассаса, біреуімен аманаспай терезеге қашып, айдалаға көз тіккен болып, өткізіп жіберіп жатты. Сағат тоғызға жетпей олар да бөлмелеріне тараса тығылышп, адам аяғы саябырысьды. Сырдан басып Балтекеңнің өзі де келді. Келді де қораздай кекиіп бөлмесіне кіріп кетті. Балтекең келген бетте таң атпай алдынан өтіп, андағы-мұндағы әңгімені тасып жүретін екі жігіт бар еді. Әдетінше сол жігіттер сып беріп қабылдау бөлмесіне ене берген. Тегі хатшы апай гүлге құйып жүрген суды бұлардың мойындарына құйып жіберді ме, бастарын салбыратып іле

қайта шығысты. Ендігі кезекте Айсұлтан қабылдау бөлмесінің есігіне жақындалп барып, қарауылға өзі түрдү.

Уақыт құрғыры тоқтап қалған тәрізді. Минут дегені сағатқа ұласып кеткендей ме қалай... Айсұлтанның ішкі әлемі шиыршық атып, найза ұшында тұрғандай мазасызданды.

Ақыры келді...

Апырым-ай десенші, осындей да дәлдік болады екен-ау! Тура тоғыз жарымға екі минут қалғанда сұксұрдай бір жігіт жетіп келді де:

— Қасымбекұлы қайда? — деп сұрады.

— Мынау есікте.

Келген жігіт рұқсат та сұраған жоқ, сып етіп Балтекеңнің бөлмесіне кіріп кетті. Содан бір минут болды ма, болмады ма, қайта шығып жөнелді. Айсұлтан ойша есептеп отыр, Балтекең қазір хатты ашады, оқиды, оған бес минут жетеді. Бастықтың ойлануына уақыт бермей, хатты оқып біткен бойда кіріп барғаны жөн.

Солай істеді. Сағатына қарап тұрып бес минут күтті де, есікті жайлап ашып кіріп барды.

Балтекеңнің жұмыс ұстелі әрқашан жылан жалағандай бол жататын. Әсіресе біреу келгенде әлдебір құжат түгілі, оқып отырған газетіне дейін ұстелінің суырмасына салып тастайтын. Бұл жолы олай болмады, жаңағы сұксұр жігіт әкелген хат ашылып, оқылған, ұстелдің бір шетінде жатыр екен.

Айсұлтан бас изеп амандасты да, былайғы бір орындыққа жылжып барып отыра қалды. Сол бойда уақыт оздырмай келген шаруасын айта жөнелді.

— Балтеке... — деді, даусында діріл бар, үні құрғыр іріңкіреп шықты. — Балтеке, анау хатты мен Байтасовқа да, Сартаевқа да бергізе алатын едім. Көп толғанып сізге бергізуге тәуекел еттім...

Бұл Айсұлтанның бір апта бойы қайта-қайта қайталап, өбден жаттап алған сөзі еді. Бұдан әрі дайындалып келген келесі сөйлеміне ауысты:

— Балтеке, сіз де жас болған шығарсыз. Мына ініңіз жаза басып бір қармаққа түскен екен. Кессеніз — басым міне, кешсеніз — өл-өлгенше қарыздар ініңіз болып өтер едім. Ендігі бар тағдырым сіздің қолыңызда! — деді де, мөлиіп төмен қарады.

Балтекең саусағымен үстелді тықылдатып, бұған емес, есік жаққа тесіліп сазарып қапты. Мұның апта бойы дайындалып келген екі ауыз сөзін естімегендей. Естісе де ербіген құлағынан асырып жібергендей ме, қалай? Айсұлтанның жүрегі шым етті, басқа біреудің мұндайда жүрегі үстап орындықтан домалап түсер еді. Бұл болса амалсыздың күнінен үкімін күткен бейбақтай мойның ішіне алып бұға түсті.

Сазарып қалған Балтекең не заматта ауыр күрсініп, жайлап креслоның арқалығына қарай шалқайды:

— Былайғы кезде өзіңе шырай беріп сыр ашпасам да, үлтқа үлгі келешек бір тұлға болар-ау деп іштей үміт артып жүруші едім, — деді майда қоңыр дауыспен. — Сол үмітімді өшіре жаздапсыңғой, шырағым. Байқамайсыңдар ма... Осылайша от басуға бола ма екен?

Айсұлтан күркіреген өктем сөз, жекіру, ұрыс пен айқай – бәріне де іштей дайын келген. Бірақ бастығының тарағынан дәл мұндай өзімсінген жұмсақ сөз естімін деп әсте ойлаған жоқ-ты.

Балтекең сәл кідірді де, үстел шетінде жатқан хатты иегімен нұскады:

— Мынау – артында сұрауы бар пәле, – деді. – Мейлі... мен – асарымды асап, жасарымды жасаған жанның бірімін. Бірдене етіп, бұл дүниені де жабармыз. Бірақ бұл оқиға кейінгі өміріне мықты сабак болсын, шырағым...

Шайқалақтап Айсұлтан орнынан тұрды. Рахметін айтып шегіншектеп шығып кетуі керек еді, жаңағы жылы сөзден соң бойына бір өжеттік пайда болып, іркіліп тоқтап қалды. «Неғып тұрсың?» дегендей, Балтекең қабағын көтерді.

– Балтеке, сізге мың да бір рахмет! – деді Айсұлтан. – Бірақ ініңіздің жүрегі орнына түссін десеніз – мына бәлені көзімше жыртып тастаңызшы...

Айсұлтан үні дірілдеп, қара үстелдің шетінде ағарған хатты мегзеді.

Балтекең бағжаң етті. Галстугін түзеп, басын әнтек сілкіп, креслоның арқалығына қайта серпілді. Сосын хатқа бір, Айсұлтанға бір шытына қарады. Сөйтті де, ұмтылып, хатты конвертімен алып майдалап тұрып жыртты да, көрзенкеге тас-

тай салды. Содан соң қалтасынан аппақ шыт орамалын алғып, қолын сұртті.

– Шырағым, аландамай жұмысынды істей бер! – деп Айсұлтанға иегімен есікті нұсқады.

Айсұлтан көзі жайнап, көңілі тасып Балтекеңнің бөлмесінен шыға берді. Коридорда Жапекең – үлкен бастықтың өзі ұшыраса кетті.

– Қалай, шаруа жақсы ма?! – деді қолының ұшын ғана ұсынып.

– Жақсы, Жапеке...

– Үй болады. Аландама, үй береміз, – деп үлкен бастық маңғаз басып қасынан өте шықты. Бұл сөзге Айсұлтанның жүрегі майдай еріп, Алладан Жапекеңнің аман-саулығын тілеп тұрып қалды.

Үлкен бастығының амандығын тілеп енді жүре бергенде дәліздің арғы шетінен сұтке тойған қозыдай домаланып кіші бастығы көрінді.

– Әй, інім, – деді сонадайdan Айтан ағасы дауыстап, – бір апта болды, газетке тұқ бермей кеттің ғой... Байқа бала, көзге түсіп «бездельник» атанып журме!

Айсұлтан Айтан ағасының ескертпесінің бәрі жөн екенін, соны қатты мойындал тұрғанын сездіріп, басын шыбынданған атша изеді. Басын изеп тұрып ғайып-ерең қырық шілтен секілді адамды пәле-жаладан қорғап-қоршап жүретін осындай ағайынның бары қандай жақсы деп іштей тәубе етті.

## «САЯСИ АКЦИЯ»

Қиял жетпес қияндағы Африкада СПИД деген бір бәле шығып, жегі құрттай жер шарына жайылып барады деген қауесетті жүртшылық көптен естіп жүретін. Өзі дауасы жок жаман дертең, жиырмасыншы ғасырдың қасіретіне айналар түрі бар деп ақпарат құралдарының жағы тынбай сарнап жаттын.

Күндердің күнінде сол бәлеңіз Қазақстанға да жетіп, даусыз дерте қарсы біздің елде де аяусыз қүрес басталған. Ел астанасы Алматыда СПИД-орталық құрылдып, олар алуан түрлі алдын алу шараларына, бұқара арасындағы тәрбиелік үгіт-насихат жұмыстарына құлшына кірісп кетті.

Бірде тұс ая, Зейнеп қызмет жасайтын білдей мекемеге де осы СПИД-орталықтан салаң етіп үш кісі келе қалған. Сырықтай екі еркек пен домаланған бір әйел екен. Келген бойда екінші бастық Ермұқан Смаханұлына тоқтаусыз кіріп, «презерватив» деген зәру заттың бір жәшігін табыс етіп кетті. Табыс етіп қана қоймай, екінші бастықпен сағат бойы өнегелі тәлімдік тұрғыдағы келелі өңгіме жүргізіп, бұл акцияның мемлекет үшін қаншалықты саяси әрі экономикалық маңызын жіктең таратып берді. Ұшеуі сөзді бірінен соң бірі іліп өкетіп, аузы-аузына жүқпай сайрады-ай дерсің. Проблеманың қайдан шыққанын, оның адамзат үшін орасан қасіретін, бұл тұрғыдағы әрбір кісінің азаматтық парызын тәптіштеп тұсіндірген кезде осы дерттің жер жүзіне тарап кетуіне Ермұқан Смаханұлы өзі кінәлідей қысылды. Тершіген мәндайын қайта-қайта сурткілеп бір қызарды, бір бозарды, сосын:

— Айтқандарыңыздың бәрін үқтym... тұсіндім. Алаң болмаңыздар, сеніңіздер маған! Айтқандарыңызды ел-жүртқа жеткіземіз, бәрін де таратып береміз, — деп уағызшы-лекторлардан ант-су ішкендей бол азар құтылды.

Келген ұшеу үлкен шаруа тындырған кейіпте маңғаз қоштасып, бөлмеден шыққан бойда, Ермұқан Смаханұлы терең ойланып қалған. Әлгінде ғана аналардан құтылғанша асығып еді, енді мына құрғырды ел мен жүртқа қалай таратам деп басы қатты. Өмір бойы осы мекемеде жұмыс жасап келеді, бірақ дәл мұндай оғаш жағдайды көрмепті. Өзін біреуге пәлен деп өңгіме

етудің өзі ыңғайсыз екен. Үңғайсыз болса да, енді қашып құтылатын емес, әлгі лекторлар «манызды саяси акция» деп зар илесіп кетті ғой... Соған қарағанда артында сұрауы бар бәлелі іс сыңайлышы. Айтқандарын жасамасқа болмас, деп қиналды Ерекен.

«Бұл қитүрқы шаруаны кімге тапсырсам?» деп, қол астындағы қызметкерлерінің бір легін көз алдында тізіп шықты. Біршама уақыт ойланып-толғанып, ақыры Зейнепке тоқтаған. Күннен туғандай домаланған бұл қара келіншектен әйелдерді қойып, еркектің көбісі ығатын. Үғып қана қоймайды, сескенеді, сыйлайды. Мінезі өр, бетің бар, жүзің бар демей, турасын айтып салатын қарағымның бірі. Кесек мінез, көсем тілді, ақылына көркі сай қатқан келіншек. Қалжыңға жығылып, сөзден сүрініп көрмеген пысық. Түйе балтыр, тегене төс бұл Зейнептің бір басына қайраты мен күші де жетіп артылады. Былайша айтқанда, «болам деген жігітке от беретін» сиқырыңың нағыз өзі.

– Былай... – деді Ермұқан Смаханұлы Зейнепті бөлмесіне шақырып.

Шақыруын шақырса да қалай түсіндірерін білмей састы.

– Общым мына бәлені жүртқа тарату керек.

– Нені дейсіз?

– Не болушы еді... мынаны да!

– Бұл не өзі?

– Не екенін бөлменде апарып сосын көре жатарсың... Былай болсын... ел-жүртты улатпай-шулатпай жайымен тарат, білдің бе? Тегін таратасың. Тегін екен деп алалама, тегіс жеткіз бәріне. «Саяси акция» дейді ғой, соңынан біреулер арызданып жүрмесін.

– Саяси акция дедіңіз бе?

– Иә, саяси акция деп кетті...

Зейнеп үстел шетінде тұрған қағаз жәшіктің аузын ашпақа үмтүлдып еді, бастығы бүйіріне біреу біз сұғып алғандай:

– Өкет өрі! Бөлменде апарып аш! – деп шаңқ ете қалды.

Даусы қандай ашы еді, Зейнеп селк ете түсті.

«Үйбай, мына кісіге не болған?» деп бастығына еліктей едірейе қарады. «Көнектен үріккен көк дөнендей осқырынып, бұл кісінің көзі тайғанақтай бергені несі екен?» деп таңданды.

«Бұл бастықтарды адам түсініп болмайды».

Зейнеп бөлмесіне барып жәшікті ашқанша асықты. Ашты да... масқара-ай десенші, денесі дір етіп, тіксініп қалды. «Саяси акция» деп айдар таққасын, алмағы мен салмағы бар салиқалы шаруа шығар деп еді. Сөйтсе... Құрғырың құрым елге жетерліктең үйіліп жатыр екен.

«Екінші бастықтың әлдебір арамдық жұғып қалардай безек қаққаны осы екен ғой. Сайтан алғыр-ай, істемеген ендігі жұмысы осы ма еді?!»

Жәшік толы дөңгеленген түймелерге қарап тұрып Зейнеп бастықтардың үнемі осындай тіс батпайтын, сөз өтпейтін қынға салып қоятынына налып, намыс шақырғандай болды. «Көңілшекті қошемет қор етеді деген осы да», – деп өкінді артынша. Бұл үшін енді қай бастықпен бет жыртысып кетісіп жатпақ... Тапсырманы орында масқа амалы қайсы?

Енді бұл бәлені қалай таратудың жолын ойластырыды. Ауруда шашшу жаман, сөзде қаңқу жаман. Шынтуайтына келсе, сүйекке таңба салып, өсекке қалдыратын қын шаруа бұл. Оның үстіне мынау мекеме – таза қазақы орта. Ал қазақы орта қашанда гу-гу өсек-аяңың ордасы екені белгілі. Бұл мекемеде де солай, тілін тасқа безеп, жұмыртқадан жұн қырыққан бірөңкей кебіс ауыз шешендер мен көсемдер қызмет жасайды.

Біраз ойланып отырып, ақыры жұмысты тізім жасаудан бастау керек деп шешті. Тізімге зейнет жасына жақындаған бірер шалдауыттар мен бес-алты жасөспірімнен өзге, үжымның етік киген еркек кіндіктісін түгел кіргізді. Тізімнің ең басына мекеменің үш бастығын жазып, бірінші бастық Нұрлан Қасымұлының қолын келістіріп отырып өзі қойды. Сосынғысы, «бұл шаруаны тапсырған өзі емес пе» деп, екінші бастық Ермұқан Смаханұлының да қолын қатырып тұрып ұқсатып жіберді.

«Өстіп қол жинап таратпаса, көдеден көп ағайын Зейнептің өзі ойлап тапқандай көріп, еріндерін түштитіп табалап жүрер түге» деп іштей қауіп те қылды.

Осындай оймен жәшікті көтеріп, тізімді қолға алып бұлаңдай басып үшінші бастыққа кірген. Үшінші бастық Құмар Зарқұмарұлы мәселені көп шеше қоймайтын, үнемі алдыңғы

екі бастыққа жалтақтай беретін жасықтау кісі еді. Бастығының осы мінезін жақсы білетін Зейнеп салған беттен:

– Екі бастық қолын қойып, өздеріне тиесілі сыбағаларын алды. Енді өзіңзге келіп тұрмын, – деп соқты.

Құмар Зарқұмарұлы креслосын шиқылдатып, бір отырып, бір тұрды. Ғұмыры мұндай тауарды пайдалану түгілі, қолына ұстап көрмеген жан-ды. Үңғайсызданған шыраймен қипақтап тұрып:

– Тізімді әкелші, ана кісілер қаншадан алды екен, көрейін, – деді.

Зейнеп сып еткізіп тізімді алдына жая беріп:

– Анау жасы үлғайған үлкен ағаларды айтам... Тұрсынәлі, Қазтай сияқты үлкен кісілерді кіргізгем жоқ... – деп есеп бергенсіді.

– Сосын жұмысқа жаңадан келген жас жігіттерді де тізгем жоқ, – деп қосып қойды.

Құмар ағасы сығыраіа шұқшиып, алдындағы қағазды мұқият зерттеді. Сосын:

– Ана кісілер оннан алыпты ғой. Маған да сонша бер, олардан аз алсам үят болар, – деп қалтасын қарманып ақша шығара бастады.

– Үйбай, Құмар Зарқұмарыш, мұның бәрі тегін... Тек адал пайдалансаңыз болғаны, – деді Зейнеп азар да безер болып.

– Тегін дейсің бе? – деп бұл сөзге Құмар Зарқұмарұлы елең етті. – Онда өлгінің үстіне тағы бесеуді қосып жазшы.

Зейнеп үшінші бастықтан шыққан бойда онымен іргелес Серікқабылдың бөлмесіне кіріп кетті.

Бөлім бастығы Серікқабыл табиғаты таза, аңғал, сол аңғалдығынан болар, жүріс-тұрысы өпендейлеу кісі еді. Зейнеп мән-жайды түсіндіріп, жәшікті тарс еткізіп үстелге қойған кезде:

– Өзі ондай дүние қандай болады екен? – деп, қолын белуарынан жәшікке сұңгітіп жіберіп, бір мәрте араластырып шықты.

– Немене, ғұмыры көрмегендей...

– Естігеміз, бірақ көрмен едік, – деп Серікқабыл қолына екі түймені алыш, ары-бері айналдырып қызықтады.

— Апымай, ұят-ау! — деді басын шайқап. — Әгәрки алмай қойсам, одан бетер ұят болар-ау, ә?

— Әрине, ұят болады. Өйткені бұл — саяси акция! — деп Зейнеп те осы арада даусына өзгеше салмақ беріп жіберді. — Бастықтардың өзі оннан-он бестен алғып жатыр.

— Ендеше маған бесеу бер. Одан көпке қинама! — деді Серікқабыл жалынғандай болып.

— Мейлі, — деді Зейнеп. — Мейлі, қанша баптағанмен сенің тұлпар болмасыңды білем... Мінеки, сұраған бесеуің!

Серікқабылға тиесілі бесеуді өткізіп, қолын қойдырып алғаннан кейін, Зейнеп жәшігін көтеріп аппарат басшысына кірді. Аппарат басшысы Жақыш ағай екі шоқып бір қарайтын секемшіл кісі еді:

— Үйбай, не дейді... былай көрсетпей бер! — деп құлағы ербиіп жалтақ-жалтақ етті.

— Неге көрсетпеймін? Ерек кіндіктінің бәріне адамша таратып жүрміз ғой... ашықтан ашық.

— Бәрібір ұят болады, Зейнеп, көрсетпе деймін!

— Жә, жә болды, көрсетпей-ақ қойдық.

— Әкел бері!

Жақыш ағай Зейнеп ұсынған бес түймені зып еткізіп стёлінің ең төменгі тартпасына тыға қойды. Сосын біреу көріп қойғандай қыстасып, есік жаққа жаутаңдай қарады.

Тізімге қол қойдырып еді, байқайды, әдеткі қолы емес, шимайлап басқаша жазып жіберді.

Келесі бір үлкен бөлімнің бастығы Нұрқан ағай атағы бар, атағына қосашатағы бар, шарайнасы шалқасынан қындау кісі еді. Зейнеп имене басып бөлмеге кіріп, мәселенің мән-жайын түсіндіре бастағаннан-ақ, ана кісі бет-жүзінен қаны қашып, атар таңдай ағара бастаған. Зейнеп сөйлеген сайын ағайдың екі езуі кебістей созыла түсті, қою қасы дір-дір етіп, маңдай шашы тікірейіп кетті. Не заматта жылан шағып алғандай келтек денесі селк етіп, оқшырайып орнынан атып тұрды.

— Жоғал! — деді тілі күрмеліп қырылда. — Көзіме көрінбей жоғал әрі!

Зейнеп жоғалғаны сол, жайқалған кеудесін толқыта тепсініп, Нұрқан ағасына одан бетер жақындаі түсті.

– Нұреке, кешіріп қойыңыз, бұл бастықтың тапсырмасы тегінде! – деді бұл да даусын зорайтып.

– Ондай тапсырма берген бастығынмен қоса құры!

– Нұреке, тегінде мұныңыз үят болады! Төменде күйбендең төбенің басын көрмей жүрген жалғыз сізсіз! Бұл – саяси акция... Ермұқан Смаханұлы солай деп тапсырма берді. Ертеңгі күні айықпас әңгімеге қаласыз!

– Жоғал дедім ғой саған!

Нұрқан ағайы мұртының жебесіне дейін тікірейіп, безек тигендей қалшылдаپ кетті. Біреу күрек тісін қағып алғандай енді ыскыра шаптықты. «Қайдағы бір үлбіреген жаман резенкеге бола шабына от түскендей шамданғаны несі?» – деп Зейнептің де басына қан шапшыды. Қызметтес қарындасына соншалықты айғайлап... Өй, тыптыңдаған тартық неме, шегірткенің айғырындай шәңкілдегеніне жол болсын!

«Бұл еркектерді адам түсініп болмайды».

Зейнеп қаймақ ернін қисайтып, тыржың етті де, теріс айналып жүріп кетті. Жәшігін көтерген бойда есікті аяғымен тарс еткізіп теуіп ашып, бөлмеден шыға жөнелді. Нұрқан ағасының айқарма есігі шиқылдаپ шалқасынан ашық қалды.

Қызық ей осылар... Елде елу түрлі адам бар, жалғыз Зейнеп солардың қайсысының көңілін таппақ. Қайсысының алдына барып жалпаймақ. Бастық айтты – бітті емес пе! Осы үжымда қызмет жасайды екенсің, айлық алып, бала-шағанды асырап отыр екенсің, мынау саяси акцияны комментарийсіз қолда! Солай, ағайын! Бұл Зейнептің бұдан былай көрінгенмен тілге келіп, көрінгеннің айғайын естіп, сөз таластырып жүруге уақыты да жок, денсаулығы да жетпейді!

Ашуға булығып жарылардай болып келеді.

Ендігі кезекте бақайына қаранған бастықтарды қоя тұрып, қатардағы қызметкерлерге таратуға кірісті.

Мырзахан деген шүмек бет шүнкиген жігіттің өзі бөлімде, тегендей төңкерілген әйелі бухгалтерияда істеуші еді. Мәселенің маңызын айта берген кезде Мырзахан да Нұрқан ағасы құсап мысық көзденіп, шыр-пыр бола қалмасы бар ма...

– Өлә-ә, әкет, көрсетпе! – деп безектеді.

Зейнептің онсыз да лықсып тұрған ашуы сыртқа запыран болып атылды. Жаңағана Нұрқан ағасына кеткен есесін, нақақ естіген айғайын енді Мырзаханнан алғандай болды.

— Эй, Мырзахан! — деп төске ұрған тастай шақ ете қалды. — Эй, Мырзахан, сен олай деп безектеме, білдің бе! Білеміз сені де... отырған жерден отын кескен қудың бірісің сен, үқтың ба?! Мекемеге ұн түссе ғой, «біз екі адамбыз» деп екі мөшектен арқалап кетесіндер. Колхоздан картоп алдырсақ, сарымсақ әкелсек, «біз екеу едік» деп екі қаптан тағы теңдең алыш жәнелесіндер. Осы қыста жылқы сойдырып ет таратқанда да «біз екеу емеспіз бе» деп беттерің бұлк етпестен екі порцыны қақшып түстіндер. Енді келіп «алмаймын» дейсіндер. Аласың, Мырзахан, алдыртамыз, білдің бе! Жүрт оннан алыш жатыр. Мен саған «екеусіндер» деп жиырма беремін. Вот, солай, шырағым!

Мырзаханның ашылған аузы қайтіп жабылмай, аңырып отырып қалды. Зейнеп бір-бірлеп отырып жиырма дананы санады да, тарс еткізіп үстелдің үстіне тастап жүріп кетті. Кетіп бара жатып:

— Тектің атасы баяғыда өлген. Үкіметте тегін дүние жоқ. Сондықтан артынан есеп бересің, үқтың ба?.. — деді саусағымен айдындал. — Қатының екеуің бірігіп есеп бересіндер, соны мықтап есінде үста!

Тілін жұтып қойғандай қылғынып Мырзахан орнында қала берді.

Мырзаханнан шыққан бетте қараса — есік көзінде бір топ балғын жастар топырладап тұр екен.

— Апай, сізді күтіп тұрмыз, — деседі.

Атасында көрмегенді ботасында көріп жүрген қулар емес пе, шібіш көздері ойнақшып, ырбаң-ырбаң етіседі.

— Бір жақсы дүние таратып жүр деген соң... бізге жетпей қала ма деп... — деп көздерін сүзіп бұлдыр қағады.

Зейнеп күліп жіберді. Құлкімен бірге көкірегін кернеген ашуы да бүрк етіп сыртқа шығып кеткендей болды. Әйтеуір, лезде көнілі көтеріліп, жадырап салған. Сонын мынау «көгенкөздерді» не істесем екен деп аз-кем ойланып тұрды да, шұбырта ертіп бәрін терезе алдына апарды. Бұл жастар тізімде жоқ. Сондықтан ак қағазға бәрінің аттарын жазғызып, кол-

дарын қойдыруға тура келді. Сөйтті де әрқайсысына он түймеден ұстасып жіберді. Құлындай ойнап, қуана кетіп бара жатқан топтың ішінен Қайбар деген жылмиған жылтыр еңкейіп Зейнептің құлағына сыйыр ете қалған:

– Нұрқан аға алмапты ғой, сол кісінің үлесін бізге бере салмайсыз ба? – дейді жылтында.

Зейнеп басын кекжең еткізіп, қою шашын серпи бере Қайбарға ақшырая қарады:

– Жоқ! – деді жұлыш алғандай. – Жоқ, шырағым! Бәрінің есебі бар. Тегін дүние жоқ мұнда.

Сайқымазақ Қайбар сықылықтай құліп, желе жүгіріп жөніне кетті.

«Ай, жастар-ай, бұларды да түсіну қын бол барады-ау осы!»

Зейнеп енді бұрыштағы Сейтен серінің бөлмесін бетке алды.

Сұңғак бойлы, керден жүрісті кербез Сейтенді әріптестері баяғыдан «сері» атап кеткен. Парасат-зейіні мол, оқығаны мен тоқығаны көп, өзі көркем, тілге шешен Сейтен сері осы мекемедегі қыз-келіншектің көзінің құрты еді.

Зейнеп кіргенде сол Сейтекең аяқты серейтіп орындыққа артып салып, көзілдірігі жылтырап газет оқып отыр екен.

Зейнеп жәшікті ұстелге қойып, осылай да осылай деп келген шаруасының мән-жайын түсіндіріп жатыр еді:

– Қарақшы қарақшыны қараңғыда таниды деген, Зейнепжан, менің байқауымда, қалаулы ісінде енді тапқан сияқтысың! – деп көз құйрығымен жымия қарап, болымсыз мырс етті.

Қапелімде не айтарын білмей, Зейнеп жөткіріне бере туқірігіне шашалып қалды.

– Өзін қалай пайдаланушы еді, Зейнепжан-ау, біреуін былай өзің көрсетіп жіберсеңші! – деп дайындалған ыңғай танытып, газетін екі бүктеп былай ысырып қойды.

– Дүниенің жарымын құртып... Талай додаға түскен шығарсың, көкпардың талайын тартқан шығарсың? – деп Зейнеп те тілін bezеп шыға келді.

– Суырып тартпаса пеш те суық, серіге де бап керек екенін ескергейсің, Зейнепжан.

– Қиссаламай тұрасын айтсаңшы, қаншасы керек?

Сейтен шырайын жылтышып, болмашы күлімсіреді. Сосын қаздышып орнынан тұрып, тырнадай түйіліп жәшікке үңілді.

— Өй, мынау өзі ойсырап қалыпты ғой? — деді көнілі толмағандай.

— Қапа болма, саған жетерлік бар.

Зейнеп былайғы қысыр сөзге жоқ, шаршағанын аңғартып, үйілей күрсінді де:

— Қаншасын аласың? — деді.

— Біреуін де алмаймын, — деп Сейтен де қырсыға қалды.

— Неге?

— Тоғыз қабат торғауытқа құрсанатындаі мен Еуропаның рыцары емеспін. Жалаң қылышпен жалаңаш шабатын кең да-ланың ұланымын.

— Пах, шіркін!..

— Немесе...

— Немене «немесе»? — деп Зейнеп елең етті.

— Өзің тәжірибе жасап көрсетіп бермесең — түк те алмаймын.

— Пішту...

Құтырғаннан құтылған артық. Зейнеп мойнын бір былған еткізді де, жәшігін көтерген бойда бөлмеден ыта жөнелді.

«Мылжыңды езген жеңеді, езгенді Құдайдан безген жеңеді деген осы шығар» деп күйінді.

Ойынды еті бұлтындал, қойқаң қағып дәлізде кетіп бара жатыр еді, бір бүйірден сексеуілдей секиіп Қазтай ағасы қатарласа жолықты.

— Зейнеп шырағым, сен бір тәуір дүние таратып жүр деп естіп... — дейді күмілжіп.

— Үйбай, не дейді... Абыздаій болған ағаларымызға не жо-рық? — Зейнеп ағасына шалқалактай қарап, бірер адым шегініп кетті.

— Жо-жоқ... Таздан тарак қалғалы қашан. Сұрап тұрған мен емес.

— Иә, онда кім?

— Анау менің Тұрсынелі құрдасым ғой, сайтан алғыр, бетін басып саған жете алмай, мені жұмсап отыр... Тегін дүниенен дәмелі.

— Үйбай, аға, ұят емес пе!

— Түк те ұяты жоқ, шырағым. Ол ағаң қартайғансып сопы болып жүргенімен, бір көзі қысынқы. Онысына таңғалма сен,

қалқам. Асықтың алшы тұсуі иірушісіне байланысты деседі ғой... Көлдененде жеңешелерің бар деп естігем.

— Үйбай, ағай, қызық екенсіздер... мейліңіз ендеши!

Бір уысын Қазтай ағасына асығыс үстата бере, Зейнеп бетін басып тез бұрылып кетті.

— Қайтеміз енді... Көрі тарланың қартайғанда боз шыққаны сияқты. Кешір ол ағаңды, — деп өтірік-шыны белгісіз, Қазтай қипақтап қала берді.

«Масқара, сақалды бастарымен бұлары неси?» деп ағалары үшін Зейнеп ұялып барады.

«Бұл еркек деген халықты адам түсініп болмайды».

Сары шаш, жирен мұртты татар шатыс Айрат ағасының бөлмесіне барды. Айрат бұрқыратып темекі тартып, терезеге алдында обадай бол ойланып отыр екен. Үстел үсті қоңырсыған көп қағаз, қабырғада қылымсыған қалың актрисаның плакаттары мен қыынды суреттері. Зейнеп келгенде темекінің тұтінін қолын сермен сейілтіп, Айрат ойнақшып орнынан тұрды.

— Құрғыры, шет елдерде осы түймелер әптекте толып тұрады деп естіміз. Бізде итпен іздең әзір табасың! Сенің мынауың тамаша ақыл болды! — деп жәшікті көрген кезде Айрат ағасының секпіл беті қуаныштан тарғыл тартты.

— Қаншасын аласыз? — деді Зейнеп.

— Жорыққа шыққанда кейде бұл бәлені ұмытып кетіп, мына ағаң талай рет сазайын тартқаны бар, — деп Айрат ағасы құтындаған, жаялық ернін жымқыра түсті. — Аузы күйген үріп іshedі. Сондықтан ана жәшігінді тұтас қотара салсан да қарсы емеспін, қалқам!

— Үйбай, оныңыз қалай? Болмайды, ағай! Он түймеден таратып жүрмін. Бәріне жеткізуім керек.

— Қарауланбай, қалқам, маған жиырмасын тастай салсаңшы? — деді Айрат қатты қылышп.

Зейнеп ағасына бақшырая бір қарады да, басын шұлғыш, сұрағанын бір-бірлеп санап отырып тастап кетті.

\*\*\*

Бөлмесіне кіріп, қағаз-құжатын реттеп, қалған түймелердің есебін алышп жатыр еді, есікten сығалай жылмишп Қайбар

кірді. Құдың көзі қысыңқы деген рас шығар тегі, мына құдың көзі күлімдеймін деп мұлдем жұмылып кетіпті.

– Нұрқан ағай өзіне тиесілі дүниесін сұратып жатыр.  
– Жаңың шықсын, өтірік айтасың!  
– Оллаңи, шын айтам. Жігіттікten өтсек те, көрілікке жете қойғамыз жоқ, бір керекке жаратармыз, – деп сізге дұғай сәлем айтты.

– Тура солай деді ме?  
Қайбардың басы қалтылдаш кетті.  
– Тура солай демесе де, сондай ыңғай білдіріп отыр... Оллаңи, шын айтам!

Зейнеп бұдан әрі сөз таластыруға құлқы болмай, он түймені санады да, мұқият қағазға орап Қайбарға ұстатьп жіберді.

Жәшігінің түбінде қалған азғантай түймелерді таратып тастамаққа дәлізге шықса, анадай жерде төрт-бес жас үйіріле қалыпты. Іштерін басып, Зейнепке үрлана қарап қойып, шиқылдаш күле береді.

– Эй, сендер неге ырбыңдаш тұрсындар? Мені мазақ етіп тұрғаннан саумысындар өзі?

Жастар «ойбай, жоқ» деп қолдарын көтеріп, азар да безер болысты.

– Онда не жетті сендерге?  
– Апай, сіз туралы емес... Анау Қайбар сіз берген түймелердің төртеу-бесеуін шар жасап үрлеп, машбюроға апарып іліп қойыпты. Машбюроның жас қыздары оларды шынымен шар екен деп жүр...  
– Ой, өңкей сайтан! Болды, тараңдар бұл жерден!

Көрмегенге көсеу таң, «Зат қадірін білмеген сатушыны ұялтар» деген. Қыздардың мұншалықты надандығына Зейнеп күйініп кетті. Расында да бұл бәле қолға сирек түсетін қат тауар, зәру заттың бірі ғой. Жас қыздар ондайды қайдан көрсін, қайдан білсін деп, жылдам басып машбюроға қарай кетті.

\*\*\*

Жұмыстың соңына таман көтерген жәшігі босап, Зейнептің шаруасы ыңғайланғандай болған. Тапсырған дүние тегіс таратылды, маңызды саяси шара орындалды, тізім жасап, туғелдей қол қойылды.

Бөлмесіне кіріп, үң деп шамалы тыныстаған соң, есеп беруге екінші бастыққа жиналды. Өу баста тапсырма берген, осы бір ыңғайсыздау шаруаға салған сол кісі ғой...

Кіріп келсе, бастығы басын алмай қағаз қарап отыр екен.

– Иә, не шаруа? – деп қабақ астынан бір қарап өткені болмаса басын көтерген жоқ.

– Тапсырманызды орындадым, соған есеп берейін деп... – Зейнеп тотайлана көзін төңкеріп, қолындағы паракпен бетін желпіп қойды.

Бастық қабағын көтерген жоқ, бірақ көзі тышқанша жылтырап тесіліп қалды. Екі кештің арасында мұның келісіне таңданған сыңайы бар.

– Ол не тапсырма еді?

Зейнеп асқан сақтықпен жақындаپ келіп, үш бет тізімді бастығының алдына тастай берді.

Шүкіршілік, жиырма жылдың жүзі болды, осы мекемеде тапжылмай адалынан қызмет атқарып келеді. Бастық күріш десе күріш, күрмек десе күрмек деп, Құдай біледі, қарсы шыққан кезі жоқ. Бұгін де, мінеки, түстен кейінгі үш сағатын арнайы бөліп, бастықтың жауапты тапсырмасына саяси мән беріп, оның әлеуметтік мәні мен маңызын көтеріп, жанын салып жақсы жұмыс жасап келіп тұр. Рахмет айтқан қошемет сөз, жылы лебіз естігісі келіп еді. Мәссаған! Рахмет түгілі, бастығы өзінің қызметкерін қайда жұмсағанын да ұмытып қалыпты.

– Бұл не тізім? – деп Ермұқан Смаханұлы көзілдірігін шешіп, уқалап бет орамалымен көзін сұртті.

– Бағана өзіңіз тарат деп едіңіз ғой?

Ерекен көзілдірігін қайта киіп қағазға үңілді.

– Тіфу... ана пәле екен ғой... Әкет әрі! – деп тапсырмасы ендіғана есіне тұскендей, тыржың ете қалды.

– Ереке, бұл тізімді кімге тапсырам? – деді Зейнеп.

– Кімге тапсырсаң да өзің біл! Әкет бұл жерден!

– Сіз де қызық екенсіз... Өзіңіз тапсырма бересіз де...

– Ендеше апар да архивке өткіз!

– Архивке дейді?

— Иә, архивке... Кейінгі ұрпақ тауып оқысын... Қазақстандағы СПИД-ке қарсы жойқын соғыс біздің мекемеде басталғанын зерттеп білсін.

Ермұқан Смаханұлы орындығының арқалығына шалақалай беріп, мырс-мырс күліп жіберді.

Зейнеп қағаздарын тез жинап алды да, бураң қағып бөлмеден шыға жөнелді. Мазақ қылғандай бастығының мұрты жыбырладап, мырсылдаپ күлгеніне намыстاناپ барады. Жанын салып кіріскең жарты күнгі жұмысының зая болғанына күйініп барады.

«Бұл бастық дегенді адам түсініп болмайды».

*2005 жыл*

## **МАЗМҰНЫ**

*Қаламгердің сырлы әлемі. Жанат Әскербекқызы*.....,5

### **Әңгімелер**

Көңілдің көк дөнені .....	17
Корық .....	35
Орман өртеген орманшы .....	50

### **Повесть**

Сургелен .....	79
----------------	----

### **Социализм әңгімесі**

«Мона Лиза» .....	203
Левитанның даусы .....	209
«Бутафория» .....	216
Қара құйын, ақ көйлек .....	222
Долдаш ағайдың кітаптары .....	229
«Облава» .....	238
«Саяси акция» .....	263

---

*Алтай-Ертіс кітапханасы*

---

**Әлібек Асқаров**

**ШЫҒАРМАЛАРЫ**

**Бірінші том**

**СҮРГЕЛЕҢ**

*Повесть және әңгімелер*

**Редакторы Гүлден Оспанова**

**Техникалық редакторы Эльмира Заманбек**

**Көркемдеуші редакторы Женіс Қазанқапов**

**Корректоры Айгүл Абдрахманова**

**Компьютерде беттеген Ақерке Сқақова**

Басуға 20.11.11. қол қойылды.  
Пішімі 60x90  $\frac{1}{16}$ . Қағазы оффсеттік.  
Оффсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 17,5.  
Тапсырыс №309. Таралымы 1000 дана.

ISBN 978-601-271-166-0



9 786012 711660

«Фолиант» баспасы.  
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов көшесі, 13

«Фолиант» баспасының баспаханасында басылды